Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ӘОЖ 821.512.122.0(043) Қолжазба құқығында

ҚАБДЕШОВА ҚҰРАЛАЙ АХМЕТҚЫЗЫ

Авторлық тарихи жырлар: эпикалық дәстүр, тарихи жад, ұлт-азаттық идея (Жетісу халық ақындарының қолжазба мұраларының негізінде)

«6D021400 – Әдебиеттану»
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент
Т.К. Албеков

Шетелдік кеңесші:
PhD, Манчестер Метрополитан
университетінің аға оқытушысы
Харрис Оливер (Ұлыбритания)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР **3**

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 4

КІРІСПЕ 5

1 АВТОРЛЫҚ ТАРИХИ ЖЫРЛАРДАҒЫ ЭПИКАЛЫҚ ДӘСТҮР

1.1 Жетісу аймағындағы тарихи-әлеуметтік жағдайдың жырлануы 13
1.2 Жетісу өңіріндегі авторлық тарихи жырдың даму сипаты..... 22
1.3 Авторлық тарихи жырлардағы дәстүр жалғастығы 30

2 АВТОРЛЫҚ ТАРИХИ ЖЫРЛАРДЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ

2.1 «Тарихи жад» жайындағы соңғы зерттеулер және оның авторлық тарихи жырлардағы көрінісі 44
2.2 Жетісу ақындары жырларындағы тарихи және көркемдік шындық 51

3 АВТОРЛЫҚ ТАРИХИ ЖЫРЛАРДЫҢ ПОЭТИКАСЫ

3.1 Авторлық тарихи жырлардағы уақыт пен кеңістік 87
3.2 Авторлық тарихи жырлардың көркемдік әлемі 110

ҚОРЫТЫНДЫ..... 122

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 129

ҚОСЫМША 135

АНЫҚТАМАЛАР

Жыр – 7-8 буынды өлшемге негізделіп, сөз бен саздың тұтастығына негізделген жанр. Жыр қазақ халқының басынан өткен елеулі тарихи оқиғалардың шежіресін көркем түрде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің көркемдік құралы қызметін атқарған.

Жырау – қазақ хандығы тұсындағы маңызды рөл атқарып, хан қасындағы ақылшы, бітімгер биі іспетті, халық пен хан арасындағы дәнекерлік қызмет атқарған, суырып салмалық, талант арқылы заман ағымы, ел тағдыры, күрделі қоғамдық-әлеуметтік мәселелер туралы кесек, күрделі жыр-толғаулар тудырған тұлғалар.

Жыршы – қазақтың дәстүрлі ән-жырының заңдылығын толық меңгерген, эпикалық дәстүрдің жалғастырушы типінің бірі. Жыршылықты меңгерудің өзі түрлі сыннан өтіп барып дарыған, мойындалған, жыршы бойында өз жанынан шығарып айтушылық, белгілі бір аспапты меңгеру мен жыр дәстүрін сақтай отырып, өз жанынан да толықтырып, жаңғыртып көп алдында орындаушылық міндетті атқарушы.

Қолжазба – автордың өз қолымен жазған әдеби шығарманың түпнұсқасы. Авторлық қолжазбаның болуы түпнұсқа мәтіннің басылымдар кезінде қандай өзгеріске ұшырағанын білуге, пайымдауға, қажет жағдайда ғылыми текстологиялық түзетулер жасап, алғашқы нұсқасын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Тарихи жыр – қазақ эпосындағы ерлік пен елдік рухтың заңды жалғасы, нақтылы тарихта болған оқиға мен тарихи тұлғалар жайындағы эпикалық әрі ақындық қолтаңбамен ерекшеленетін жанрлардың бірі. Тарихи жырлар – қазақ халқының ұлт болып, жеке хандық құрған кезеңіндегі тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси оқиғаларына қатысты қалыптасып, елдік пен ерлікті жырлау дәстүріне сай дамығаны дәлелденді.

Тарихи өлең – қазақ фольклорындағы өте жедел туып, тез тарайтын халық поэзиясының көне түрі. Тарихи өлеңдердің шығу тегі мен дамуын көне заманнан бастау алып, кейінгі дәуірлердің шындығын сәулелейтін ақындық тілмен кестеленген өлең үлгісі.

Авторлық тарихи жыр – фольклорлық тарихи жырлар дәстүрінің аясында дамып, белгілі бір автордың ой-сезімі мен көзқарасы тұрғысынан заман өзгерісіне қарай жырланған тарихи жырдың жанрлық түрі.

Тарихи жад – ұлттың дүниетанымымен бірге пайда болып, ұлт мәдениетінің қайнар көзі саналатын құндылықтардың бірі. Кез-келген ұлттың мәдениетіндегі, тарихындағы аға ұрпақтың болашақ туралы ой кешу үрдісі, жекелеген адамдардың (зиялы адам немесе тұлға) ұлттық мүддеге қызмет етуі дәстүрлі ұлттық жадтың негізінде жүзеге асады.

Поэтика – әдебиеттанудың пәні, көркем шығарма құндылығын бар болмысымен айқындайтын жүйе туралы ғылым.

Интертекст – (қаз. интермәтін) бір мәтіннің өзге мәтінге кіруі, мәтіндердің кірігуі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
ОҒК – Орталық Ғылыми кітапхана
ҚР ОММ – Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұражайы
ққ. – қолжазба қоры

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазақ халқының эпикалық дәстүрінің арқауында сан ғасырларды қамтитын этникалық үдерістің жатқаны белгілі. Сол себепті ғасырлар тереңінен жеткен эпикалық дәстүр әдеби көркемдік құндылығымен қоса танымдық құбылыс ретінде ерекшеленеді.

Тәуелсіздікке дейінгі қазақ халқының руханияты сан түрлі күрделі тарихи кезеңдерді басынан кешірді. Ежелден қалыптасқан елдік, ерлік дәстүр, салтты бүгінгі ұрпақтың жадында жаңғыртып, өскелең ұрпақты ұлтжандылық, патриоттық рухта тәрбиелеу бағытында мемлекеттік деңгейде жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Ақын-жырауларымыз асқан шеберлікпен бүкіл ұлтымыздың ерекшеліктерін халық сүйген батырдың басына жинақтай білген. Олардың басынан өткен оқиғалар, сұрапыл соғыс пен қиян-кескі, шытырман ерлік істері – халқымыздың басып өткен тарихи жолының іздері.

Әрине мемлекеттік бағдарламалар аясында «Бабалар сөзі» жүзтомдығы, «Әдебиет тарихының» онтомдығы, «Әдеби жәдігерлер», «Қазақ фольклорының антологиясы» т.т. ғылыми жинақтар мен зерттеулерде бұрын жарияланбаған ұлттық мұраларымыздың ғылыми айналысқа енуі қазақ руханиятының кемістігін толықтыруда теңдессіз табыстар болды. Алайда сан ғасыр бойындағы басынан кешкен тарихын сөзбен өрнектеп қалдырған қазақтың мұрасының әлі де қарастырылмай тың жатқан тұстары жетерлік. Солардың қатарында Жетісу аймағына тән авторлық тарихи жырларды атап өтуге болады. Әрине қазақ фольклорындағы тарихи жырды арнайы қарастырған зерттеулер мен жинақтарда бұл тақырып азды-көпті сөз болғанымен, арнайы зерттеу нысанына алынған емес. Оның басты себебі – бұл жырларда қазақтың Ресей басқыншылығы мен Қоқан хандығының әділетсіздігіне қарсы күрес тарихының шежіресі сақталған. Екінші себеп – кеңестік идеология әсерінен жерге, аймаққа бөліп зерттеу айыпталып, қазақтың жікшілдігіне баланғандықтан да, бұл тақырыпты қарастыру зерттеушіге айып болып саналатындықтан да тақырып тасада қалды. Шын мәнінде, Қазақстан секілді кең территорияны алып жатқан қазақ жұртының салт-дәстүрі мен басынан өткерген тарихи жағдайларының әр аймақта әртүрлі ерекшелігі болғандығын айту тәуелсіздіктен кейін ғана мүмкін болған жағдай.

Айта кетерлік жайт – біздің тақырыбымызға негіз болып отырған авторлық тарихи жыр атауының өзі ғылымда толық айқындалмаған мәселе. Себебі бұл жырлардың дені фольклорлық тарихи жырлар секілді негізінен дәстүрлі заңдылықтар аясында жырланғанымен, белгілі бір автор атымен таралған.

XIX ғасырдың екінші жартысына дейін мықты болған ауызша айту дәстүрі бірден жоғалып кеткен жоқ. Ол XX ғасырдың басына дейін Жамбыл мен оның шәкірттерінің шығармашылығында жалғасын тапты. Олардың көпшілігі мұсылманша ғана хат танып, негізінен ауызша шығарды. Алайда жырды тыңдау мен бағалау сипаты өзгерді. Біз қарастырған тарихи жырлардағы оқиғаның суреттелуі мен батырлардың бейнесінің сомдалуы дәстүрлі тарихи жырлармен бірде тығыз қабысып жатса, енді бірде авторлық қолтаңба әсері басымдық алып, дәстүрлі тарихи жырдың жанрлық сипатының өзі өзгере бастады. Себебі

айтылғанды жазып алу мен бастыру, баспа арқылы тарату ауызша тарату дәстүрінің көмескіленуіне де әсер ететін тұстары да бар.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап тарихи сюжетке құрылған эпостық шығармалардың көпшілігі авторлық сипат ала бастады. Соны соқпақтың, жаңғырған жанрдың бастауында Абай мектебінен тәлім алған Шәкәрім, Ақылбай, Мағауия, Көкпай, Уәйіс тәрізді бір топ таланттар болды. Мысалы, Шәкәрімнің «Еңлік – Кебек», Көкпайдың «Сабалақ», Уәйістің «Алаша хан – Жошы хан» атты туындылары тарихи тақырыпты қамтыған құнды мұралардың қатарында саналады. XIX ғасырдағы Исатай, Жанқожа, Есет, Кенесары, Иса – Досан, Сыздық төре бастаған ұлт-азаттық көтерілісінен соң да көптеген тарихи жыр нұсқалары өмірге келді. Сол қатарда Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбай», Қалнияздың «Қармыс – Төлеп», Ығылман Шөрекұлының «Исатай – Махамбет», Сәттіғұлдың «Досан батыр», Мұсабай жыраудың «Жанқожа батыр» шығармаларын атауға болады.

Бұл туындылардың авторлары саналатын жыршылардың өзі шығармаларын бірде «дастан», бірде «жыр» деп атады. Әрине ол қазіргі қазақ фольклортану ғылымындағы «дастандық эпос» жанрынан мүлде бөлек ұғым. Демек бұл кезеңдегі тарихи жырдың жанрлық ерекшелігі толыққанды сақталмай, өзгеріске түсіп, кей тұста жазба әдебиеттегі поэма жанрының белгілері көрініс бере бастады деуге болады. Ал тақырыптық мазмұндық жағынан келсек, XX ғасырдың басындағы кеңестік идеология халық ақындарының шығармашылығына арнайы көңіл бөліп, кей тұста жағдай жасау арқылы да олардың шынайы тарихты жырлауда адымын тұсағандығын айту керек. Халық басындағы әділетсіз тарихтың куәсі болған жыршылардың дені Кеңес үкіметінің қарапайым халыққа жасаған қайырымдылығына, жаңа әділетті қоғам орнағандығына шын жүрегімен сенді. Халқының басынан кешірген тарихты ұрпақ жадында жаңғыртып, әділетсіздікті жазғырып, болашағына сабақ алу үшін жеткізуді мұрат тұтқан жыршы-ақындардың туындылары халық арасына кең тарап жатты. Оларда жыршының жеке көзқарасымен қатар халықтың әділетсіздіктен тартқан зардабы мен ой-сезімі суреттелді. Халық қашанда әділетсіздікке қарсы шығып, халқына қорған болған батырларды дәріптеп, мадақтады. XX ғасыр басындағы саяси дүмпулер, 1916 жылғы Ресей патшасының «Июнь жарлығы» тұсындағы халық наразылығын тудырған оқиғалар мен олардың себеп-салдары да бірқатар қазақ ақындарының тарихи шығармаларына арқау болғаны мәлім. Әрине 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің ақыры 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне ұласқаны мәлім. Өткен ғасырдың 20-жылдарындағы азамат соғысы, 30-жылдардағы жаппай ұжымдастыру кезеңінің кейбір оқиғалары да халық таланттарының назарынан тыс қалған жоқ. Осы оқиғалардың Жетісу өңіріндегі жай-күйін, өту барысын сипаттаған, саяси, тарихи оқиғалардың басы-қасында жүріп, ерлігімен аты шыққан батырлардың ерлігі халық ақындарының шығармашылығына негіз болды. Ұсынылған зерттеу жұмыста жетісулық авторлар дүниеге әкелген тарихи жырларды әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, тарих, саясат, әлеуметтік зерттеулер сабақтастығында жан-жақты талдауға қадамдар жасалды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі ұлт руханиятының тарихын түгендеу ісінде бұған дейінгі атқарылған қыруар істермен сабақтас жатқан мәселе – Қазақстанның әрбір аймағындағы тарихи оқиғаларға негізделген авторлық тарихи жырларды арнайы зерттеу. Бұл бүгінгі ғылымның жетістіктеріне сүйене отырып, тарихи оқиға мен әдебиеттің қарым-қатынасын жаңаша зерделеу бүгінгі күннің өзекті, аса зәру мәселелерінің маңызын айғақтайды. Қазақтың ұлттық сөз өнерінің елеулі әрі көлемді мұрасы болып табылатын авторлық тарихи жырларда әлі айтылмаған ақиқат, ашылмаған шындық мол. Жас ұрпаққа өз ұлтының тарихын жете танып, тарих сабақтарынан тағылым ала отырып, Отанын сүю, патриотизмге баулу үшін де авторлық тарихи жырларды танып-білудің маңызы зор. Бүгінгі тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жете түсініп, осы жолда жанын құрбан еткен батырлардың рухын ардақтау, халқымыздың бостандық, еркіндік сүйгіш қасиетін таныту үшін де маңызы зор. Сонымен қатар авторлық тарихи жырларды зерттеу қазақтың эпикалық дәстүрінен жазба әдебиетіне ойысуының ұзақ тарихи жолын танып-білу үшін де маңызды.

Зерттеу нысанына алынған жырлардың бұрынғы зерттеулердегі ашылмаған қырларын жаңаша сипатта айқындау, тарихи жырлардың ғылыми айналымға түспеген мәтіндерін жинақтау, текстологиялық тұрғыда жүйелеу, ғылыми талдап, ғылымның бүгінгі даму деңгейі қырынан тұжырымдар түйіндеу әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Қазіргі заманғы түрлі ғылымдар сабақтастығын (пәнаралық) басшылыққа ала отырып, авторлық тарихи жырларды әдебиет, тарих, әлеуметтік ғылымдар бірлестігінде зерттеу арқылы ой қорыту да көкейкесті мәселе.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты әзірлеп, жарыққа шығарған «Бабалар сөзі» сериясына (2004-2013 жж.) бірнеше авторлық шығармалар енді. Алайда ҚР қолжазба қорларында, мұражайларда, ақын ұрпақтарының жеке мұрағаттарында әлі де жүзтомдыққа татитын авторлық ауыз әдебиеті шығармалары жетерлік. Авторлық тарихи жырлар – қазақтың ұлттық сөз өнерінің елеулі әрі көлемді мұрасы. Халық тарихының өткенінен маңызды мәлімет беретін әрі жас ұрпақты патриоттық сезімге тәрбиелейтін осындай құндылықтарымызды іргелі түрде зерттеу – біздің азаматтық парызымыз.

Сондықтан 1991 жылдан бастап еліміздің тарихына, тіліне, мәдениеті мен әдебиетіне қатысты зерттеулер қолға алынғанымен, бүгінгі күнге дейін толық жарияланбаған, ғылыми айналымға түспеген авторлық тарихи жырларды жинақтау, текстологиялық тұрғыда жүйелеу, монографиялық деңгейде зерттеу – әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі. Қазіргі ғылымда интеграцияға басымдық берілген кезеңде авторлық тарихи жырларды әдебиет, тарих, саясат, әлеуметтік ғылымдар бірлестігінде зерттеудің қажеттілігі аса зор деп есептейміз.

Зерттеу нысаны – Жетісу ақындарының авторлық тарихи жырлары.

Зерттеу пәні ретінде авторлық тарихи жырлардың жанрлық ерекшеліктері, тарихи мәні алынды.

Зерттеудің мақсаты – Жетісу халық ақындарының қолжазба қорларында сақталған, баспа бетін көрген тарихи жырларын жинақтау, жүйелеу, саралау, тақырыпты қазіргі заманғы тарихқа жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеп, бүгінгі ғылымның талап-тілектері тұрғысынан зерделеу. Аталған мақсатқа жету үшін мынадай **міндеттерді** шешу көзделді:

– ғылыми нысанаға алынатын авторлық тарихи жырлардың бұрын баспа бетін көрмеген қолжазба нұсқаларын іздестіру, әдеби қорларда сақталған мәтіндерді (латын, араб әліпбиінде хатқа түскен мәтіндерді) қазіргі қолданыстағы кирилл жазуына аудару, басылған жырлардың түпнұсқамен сәйкестігін анықтау, өзгеріс себептерін анықтау, XIX-XX ғасырдағы Жетісу қазақтары басынан өткерген тарихты бейнелейтін жырларды саралап, оның жалпықазақтық тарихи оқиғаларымен сабақтастығын зерделеу;

– фольклорлық тарихи жыр мен авторлық тарихи жырдың сабақтастығы мен өзіндік ерекшеліктері жөнінде ой-тұжырымдар түйіндеу; жыршы, автор тұлғасына қатысты ғылыми тұжырымдар жасау;

– авторлық тарихи жырлардың сюжет құрылымындағы дәстүрлі мотивтердің қызметін талдау; авторлық тарихи жырдағы тарихи образдардың эпикалық дәстүр тұрғысынан жырлануы мен реалистік бейнелеу арақатынасын ашу;

– авторлық тарихи жырлардағы уақыт пен кеңістіктің суреттелуі мен оның жыр композициясындағы, мазмұны мен идеясындағы мәнін ашу.

– зерттеу нысанына алынған тарихи жырларды поэтикалық тұрғыда қарастыра отырып, олардың көркемдігін (жырлардағы ажарлау, айшықтау, құбылту үлгілерінің қолданылу сипаты мен қызметін) талдау;

– жетісулық ақындар жырлаған тарихи жырлардағы ұлт-азаттық идеяның мәні мен мақсатын айқындап, жаңа заманғы тарихқа ғылыми көзқарас тұрғысынан бағалау;

– авторлық тарихи жырлардағы тарихилық мәселесін зерделеу, жырларға өзек болған тарихи оқиғаның мәнін ашу үшін фольклордың тарихилығы, тарих ғылымындағы тарихи жад заңдылықтарының ұтымды тұстарын пайдалану; жырда баяндалатын оқиғалар мен жер-су атауларының, тарихи тұлғалардың шынайылығы мен көркемдікке қатысын зерделеу, автордың тарихқа көзқарасы мен тарихи факті арасындағы байланыстың сипатын ашу; Жалпы тәуелсіздік идеясымен сабақтастығын ашу.

– Жетісу ақын-жыршыларының шығармашылығындағы жалпы қазақтық эпикалық дәстүр мен төкпе ақындық шеберлік жайында жаңаша байламдар жасау.

Зерттеу әдістері. Тарихи-салыстырмалы талдау, биографиялық, герменевтикалық әдіс, кешенді зерттеу.

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында, «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасы «Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиеттер қорында» сақталған Жетісу өңірі ақындарының қолжазба мұралары, ақындар

ұрпақтарының жеке мұрағатында сақталған қолжазбалар, баспа бетін көрген жыр жинақтары алынды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Халық арасынан фольклорлық мұраларды жинаған орыс ғалымдары, қазақ фольклоры мен ауыз әдебиетін зерттеушілердің тарихи жырлар туралы пікірлер мен ой-тұжырымдарының маңызы аса зор. Солардың сапындағы Г.Н. Потанин, В.В. Радлов, И.В. Аничков, А.В. Васильев, М.Ж. Көпейұлы, Ә. Диваев, Ш. Уәлиханов сынды фольклорлық мұраларды жинаушы-зерттеушілердің еңбектерін айрықша атап өткен жөн. Олар халық арасынан тарихқа қатысты туындыларды жинап қана қоймай, мәтіндерді жүйеге түсіріп, жариялап отырды және зерттеу жұмыстарын қатар жүргізді.

XX ғасырдың 20-30 жылдары А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан сынды ғалымдарымыз бен жазушыларымыз тарихи жыр, оның тақырыбы, жанрлық ерекшелігі туралы ғылыми ойларын ортаға салып, іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарының іргетасын қалады.

Тарихи жырларды арнайы зерттеп, жанрлық ерекшелігін айқындауда Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, Қ. Жұмалиев, Н.С. Смирнова, Е. Ысмайылов, Ы. Дүйсенбаев, Қ. Мұхамедханов, З. Қабдолов, Р. Бердібай, З. Ахметов, М. Жармұхамедов, С. Садырбаев, М. Мағауин, Б. Уахатов, Қ. Сыдиқов, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, З. Сейітжанұлы, Ж. Тілепов, Б. Әзібаева, Ш. Ыбыраев, Б. Әбілқасымов, Қ. Мәдібай, Б. Ыбырайым, А. Бұлдыбай, С. Сәкенов, Т. Әлбеков, Р. Әбдіғұлов, Б. Рақым, Г. Рахымбаева, Ж. Ахметжанова, А. Ғабдуллина, Ә. Тарақ, Х. Ищанов, Б. Аманшин т.б. ғалымдар зерттеулерінің шоқтығы биік. Аталған ғалымдар «тарихи өлең», «тарихи жыр», жырлардың шығу тегі, жанрлық ерекшелігі, тарихқа қарым-қатынасы, тарихилығы сияқты мәселелерді және ақын-жырауларды жан-жақты қарастырды. Жетісу өңірінен шыққан ақындардың шығармашылығы, олар жырлаған Жетісу өңірінде орын алған оқиғаларға құрылған тарихи жырлардағы кейіпкерлер турасындағы зерттеулердің авторы ретінде М. Ғұмарова, С. Садырбаев, З. Сейітжанұлы, У. Қалижанов, М. Үмбетаев, Р. Әбдіғұлов, А. Бұлдыбай, Қ. Мәдібай, Т. Әлбеков, Т. Мекебаев, П. Бисенбаев, т.т. атауға болады. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған «Қазақ қолжазбалары» (2010 ж.) деген атаумен жарық көрген онтомдықтың алғы сөзінде академик С.Қасқабасовтың авторлық тарихи жырлардың ішкі жанрлық ерекшелігі туралы пікір-тұжырымдары ұсынып отырған зерттеуімізге бағыт-бағдар берді.

Бүгінгі күнге дейін авторлық тарихи жыр туралы іргелі түрде зерделенген ғылыми еңбектер аса көп емес. Авторлық тарихи жырлардың тарихилығына баға беру үшін тарихи жадқа жүгінуге тура келеді. «Тарихи жад» термині пәнаралық категория ретінде философияда, тарихта, әдебиетте қолданылады. Осы тұрғыда Бритни Эн Бос (Канада), Д.Соболев (Израиль), Ким Хун (Корея) сынды шетелдік зерттеушілермен қатар М.Қойгелдиев, М.Алпысбес сынды отандық ғалымдардың еңбектері пайдаланылды.

Қазақ жерінде орын алған саяси оқиғалардың Жетісу өңіріндегі көрінісін, осы өңірдің ел азаматтарының іс-әрекеттері қазақстандық тарихшы ғалымдар

тарапынан кеңінен зерттелді. Олардың қатарындағы М.Қойгелдиев, Ж. Қасымбаев, О. Қоңыратбаев, А. Махаева, С. Шілдебай, Ш. Тілеубаев сынды ғалымдар Жетісу жерінде орын алған оқиғаларды кезең-кезең бойынша зерттеп, Райымбек, Өтеген батыр, Кенесары, Наурызбай батыр, Тойшыбек би, Байсейіт батыр, Сұраншы, Саурық, Тезек төре, Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Жәмеңке Мәмбетов, Тұрар Рысқұлов т.б. ерен ерлігімен көзге түскен қазақ азаматтарының өмірі мен саяси қызметі жайлы тың деректерді ғылыми айналымға түсірді. Осы аталған фольклортану, әдебиеттану, тарих ғылымдарының салалары бойынша тәуелсіздік тұсында жазылған монографиялық еңбектер мен ұжымдық монографиялардағы жаңаша ізденістерді зерттеу жұмысымыздың негізгі бағыт-бағдарында ұстандық.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Зерттеуді жазу барысында қазақ әдебиеттану ғылымы мен тарих ғылымдарында маңызды зерттеулер жүргізген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Теориялық тұрғыда М. Әуезов [1], Е. Ысмайылов [2], Р.Бердібаев [3], З. Қабдолов [4], З. Ахметов [5], С. Садырбаев [6], С. Қасқабасов [7], Е. Тұрсынов [8], Ж. Тілепов [9], Б. Әзібаева [10], М. Үмбетаев [11], Ш. Ыбыраев [12], Т. Қоңыратбаев [13], А. Бұлдыбай [14], С. Сәкенов [15], Б. Рақымов [16], Т. Әлбеков [17], Б. Ыбырайым [18], П. Бисенбаев [19] сынды фольклортанушы-әдебиетші ғалымдардың еңбектеріндегі тарихи өлең, тарихи жырларға, ақын-жырауларға қатысты тұжырымдары бағыт-бағдар ретінде алынды. Тарихи жырлардағы уақыт пен кеңістікке қатысты Б. Путилов [20], М. Бахтин [21], Г. Пірәлі [22], А. Темірболат [23], Д. Айдарова [24] т.т. әдебиеттанушылардың зерттеулері зерделенді. Сонымен қатар тарихи жырлардағы тарихи жадтың көрінісін анықтауда М. Қойгелдиев [25], А. Махаева [26], М. Алпысбес [27], С. Шілдебай [28], Ш. Тілеубаев [29] т.б. тарихшы ғалымдардың ғылыми-теориялық еңбектеріндегі ой-пікірлері мен тұжырымдамалары пайдаланылды. Жұмысты орындау барысында пәнаралық іргелі зерттеулерге, әдебиет тарихы мен әдебиет теориясы, әдебиет пен тарих, тарих пен жад байланысын білдіретін көзқарастарға, ғылыми ізденістерге, отандық және шетелдік еңбектерге, ұжымдық монографияларға, зерттеулерге сүйендік.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

– алғаш рет авторлық тарихи жырлар арнайы зерттеу нысанына алынады.

– бұған дейін жеке ақындар, я нақты бір кезеңнің әдебиетін зерттеу үрдіс алған болса, ұсынылып отырған зерттеуде тұтас бір өңірдің ақындарының шығармашылығындағы тарихи жырлар жаңа заманғы ғылыми көзқарас, әдіс-тәсілдер тұрғысынан тексеріледі.

– бұған дейін жеке ақындар, я нақты бір кезеңнің әдебиетін зерттеу үрдіс алған болса, ұсынылып отырған зерттеуде тұтас бір өңірдің ақындары топтастырылып, фольклортанулық-әдебиеттанулық тұрғыдан қарастырылады.

– авторлық тарихи жырлар саяси-әлеуметтік жағдайлармен, тарихи фактілермен сабақтастырыла қаралады.

– «ақын-жад-тарих-жыр» тізбегіндегі авторлық тарихи жырлардың ерекшелігі, поэтикалық көркемдігі, дәстүрмен сабақтастығы, тарихилығы, деректілігі зерделенеді.

– авторлық тарихи жырлардың композициялық ерекшелігі мен жыр құрылымындағы дәстүрлі мотивтер қызметі мен жазба әдебиетінің әсері алғаш рет талданады.

– авторлық тарихи жырлардағы тарихилық мәселесі: тарихи кейіпкер, тарихи оқиға, тарихи жад, тарихи мекен, уақыт арнайы сөз болады.

– авторлық тарихи жырлардағы уақыт пен кеңістіктің түрлері, қызметі қаралады.

– авторлық тарихи жырлар тілінің көркемдік кестесі талданады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы мен практикалық мәні.

Диссертациялық жұмыста авторлық тарихи жырлардың эпикалық дәстүрдің заңды жалғасы екендігін айқындай отырып, қоғам, заман өзгерісіне сәйкес тарихи жырдың жанрлық тұрғыдан өзгерісі анықталды. Зерттеуде тарихи жырлардың тарихилығына басымдық беріліп, нақты деректермен негізделді. Бұған дейін көпшілікке таныс емес жетісулық ақындардың тарихи тақырыптағы жырлары Қазақстанның қолжазба қорларынан ізделініп, оларға әдебиеттану, фольклор, тарих тұрғысынан талдаулар жасалынды.

Зерттеу нәтижелерін әдебиеттанушыларға, тарихшыларға, жоғары оқу орындары студенттеріне мен магистранттарына, әдебиет тарихы пәні бойынша оқылатын арнайы және қосымша курстардың семинар сабақтарында көмекші құрал ретінде ұсынуға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

– фольклорлық тарихи жырлар дәстүрінің аясында дамып, белгілі бір автордың ой-сезімі мен көзқарасы тұрғысынан заман өзгерісіне қарай жырланған тарихи жырдың жанрлық түрі.

– Қазақтың эпикалық дәстүріндегі жетісулық ақын-жыршылардың өзіндік орны бар. Олар – ежелгі жыраулық, жыршылық, ақындық поэзияның құндылықтарын бойына қатар сіңірген дала дәстүрінің заңдылықтарын сақтаған бірегей тұлғалар.

– Жетісу аймағы халқының басынан кешірген XVIII ғасырдағы барлық оқиғалар мен империялық қысым қазақ тарихының азаттық үшін күрестің бір сәулесі болып табылады. Сонымен бірге өңірлік айырмашылықтарымен ерекшеленеді.

– Жетісудың жері мен елін жаттың жаугершілігінен қорғау жолында жанқиярлық танытқан кейбір тарихи батырлар есімі авторлық тарихи жырлар арқылы жеткен.

– Авторлық тарихи жырларда дәстүрлі фольклорлық заңдылықтар (тұтастану түрлері) мен жазба әдебиетінің ықпалы (автор, басылым, тарихи жад) қатар көрініс табады.

– Авторлық тарихи жырлардағы халық жадында сақталған оқиғалармен тарихи дәл фактілерді салыстыра қарастыру үшін тарих ғылымындағы жад жайындағы ұғымдармен сабақтас қаралады.

– Жетісу аймағына тән авторлық тарихи жырларды арнайы зерттеу бұған дейінгі саяси шектеулер ықпалынан ашылмаған ақиқаттарды ашып, Қазақстанның басқа аймағындағы осы типтес шығармаларды зерттеуге негіз болады.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлдануы.

Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультеті қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының кеңейтілген Ғылыми кеңесінің мәжілісінде талқыланып (2025 жылдың 20 ақпанында №13 хаттама), қорғауға ұсынылды.

Зерттеу жұмыстың негізгі мазмұны мен нәтижелері.

Зерттеу бойынша 9 мақала: соның ішінде 1 ғылыми мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда, 4 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 4 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарияланды.

1 Author's Historical Epics and Historical Memory // Opción, Año. –2020. – No.91. – pages 698-714.

2 Жамбыл Жабаевтың «Сұраншы батыр» жырының тарихилығы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана. – 2018. – №3. – Б. 175-179.

3 E.Kandekov's legend "Shayan batyr": a historic and epic tradition // ҚазҰУ Хабаршысы, филология сериясы. – 2018. – № 4 (172). – Б.170-174.

4 The educational essence of the author's historical epics // «Keruen» ғылыми журналы. – 2020. –№1. Б. 106-113.

5 Авторлық тарихи жырлардағы фольклорлық мотивтер // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журналы. – 2020. – №5. – Б.228-233.

6Тарихи жырлар табиғаты // Халықаралық конференция. – Польша. – 2018. –№ 7(187). – Б. 61-65.

7 Жетісу халық ақындары жырларының көркемдік әлемі // «XX ғасыр басындағы жазу реформасы: Телжан Шонанұлы мұрасы» атты халық. ғыл.-теор. конференция материалдарының жинағы. – Алматы. – 2019. Б.143-149.

8 Kazakh historical epics and epical tradition // Articulos Utopia Y Praxis Latinoamericana. – 2019. – N 24 extra 5. – Pages 103-112.

9 Қалқа Жапсарбаев ақынның авторлық тарихи жырлары және тарихи жад // «Молда Мұса әдеби мұрасы және сирек қордағы ұлттық құндылықтар» атты халық. ғыл.-теор. конференция материалдарының жинағы. – Алматы. – 2019. Б. 268-274.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш негізгі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. **Жұмыстың жалпы көлемі –** 140 бет.

1 АВТОРЛЫҚ ТАРИХИ ЖЫРЛАРДАҒЫ ЭПИКАЛЫҚ ДӘСТҮР

1.1 Жетісу аймағындағы тарихи-әлеуметтік жағдайдың жырлануы

Тәуелсіздік жылдары қазақ тарихының бұрын тұмшаланған тұстары ашылып, Қазақстанның әр аймағында болған ұлт-азаттық идеясының мән-маңызы жайлы ашық айтыла бастады. Соның ішінде әдеби шығармалардағы тарихтың сипатын арнайы қарастыру да жүзеге асырылды. Соған орай, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ мәдениеті мен тарихының өткенін ғылыми тұрғыдан терең зерделеп тұжырымдау, жаңаша пайымдау қажеттілігі туындады. Еліміздің қоғамдық өмірін тұтас қамтыған рухани жаңғыру мен жаңару үрдісі, дүниежүзілік ғаламдану жайы ғылымдағы бетбұрысты айқындап, тарих саласындағы ғылыми ізденістердің нақты нәтижелерге бағдарлануын міндеттейді. Тәуелсіздік талаптары тұрғысынан тарихи-мәдени үрдістің белгілі бір кезеңдері мен оқиғаларын көрсетуде осыған дейін орын алып келген сыңаржақтылықтан, субъективизмнен арылтуды қажет етеді. Мұның өзі кеңестік жүйе тұсында айқын зерделеп, гуманитарлық ғылымның, оның ішінде Қазақстан тарихында айтылмай келген, тыйым салынған шындықты бүкпесіз талдап беруді ғана емес, сонымен бірге бүгінгі уақыт талабына сәйкес зерттеу заман ағымымен, «Тарих толқынындағы халық» сынды мемлекеттік нысанды бағдарламалық міндеттермен етене болуын талап етеді. Сондықтан жаңа, тәуелсіз ұлттық тарихты бүгінгі күнмен сәйкестендіріп, әлемдік тарих айнасында толымды, жан-жақты зерттеу кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып қалатыны анық.

Жетісу жеріне толық үстемдік қылған патша үкіметі осы аймақта қоныстандыру саясатын жүзеге асыра бастады. 1881-1884 жылдар аралығында Жетісудың Үйсін тауы күнгейінен Қорғас бекетіне дейінгі аралықты және Солтүстік Қырғызстанның құнарлы жерлерін босқын ұйғырлар мен дүнгендерге үлестіріп берді. Г.А.Колпаковскийдің ұсынысымен жасалған 1868 жылғы «Жетісуда шаруаларды қоныстандыру туралы» ережесі негізінде 1891 жылы Ресейден келген орыстар мен Шығыс Түркістаннан келген босқындарды орналастыру бойынша «Жаңа ереже» қабылданды. «Жаңа ереже» бойынша келген қоныс аударушылардың жан басына 10-30 десятинаға дейін малға да, егінге де қолайлы жер бөлініп, өтемсіз несие берілді. Оның үстіне салық пен басқа да міндеттерден босатылды. Жетісуда ата-бабасынан бері қоныстанып келе жатқан қазақтарға мұндай жеңілдіктер жасалмады.

1867 жылдан 1917 жылға дейін үстемдік құрған патша үкіметі қазақ пен Алатаудың арғы жағында қоныстанған қырғыздарды шұрайлы жері мен құнарлы егіндігінен айырып, шаруалыққа қолайсыз шөлейтті, тау-тасты жерлерге ығыстырған болатын. Патшалық үкіметтің билеушілері ойына келген өзге де сорақы да, дөрекі істерін жүзеге асырып келді.

Осы кезеңде Кенесары ханның Жетісуға келуі, Ресей үкіметінің Жетісу жерін басып алуы, қала салуы, қоқандықтардың қазақтарға салықты күшейтуі сынды Жетісу өңірі үшін күрделі тарихи оқиғалар орын алғаны мәлім. Осындай жан-жақтан жау жағадан алған аумалы-төкпелі кезеңде ел тізгінін ұстаған

батырлар, билер, сұлтандар туып-өскен жерін оңайлықпен бермеу үшін аянып қалмады. Оларға елінің тағдыры үшін әділ шешім қабылдайтын күн туды. Осы оқиғалар мен сол кезеңдегі тарихи тұлғалар жетісулық ақындардың жырларына арқау болды. Атап айтқанда, Т.Байбағысұлының «Байсейіт батырдың тарихы», С.Керімбековтің «Байсейіт батыр», Е.Қандековтің «Шаян батыр», Ә.Сариевтің «Саурық батыр», «Асу» т.б. жырларында солтүстіктен орыс отаршылдарының басқыншылығы, оңтүстіктен қоқандықтардың қыспағы, одан қала берді қырғыз бен қазақ рулары арасындағы жер дауы, барымташылықтың өршіп тұрған кезі көркем тілмен суреттеледі**.**

ХХ ғасырдың басында патша шенеуніктерінің озбырлық саясаты шарықтау шегіне жетіп, халықтың шыдамын тауысып, титығына тиген еді.

Адастық осы күнде күн мен айдан,
Ауған соң Қарқарадай жақсы жайдан.
Сансырап, есеңгіреп есім шықты,
Күніміз бұрынғыдай болсын қайдан?
Мұнда жүрген Албаннан күдер үздік,
Жалғыз-ақ үмітім бар бір Құдайдан.

Ақ патша әділ еді заманында,
Сау тұрған мал-басының аманында.
Патша әділеттен тайғаннан соң,
Біз қалдық қанды қырғын табанында.
Құдайым өстиді екен аларында! [30, 69]

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде отарлық езгінің күшеюі, жерді тартып алу, орыстандыру саясаты, соғыс ауыртпалығы т.б. жағдайлар халықтың материалдық, әлеуметтік жағдайын нашарлатып жіберді. 1916 жылы 25 маусымда соғыстың қара жұмысына Түркістан өлкесінің және Сібірдің кейбір аймақтарынан 19-дан 43-жасқа дейінгі ер адамдарды шақыру жөніндегі жарлығы көтерілістің басталуына түрткі болған еді. Бұл туралы Әбен Атамқұлұлы «Өлмесектің дауысы» деп аталатын жоқтауында:

– 16-шы жылында
Албанды дәулет кернеген.
Азырақ сөйлеп қояйын
Үркінде болған пернеден.
Мекалай жарлық шығарды
«Салдатқа бала бер» деген.
Жәмеңке, Ұзақ, Жаңабай,
Беруге бала көнбеген.
Әбдіхалық, Серікбай,
Сыбанқұл, Құрман ер деген.
Өңкей саңлақ бірігіп,

Зорлыққа бала бермеген [31, 67], –

деп 1916 жылғы Николай патшаның жарлығы қазақтарға жеткенін жырға қосады. Осы жарлыққа байланысты шілде айының басында қазақ даласында стихиялы түрде баскөтерулер орын ала бастады. 1916 жылғы көтерілістің ірі ошақтары ретінде көп жылдар бойы Торғай мен Жетісу өңіріндегі ұлт-азаттық қозғалыстар аталып келді. Аталған ірі көтеріліс ошақтарынан өзге де өңірлерде ірілі-ұсақты көтерілістер орын алған болатын. Қазақстандағы бүкілхалықтық ұлт-азаттық сипат алған көтеріліс патша өкіметінің отаршылдық саясатына, феодал байларға және империалистік соғысқа қарсы бағытталды. Бұл көтерілісті қарапайым қазақ арасынан шыққан еңбекші халықтың өкілдері басқарды. Торғай даласындағы көтерілісті Әліби Жангелдин мен Амангелді Иманов, Жетісу өңірінде Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Жәмеңке Мәмбетов, Әубәкір Жүнісов, Серікбай Қанаев, Ақтөбе даласында Әділбек Майкөтев, Орал облысы мен Бөкей ордасында Сейітқали Мендешев, Әбдірахман Әйтиев, Маңғыстауда аймағында Жалау Мыңбаев т.б. басқарды.

ХХ ғасырдың басындағы қазақтың азаттық, тәуелсіздік күресінің бірі Жетісу өңірінде болған атақты Қарқара көтерілісі еді. Патша өкіметінің халықты аяусыз езіп, жан-жақтан көрсеткен қысымының шегіне жетуі бірінші дүниежүзілік соғыстың зардабымен қосылып, озбырлыққа шыдамаған халықтың ұлт-азаттық көтерілістерін тудырды. Әсіресе 1867 жылы патша үкіметінің барлық қазақ жерлерін өз меншігіне алу туралы жарлығы халықтың қатты ашу-ызасын тудырып, елдің билікке деген сенімін толықтай жоғалтты. Қазақтың шаруаларын тонаудың ауылдық, уездік, тіпті облыстық деңгейдегі түрлі ат иемденген қоныс аударудағы күштеу мен әділетсіздік шектен шығып, қазақтың жаз жайлауы, қыс қыстауы болған шұрайлы жерлеріне Патша өкіметі 1889 жылдан бастап орыс шаруаларын қарқынды түрде қоныстандыра бастады. 1891 жылдан басталған қазақ жеріне қоныс аударушы жат жұрттардың легі 1912 жылға дейін лек-легімен келіп жатты. 1916 жылғы Куропаткин, Фольбаум дейтін генералдардың көмегімен патша өкіметінің «қырғыздарды көшіру» дейтін жарлығы шығып, соның әсерінен Пішпек, Пржевальск, Жаркент уездеріндегі егістікке қолайлы жерлердің басым бөлігі тартылып алынды. Тарихи мәліметтер көрсеткендей, осы тұстағы Жаркент өңірін мекендеген албандардан Шалкөде мен Текес өзендерінің жағасындағы жер, Қарқара жайлауы мен Шу аңғарының бір бөлігін тартып алу керектігі жайлы пікірлер айтыла бастады. Жерсіз қалған қазақтар орыс кулактарының жалшысына айнала бастады. Қақпақ, Айғыржол, Сарыжаз, Нарынқолды қоныстанушылардың қыстақтары салынып, Қарқараға да бай-көпестер қожалық етіп, қазақтар жайсыз аймаққа, шөл-шөлейтті , таулы-тасты жерлерге қуылды. Бірінші дүниежүзілік соғыстың да бар ауыртпалығын қазақ халқы қолындағы малын беріп, өзі аш қалумен өткерді. Тарихшы Т.Медеуов келтірген мәліметте «сексен мың қой, үш мың ірі қара, екі мың таңдаулы аттар, жүз қырық төрт киіз үй, сексен мың байпақ, он алты мың ақша, бес жүз кесек киіз алынды» [32] делінген. Қарқара қазақтарының екі жыл ішінде соғыстағыларды қамтамасыз ету мақсатында берген малының шығынының өзі

көп жайтты аңғартады. Қазақтың өз билігі өзінен кетіп, барлық жерлерді патша өкіметінің «көзі мен құлағы» болған әскери адамдар, мысалы Түркістан аймағын Куропаткин, Жетісу облысын М.А.Фольбаум, Жаркент уезін Ступин басқарды. Ал Нарынқол аймағын басқарған казактардың атаманы С.Достоволовтың елге жасаған озбырлық әрекеттеріне ешбір тиым болмаған. Патшаның ел ішіндегі жандайшаптарының халыққа жасаған қиянаты халық әдебиетінің түрлі жанрларында ауызекі әңгімесінде, өлең-жырларында сақталып қалған. Қазақтар «Ақжелке» деп атап кеткен Александр Подварковтың да небір зымияндық істері жоғарыдан келген бұйрықты ел ішіне таратып қана қоймай, орындату болған. Патша өкіметі Жетісу өлкесіне мұжықтарды әкеп орналастырып қана қоймай, орыс пен қазақтың қарапайым халқының ортасына ши жүгіртіп, әртүрлі жымысқы әрекеттерді жасырын ұйымдастырып отырған. Солардың бірі 1914 жылы 9 қазандағы Фольбаумның Жетісу жеріндегі христиандардың ішінен сенімді адамдарды тағайындап, мұсылмандық сенімдегі қазақ жұртшылығына қарсы қоюды көздеген саясаты еді. Ол саясаттың түпкі негізі – халықтың қандай да бір наразылықтары мен ой-санасының өсуіне кедергі жасап, көп ұзатпай басып тастап отыру, кезі келгенде қазақтың байлығы мен малын тонап, амалын тауып еріксіз алып кетіп, кедейлендіру болды. Жалпы XX ғасырдың басындағы қазақ халқының, әсіресе Жетісу өлкесін мекендеген қазақтардың өмір тарихын зерделегенде, қолдан жасалған қиянаттың небір алапат дауылды кезеңдерін басынан кешірген ауыр халін көруге болады. Жайшылықтағы озбырлық пен басқыншылықты былай қойғанда, Патша өкіметінің 1916 жылы 25 маусымдағы Қазақстанның, Орталық Азияның және ішінара Сібірдің 19 жастан 43 жасқа дейінгі «бұратана» ер-азаматтарын тыл жұмыстарына (қорғаныс құрылыстарын және әскери қатынас жолдарын салу, т.б.) алу жөнінде жарлығы қазақтың шыдамының шегін тауысқан оқиға болды. Бұл жарлық бойынша қазақ өлкесінен 400 мың адам, соның ішінде, Жетісу облысынан 87 мыңға тарта қазақ жастары майданның қара жұмысына алына бастауы Қазақстанның барлық жерінде үлкен наразылық тудырып, әртүрлі сипатта қарсылық танытқан қозғалыс орын алды.

Жетісудың Жаркент уезіне қарайтын Қызылбөрік, Сөгеті, Шелек, Меркі болыстарында, Қарқара және Асы жайлауларында, Нарынқол-Шарын бөлімшесінде (аудан), Верный уезіндегі Қорам, Ұзынағаш, Ботбай, Шығыс және Батыс Қастек, Ырғайты, Тайторы, Жайылмыс болыстарында, сол кезде Жетісу облысына қараған Лепсі және Қапал уездерінің кейбір болыстарында әртүрлі дәрежеде бас көтерулер болды. Бұл бас көтерулердің барлығы да патша үкіметі армиясының артиллерия, пулеметтармен қаруланған жазалаушы әскери күштері арқылы басылып отырды. Тарихи деректер бойынша, бір ғана Жетісу өлкесіндегі қарсылықты басу үшін патша үкіметі 14 батальон, 33 жүздік, 42 зеңбірек және 97 пулеметпен жабдықталған арнайы жазалаушы жендеттер тобын жасақтаған. Жетісудағы Қарқара көтерілісі мен ондағы қазақтың бас көтерер батырларының патшаға талап қоя білген жүректілігі мен қайсар мінездері халықтың рухын қайта серпілткен ұлы оқиғалардың бірі болды. Қарқара жәрмеңкесінде қазақ болыстарын жинап, үш күннің ішінде 19 бен 35 аралығындағы жастардан тыл жұмысын атқаруға баратын адам жинап беруіне қарсы шыққан халық батыры

Жәмеңке Мәмбетов қазақтың Ресейге өз еркімен қосылғандығын, сол кезде патша үкіметінің «қазақтан солдат алмаймыз, салық салмаймыз» деп анттасқандығын орыс приставының есіне салып, «бұлайша қазақ арасынан соғысқа адам жинау сол антты бұзғандық» деп есептеп, патша бұйрығына қарсы шығады. Оның бұл ойы сол кездің белді тұлғалары Ұ.Саурықов, С.Қанаев, Қ.Шорманов, Қ.Құдайбергенов, Қ.Шотамановтар тарапынан қолдау тауып, патша армиясының тыл жұмысына «қазақтан бірде-бір адам» бермейміз деген шешімге келеді. Әрине бұл қазақтың қайсарлық шешімі патша үкіметінің үрейін туғызып, бұларды «бүлікшілер» деп атады. Дер кезінде басып-жаншу үшін Жетісу облысының әскери-губернаторы Фольбаум генерал-губернатор Куропаткинмен ақылдаса отырып, Жетісу облысына келіп қоныстанған орыстарды түгелдей селоларының тұрғындандыру керектігін айтып ұсыныс берген. Бұл ұсынысты құп алған Куропаткин Ташкенттен екі мың қарулы әскерді Верный қаласына аттандырады. Жетісу аймағындағы Ұзақ, Жәмеңке, Жаңабай, Серікпай, Әубәкір, Қазыбек сынды бас көтерер адамдар 1916 жылы 11 шілдеде Ереуілтөбеге келіп ту тігіп, тағы орыс оязына өздерінің «біз ешқандай да адам бермейміз, оның орнына салық салсын» деген шарттарын қойып, жоғарыға жеткізуді талап етеді. Біраз орыз оязы уақыт созып, болып жатқан жайды, халық батырларының іс-әрекеті мен халықтың көңіл-күйін түгелдей уезд басшысына жеткізіп отырады. Осы тұстағы Фольбаумның қазақтарға деген жауыздық көзқарасын танытатын «басқаларды жасқандыру, қорқыту үшін бір болыстың жүздеген адамын бірден қырып салу» керектігі жайлы жергілікті оязға берген бұйрығы көтеріліс ұйымдастырушыларының да құлағына жетіп, бүкіл ауыл-аймақты қолда бар қарумен қамтамасыз етіп, өліспей-беріспеудің әрекеті жасалады. Тарихи деректерде осы кездегі қазақтарға жасалған жауыздық істердің біразы айтылған. 11 шілдеде «Ақжелке» пристав урядник Эри-скин деген жендеттің қасына жиырма солдат қосып беріп, түнде ел ұйқыда жатқанда Монай-Мұқан дегеннің ауылын шапқызып, 200-дей жылқыны айдап әкетеді. Жолда оянған елдің еркектері қуып жетіп, атыс басталады. Мылтық оғынан 20 қазақ жігіті оққа ұшырайды. 20 шілдеде Кравченко бастаған он жендет Жансейіт деген қазақтың ауылын шауып тонайды. Осы шабуылда елу шақты қазақтар қазаға ұшырайды. Осы, тағы басқа оқиғалардан кейін Албан ауылдары түгелімен дүрлігеді. 1916 жылы 21 шілдеде Қарқара жәрмеңкесінде 12 пулемет, 4 зеңбірекпен төрт жағынан қоршауға алған патша жендеттері 2000 атты қазақ көтерілісшілерін қырғынға ұшыратады. Сол жерде жасырын тұрған қазақтардың екі топ әскері жендеттердің «Ақжелке» кеңсесіне шабуыл жасағанымен, мұнда екі пулеметпен оқ жаудырып қырық адам оққа ұшырайды. Ертесінде анықталғандай, осы оқиғада бес жүз қазақ жауынгерлері қаза табады [32]. Қазақтың қайсарлығынан қаймыққан патша үкіметі ақыры көтеріліс басшыларын түгел тұтқындап, Қарқара түрмесіне жабады, көп ұзамай жендеттік жолмен жандарын да қияды. Алайда олар бастап кеткен азаттық жолындағы идея өршімесе басылмайды. Сол қырғыннан қашып шығып тірі қалған Әбубәкір Сұлтанбеков, Саламат, Шұлғаубай, Мұса, Мұстафа, Жәйшібек, Нұр, Ыбырай, Жансейіт сияқты батырлар, мергендермен қатар Қарқараны мекен еткен кейбір

өзге ұлт өкілдерінің шаруалары да қосылып, үлкен бір күшке айналып, халық толқуы басылмайды. Әрине өз мекендерінің тау-тасының, ой-қырының сырын білетін көтерілісшілер кейбір сәттерде, біршама жеңістерге қол жеткізгенімен, зеңбірек пен пулеметпен қаруланған патша жендеттерінің оғының астында жазықсыз құрбан болады. Қарқара көтерілісі – қарулы күшпен басылып, тасталған қанды оқиғаның бірі.

Мұхамбетжан Тынышбайұлының 1917 жылғы «Қазақ» газетінде келтірген деректерінде көтерілістен соң Қытай жеріне босқан қырғыз-қазақтың жалпы саны 164 мың адам болғанын, соның қырылғаны 83 мың адам, қайтып келгені 69 мың, Қытайда қалғаны 12 мың адам болғанын [33] хабарлайды. Жетісу өлкесінің құнарлы жерлерінің бәрін иемденіп алған патша билігі қазақтың малын тартып алып, өздерін таулы-тасты жерлерге тықсырып, Верный мен Қытай арасын босқынға толтырды. Осы тұстағы Жетісу жұртының қасіреті Көдек Маралбайұлы, Бөлтірік Атыханұлы, Әбен Атамқұлұлы, Қабылбек Сауранбайұлы сияқты көтерілісті көзімен көріп, сол кезеңнің зардабын шеккен жандардың жырларында бейнеленді. Жетісу аймағындағы осындай ауыр тарихи кезеңдердің оқиғасын бейнелейтін авторлық тарихи жырлардың негізінде осы азаттық идеясы сақталған.

Жетісу өлкесінде орын алған ұлт-азаттық көтеріліс, жоғарыда аталған көтерілісшілер осы өңірдегі ақындар шығармашылығының негізгі тақырыбына айналды. Кенен Әзірбаевтің «Әли батыр», Есдәулет Қандековтің «Тауда», «Он алтыншы жыл», Бөлтірік Атыханұлының «Бөлтіріктің 1916 жылды өлең еткені», «Бөлтірік сөзі», Көдек Байшығанұлының «Үркін», «1916 жыл туралы», Мұқатай Жылқайдарұлының «Қарқара», Қабылбек Сауранбайұлының «Он алтыншы жыл. Халықтың зары, дүрлігуі» т.б. жырлар 1916 жылғы көтерілісті түрлі қырынан жырлайды. Жетісулық ақындар соғыстың ауыртпалығы, патша саясатының езгісі, көтеріліске қатысқан азаматтар, көтерілістің жүру барысы, көтеріліс аяқталғаннан кейінгі ел жағдайы туралы жырлады. «Қарқара көтерілісін» жырлаған ақындардың көпшілігі көтерілістің басы-қасында жүріп, сол қырғынның куәсі болған адамдар. Сондықтан олар шындықты бұрмаламай, көзімен көргенін сол күйінде жеткізуге тырысқан.

Жігіт алар жылында
Желпініп ел желіккен,
Қой, жылқының жынымен.
«Салдат санап алам» деп,
Жарлады ұлық мұнымен.
«Не салса да көндік, – деп,
Қайда болса да өлдік», – деп,
Қарсылық қылдық шынымен [34].

– деп жырланатын Бөлтірік ақынның өлең жолдарында Жетісу халқының «өліспей-беріспеуге тас-түйін болып, түн қатып, күн жүріп күрескендігі

жырланады. Қазақтың мұндай тегеуріндi қарсылық күтпеген орыс ұлықтарының алғашында үрейге бой алдырғаны да жырда бейнеленіп қалған.

Орыстардың ұлығы
Албан қаптап келгенде,
Жәрмеңкеге тығылған [34]

– десе де, күші басым, қарулы қолдан қырылған халықтың қасіретке батқаны да жыр өзегіне негіз болған.

Сойылы бар батырдың
Талайы атқан оқпенен
Жапалақтай жығылған.
Сай-сайда тығылған.
Қызыл-жасыл қырман боп,
Қырылдық жаман шабыннан.
Албанның қасқа-жайсаңы –
Серікбай, Ұзақ, Әубәкір,
Тұрлықожа, Бекайдар,
Жәмеңке, Біләл басқаны... [34] –

деп Бөлтірік ақын он алтыншы жылғы көтерілістің ылаңын өзінің «Ел жарыла көшкенде» деп аталатын жырында суреттейді.

Ш.Тілеубаевтың зерттеуінше, Жетісудағы көтерілістің өзіне тән ерекшелігі болған. Әлеуметтік жіктеліске қарамастан, ауқатты топтан шыққан азаматтар да көтеріліске жетекшілік жасап отырған. Қазақ пен қырғыздардың басқа да әлеуметтік топтары қатысқан көтеріліс ұлт-азаттық сипат алғанын айта келіп, Жетісудағы көтеріліс тарихын төрт кезеңге бөліп қарастырады:

1) шілде айы – стихиялық наразылық білдіру кезеңі;

2) тамыз-қыркүйек айының басы – оның қарулы көтеріліске ұласуы;

3) қыркүйек-қазан айлары көтерілістің басып-жаншылуы және жеңіліске ұшырау;

4) көтерілісшілердің босқыншылыққа ұшырауы және тарихи Отанына қайтару кезеңі [29, 49].

Патша жарлығы шыққаннан кейін шілденің 11-і күні ертелетіп халықтың бас көтерер адамдары Ереуілтөбенің етегіне жиналды. Ел аузындағы сөзге қарағанда ереуілден бұрын төбе әр түрлі аталыпты. «Қатар төбе», «Көкшіл төбе» деп аталыпты деген сөздерді естідік. Ал, «Ереуілтөбе» деген ат оған 1926 жылы көтерілістің он жылдығын атап өткенде берілген екен [35, 25]. Бұл жиналыс Жетісу жерінде өткен Қарқара көтерілісінің алғашқы қазығы қаланған жер еді. Халық «Ақжелке» деп атап кеткен Нарын-Шарын бөлімшесінің бастығы Подварковпен кездеседі, майданға азаматтарды жіберуге қарсы екенін ашық айтады. Көтеріліс басшыларының бірі Серікбай Қанайұлы осы жиналыста Подварков ұлыққа халық атынан былай деп жауап айтқан болатын:

«Көпшілік кеңесті, көпшіліктің жауабы мынау – біздер ақ патшаға қарағалы 50-55 жыл шамасында болған екен. Содан бері патша оқу, өнер үйретпеді. Не әскер қызметіне алып, әскер білімін үйретпеді. Қараңғы, білімсіз болдық. Құр қол ұрысқа тас сына ма? Патшаның сұраған рабочиын бере алмаймыз, – деді. Патша біздерді тәрбиелейді дейсің, біздер үшін салдырған мектебі, әртүрлі өнер-білім орындары қайсы?.. » [36]

1916 жылы халықтың жаппай көтерілуі сан жылдар бойы патша саясатына қарсы жиналып қалған шешімін таппаған мәселелердің себебінен еді. Жәмеңке Мәмбетов, Ұзақ Саурықұлы, Жаңабай Құдайбергенұлы сынды азаматтар патша жарлығын орындамайтынын ресми түрде мәлімдейді. Патша үкіметі халықтың майданға бала бермейміз деген ауызша қарсылығын елемегендіктен, халық қарулы қақтығысқа дайындалды. Найза мен қылыш ұстаған көтерілісшілер қолдарына мықты қару, мылтық ұстаған казак-орыстарға қарсы шығады.

Сан адам бұл соғыста қырғын тапты,
Елші боп жасауылдар екі жақты.
Хабарлап үсті-үстіне губернаға,
Полиция, жасауылдар бәрі шапты.
Көбейді солдат келіп тұс-тұс жақтан,
Көрінген қазақтарды қирата атты.
Құралы солдаттардың басым келді,
Қашуға бет қояды жаны тәтті [37].

Патша әскерінің саны көтерілісшілердің санынан басым түседі. Оның үстіне атқыш қарумен жабдықталмаған көтерілісшілердің жеңілуі заңды еді. Осылайша Жетісудағы Қарқара көтерілісі жеңіліс тапты. Көтеріліс жетекшілері Жәмеңке Мәмбетов пен Ұзақ Саурықұлы патша әскерлерінің қолынан қаза тапты. Патша әскері көтерілісшілерді жазалау шараларына көшті. Патшаның озбыр, әділетсіз саясатына қанық қарапайым халық үй-жайларын, мал-мүлкін тастап, жан сауғалап қашуларына тура келді.

Тастады темір торға мықтап қамап,
Тұрғызып ертеңменен қойдай санап.
Бәрімен болыс Ырыскелді жауыздары,
Біз жаттық сол уақытта «лағынет» деп.

Күңіренген елді ойласам есім кетер,
Бір мен болсам, көп елдің несі кетер.
Қатар құрбым, сағындым жолдасымды,
Мінезі тамашалы балдай шекер [38, 16].

Бұл – көтеріліске қатысқандардың арасында болған жетісулық Есдәулет ақынның түрмеге қамалып, азапты күндерді басынан кешкен кезде ашынып айтқан азалы сөздері. Ақын Көктөбеде өткен ұлт-азаттық қозғалыс кезінде қазақ

жігіттеріне басшы болған Әли Нұрғожаев туралы жырлаған «Тауда» деп аталатын жырында көтерілістен кейінгі тұтқынға түскен қазақ азаматтарының жағдайы, Әли батырдың өз еркімен беріліп, түрмеге қамалуы, олардың істерінің сотта қаралуы, тар қапастан бостандыққа шығып, еңбекке араласуы сынды көтерілістен кейінгі тағдырларын жырлайды.

Патша үкіметі көтеріліс ұйымдастырушыларын жазалап, тұтқынға алып, қазақ жігіттерін еріксіз майдан жұмыстарына алғанымен, соғыстан діңкелеп әлсіреген патшаның тонын жұқартты. Патшаның жарлығы жартылай жүзеге асып, империалистік саясатқа соққы болып тиді. 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліс мемлекеттік құрылыстың өзгеруіне алғышарт жасаған еді. Мемлекеттік саясат өзгеріс тапқанға дейін қарапайым халық, әсіресе Пржевальск пен Пишпек уездерінің халқы босқынға айналып, ата жұртын тастап, тау асып, Қытай жеріне барып қоныстануға мәжбүр болды. Қытай басшылары берген жер малға да, егін шаруашылығына жайсыз болды. М.Әуезов Жетісу ақындарына арналған қолжазбасында «...Буыны бекімеген, әлсіз халық күштері селт етті. Туған жерлерін, таныс ошақтарын, киіз үйлерін және барлық малдарын тастап, Қытай шекарасынан жаппай стихиялық күйде қашып кету ғана қалды. Алайда үдере көшу кезінде және Қытай шекарасына жеткеннен кейін болған апаттар қорқынышты еді. Онда Қытай билігі оларды құшақ жая қарсы алмады. Албандардың қашып келгенін пайдаланған ата жауы қалмақтар оларды себепсіз тонап, өлтіріп, әйелдері мен қыздарын тұтқынға алып, Қытай қалаларының базарларында саудаға сала бастады....» *(ауд. Қабдешова Қ.)*[1, 45-46] деп жеткізеді. Кейбірі патша үкіметінен теперіш көретінін білсе де, ата жұртына оралуды аңсады. Шекарадағы крестьяндарға жем болып, мал-мүлкінен айырылып, жүдеп-жадап туған жерге жетуге асықты. Тұрмысы нашарлаған қазақтар Жетісу жеріндегі патша билеушілерінің толық құлына айналып, қала берді өздерінің перзенттерін толық, мәңгілік құлдыққа сатуға мәжбүр болды. Халықтың шарасыз халі 1917 жылы II Николай патша тақтан құлағаннан кейінгі күндерге үміт артты. Патша саясатына қарсы болғандарға рақымшылық жарияланды. Қазақтардың ата жұртына көшіп, қоныс аударуы қиынға соқса да уақыт өте келе жүзеге асты. Азаттық жолындағы күресте әбден арып-аршыған халық, қарапайым шаруа кедейдің күні туды деп сенді. Мұндай жолдар Көдек Байшығанұлы азапты күндердің артта қалып, алдағы күннен жақсылық күткен «Үркін» жыр жолдарында көрініс тапқан:

Бітімін құрып кедеймен,
Жасырын жұмыс жүргізген.
Тасты жарған болаттай,
Шыға келді Ленин,
Бірдей болып күнменен.
Коммунизм жолы екен,
Барлық ұлтты тең көрген.
Қосшыны да жасақтап,
Күреске бастап үндеген [31, 95].

Әрине XX ғасыр басындағы патша үкіметінің отарлау саясатының қанды қырғынын көзімен көріп, қазақтың қасіретін ақындық жүрегімен сезінген ақын Кеңестік жүйенің де ұлт тағдырына қатысты салқын саясатының ызғарын алдын-ала болжаған жоқ. Шын көңілімен жаңа заманға сенім білдіргенімен, ол сенімі ақталмағаны белгілі.

1.2 Жетісу өңіріндегі авторлық тарихи жырдың даму сипаты

Жетісу өңірі ақындары шығармашылығы көпқырлы болып келеді. Алайда бұл мәселе әлі де жан-жақты зерттеліп болған жоқ. Ол тек тәуелсіздік жылдары ғана жаңа арнаға түсті. Әдебиеттанушы ғалым Т.Әлбековтің «тарихи жырлар – елдік пен егемендікті асқақ рухпен ғасырлар бойы паш етіп, ұрпақтан-ұрпаққа ұлықтап, үлгі етіп келген қазақ фольклорының арналы бір бөлігі. Оларда кең көрініс тапқан ұлт-азаттық идеясының зерттелуіне де Кеңес дәуірінде шектеу қойылғаны мәлім» [17, 268] деген пікірін профессор Б.Ыбырайым да қостайды: «Төкпе ақындар үлгі алған ақындық мектеп өкілдері жайында әдебиеттануымызда үнемі айтылып-ақ келді. Бұрынғы жыр жампоздарының есімдері құрметпен аталады. Мына дастан, толғауды, т.т. бұрынғылар айтқан, алайда кейінгілер жаңғырта жырлады деген пайымдаулар біршама жұмбақтың шешілуіне көмектеседі. Ал, осы үлгі алу туралы пайымдаулар теріп-теріп алған мысалдар, нақты, сенімді, тиянағы әлі де толық жетпей жатқан деректермен көбіне шектеліп қалады. Соның салдарынан көркемдік дәстүр сабақтастығы жүйеленіп, проблемалар дәрежесінде байыпталмайды. Рас, бұған кезіндегі идеологиялық қысым көп кедергі жасады. Тәуелсіздік тұсында бұл да арнайы назар аударатын, әрі теориялық, әрі практикалық маңызы зор мәселелердің қатарында» [18, 126].

Кезінде Сыр бойында туып, Жетісу жыраулық дәстүрінің негізін салған Қабан (Қабылиса) жырау дәстүрін Бақтыбай Жолбарысұлы жалғастырып, Қабан жыраудың жиені Сүйінбай Аронұлы өз мектебін қалыптастырса, Мәулімбай, Қыдырәлі, Қалқа, Темірғали, Артық, Әбікен осы айтыс мектебін дамытты. Сүйінбайдың шәкірті Жамбыл Жабаевтың ерен дарыны арқасында бұл мектеп Сарыбас, Кенен, Үмбетәлі, Бармақ, Саяділ және т.б. таланттар арқылы ерекше танылды**.** Бұл санаттағы ақындар шығармашылығында жыраулық өнердің элементтері сақталып, ақындықпен қоса жыршылық өнерді де қатар жалғастырған ерекшелігімен сипатталады.

Ал Жетісу өлкесінде өзіндік орны бар тағы бір ақындық орта – Құланаян Құлмамбет негізін салған дәстүрдің Албан Асан, Бөлтірік, Көдек, Таңжарық және т.б. өкілдері бар бұл ортаның да суырып салма өнерімен қатар қисса-дастандар жырлауда өзіндік қолтаңбасымен танылды. Оның бір мысалы – Жамбылдың «Көрұғлы» жырын Құлмамбеттен үйренуі. Майлықожа, Құлыншақ, Майкөт, Бөлтірік, Қуандық т.б. дала ділмарларынан тағылым алуы жайлы біршама зерттеулерде айтылды десек те, Жамбылдай жыр алыбы бастау алған Жетісу аймағы ақындық-жыршылық дәстүрінің де осы уақытқа дейін толық

негізі ашылып болған жоқ. Мысалы Жамбыл ұстаз тұтқан Майкөт ақынның шығармашылығы жайлы мағлұматтар мардымсыз. Олардың алдындағы рухани арналарды табу күрделі мәселе. Өйткені қазақтың ауызша айтқыштық өнерінің Жетісу аймағындағы өзіндік өрнек-машығы – ғасырлардан жалғасып келе жатқан терең құндылық. Көне дәуірдегі елдік, ерлік мұраттарды ту еткен жыраулық дәстүрдің XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың ортасына дейін аймақта өмір кешкен ақындар шығармашылығында көрініс табуы осының дәлелі.

Сонымен қатар «Жетісу өлкесіндегі ақындық өнердің ерекше бір ерекшелінетін орта – Абай дәстүріне бой алдырып, суырып салма өнерді жазба әдебиет дәстүрімен ұштастырған Сара Тастанбекқызы, Қуат Терібаев және т.б. дамытқан бағыт» [14, 3] деп ғалым А.Бұлдыбай Жетісу өңірі ақындық мектебінің жекелеген топтарын жіктеп берген болатын. Біздің зерттеу жұмысымызда осы аталған үш ақындық орта өкілдерін тарихи жыр тақырыбына қатыстысын қажетті жерінде қарастырамыз. Олардың арасында XVII-XX ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығы және сыртқы жауларға (орыс, қалмақ, жоңғар, қытай, қоқан т.с.с.) қарсы халық қозғалысы мен олардың көсемдері – батырлардың ерлік шежіресін баяндайтын Сүйінбай Аронұлының «Сұраншы батыр», «Саурық батыр», Жамбыл Жабайұлының «Өтеген батыр», Есдәулет Қандековтің «Жетіген батыр», «Шаян батыр», Әбзейіт Мәлікеұлының «Ер Әжібай», Кенен Әзірбаевтің «Әли батыр», Қалқа Жапсарбаевтың «Партизан Шаймерден», «Мұсабек Сеңгірбаев», Көдек Маралбайұлының «Бастан өткендер», Саяділ Керімбековтің «Бес мылтық», Қабылбек Сауранбайұлының «Қарқара көтерілісі» т.б. тарихи жырлар бар. Бұл жырлардың барлығы дерлік ауызша шығарылып, домбыра мен қобызға қосылып, түрлі саз-мақамның үйлестігінде орындалып, таралу кеңістігі ұлғайған сайын жырлардың халықтық сипаты басым түсіп, фольклорлық мұраларға жақындай түсетіндігі де – тарихи жырларға тән қасиет. Нақты бір кезеңде орын алған тарихи оқиға бірнеше ақын мен жыраулардың шығармаларына арқау болған. Жырды шығарушы ақын тарихи оқиғаны көзімен көруі де, тіпті өзі де сол оқиғаларға қатысуы да, не болмаса біреулерден естуі де мүмкін. Мәселен, Саурық пен Сұраншының ерлік істерін Күсеп ақын, Сүйінбай, Жамбыл, Әбдіғали, Үмбетәлі ақындар жырға қосты. Аталған ақындардың арасында қос батырды көзімен көрген, жақын араласқан ақындар да, тек ерлігіне қанық боп өскен ақындар да кездеседі.

XV-XIX ғасырлар мен XX ғасырдың бас кезінде көшпелі ғұмыр кешкен қазақ ақындарының көпшілігі хат танымаған. Сондықтан олардың өлең, жырлары алғашында ауызша шығарылып, ел арасына тарап, кейінгі кезеңдерде ғана қағаз бетіне түсірілді. Мәселен, Жамбыл Жабаев (1846-1945) өлең-толғауларын, жыр-дастандарын суырып салып (импровизациямен) шығарып, жадында сақтап, ел ішіне ауызша таратқан. Кеңестік кезеңде оның әдеби хатшылары болған Әбділда Тәжібаев, Қапан Сатыбалдин, Қалмұқан Әбдіқадіров, Ғали Орманов, Тайыр Жароковтар қарт ақынның жадында сақталған шығармаларын жазып алып, олардың жариялануына көмек көрсетіп отырды. Бүгінгі күнге дейін көптеген тарихи жырлардың авторлары мен негізгі кейіпкерлері – батырлар, тарихи тұлғалар жалпы оқырмандарға, ғылыми ортаға

толық мәлім болмағандықтан, олардың көбі ұлттық әдебиетте, тарихта лайықты бағасын алмады. Кеңестік идеология тұрғысында ғана Жамбыл, Нұрпейіс бастаған кейбір ақындар Исатай, Махамбет, Сұраншы, Амангелді сынды аздаған батырлар туралы біршама пікірлер айтылып, ел арасында насихаттау жұмыстары жүргізілді. Ал ондаған өзге батырлардың, ақындардың есімдері елеусіз қалып, шығармалары әдеби қорларда жатып қалды.

Кейінгі жылдары кейбір тарихшылардың өз зерттеулерінде әдеби тарихи шығармаларды мысалға ала отырып, ғылыми тұжырымын тиянақтайтын үрдіс пайда болады. Оның мәні «Жадта сақтап айту мәдениетінің қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орны, оның ішкі өсу, өзгеру динамикасы барлық қоғамдарда бірдей емес. Егер де шаруашылығы егіншілікке негізделген отырықшы елдерде қала, қолөнер және саудамен бірге жазба мәдениетінің де өркен жаюы біртіндеп ауызша айту дәстүрінің рухани өндіріске ықпалын тарылта түссе, керісінше қоғамдық өмірі көшпелі немесе жартылай көшпелі мал шаруашылығына негізделген қоғамдарда ауызша айту мәдениетінің жан-жақты дамуына қажет қолайлы шарттардың түзілгендігін байқаймыз» [39, 25] деп тұжырымдайды тарихшы М.Қойгелдиев.

Халық ақындарының өз шығармаларын ауызша шығарып, оның жадтан жадқа ауысып отыру құбылысы қазақтан басқа халықтар мәдениетінде де көрініс тапқан. Әлем мәдениетінің тарихында суырыпсалмалық өнер бардтар, миннезингерлер, сэсэндер, скальдтар шығармашылығында да болғаны мәлім. Аса танымал болып, даңқы шыққан Томаззо Сгриччи, Эжен де Прадель, Адам Мицкевич, Макс Лангеншварц сияқты еуропалық ақындар шығармашылығы импровизаторлық өнермен қатысты. XIX ғасырдың ортасына шейін, тіпті XX ғасырдың ортасына дейін қазақтың ауызша айту дәстүрі үзілмей жетті деуге болады. Қазақтың өмір тұрмысындағы түбегейлі өзгерістер, жаңа мәдениеттер ықпалдастығы дәстүрлі ақындық, жыршылық өнердің табиғатының өзгеруіне әсер етті. Табан астында тауып айтқыштық пен көзі көрген оқиғасын эпикалық кеңдікте жырлаудың ғасырлардан келе жатқан табиғи тамыры көшпелі дала тіршілігімен, далалық мәдениетпен байланысты болатын. Өзіне дейінгі халықтың дәстүрін бойына сіңірген қазақ баласы ойды өрнекті сөзбен әсерлі жеткізудің әдісін бала жасынан меңгеріп, ақын болып кетпегенімен, айтылған сөздің мән-мағынасын жете түсінетін халықтық білім жинаған. Ал ақындыққа бет бұрып кәсіп еткен тұлғалардың бойында ақындықпен қатар жыршылық, жыраулық салттың элементтері қатар тоғысып жатады. Ол жайында ғалым Е.Ысмайылов: « ... жас бала алдымен домбыраға, өлең-жырға әуестенетіні сөзсіз... Екінші сатыдағы үйрену дәуірі – белгілі ақынның алдын көру, өзін сынға салудан басталады... Үшінші сатыдағы үйрену дәуірі – ақынның дербес ірі айтысқа араласқан кезінде басталады. Әуелі өз ауылында, ұстаз ақынның төңірегінде жеңіл-желпі айтысқа қатысады, сонан соң атақты ақындармен ашық сөз сайысына түсіп, айтыстарда өзінің ақындық күшін сынға салған ақын ұстазының жақсы бағасын, батасын алып, өзіне-өзі сеніммен қараған, ел тарихынан мәліметі бар ақын үлкен той, аста жауапты айтысқа түседі» [2, 72-73]

деп тұжырымдайтынындай, Жетісу ақын-жыршыларының қалыптасуында да осы дәстүрдің анық ізі байқалады.

Жетісу аймағы атақты ақындарының қай-қайсысы да осы дәстүрлі тағылым мектебінен өтіп, халқына танылып, мойындалған ақындар.

Біздің зерттеу нысанына алынып отырған авторлық тарихи жырлар бұрын оларға арнайы қарастырылып, ғылыми анықтама берілмеген. Зерттеу нәтижесінде авторлық тарихи жырлардың фольклорлық тарихи жырлар дәстүрінің аясында дамып, белгілі бір автордың ой-сезімі мен көзқарасы тұрғысынан заман өзгерісіне қарай жырланған тарихи жырдың жанрлық түрі деген тұжырым жасадық. Қалай болғанда да авторлық тарихи жырдың табиғатын тану үшін фольклортану ғылымындағы тарихи жырларға тән заңдылықтар жайындағы тұжырымдарға жүгінеміз. Тарихи жыр жанрының табиғаты эпоспен ұқсас болғанымен, екеуі екі түрлі жанр екендігін алғаш ажыратып, арнайы зерттеу керектігін алғаш айтқан ғалым Ш.Уәлиханов [40] болса, онан кейін эпостың осы екі түрі бөлек жанр екендігі жайында Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде «Тарихи жыр деп тарихта бар, мағлұм уақиғалар турасында өлеңмен шығарған сөздер айтылады. Қазақта өз тілінде жазылған тарих болмағанмен, қазақта болған уақиғалар, қазақтан шыққан адамдар турасында басқа жұрттардың тарихында жазылған мағлұматтар бар, халықтың өзінің есінен кетпеген, қазақ басынан кешірген уақиғалары толып жатыр. Солар туралы өлең етіп шығарған сөздер болса, солар тарихи жыр болады. Мәселен, «Орақ-Мамай», «Абылай», «Кенесары, Наурызбай», «Ерназар», «Бекет» өлеңдері тарихи жырлар болады» [41, 289] деп анық тұжырымдаған.

Ресей ғалымы Б.Н.Путилов «Русский историко-песенный фольклор XIII-XVI веков» атты еңбегінде де «Конкретно-исторический характер жанра состоит вовсе не в том, что здесь фиксируются реальные факты, а в том, что песни отражают в форме конкретно-исторических сюжетов реальные политические конфликты, характерные для данного исторического момента и почему-либо важные для народа. Конкретно-исторический характер имеет проблематика этих песен, а герои их выступают как действующие лица истории – независимо от того, были они таковыми или нет. В силу своего конкретно-исторического характера исторические песни отражают движение истории, как оно осознается народным творчеством» [20, 8] дейді. Тарихи жырда өмірдің барлық шындығы айна-қатесіз жырға айналмаса да, жалпы ақын көзімен көрген, я естіген заманның шындығын, басты тарихи оқиғасын жырға арқау етеді. Елдің есінде қалған оқиғаларда өзін ерлігімен танытып, халқының басындағы қара бұлтты сейілткен батырлар тарихи жырдың басты кейіпкері есебінде жырланады.

Академик М.О.Әуезов: «Бұл жырлардың бәрі де, ертеде туғандары да, кейінірек шығарылғандары да – анық тарихи оқиғаларға негізделген, ал басты-басты кейіпкерлер – тарихта болған адамдар. Жырлардың авторлары – көбінесе сол оқиғаларды көзімен көрген тұстастары. Авторлар көзімен көрген, өздері бастан кешірген оқиғаларды уақытына қарай сап-сабымен баяндайды. Тарихи жырлардың батырлық эпостан айырмашылығы бар. Яғни тарихи жырларда

эпостық баяндауға тән объективтік сарынның орнын оқиғаларды тікелей қабылдаған автордың әсері араласқан субъективтік баға басады» [42, 76] деген пікір білдіреді. Демек авторлар жадынан шықпаған фактілерді, оқиғаларды, тарихи жайттарды көп өзгеріссіз, көркем жырға айналдырады. Олар аталған оқиғаларды бүге-шүгесіне дейін біле бермесе де, жалпы хабардар болып, сол тақырыпқа қызығуы да мүмкін. Сондықтан жырға жалпылама оқиғаларды арқау етіп, басты кейіпкер-батырдың бейнесін, тұлғасын ашып, көркем суреттеуі де жеткілікті. Жалпы эпос сюжеттерін, соның ішінде тарихи жыр сюжеттерін арнайы қарастырған Б.Әзібаева «Тарихи жырларда халқымыздың бірнеше дәуірлерде басынан өткерген, көбіне қазақ халқының тарихи дамуына, болашағына кері әсерін тигізген, XVI-XIX ғғ. Қазақстанның әртүрлі аймақтарында орын алған драмаға толы оқиғалар көрініс табады. Мұндағы негізгі бейнелеуде ел жадысынан өшпеген, сондай-ақ ресми тарихи құжаттарда қатталған түрлі мүдделер қайшылығы, көбіне нақты өмірде болған оқиғалар, фактілер әңгімеленеді; сол баяндаудың бас кейіпкерлері өткеннен белгілі, сөз болып отырған шынайы оқиғаға қатысқан тарихи тұлғалар болып табылады» [10, 70] деп тұжырымдайды.

Ұлт ретінде тарих сахнасынан жойылмай, ұлы даланың тұтастығы мен ел тәуелсіздігі үшін болған қиян-кесті күрестердің көріністері тарихи өлеңдерде, эпикалық туындыларда, авторлық тарихи жырларда көркем тілмен баяндалып отырды. Тарихи жырдың табиғатын аша түсуде Б.Кенжебаевтың мына бір сөзі құнды: «Тарихи жырлар, тарихи аңыз әңгімелер дегеніміз – халықтың өмірінде бұрын-соңды болған, саяси-әлеуметтік мәні зор тарихи оқиғалар, істер жөніндегі, бұрын-соңды тарихта шын болған көрнекті адамдар жөніндегі ауызша шығарылған өлең-жырлар, аңыз әңгімелер. ...Сондықтан көп реттерде тарих пен ауыз әдебиеті бір-біріне жәрдемші, бірін-бірі толықтырушы болып келеді. Халықтың ауыз әдебиетін дұрыс, терең ұғу үшін оның тарихы қандай қажет болса, тарихын дұрыс жете, толық білу үшін ауыз әдебиеті сондай қажет деуге болады. Бірақ осымен қатар тарих пен ауыз әдебиеті дәл бірдей емес екенін де ескеру қажет. Тарихшы болған оқиғаны тыңнан, ойдан жаңалық қоспай, сол тарихта болғанынша тексеріп, талдап айтып береді. Ол үнемі тарихтық нақтылы материалдарға сүйенеді, айтылған ойын, пікірін солармен дәлелдейді. Ал ауыз әдебиеті, ақын, жырау болған оқиғаның, тарихи адамның өмірбаяны мен істеген ісінің сүрлеуін, ізін, желісін ғана алады. Басқасын өзінің қиял дүниесінен шығарады, суретпен, пернемен, бейнемен айтып дәлелдейді. Ауыз әдебиеті тарихи оқиғаны, тарихи істі зерттеу тілімен айтпай, көркем әдебиет тілімен айтып береді. Тарихи шындықты көркем шындыққа айналдырып айтады деген сөз»[43, 300]. Бұдан байқайтынымыз – тарихи жырдың нақты бір оқиғаға негізделетіні.

Соңғы жылдардағы әдебиеттану зерттеулерінде авторлық тарихи жырға нақты анықтама берілмей келеді. Әлем әдебиетінде де «авторлық тарихи жыр» деген термин де кездесе бермейді. Оның басты себебі жаһандық өркениеті ерте дамып, жазба әдебиеті өркендеген елдерде ақындар жеке шығармаларын өзі хатқа түсіреді, болмаса жанашыр-әріптестері, шәкірттері жазып алып, жариялап

отырды. Тіпті бір шығарманың көшірмелерін, нұсқаларын, басылымдарын салыстырып, текстологиялық зерттеулер жүргізіп, түпнұсқа мәтінін анықтау үшін іргелі ғылыми еңбектер жазылып та жатты.

Қазақтың авторлық тарихи жырларының түпнұсқа мәтіндерінің дені ауызша шығарылып, кейін мүмкіндігінше халық мұраларын жинаушылардың тарапынан қағазға түсірілген. Халық ақындарының шығармашылығын жан-жақты қарастыру барысында аңғарылғаны – олардың тақырыптары XIII-XIX ғасырлар мен XX ғасырдың алғашқы жартысы аралығындағы хан-сұлтандарға, батыр-баһадүрлерге, би-шешендерге қатысты тарихи оқиғаларды қамтитындығын көруге болады. Әдетте елде болған саяси өзгеріс, ел басына түскен тауқымет халық арасында әңгіме ретінде айтылып жүріп, бірте-бірте аңызға, қысқа өлең-толғауға айналады. Уақыт өте келе ел арасынан шыққан суырыпсалма ақындар олардың басын құрап, біртұтас сюжеттік желіге құрылған жыр тудырады.

Фольклортанушы-ғалым С.А.Қасқабасов: «Тек енді ғана, яғни тәуелсіздік алғалы бері ежелгі мұрамызды, соның ішінде ертеде туған тарихи жырларды іздеп, табуға, жариялауға және зерттеуге мүмкіндік туды. Қолдағы бар материалдарға қарағанда, қазақ тарихи жырларын мынадай дәуірлерге бөліп қарастыруға болатын тәрізді: а) XIV-XVII ғасырлар; ә) XVIII ғасыр мен б) XIX-XX ғасырлар оқиғаларын баяндайтын туындылар. Әрине бұл шығармаларды сол дәуірлерде дүниеге келген деп есептеуге болмасы түсінікті. Олардың көпшілігі сол өздері суреттеп отырған оқиғалардан әлдеқайда кейін туған және хатқа өте кеш түскен. Сол себепті мұнда белгілі дәрежеде шарттылық бар екенін де ескеру қажет. Яғни біздің заманымызға жеткен тарихи жырлар көп ғасырды басынан өткерген, көп жыршының «қолынан» өткен, сөйтіп алуан түрлі өзгеріске түскен» [44, 508] деген пікірі авторлық тарихи жырлардың зерттелуіне де қатысты пікір.

Авторлық тарихи жырлар Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк туралы көне түркі жыр-жазбаларынан бастау алған. Мәселен, Күлтегін жырының авторы ретінде Йоллық тегінді атауға болады. Дегенмен бергі дәуірлерде туған тарихи эпостардың арасында авторы анықталған шығармалар да, айтыла-айтыла авторлары ұмыт болған фольклорлық жырлар да кездеседі. Оларды ажырату оңайға соға бермейді.

Дегенмен біз жүргізген ізденістердің нәтижесі бойынша, авторлық тарихи жырларға нақты бір кезеңдегі бір айтулы оқиғаның тарихи келбетін барынша дәл сипаттай алатын, халық арасында танылған, авторы белгілі эпикалық шығарманы жатқызуға болады.

Авторлық тарихи жырлар да өзге фольклорлық тарихи эпостар сияқты ұлт тарихының барлық кезеңдерін қамтиды. Бірақ уақыт өткен сайын олардың авторлары да жадтан шығып, халықтық шығармаларға айналып жататыны заңдылық. Қазақ халқының көшпелі тұрмыс-тіршілігі, жазба әдебиеттің кенжелеп қалыптасуы, арнайы мұрағат мекемелерінің болмауынан жырлардың жадтан жадқа ауысып, жыршылар, орындаушылар арқылы ұрпақтан ұрпаққа жылжуы мәтіндерге ғана өзгерістер әкеліп қоймай, авторлардың есімдерін де елеусіз қалдырады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап эпостық шығармалардың көпшілігі тарихи сюжетке құрылып, авторлық сипат ала бастады. Бұлардың қатарында Абай мектебінен тәлім алған Шәкәрім, Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Уәйіс тәрізді бір топ таланттар болды. Мысалы, Шәкәрімнің «Еңлік – Кебек», Көкбайдың «Сабалақ», Уәйістің «Алаша хан – Жошы хан» атты туындылары тарихи тақырыптағы құнды мұралар. XIX ғасырдағы Исатай-Махамбет, Жанқожа, Есет, Кенесары, Иса – Досан, Сыздық төре бастаған ұлт-азаттық көтерілістерден кейін көптеген тарихи жырлар өмірге келді. Солардың қатарында Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбай», Қалнияздың «Қармыс – Төлеп», Ығылман Шөрекұлының «Исатай – Махамбет», Сәттіғұлдың «Досан батыр», Мұсабай жыраудың «Жанқожа батыр» т.б. ондаған шығармаларды атауға болады.

Бұл шығармалардың қай-қайсысында да ежелгі жыраулық, жыршылық дәстүрдің ақындық өнермен ұштасқан шеберлігі айқын. Себебі Жетісу аймағы ғана емес, жалпы қазақтың эпикалық өнерінің қоғам, заман дамуына сәйкес, жанрлық, авторлық тұрғыдан да өзгеріске түсе бастағандығын С.А.Қасқабасовтың мына ғылыми тұжырымдарында айқындалған: «XVIII ғасырдың соңынан бастап қазақ әдебиетінде мүлде жаңа мазмұндағы, соны сипаттағы поэзия пайда болады да, ол XIX ғасырда зор қарқынмен дамиды. Бұл — ұлт-азаттық поэзиясы еді. Ресейдің отаршылдық саясаты мен іс-қимылдарына қарсы болған халық көтерілістерін жырлаған поэзия болатын. Ол XX ғасырда да өшкен жоқ. Қайта бұл жүзжылдықта көтеріліс поэзиясымен қатар отарға түскен елдің хал-ахуалын барынша шыншылдықпен зарлап та, сынай айтқан поэзия өріс алды. Сөйтіп Дулат, Шортанбай, Мұрат сияқты дарынды ақындар XIX ғасырда жаңаша қарқынмен дамуға бет алған жазба әдебиетпен бірге, тізерлесе, қосақтаса ел мұңын жоқтайды, халықтың тұрмыс-тіршілігін, көңіл-күйін бейнеледі. Жыраулар қалыптастырған классикалық ауыз әдебиеті XIX ғасырда ақындар шығармасы арқылы ары қарай дами түсті. Жәнгір хан тұсындағы Байтоқ жырау мен Кенесарыны хан деп дәріптеген Нысанбай, Досқожалар жыраулық поэзияның соңғы үлгілері болды да, енді ауыз әдебиеті ақындар поэзиясы түрінде дамып, жыраулық дәстүрдің көркемдік қуаты мен елдік сипатын жалғастыра, терендете, ірілендіре жырлап кетті. Бұл тұста ол жазба әдебиетпен қатарласа өмір сүріп, XX ғасырда да өзінің өміршендігін көрсетті» [45, 542].

Демек Жетісу аймағы авторлық ақындық мектебі де осы даму жолынан өтіп, өзінің бойына жыраулық, жыршылық дәстүрдің қабаттарын қабылдаған. Сондықтан олар, ең алдымен, халықтық дәстүрді таратушылар. Екіншіден, тарихи жағдайларға байланысты өзінің жүрегін тербеп, жанына әсер еткен оқиғаларды дәстүр мен ақындық қиялымен көркемдеп, әрі өзі жырлап халыққа жеткізушілер. «Жыр, жыршы ұғымының төркіні – жар (аяр) – жарлау, жар мағынасында. Жыр, йыр, ыр – татар, қырғыз тағы басқа да түркі тілдерінде тақпақ-өлең түрі, ал қазақ поэзиясында да шумаққа бөлінбей, шұбыртпалы, еркін ұйқаспен айтылатын, жеті, кейде сегіз буынмен тақпақ, терме өлең түрін айтады» [2, 33] деген профессор Е.Ысмайылов жыршыға қатысты пікірін былайша жалғастырады: «Бурят-моңғол тілінде жыршы мен шешеннің төркіні бір, хұрчи,

хұрчин – алтын скрипка ойнау немесе гулшин – қадірлі әйел, сосон – шешен – ақылды әйел, гүл мағынасында айтылып, ақын-жыршы қадір тұтып, өлең-жырын да қасиетпен жырлайтын болса керек» [2, 35]. Еуропалық импровизаторлар туындыларын арфа, скрипка секілді аспаптардың сүйемелдеуімен шығарған болса, қазақ ақындары домбыра, қобыз аспаптарымен сүйемелдеп, белгілі өңірдің дәстүрлі әуен-саздарына қосып айтты. Сондықтан туындаған жыр мәтіндерінің жадта сақталуы да, қажетті жағдайда қайта орындалуы да аса жеңіл болды. Бұл мәселені алғаш ғылыми зерделеген Е.Ысмайылов *жырау, жыршы, өлеңші, сал, сері* ұғымдарының ара-жігін ажыратып, шығармашылық ерекшеліктері жөніндегі терең ғылыми тұжырымдарында Н.И.Ильминскийдің, В.В.Радловтың, М.Будаговтың пікірлерін келтіре отырып, жыраудың тамыр-тегін көне рим, грек жұртындағы жрецтің қызметімен деңгейлес деп ой қорытады. Қазақтың жыраулық өнері жайлы біржақты көзқарастарға келіспей, өмірдің ұсақ мәселесінен биік тұрған өткен дәуір мен келешек жайлы, жалпы адамзаттық ойларды қамтитын меңзеу, тұспал мағынасындағы толғау сөздеріне талдау жасайды. Сыпыра жырау, Бұқар жырау жайында айта келіп, жыраулық пен жыршылықты қатар ұстанған тұлғалардан Марабай, Мергенбай, Мұрындарды атап, соңғы өкілдерінің бірі ретінде Нұрпейіс шығармашылығын талдаған. Осыдан соңғы жыраулық өнердің жыршылық, әншілікпен қабысып жататындығы, жыраулық өнердің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан дәстүрлі жалғастығы жайында ой түйіндейді.

Ғалым жыршы ұғымын «жар салу», «жаршы» ұғымдарымен байланыстыра отырып, өзге халықтардың фольклорынан мысалдар келтіреді. «Жыраудың айтып таратқанын бұлжытпай орындап халыққа, ұрпақтан-ұрпаққа таратушы, орындаушылар – жыршылар. ...Нағыз төселген жүйрік, айтқыш жыршылардың қадірі халық алдында, ақын, жыраулардан кем болмаған. Қалың жиындар, той, астарда жаршы ретінде ойын-сауық бастауына қарағанда жыршыны әнші-ақынмен, шешендермен қатар қоюға болады» [2, 34]. Таза жыршы мен ақындығы бар жыршының айырмасын ашып көрсету үшін Нұрпейіс Байғанин мен Айса Байтабынов шығармашылығын салыстырып, Нұрпейісте ақпа ақындық болғандықтан, бұрынғы естігенін жаңғыртып жырлағандығын, Айса қарт жыраулардан естігенін бұлжытпай жеткізетін дәстүрді ұстанғандығын алғаш рет ғылыми тұрғыдан тұжырымдаған.

Сонымен қатар «жырау» сөзінің этимологиясын, жыраулардың қызметтерін Е. Тұрсынов та тарқата талдайды [8].

Біз де осы ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, Жетісу өңірі ақындарының шығармашылығындағы тарихи жырлардың өзіндік ерекшелігін, тарихи тақырыпты жырлаудағы дәстүр мен шындықтың арақатынасына қатысты тұжырымдар жасаймыз.

Әрине 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің соңы 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне ұласқаны тарихтан мәлім. Осы ғасырдың 20-жылдарындағы Азамат соғысы, 30-жылдардағы жаппай ұжымдастыру кезеңінің кейбір оқиғалары да халық таланттарының назарынан тыс қалмады. Аманкелдіден өзге Бекболат Әжікеұлы, Әліби Жанкелдин, Шаймерден Бейісұлы, Ұзақ Саурықұлы сынды

ондаған батыр-сардарлар мен бұхара халық арасынан шыққан Баян, Асқар, Тайлақ, Ермағамбет, Марқабай, Тобағұл, Базар, Айдос секілді намысқой, батыл жігіттердің елдің еркіндігі үшін шыбын жанын шүберекке түйген тағылымды өмірі мен ерлік істері кейінгі ұрпаққа үлгі болып қалды. Бұл күрескерлердің кейбірі туралы ауызекі әңгімелер, өлең-толғаулар туындап жатса, енді бірінің бастан кешкен оқиғаларын жергілікті ақындар жыр-дастандарға айналдырып, олардың көркем бейнелерін сомдап жатты. Дәл осы кезеңде Қытайдағы қазақтардың арасында да көптеген авторлық тарихи жыр үлгілері туындап, елдің Іле, Тарбағатай, Алтай аймақтарында кеңінен таралғанын көреміз. Атап айтқанда, ілелік Таңжарық Жолдыұлының «Нүптебектің асы», Тарбағатай өлкесінің тумасы, кейінірек Қазақстанға қоныс аударған халық ақыны Сағидолла Нұралинның «Көгедайдың асы», Нұрсапа Сейітжановтың «Дәмежанның әңгімесі», алтайлық Тоқтамағзамның «Есімқан, Ырысқан» сияқты жыр-дастандарының сюжеті Қытай қазақтарының басынан өткерген қиын-қыстау тағдырынан мол мәлімет береді. Мұндай шығармаларда негізінен қазақтардың Гоминьдан әкімшілігіне, Манжу хандығына, ойрат басқыншыларына қарсы азаттық қозғалысының тарихи оқиғалары жырланатынын аңғаруға болады. Ел өміріндегі әлеуметтік, тарихи-саяси оқиғаларды көзбен көріп, көбіне куәгері болып, халықтың белортасында жүрген ақын-жыраулардың замана келбеті қашанда бейжай қалдырмады. Сөйтіп олар көркем сөз арқылы шынайы тарихты көрсетіп, әр кезеңдердегі қазақ қоғамына, оның мәдениеті мен руханиятына айрықша қызмет етті.

1.3 Авторлық тарихи жырлардағы дәстүр жалғастығы

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Жетісу аймағы авторлық тарихи жырларында ежелгі эпикалық дәстүрдің ықпалы зор. Ол әрбір ақынның шығармашылық тұлғасына, білім-білігі мен өмірлік танымына қатысты әртүрлі сипатта көрінеді. Фольклортанушы ғалым Т.Ә.Қоңыратбайдың «Эпикалық дәстүр – бірер күндік емес, ғасырлар бойы қалыптасқан тұрақты құбылыс. Бұл реттен оны ұлт мәдениеті және тарихымен де салыстыруға болады. Эпикалық дәстүр табиғатын мойындамайтын ағымды В.П.Аникин «антиисторизм» ретінде бағалаған. Мұның жаны бар. Себебі эпикалық дәстүрді тудыратын – этникалық үдеріс» [13, 39] деген тұжырымының мәні терең. Оның мәнісі – белгілі бір автор атына телінетін тарихи жырлар жоқтан пайда болған жоқ. Олардың жеке жанр болып қалыптасуына халық шығармашылығында ежелден келе жатқан батырлық жырлар ықпал етті. Халық ақындары өзіне дейінгі эпикалық дәстүрдің түрлі үлгілерін бойына сіңіріп, жаңартып, өзінше жырлады. Олар көбінше өздері қатысып, көзімен көрген, болмаса жастайынан естіп өскен әңгімелерді, аңыздарды жырға қосты, немесе айтыла-айтыла ұмытыла бастаған кейбір жырлардың үзіктерін алып, жаңғырта жырлады. Осылайша эпикалық дәстүр жалғасын тапты. Бұл жырларда тарихтың дәлме-дәл жырлануы, тарихи тұлғалардың фантастикалық бейнеде суреттелуі, тек қана тарихты баяндауы

шарт емес, онда болған оқиға эпикалық күйге ауысып, оның сұлбасы көркем суреттеледі. Авторлық тарихи жырлардың дені қазақтың батырлар жырларының поэтикасына тән эпикалық дәстүр ізімен шығарылған. Тарихи жырлардағы батыр – трансформацияланған тұлға. Батырлар жырындағыдай сағаттап өсіп, тез ер жетіп, отқа жанбайтын, суға батпайтын, оқ дарымайтын батыр емес. Тарихи жырлардағы батыр кәдімгі қарапайым адамдар секілді өмір кешеді, жорық кезінде жараланып, қаза тауып та жатады. Елін, жерін қорғау үшін қара басын қатерге тіккен жанкештілігі үшін батыр деген атаққа лайық болған. Батырлар жыры мен тарихи жырлардағы батырға тән ортақ іс-әрекет – елін, жерін қорғау.

«Тарихи эпос қаһармандарының прототиптері көбінесе белгілі бір уақытта, белгілі бір аймақта өмір сүрген кісілер болып келеді. Бұл эпостардан тарихи құжаттар мен ел аузында жүрген шежірелерден белгілі батыр-қаһарманның сұлбасын аңғару қиын емес. Тарихи эпос кейіпкерлерінің образдарын шынайы, сонымен қатар шартты деуге де болады; олар көпшілікке белгілі тарихи оқиғалар аясында әрекет ете жүріп, сонымен бір мезетте эпикалық заңдылыққа сай қызмет етеді» [10, 89] дейтін ғалым Б.Әзібаеваның пікірі – осы мәселені жан-жақты зерделей келе айтылған пікір. Яғни тарихи жырларда кейіпкерді сомдау дәстүрі эпикалық дәстүрдегіден көп өзгеріп, қайта қаралады. Онда қаһарманның жеке басының қасиеттері алдыңғы орынға шығады. «Эпостың бұл түрінің тарихилық сипаты қаһармандық эпостың тарихилығынан мүлдем өзгеше. Ол көп жағдайда өмірде нақты болған шынайы оқиғаны арқау етеді. Сондықтан да шығарма мазмұны – Қазақстанның белгілі бір аумағында орын алған, өткен уақыты да белгілі оқиғалардан тұрады, ал қаһарманы – тарихтан белгілі тұлға. Мұнда реалды ғұмырнамалықтың элементтері айқын көрінеді. Сонымен қатар, бұлар қиял-ғажайыптан, мифтен де ада. Қаһармандық эпостардың соңында батыр жеңіске жететін болса, біз талдап отырған эпос түрінде драма мен трагедия басым түсіп жатады. Оқиғалар шынайы түрде, бояуы өзгерместен беріледі . Әрине тарихи жырда да эпикалық жинақтаудың заңдылықтары көрініс табады. Бірақ ол эпостағыдай кең ауқымда емес, белгілі бір дәрежедегі өзгеріс түрінде көрініп, батыр бейнесін сомдауға қызмет етеді» [10, 89].

Фольклортану ғылымында айқындалған ғұмырнамалық (биографиялық) тұтастану тәсілінің тарихи жырдағы қолданылуы халықтың өз батырының өмірбаянына, тумысындағы ерекшелігіне деген ынтықтығы негіз болған. Бұл тәсіл бойынша, эпос батырдың туғанынан өлгенге дейінгі ғұмырын баяндайды. Әрине өмірінің әр кезеңін әр түрлі әңгімелейді. Мысалы, ғажайып жағдайда тууы мен ерлік көрсеткен тұстарын кең түрде, көтермелеп, пафоспен суреттейді. Әрине бұл заңдылықтың тарихи жырда кейбір ұшқындары ғана кездеседі.

Авторлық тарихи жырларда батырдың туған жері, руы, ата-бабасы жөнінде мағлұмат берілуі мүмкін. Алайда батырлар жырындағыдай батырдың ата-анасының бір перзентке зар болуы, батырдың көптің тілегі мен әулие-әмбиелердің желеп-жебеуі арқылы дүниеге келуі, күн санап өсуі, қалыңдығы туралы хабар, оны іздеу, қалыңдығының тойына бөтен адам кейпінде келуі т.т. мотивтер кездеспейді. Себебі авторлық тарихи жырларды тудырушылар өз жадындағы эпикалық дәстүрдің өзін ғана емес, оның жаңғырығын ғана

пайдаланып, тарихи оқиғаны суреттеудің, батыр бейнесін сомдаудың, ел жағдайын танытудың құралына айналдырады. Ол әрбір ақын-жыршының шеберлігіне қатысты әрқилы көрініс табады. Біз зерттеу нысанына алған Жетісу аймағына тән авторлық тарихи жырларда батырдың тумысына, балалық шағына, ерлік ісіне қатысты дәстүрлі мотивтер элементі көркемдікпен пайдаланғандығы айқындалды.

Батырлық ер жету сарыны. «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Қарабек» эпостарында, «Қырымның қырық батыры» жырлар циклында кездесетін батырдың дүниеге келгенге дейінгі ру, тайпаның жағдайы, балаға зар болу, дүниеге зарыға күткен перзенттің келуі, оның ерекше жағдайда өсуі сынды мотивтерді авторы бар тарихи жырлардан кездестіруге болады. Тілеміс Есболұлының «Ер Өтеген» жырындағы Өтегеннің жасы алпысқа келген ата-ананың тілегінен туған ұл екендігін айтуда батырдың ежелгі «ғажайып тууының» сарыны сақталған.

Бір жетінің ішінде
Оба деген аурудан
Он екі ұлы қырылып,
Өтеғұл зарлап жылап ед...
...Келгенде жасы алпысқа,
Уайымға салынып.
Қабыл болып тілегі,
Жарылғандай жүрегі.
Бір ұл көріп артынан,
Жайнады гүлдеп жер көгі...
Өтелді деп өлгенің,
Жиналған халық ұйғарып.
Атын қойған Өтеген [46, 135-136].

Өтеғұлдың он екі ұлынан айрылып, жасы алпысқа келгенде, перзентті болуы батырлар жырын қайта жаңғыртқандай әсер береді. Алайда авторлық тарихи жырлардың бәрінде мотивтің мұндай түрі кездеспейді. Көбінесе авторлық тарихи жырлардың кіріспесі басты кейіпкердің бала кезіндегі, немесе жас жеткіншек кезіндегі ерлігін баяндау мотивінен басталады. «Шаян батыр» жырында:

«Бір күні Шаянның Желменбет деген атасы түйеге жібереді. Барса қалмақтың түйесі араласып жатқан екен. Шаян сонда он жастағы бала еді. Түйені бөліп айдап жүрсе, бір дәу қалмақ түйенің ішінде ұйықтап жатқан екен. Қасында бір балтасы жатады. Шаян бала балтаға қызығады. Түйеден түсіп, балтаны қолына алады. Бұл қалмақ оянған соң, балтаны қайтып алып қояды ғой деген ойға келеді. Не де болса бұл қалмақты тұрмастай қылып кетейін деп, ұйықтап жатқан қалмақтың басын шауып тастайды. Сонымен түйесін айдап ауылға келеді» [47].

Батырдың бала кезінде ойланбастан қолын қанға малу көрінісі батырлық жырларда да кездеседі. Батырлық жырларда баланың батыр болатыны оның бала кезінен бірге ойнап жүрген балаларды абайсызда өлтіріп алу, ойнап өлтіріп алу сияқты іс-әрекеттері кезінде белгілі болады. «Алпамыс батыр» жырында: «Еліне бек болып, жұрт сұрап тұрды. Ойнап жүріп ұрған баласы өліп қала беретін болды. Жұрт баласын далаға шығармай, үйінде сақтады. ...Сол уақыттарда Алпамыс он жасқа толып, Жиделі Байсын жеріне, қалың Қоңырат еліне бек болып, жұрт сұрап тұрды. Ойнап жүріп ұрған баласы өліп қала беретін болды. Жұрт баласын далаға шығармай, үйінде сақтады. Бір күндері Алпамыс ойнауға бала таба алмай жаландап келе жатып, бір өрмек құрып отырған кемпірдің қасында ұйықтап жатқан баланы көріп: – Ей, бала, тұр ойнаймыз, – деп түртіп қалса, бала ұрғанын көтере алмай өліп қалды [48, 80].

Осы аталған эпикалық жырлардағы батырлық ойын немесе алғашқы ерлік мотиві авторлық тарихи жыр кейіпкерлерінің бойында да көрініс табады. Бұл мотив ерекше туылып, ерекше өсіп келе жатқан баланың болашақта батыр болатынын аңғартады. Екіншіден, алғашқы жасаған ерлігінен де хабар береді. Жырдың оқиғалар желісінің ағытыла басталуына да осы мотив түрткі болады.

Бұл ерлік фольклортану ғылымында ғұмырнамалық тұтастанудың кезекті бір бөлшегі болып табылады. Эпикалық тұтастану мәселесін арнайы қарастырған ғалым С.Қасқабасов бұл жайында былай деп тұжырым жасайды: «Әдетте, батырлық ертегі мен эпоста керемет жағдайда туған бала жылдам өсіп, өте күшті, әрі ақылды болып шығады. Оның ерен қайраты мен даналығы ерте байқалады. Көп жағдайда ол ә дегеннен шайқасқа қатыспайды. Керісінше, оның күші құрдастарымен ойнап, немесе күресіп жүргенде білінеді. Кейде батырдың алыптығы оның жас кезінде аса хауіпті мақлұқпен, я болмаса жабайы аңмен алысқанда көрінеді. Мұндай «ойындарды» ғылымда «батырлық ойындар» немесе «бірінші ерліктер» дейді. Батырдың алғашқы қаһармандығы ерте жаста көрінгендіктен, ол жауға қарсы шайқас емес, негізінен, күш сынасу, кейде аңмен алысу түрінде болып келеді. Тек осы бірінші ерлікті, немесе «батырлық ойындарды» көрсеткеннен кейін ғана батырға үйлену құқы беріледі. Яғни ғұмырнамалық тұтастанудың ендігі кезеңі баяндалады» [49, 22]. Негізінен эпосқа қатысты айтылған бұл пікірлердің тарихи эпосқа да қатыстылығын авторлық тарихи жырлардан, мысалы, Есдәулет Қандековтің «Жетіген» жырында да негізгі кейіпкердің болашақта ержүрек батыр болатынын меңзейтін алғашқы ерлігінің оның ерлікке толы бүкіл өмір жолының бастамасы ретінде суреттелеуінен көреміз.

Алғашқы ерлік. Жетіген он беске толғанда ауылын қалмақтар шаппақ болып, ол елдегі аға батырлармен бірге жауға қарсы аттанады. Бастапқыда Жетіген әлі жаумен бетпе-бет келіп, тәжірибе жинай қоймаса да шайқасуға құштар, жалынды жас жігіт ретінде бейнеленеді. Ол жастығына қарамастан батыл қимылдар көрсетіп, сол соғыста ерлігімен көзге түседі.

«Жетіген» жырында:

Тоғыздың кісі болдым алтауынан,
Дүниені басып жүрдім жалпағынан.
Қалмақ кеп бір күндерде шаппақ болды
Ауылды атқа міндік қайтаруға.
Сол кезде он бесте еді менің жасым,
Ағалар бәрі мықты байқауымда [50].

Жаугершілік замандарда сыртқы жаулардан қауіп төніп, тосыннан жасалатын шабуылдар көп болды. Сондықтан ел батырлары жауға кез келген уақытта тойтарыс беруге дайын болып, өмірлері ат үстінде өтті. Батырлар жыры мен авторлық тарихи жырларда кездесетін ұқсас мотивтердің бірі – *«батырдың өзі жоқта елін жау шабуы».* Мұндай хабарды батыр елінен жырақта жүргенде, аң аулап жүргенде, алыс сапардан еліне келе жатқан жолда т.б. жолдарда естиді.

Байсейіттің бел баласы Шаймерден ер
Аң аулап кеткен екен Ақдалаға.
Шалығып Ақдаладан келе жатып
Кездесті жылап жүрген сан балаға.
Сұрады балалардан нағылды деп?
Бала айтты ақтың қолы қағынды деп.
Нұрбайдың қолы келіп ел жылатып
Даласы Үштөбенің шабылды деп [51].

Тосыннан келген хабар батырлардың намысын оятып, жауға деген ашуын оятады. Сондықтан олардың жауды жеңбей, көңілі орнына түспейді. Жау қолында қалған еліне, туған-туыстарына, досына қол ұшын созуға асығады. Туған еліне бейбіт өмір орнатуды аңсайды.

Е.Қандековтің «Шаян батыр» жырында он алты жастағы Шаян бауыры Сәттің қырғыз батыры Ұманның қолынан өлгенін естиді. Бауырының кегін қайтармақ болып, жауға қарсы аттанады. Жекпе-жекте Ұманды жеңіп, кегін қайтарады.

– Ей, жұртым, менде ашу бар,
Он алтыда жасым бар,
Сәт бауырым өліпті,
Бәйгеге тіккен басым бар.
Сәтті өлтірді Ұман деп,
Елге салды тұман деп,
Жақтасаңдар, көп жұртым,
Қанына тұрмын құмар боп.
Бауырдың кегін алмасам,
Несіне тудым батыр боп [47].

Ал Әбзейіт Мәлікеұлының «Ер Әжібай» жырында жас Әжібай батыр елін қалмақтар шауып кеткенін естіп, оларды жау тырнағынан босатып алуға жол тартады.

Бір қатар осыменен күндер өтті,
Арасы қазақ-қалмақ болған кекті.
Естіліп суық хабар Әжібайға,
Қазақты қалмақ келіп шауып кетті.

Мұны естіп шыдамады ер Әжібай
Қорлықты көрген емес бұрын мұндай.
Қалмақтан кек алуға аттанамын – деп,
Халқына хабар салды деп осылай [52, 192].

Шаян батыр тек өз елінің қамын ғана ойламай, көршілес елдегі дос-жарандарына да көмек қолын созады. Бұл Шаянның батырлығы тек өз руының, елінің шеңберінде ғана танымал емес, есімі өзге халықтарға да белгілі екендігін білдіреді.

Еш хабарсыз жатқанда,
Қырғыздан хабар келеді.
Бес жүз орыс келді де,
Бәле салды қиратып.
Елімізді бүлдірді,
Қатын-баланы жылатып.
Шаян ердің бар еді
Сабыр деген бір досы.
Қос атпенен шаптырған,
Қағаз жазып дәл осы [47].

Бірде қырғызға 500 орыс әскерінің келіп, елдің тыныштығын бұзғаны туралы хабар жетеді. Шаян батыр шұғыл дайындалып, сол жаққа аттанбақ болады. Бірақ ол өзінің батырлығына сеніп, біржақты шешім қабылдамайды. Ел ақсақалдарымен, рубасыларымен, ата-анасымен, қосағымен ақылдасып, олардың батасын алады. Батырлық жырларда кездесетін «батырдың жауға аттанарда үлкендерден бата алу мотиві тарихи жырларға да тән.
«Шаян батыр» жырында:

Бір орасан іс қылмай,
Көңілім менің қапада.
Ұлықсат берсең, ағалар,
Қалмаққа бармақ ойым бар.
Алдымда сіздер тұрғанда,
Менде қандай уайым бар?

Кесірімен қалмақтың
Қиырға кеттім адасып.
Кегімді мен алайын,
Сол қалмақпен таласып [47], –

деп Шаян батыр өзінен жасы үлкен Керім және Қуат батырларға соғыспақ ниетін білдіреді. Алайда Керім батыр Шаянның бұл ниетін құптай қоймайды. Қуат батыр кері шегінуді қаламай тұрған Шаянның талабын қайтармай, рұқсатын береді:

– Жәрдем беріп шілтені,
Қабыл болсын талабы.
Осылайша көрінді
Қуаттың берген жауабы [47].

Балалық шағын кіндік қаны тамған туған жерінде өткізе алмағанына налыған Шаян батыр қалмақтан кек алмаққа бекінеді. Жауға аттанар алдында ата салттан аттамай, үлкендердің рұқсаты мен батасын алады. *Жолға шығар алдында рұқсат сұрау, бата беру мотиві* батырлық жырларда да кездесіп отырады.

«Шаян батыр» жырында Шаян қалмақтардан кек қайтару үшін жорыққа аттанбақ болып, аға батырлар Керім мен Қуатттан ақыл-кеңес сұрайды. Алайда олар батырдың бұл ұсынысын құптай қоймайды. Шаян бұл жорығының мақсатын түсіндіріп, дәлелді ойларын айтқаннан кейін елдің үлкендері батасын беріп, алдынан ақ жол тілейді.

Жорыққа аттанарда ата-анадан рұқсат сұрау, бата алу мотиві батырлық жырларда да жиі кездеседі. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында да батыр ата-анасынан рұқсат сұрап, солардың ризашылығымен жауға аттанады. Үлкендердің берген оң батасы қабыл болып, батыр жауды жеңіп, әділеттілік орнатып, еліне оралады. Еліне берген уәде орындалып, сенім ақталады. Жеңіспен елге оралу мотивінде батырдың ерлігі дәлелденіп, абыройы мен атағы асқақтайды.

«Шаян батыр» жырында:

Айтқан ісін орындап,
Қарқ олжалы боп қайтты.
Ұман дәуді қорымдап,
Дәл он алты жасында
Шаян батыр атанды.
Бала Шаян шықты деп,
Жайылып кетті атағы [47].

Шаян алғаш рет туысқан ағасы Сәтті өлтірген қырғыз батыры Ұманды жекпе-жекте жеңіп, ағасы үшін кегін алса, келесі жолы ата жауы қалмақтың ханы

Балажанды өлтіреді. Батырдың ерлігін суреттеу барысында ақын Шаяннның бір бойына қайсарлық, батылдық, ерлік, табандылық, намысқойлық, тиянақтылық сияқты қасиеттерді жинақтайды. Бұл – батырлар жырларында жиі кездесетін үрдіс. Классикалық жырларда бас кейіпкер осы қасиеттердің арқасында мақсатына жетіп, дүшпанынан кегін қайтарады. Алдыңғы жырда Қобыланды Алшағыр ханды жеңсе, Шаян батыр Балажан ханды өлтіреді.

«Қобыланды батыр» жырында:
Қатуланып Қобыланның
Түгі шықты білектен.
Етке тоқтар қайрат па,
Шаншығанда шықты сүйектен.
Тартып бақты, шықпады
Қобыланды ердің найзасы
Қанмен қатып жібектен.
Алшағыр ханды өлтіріп,
Кәпірдің күнін қуырып,
Артықша тартып күш етіп,
Найзасын алды суырып,
Бір уақыттар болғанда [53, 99].

«Шаян батыр» жырында:
Шаян батыр айқындап,
Балажан ханды құлатты.
Құлатып басын кеседі,
Сертіне анық жетеді.
Қалмақты қуып талқандап,
Құп тамаша етеді.
Сасқанынан қалмақтың
Алды судан өтеді [47].

Кек алуға аттанған батырлардың жолы үнемі бола бермейді. Жорықтың сәтсіз болуы, жеңіс жау жаққа бұйырып, батырдың тұтқынға түсуі эпикалық дәстүрде жаңалық емес. Көбінде жау жағы айлакерлікке барып, батырдың қол-аяғына бұғау салып, тар қапас зынданға қамайды. Бұл дүшпанның аяусыз қорлығына шыдап, шыңдала түсетін батырдың табандылық, тапқырлық, ақылдылық ұстанымдарын жетілдіреді.

«Жетіген» жыры:

Жарығын бір көре алмай дүниенің,
Жетіген сорлы балаң алаңдады.
Жатқалы бір құдықта көп жыл болды,
Ешқандай жарық заман табылмады.
Қапаста төрт жыл жаттым жарық көрмей,
Көзімнің жылауменен ағарғаны [50].

Біздің мысалда Қобыланды да, Жетіген де жау қолына түсіп, зынданға қамалады. Батырлық жырларда бас кейіпкерді тұтқыннан босатып, басын азаттыққа шығаратын – көбіне жау елі ханының қызы. Ол тұтқында жатқан батырға ғашық болып, қапастан босатады. Өзінің әкесіне қарсы шығып, батырға ілесіп кетеді. Бұл ретте де Қобыланды батырды қалмақ қызы Қарлыға, Жетігенді Шырын сұлу құтқарады. Олар да батырлармен бірге кетуді құп көреді.

«Қобыланды батыр» жырында:	*«Жетіген» жырында:*
«Бір жасаған Құдайым, Һәр іс салса көнем, – деп, Арманым жоқ дүниеден Қобыландымен бас қосып, Бірге жүріп өлсем», – деп, Өзі жаяу Қарлыға Қос батырға қосылып, Әкесінің жылқысын Бірге айдасып жөнеді [53, 56].	Жетіген – Шырын сұлу құшақтасып, Екеуміз қуанғаннан төктік жасты. Сол жерде ұмытқандай болып қалдым, Баяғы қорлық пенен өткен жасты. Ғадат қып кешігіп тұра алмадық Дыбыр қып шығарып жыламадық. Қарауылға қош айтып, қос тұлпарға «Тәуекел» деп мініп ап жолға салдық [50].

Батырлар жырының соңы басты кейіпкердің арман-мұратына жетіп, ата-ана, сүйген жарымен қауышуымен, батырдың келгеніне ұлан асыр той болуымен аяқталып жатады. Ал тарихи жырларда шынайылық басым болғандықтан, жырдың басты кейіпкері ауыр жарақат алып, тіпті кейде ерлікпен шейіт болады.

«Байсейіт батыр» жырында:

Арыстан едің, Байсейіт,
Атыңнан қапы жығылдың.
Жау алдынан жай тартқан
Енді жауға тығын кім?
Басына тумақ бар елдің
Ыңыршақ атты ығыр күн.
Түтіндей бықсып көңілсіз
Шер қайнар ығыр күн [54, 87].

Батырлар жырынан жалғасқан образдардың бірі – *батырдың тұлпар аты.* «Жырларда батырлардың тұлпарларына деген құрмет-қошеметі айрықша. Олардың сенімділігі, қуған жауға жеткізбес жүйріктігі, ерекше табиғи болмысы, қиналғанда тіл бітетін сиқырлылығы сияқты ерекше қасиеттері кейіпкердің батырлығын асқақтатып, айналасындағы қарапайым халықтан даралайды. Көнетүркілік «Күлтегін» жырындағы Торы ат, Алып Шаншы мен Арғымақ, «Алпамыстағы» он екі құлаш Байшұбар, шапқанда бір төбенің шаңын бір төбеге қосатын Қобыландының «Тайбурылы» т.б. тұлпарлар батырлық эпостарда иелерінен кем мадақталмайды» [55, 232]. Мысалы, «Қамбар батыр» жырында Қосай батыр мінетін Сары аттың түр-түсі егжей-тегжейлі бейнеленген. Сары атқа тіл бітіп, Қосай батырға ақыл-кеңес беріп отырады. Жырда:

«Түнектен шыққан Тайбурыл
Ай далаға шыққан соң,
Түлкідей көзі жайнады,
Қазандай болып қайнады,

Көлденең жатқан көк тасты
Сулығы деп шайнады.
Он екі құлаш арқанмен
Атылып Бурыл ойнады.
Қыз Құртқаны көтеріп,
Бурыл көкке екі ұшты [53, 15], –

делініп ерекше мадақталады. Ал авторлық тарихи жырлардағы тұлпарлар әсіреленіп суреттелмесе де, тұлпарлардың образы ұтымды сипатталады. «Жетіген» жырында:

«Қолыма жүген ұстап, садақ алып,
Жүгіріп Көкшегірге жетіп бардым.
Сүт беріп жастан үйір болған едім,
Жануар мойнын түзеп тұра қалды [50], – деп аттың ақылдылығын паш етеді.

Батырлар жыры, тарихи жырларда тұлпарларды батырға әулет үлкендері сыйға тартып жатады. Сыйламаған күннің өзінде батыр өзіне ұнаған тұлпарын сұрап алып, өзінің сенімді серігіне айналдырады.

Қараңғыда жүр едім,
Сұрап келдім күреңді.
Сауыт-сайман асынып,
Берсең жауға мінемін.
Түн іңірде жүргенім,
Күрең ат еді тілегім [51, 32].

Тілеміс Есболұлы жырлауындағы «Ер Өтеген» жырында:
Кездесті бір күн жылқыда
Бас жылқышы шал Күсеп.
Жақын келді Өтеген
«Көпті көрген ата» деп,
Түсіндірді бар ойын.
Аралайтын жылқыны,
Жанына серік ат іздеп.
Қабыл алып тілегін,
Ертіп жүрді баланы,
Түсінген соң қарт Күсеп [46, 136-137], –

деп Өтеген Күсеп шал көрсеткен тайды ұнатады. Батыр үйір жылқының арасынан таңдап алған атын өзінің серігі қылады. Батырлар жырларында қоныстас жатқан қалмақ, қызылбас, ындыс, т.б. елге қауіп төндіреді. Тарихи тұрғыдан алғанда, бұларды қазақтың ата жаулары деуге болады. Ал кейбір тарихи жырларда елге түрлі құбыжықтар қорқыныш тудырады. Мәселен, «Шаян

батыр», «Жетіген», «Өтеген батыр» жырларында бас кейіпкерлер адамдардан бөлек айдаһар, жезтырнақ секілді мифологиялық кейіпкерлермен де айқасады. «Шаян батыр», «Байсейіт батыр» жырларында батырлар адамдарға қауіп төндірген айдаһарды өлтіреді.

Ілгергі-бергі жаугершілік замандарда ел мен жерге қорған болған батырлардың ерлігі айрықша мадақталғандықтан, қарапайым халық оларды үлгі тұтып, тыңдалған жыр арқылы өздерінің бойына күш-жігер жинаған.

Эпикалық батырлардың батырлығының шын сыналар тұсы, әрі батырлық шарты жекпе-жек сайыс болып табылады. Сан түрлі соғыс өнері қамтылатын бұл бетпе-бет қиян-кескі айқаста жеңген батырдың рухы бүкіл қол астындағы әскерінің рухына дем береді. Автор дәстүрлі жырлардың әдісін пайдалана отырып, Жетігеннің асқан ерлік иесі екендігін танытады. Қазақ батырларының ерлігін суреттеу мен дәріптеуде тарих пен қиял аралас келіп жатады.

Балажан менен Шаян
Қарсыласа береді.
Найзасын салды жігермен,
Шаян батыр сол күнде
Жауатын күндей түнерген.
Балажан хан найзасын,
Бұл да салды қарыштап,
Арыстандай ер еді,
Талайды жыққан алысса.
Үш рет найза салысты [47].

Көшпелі дала батырларының жау батырларымен жекпе-жек айқасының өтуі – түркі халықтарының қаһармандық эпостарында да, тарихи жазба ескерткіштерінде де кездесетін тұрақты әрі басты сюжеттердің бірі. Айқастың тағдырын батырлардың жекпе-жегімен шешуге тырысу дәстүрі қазақтарда XIX ғасырға дейін сақталып келді. Батырлар жекпе-жегі қазақ-жоңғар соғысы кезінде де, кейінгі ұлт-азаттық көтерілістер кезіндегі айқастарда да өткізіліп отырған.

«Жауынгерлік жекпе-жекке қатысу – көшпелі қоғамдағы кәсіби әскерилер әлеуметтік жігі өкілдерінің – батырлардың соғыстағы басты міндеттерінің бірі, жауынгерлік борышы саналды. Көбіне жауынгерлер батыр (баһадур) титулына осындай жекпе-жекте жеткен жеңісінің нәтижесінде ие болды. Осындай жеке айқаста ғана кәсіби жауынгердің жауынгерлік өнері сынға түсіп, шеберлігі шыңдалып, ерлігі жетілді. Жеке айқаста жау батырларын жеңу батырлардың атын шығарып, дәрежесін өсіретіндіктен, кәсіби, жауынгер үшін оған қатысу үлкен абырой да болды» [56, 71].

Жетісу халық ақындары, басқа да ақын-жыршылар секілді кейіпкерлерін дәріптеу үшін ең көне дәуірлердің батырына тән ерлік істің иесі етіп те суреттейді. Мұндай халық батырларының *мифологиялық күштермен айқасқа түсіп, жеңіске жету мотиві* тарихи тұлғаларға қатысты да көрініс тауып отырады. Мәселен, Жамбылдың «Өтеген батыр» жырында Өтеген батыр

негізінен айдаһар, абжылан, жезтырнақ секілді мифологиялық құбыжықтармен қарсыласады. Бұл туралы академик С.Қасқабасов: «...Өтеген мен жолдастарының айдаһарға, тағы басқа мақұлықтарға кездесуінің әрқайсысы жеке бір хикая. Демек, қазақ әпсанасының (тіпті, эпосының да) қалыптасуында хикая жанры өзіндік рөл атқарған. Ол мазмұны жағынан қиялды, ғажайыпты болғанмен, халық хикаяға сенген, сондықтан тарихта болған адамдарға теліген. Жамбылдың «Өтеген батыр» жырын хикая деуі тегін емес» [44, 15]. Бұл пікірді қолдаған ғалым Т.Әлбеков жыр алғашында хикая күйінде, кейін әпсанаға айналып, одан кейін барып жырға айналғандығын алға тартады [57].

Есдәулет Қандековтің шығармашылығында осындай кейіпкерлер жиі ұшырасады. Ақынның «Жетіген» жырында:

Барғанда жөн бармады, қалды сасып,
Буыны құрып кетті жаман жасып.
Қараса қайран сұлу Шырын қызды
Бір *жезтырнақ* қалыпты тура басып [50].

«Шаян батыр» жырында:

Деді дағы ер Шаян,
Кең қызылды бұрады.
Сары жаймен шіреніп,
Соқалап тұрып ұрады.
Атқан оғы дәл тиіп,
Айдаһар барып құлады.
Есі ауып тұрған көп жолда,
Сасқанына бәрі жылады [47].

Тәжібай ақынның «Байсейіт батырдың тарихы» жырында да Байсейіт батыр орыспен соғыспаққа бара жатып, жолынан айдаһарды кезіктіреді. Бір өзі қос бірдей айдаһарды өлтіріп, жолдастарын ажалдан аман алып қалады.

Іле ауының басына,
Қапшағай тастың қасына.
Жұтқалы тұр *айдаһар,*
Қараса тастың басында.
Өмірінде батырлар,
Айдаһар деген нәрсені
Көрмеген екен жасында [58].

Мұндай мифологиялық кейіпкерлердің кейінгі тарихи жырларда кездесуі, әрине, эпостағыдан өзгеше. Батырды дәріптеудің өзге де тәсілдеріннің аясында халық батырының «мәңгілік өлмейтін» қасиеттерге даңқын өрлету мақсатында қолданылып, тыңдарманның көңілінде тіпті мифологиялық күштерді жеңген батырдың реалды жаудың қандайының да көзін жоятын құдіреті күшті деген

сенімі мен сезімін туғызу арқылы жыршы халықтың жеңіске, өмірге деген құлшынысын арттырады.

Тарихи жырлардағы үзілмей жалғасқан тағы бір маңызды эпикалық дәстүр – батырдың батырлығын бабаларынан жалғасып келе жатқан ерлік дәстүр ретінде көрсету. Авторлық жыр кейіпкері сол бабалар жүрген жолмен жүріп, солар қалдырған елге қорған болу аманатын жалғастырушы болып табылады. Яғни тарихи батыр туралы жырларда да шежірелік тұтастанудың элементтері батырды дәріптеуге қызмет етеді. «Тегінде, шежірелік тұтастану екі мақсаттан пайда болатын тәрізді. Бірі – батырды дәріптеу болса, екіншісі ұрпақтардың, ата мен баланың, аға мен інінің ынтамақта болуын ардақтау, туыстық қарым-қатынастың үзілмей, тығыз байланыста болуын көксеу. Екінші сөзбен айтқанда, «атадан ұл туса игі еді, ата жолын қуса игі» деп армандайтын халық жыршыдан өзінің сүйікті батыры туралы жырлаумен қатар, оның баласы жайында да, әңгімелеуді талап еткен. Сөйтіп, жыршы «әке кегін баласы, аға кегін інісі алады» деген патриархалды-феодалдық түсінік пен тыңдаушылардың тілегіне сәйкес бір батыр ғана емес, оның ата-бабасы мен ұрпақтары, немесе інілері жөнінде жырлап, оны бастапқы бір шығармаға қосып, үлкен туынды жасайтын болған» [45, 467].

Мәселен, Тойшыбек батырдың баласы Байсейіт батырдың ерлігі жайлы тарихи жырда осы заңдылықтар айқын көрінеді. Ал Кенесарыға қатысты тұста бұл жалпы батырлық рухты жоқтаушы типінде көрініс табады.

Авторлық тарихи жырлардың бәрінде дерлік батырлардың негізгі қарсыластары – қалмақ батырлары. Бүкіл эпикалық шығармаға тән бұл, тіпті, көрші румен, көрші елмен өткен азды-көпті араздықтардың өзі қалмақтарға телініп баяндалады. Мұның себебі қазақ халқы үшін қиын кезең болған қалмақтармен, жоңғарлармен соғыстың, көрген азаптың әлі күнге халық жадынан өшпеуімен байланыстыра аламыз. Бұл туралы зерттеуіміздің жырлардың тарихилығына арналған екінші тарауында тереңірек талқылайтын боламыз.

1 тарау бойынша тұжырым

Авторлық тарихи жырлар – тарихи оқиғаны көркем түрде сипаттап, авторы ретінде бір ақын немесе жырау танылатын эпостық шығарма. Осы авторлық тарихи жырлардағы эпикалық дәстүрдің жалғастығын анықтау мақсатында осы тарауды «Жетісу аймағындағы тарихи-әлеуметтік жағдайдың жырлануы», «Жетісу аймағындағы авторлық тарихи жырдың даму сипаты», «Авторлық тарихи жырлардағы дәстүр жалғастығы» деп аталатын тараушаларға бөлдік.

Авторлық тарихи жырдың дамуына ықпал еткен фактор – авторлар өмір сүрген тұстағы тарихи, саяси-әлеуметтік оқиғалар, тіпті автордың бала кезінен естіп, қанық болып өскен, көмейінен жыр түйдектерін тудыруға әсер еткен маңызды оқиғалар. Мұндай ел тарихында ұмытылмастай тарихи із қалдырған маңызды оқиғалар қазақ жерінің түкпір-түкпірінде әр кезеңде, әр деңгейде орын алып жатты. Мұның дәлелі ретінде Қазақстанның түкпір-түкпірінде жыршылық

дәстүрлер қалыптасып, әр өңірдің жыршылық дәстүр ерекшелігіне сай тарихи, саяси, әлеуметтік, діни тақырыптарды жырға қосты. Біздің зерттеу нысанымыздағы Жетісу өңірінің тарихи, саяси-әлеуметтік жағдайын Бөлтірік Атықанов, Кенен Әзірбаев, Жамбыл Жабаев, Қалқа Жапсарбаев, Саяділ Керімбеков, Есдәулет Қандеков, Әбдіғали Сариев, т.т. ақындардың тарихи оқиғаларға құрылған жырларынан анықтауға тырыстық.

Жетісулық авторлар жырлаған тарихи жырлармен таныса отырып, бізге жеткен жырларды тақырыптық жағынан екіге бөліп қарастыруға болады. Бірі – ел ішінде болған оқиғалар, жаңалықтар, жергілікті билік өкілдерінің қарапайым халыққа жасаған зұлымдық әрекеттері, оған қарсы ел наразылығы, халықтың бейбіт күнді аңсауы. Екінші топқа Жоңғар ордасы, Қоқан, Хиуа, Ресей сияқты сыртқы жаулармен соғыстар, олардың қазақ жерінде жасаған отаршылдық әрекеттеріне қарсы бас көтерулер, ұлт-азаттық көтерілістер, сол күрестерге басшылық жасаған хан-сұлтандардың, батыр-қолбасшылардың ерлік істері арқау болады.

Осы тақырыптар негіз болған жырлардың эпикалық дәстүрдің жалғастығы екендігін фольклорлық мотивтер арқылы анықтауға әрі нақтылауға тырыстық. Атап айтқанда, батырлық ер жету сарыны, алғашқы ерлік, батырдың өзі жоқта елін шабуы, жолға шығар алдында рұқсат сұрау, үлкендердің бата беруі, батырдың тұлпар аты және мифологиялық күштермен айқасқа түсіп, жеңіске жетуі сынды дәстүрлі фольклорлық мотивтер мол ұшырасатынын анықтай отырып, олардың «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» т.б. батырлық жырлар сынды эпикалық дәстүрдің жалғастырушылары екені салыстырмалы-салғастырмалы әдіс арқылы көз жеткізілді. Біріншіден, батырлық жырлардың да, тарихи жырлардың да негізгі идеясы ортақ. Ол – өзінің туған елі мен жерін басқыншылардан, сыртқы жаулардан қорғау идеясы. Екі жанрда да жауынгерлік сарын көрініс береді. Ел ерге қараған кезеңдерде халыққа рух, жігер беріп, намысын ояту мақсатында туындаған тарихи жырлардың саны да, сапасы да арта түскені байқалады. Екіншіден, олардың қай-қайсысында да әлеуметтік сарын, патриоттық ұстаным басым. Ат жалын тартып, қолына қару алған жас батыр елдің намысы үшін сыртқы жауға қарсы аттанып, көп қиындықтардан өтіп, ақыры жеңіспен оралады. Батырдың ерлігі қырғын шайқаста, қантөгіс соғыста, жекпе-жекте көрініп, дәлелденеді. Ақын тек жырлап, баяндап қана қоймай, оны насихаттауды, қоғам шындығын жеткізуді өзінің парызы деп біледі. Үшіншіден, ортақ мотивтер де аз емес. Сондықтан авторлық тарихи туындылар батырлық эпостардың дәстүрлі жалғасы болып табылады. Авторлар халық жырларын жетік біліп, жадта сақтап, халық арасында насихаттап отырды. Олар ұрпақтан ұрпаққа жад арқылы жетіп отырды. Демек авторлық тарихи жырлар шынайылыққа, нақтылыққа мейлінше жақындай жырланғанымен, эпикалық дәстүрден ажырай қоймаған жыр үлгілері деуге толық негіз бар.

Жетісу аймағындағы тарихи жырлардағы эпикалық дәстүр фольклорлық мотивтерді анықтаумен ғана шектелмесі анық. Осы тұрғыда Жетісу өңіріндегі авторлық тарихи жырлардың эпикалық дәстүрдің жалғастырушылары екендігін алдағы тараулар нақтылай түспек.

2 АВТОРЛЫҚ ТАРИХИ ЖЫРЛАРДЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ

2.1 «Тарихи жад» жайындағы соңғы зерттеулер және оның авторлық тарихи жырлардағы көрінісі

«Қазақ халқы өзінің қалыптасу сапарында тайпалық, халықтық, ұлттық дәуірлерді бастан өткергені сияқты, оның батырлық жырлары да тайпалық, халықтық, ұлттық дәуірлерді басып өтіп, біртіндеп дамып, біздің дәуірімізге жетіп отыр. Сондықтан қазақ халқының батырлық жырларына ұзақ тарихты басынан кешіріп, талай заманаларды аттандырып салып, өз бойына бірқыдыру дәуірлердің таңбасын басып, дәмін сіңіріп келген асыл мұра ретінде қарауымыз керек» [59, 12] дейтін З.Сәнік пікірі эпостың тарихилығын ғылыми негіздеген. Енді автор тұжырымдайтын негізгі заңдылықтарға келейік. Ең алдымен, қазақтың батырлық жырларымен қатар тарихи жырларындағы батырлардың басты мақсаты – өз халқын сыртқы басқыншылардың (жоңғар шонжарлары мен қоқан феодалдары) зорлық-зомбылығынан қорғау, құтқару, елінің тәуелсіздігін сақтау идеясы басты қазық болып, барлық жыр мазмұны осы қазыққа байланады. Өйткені З.Сәнік «сайып келгенде тұтас қазақ халқының бұл соғыстарда төккен қаны мен берген құрбандығын есептеп шығу, шынында да қиын іс, сол жолда ру-руымен, ауыл-ауылымен құрып кеткендер аз болмаған» [59, 51] дей отырып, бүгінгі қазақтың сақталып қалуындағы батырлардың ерлігін дәріптеу ғасырдан ғасырға аманат болуы керектігі, әйгілі батырлардың өмір тарихы мен ерлік баяны жайлы мұқият зерттеу қажеттігі осыдан туындайды. Себебі «...қаһармандық жырларды ел жүрегіне жақын ететін олардың отаншылдық идеямен суарылғандығы. Адамзат қоғамы дамуының барлық кезеңінде де рудың, тайпаның, мемлекеттік бірлестіктердің тыныштығын, бүтіндігін қорғау, қастасқан жауды жеңіп, бақытты өмір орнату мәселесі ең күрделі проблема болып келген. Дәл осы аңсар батырлық жырлардың айрықша сипаты болып табылады. Ең алдымен, қаһармандық эпос елдің сан ғасырларда бастан кешкен тарихын, салт-санасын өзгеше көркем жинақтайды, түрлі оқиғаларға өзіндік көзқарасын, бағасын белгілейді. Келешектен күткен үмітін, аңсарын білдіреді. Тарихта орын тепкен белгілі оқиғалар мен істердің дәлме-дәл шежіресі, көшірмесі болмағанымен, эпос сондай құбылыстардың терең, түпкілікті мәнін, тұжырымын аңғартады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, батырлық жырлар тарихтың желісі де емес, әрі сол желіден мүлде «қара үзіп те қалмайды. Эпостық жинақтаулардың қайталанбас ғажайып табиғатының бір қыры осында. Эпостың ұмыт болмай, ғасырдан-ғасырға ауысып, ұласып келуінің де мәні оның заманалық тілектерге жауап бере алатындығында» [3, 35] дейді Р.Бердібаев.

Әлем әдебиеттануында XIX ғасырдан бастап түрлі мектептер мен ағымдар пайда болғаны белгілі. Олар әдебиетті мифологиялық, биографиялық, мәдени-тарихи, психологиялық, салыстырмалы-тарихи т.б. тұрғыдан зерттеуге тырысты. Иә, әдеби туындыны жан-жақты зерттеп, талдағанда, оның мәні терең түсініліп, маңыздылығы айқындалады. Әдебиеттану ғылымы сияқты тарих ғылымында да бірнеше мектептер мен ағымдар болған. Тек өткен шақта не болғанын зерттеп

қана қоймай, ғылыми, техникалық және технологиялық ғылымдардың даму мәселелері, адамның ғалам туралы түсініктері, сипаттауларын зерттеуге ойысты. Міне, осылардың ішінде жаңа ағым ретінде әдеби мәтіндерді, шығармаларды тарихи тұрғыда зерттеу тарихи маңызды ақпарат көзі болып қарастырылды. XX ғасырдың 80-90 жылдары Америкада «неоистроицизм» ағымы пайда болды. Олар басқарушы мен бағынушы арасындағы тарихты олардың жасағындағы әскер санымен өлшемей, тарихты әскерлері бойынша жазбай, білім, идеология, дискурс арқылы зерттеуге тырысты. Осы ағымның өкілі Вальтер Беньямин мен шәкірттері: «... что любая история является историей «варварства» (рабства, нищеты, голода, унижений и массовых убийств) ничуть не в меньшей степени, нежели историей «Культуры». Соответственно, задачей «диалектического материалиста» является возвращение в пространство памяти голосов жертв и голосов «других» – иными словами, всех тех, кто в силу своего классового, гендерного, политического, этнического и возрастного положения был лишен как места, так и голоса в традиционных исторических повествованиях» [60, 62] деп тұжырымдаған еді. Бұл пікір бірауыздан қолдауға ие бола алмады. Өйткені тарихты тек әділетсіздік көріп, жапа шеккендер ғана жасады дей алмаймыз. Азап көргендерден бөлек өткен өміріне, ұлтының тарихына немқұрайлы қарамаған тұлғалар да болды. Жадында тек көрген азабы мен қиыншылығы ғана сақталған адамның өткенді жазуы шарт емес еді.

Неоисторицизм мектебінің ұстанымы әдебиеттанудағы деконструкция Жак Дерриданың ілімімен үндесіп келеді. Платон, Аристофан, Шекспир, Марло, Фрэнсис Бэкон, тіпті кардинал Ньюманның мәтіндерін неоисторицизм өкілдері басшылыққа алып, осы ағымның бағытымен келісетіндерін жеткізді.

Осы кезге дейін «өткеннен хабар бермейтін», «өмірде кездеспейтін дүниені баяндайтын» мәтіндер тарихи құнды мәтіндерге айналды. Мұндай парадокс ғылымға өз жаңалығын ала келді. Әдебиет пен тарихтың байланысын, үндестігін анықтауға ден қойылды. Әрине әдебиет пен тарихтың өзара байланысын қабылдауда әдеби мәтіннің тарихқа берері мол, деректілігі басым дегенді қолдағандар да, қолдамағандар да болды. Тарихты зерттеуде әдеби мәтін тек жанама түрде мәлімет бере алады деген пікір білдірушілер де болды.

Д.М.Соболев мәтінді әдеби және тарихи тұрғыдан зерттеуді психоаналитик пен ем қабылдаушы арасындағы емдеу үдерісіне ұқсатады. Психоаналитик ем қабылдаушының ішкі жан-дүниесінің түкпірінде жатқан бейсаналы, ұмытылған, бұлыңғыр жайттарды саналы, түсінікті күйге ауыстырғаны секілді мәдениет аналитигі де әдеби мәтіннің бейсаналы, бұлыңғыр жадын мәдени-тарихи анализдің саналы, талдауға түсе алатын, бағалануға лайық жадына айналдыруға тиіс [60, 60].

Сонымен бізге таныс, күнделікті қолданыстағы жад сөзіне берілген ғылыми анықтамаларды келтірелік. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «Жад (ир.) – адам баласына тән ой, ес, қапер [61, 522].

С.И.Ожегов сөздігінде: «1. Бұрынғы әсерлерді, тәжірибені, санада сақталған пікірлер қорын сақтау және жаңғырту қабілеті. 2. Бір нәрсені еске түсіру» [62, 480].

Сонымен тарихи жад дегеніміз не? Уикипедияда [63] тарихи жадқа мынадай анықтама берілген:

Тарихи жад – бұл тарихи оқиғалардың, мифтердің, өткен оқиғалар туралы, әсіресе теріс тәжірибелер, зұлымдық, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін адамдарға қарсы әділетсіздікке қатысты субъективті сыни ойлар. Тарихи жадты ұжымдық немесе әлеуметтік жад деп те атайды. Кейбір ғалымдар тарихи жадты ұжымдық және жеке жад деп екіге бөліп қарастырады. Мәдени жад деген термин де кездеседі. Тарихи жад отбасылық жад, діни жад, ұлттық жадтармен тығыз байланысты болып келеді.

«Жадыда сақталған ақпарат санадан бірте-бірте өшіп, кәдімгіше ұмытылып кететін қасиеті болғандықтан, оны жазып қою, дәптерге түсіру, қағазға хаттау маңызды болды. Ауызша дәстүрге негізделген байырғы қоғамдарда ақпарат айналымы адам санасы мен жады қызметі арқылы жүрді. Жады кез келген адам үшін білім сақтаудағы аса қолайлы құрал және өзінше сенімді архив, «жеке мұрағаты». Жады мағынасымен қатар ұғым – ес, сана. Жадтың негізгі өнімі – естеліктер. Жадыға тоқылған ақпарат тарихи мазмұнда болса тарихи естелік болады, ал тарату, туыстық реті жайында болса генеалогиялық дерекке айналады. Осындай естеліктер кешенін кез келген адамның өткенді айтқандарынан табуға болады. Сол естеліктің барлығын тарихи мақсатқа жарату мүмкін. Олардың жиынтығын талдау жолымен тарихи шындық туралы түсінік қалыптастыруға қызмет етеді» [27, 410].

Жеке жад, ұжымдық жад, әлеуметтік жад, мәдени жад дегендердің барлығының қызметі бір: тарих пен тарихи сананы жаңғырту. Естеліктер, жырлар, шежірелер, театр, кинематография, телевизия, радио т.б. ақпарат көздері – тарихи жадты қалыптастыратын компоненттері.

Тарихи жад – ең алдымен философиялық категория. Осыған дейінгі зерттеушілер де тарихи жадты философияны танудың құралы ретінде қарастырып келді. Тарихи жадқа берілген жоғарыдағы анықтамалар да тек философиялық тұрғыда берілді. Тарихи жадтың теориялық негізі мен әдіснамасын анықтамас бұрын «тарих», «жад» сөздерінің анықтамасымен танысып алған дұрыс. Бұған дейін бұл терминдерге бірнеше анықтамалар берілген. «Тарих» өткен оқиғаны рет-ретімен баяндау десек, тарихтың өзі оны жазған, өзгертулер енгізген адамдардың идеялары мен болжамдарынан тұратынын ескерген жөн. Ал «жад» – өткенді жеке де, ұжымдық тұрғыда да есте сақтау. Сондықтан тарихи жад өткен оқиғалар туралы жеке адамдарда сақталған естеліктерден тұрып, тарихта жазылған оқиғалардың шындығына күмән туғызады. Тарихи жад жеке не ұжымдық естеліктердің өзін таразыдан өткізіп талдайды. Оқиғаны жеткізушінің естеліктеріне күмәнмен қарап, талдап барып қабылдайды. Демек бір оқиға туралы баяндалған түрлі естеліктер, жыр жолдары, күнделіктер, шежіре т.т. салыстырылып, електен өтеді.

XX ғасырдың екінші жартысында батыстың тарихи мектептерінде тарихи жадты зерттеген М. Халбвакс, П. Норах, Я. және А. Асманн, Дж. Ле Гофф, Б.Ген, П.Хаттон және басқалар болды. АҚШ-та «Тарих және жад» атты беделді журнал 1989 жылдан бастап жарық көрді. Кейін осы саланы Ресейде зерттеуді И.М.

Савельева, А.В. Полетаев, О.Б. Леонтьева, А.И. Филюшкин, Л.П. Репин, Н.Е. Копосов сынды ғалымдар жалғастырды.

Қазақстанда бұл саланы зерттеу сәл кешеуілдеп қолға алынса да, зерттеу нысанына айналдырған ғалымдар саны баршылық. М.Қ. Қойгелдиев, Г.С.Жүгенбаева, М.А. Алпысбес, Н.Д. Нұртазина, Б.О. Жангуттин, Ш.Б. Тілеубаев, Ш.Т. Нұрман, З.Б. Мырзатаева, А. Сәметқызы, М. Насимов сынды тарихшылар мен А.С. Сейдімбек, Т.К. Әлбеков, С.В. Ананьева сынды әдебиеттанушылардың «айтылған тарих», «тарихи жад» тұрғысында бірқатар зерттеулері жарық көрді.

Айтылған тарихты зерттеу нысанына айналдырған тарихшы профессор М.Алпысбес тарихи жадты әдебиетпен бірлікте қарастырады. Ғалым «Айтылған тарихтың ақпараттық ауқымы кең, оның аясында әрқилы дерек топтары болуы мүмкін. Деректердің бір тобына күнделікті қолданыстағы халықтың әртүрлі сөз түрлері жатады. Кейбір ауызекі сөйлем құрылымдары белгілі бір қалыпқа, арнайы сөздер құралына айналады, көбіне тарихи немесе тұрмыстық фольклор үлгілері, айталық – баталар; ал деректердің екінші топ объектілерін әдеби, ақындық сөз үлгілері құрайды. Жадыға тоқылатын ауызша дәстүрдегі сөздердің мазмұнында өзіндік ерекшелік сипаты бар сөз үлгілері болады. Тарихи факт сипаты, қасиеті тұрғысынан әңгімелер, естеліктер сияқты сөз үлгілері екі түрлі топқа бөлінеді, оның бірінің айғағы болса, демек шындығы, және оған қосылған ақпарат көрсетілген болса, екіншісі тек нақты қиялдан туған көркем сөз болуы да мүмкін» [27, 412] дейді.

Әдебиеттегі тарихи жад – бұл халық шығармашылығы. Нақтылай түссек, халық әдебиетінің тарихи деректілігі. Жазу-сызу жоқ кезде, тіпті бар болған күннің өзінде барлық адам жазып, сыза алмады. Жазуға деген қазіргідей қажеттілік те болмады. Алдымен, халық естіген, көргенін, халық арасына тараған аңыздар мен әңгімелерді жадында сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткізіп отырды. Жазу пайда болған кезде жылнамалар мен шежірелер өмірге келді [64, 674].

Түркі тілдес елдерде «жад» сөзі халық әдебиетімен, фольклормен байланыстырылады. Фольклорлық мұраларды топтастырған башқұрт халқының «Башкорт халык ижади» атты он екі томдығының атауынан-ақ «жад» сөзінің түркі тілдес елдер әдебиетінде халықтың фольклорлық шығармаларға қатысты қолданылатындығын аңғару қиын емес. Бұл – қазақ әдебиетіне де тән. Оның үстіне жадта сақтап айту халықтың шаруашылығына тікелей байланысты. «Жадта сақтап айту мәдениетінің қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орны, оның ішкі өсу, өзгеру динамикасы барлық қоғамдарда бірдей емес. Егер де шаруашылығы егіншілікке негізделген отырықшы елдерде қала, қолөнер және саудамен бірге жазба мәдениетінің де өркен жаюы біртіндеп ауызша айту дәстүрінің рухани өндіріске ықпалын тарылта түссе, керісінше қоғамдық өмірі көшпелі немесе жартылай көшпелі мал шаруашылығына негізделген қоғамдарда ауызша айту мәдениетінің жан-жақты дамуына қажет қолайлы шарттардың түзілгендігін байқаймыз» [39, 25].

Қазақ халқы қай уақытта болмасын, ақын-жыршыларға кенде болмаған. Оның үстіне халқымыздың жады өлең-жырлар арқылы жаттығып отырғандықтан, тарихта болған оқиғалар ән, жыр, өлең, күйлер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырды. «Сондықтан тарихи жад қоғамда әрекет етуші субъектілердің тарихи оқиғалар бойынша білімді сақтау және ұрпақтан ұрпаққа жеткізу, өткен дәуірлердің тарихи ахуалы, ұлттық батырлары мен жаулары туралы көзқарас қалыптастыру, әлеуметтік және табиғи дүниені игерудің дәстүрлері мен ұжымдық тәжірибесін айқындау, өз дамуында ұлт пен халықтың даму кезеңдерін сипаттай алады. Демек, тарихи жад ұрпақтың мәдени сабақтастығы мен ұлттық, азаматтық, мәдени, рухани бірегейлігінің негізі болып табылады» дейді саясаттанушы ғалым М. Насимов [65, 153].

Бүгінгі таңда әлемдік әдебиетте тарихи шығармалар жетерлік. Оларды тарихи жад тұрғысынан зерттеуге әбден болады. Дегенмен әдеби романдардан бөлек тарихи ақпарат көзі болып табылатын батырлар жыры, тарихи жырлар түркі халықтарында молынан ұшырасады. Біздің зерттеу нысанымыздағы Жетісу халық ақындары жырлаған тарихи жырлардың тарихи жад, тарихилығы тұрғысынан зерттелуі жырлардың халық жадынан шықпауына жол ашып, құндылығы, деректілігі, құжаттылығын дәлелдей түсері сөзсіз.

Тарихи жад тұрғысынан зерттеу бізге не береді? Тарихи жадтың қызметі – оның маңызды оқиғаларды, бізге ауызша, не жазба күйінде жеткен осы оқиғаларды сұрыптауы, іріктеуі. «Необходимо видеть, что историческая память (как и всякая память) выборочна: она оперирует иерархией фактов, выделяя одни и передавая забвению другие. Потому говорить об исторической памяти – значит говорить и о забвении. Но, в целом, народ без исторической памяти утратил бы свою идентичность. А интегральная, невыборочная память породила бы бесформенную магму воспоминаний, которая стала бы препятствием к осознанию идентичности. Таким образом, отбор в каком-то смысле есть всегда естественный процесс памяти. Но это, конечно, не оправдание любого забвения. Причины забвения различны: ввиду невыносимости их для исторического сознания, вследствие чрезмерной их оскорбительности, вследствие чувства вины. Но то, что отвергается, в конечном счете, возвращается и зачастую резко и грубо. Принять свое прошлое, но так, чтобы оно не парализовало – трудная задача для исторического сознания, но необходимая. Конечно, искажение прошлого может быть результатом решений политической власти, но такое искажение равносильно лжи, и со временем правда неизбежно всплывает» [66, 133].

Демек Кеңес үкіметі заманында бұрмаланған тарихи деректер мен әдеби жәдігерлерді тарихи жад тұрғысынан зерттеу арқылы ақиқатқа көз жеткізуге болады. Бұл тарауымызда жетісулық ақындар жырлаған тарихи жырлардағы оқиғалар мен жырдың басты кейіпкерлерінің тарихи еңбектермен, құжаттармен, естеліктермен сәйкестілігі, не болмаса сәйкессіздігі, тарихи шындықтан алшақтығы, түрлі себептерге байланысты орын алған бұрмалаушылықтар барынша ашып көрсетіледі.

«Тарихи жырлар өмірде анық болған ерекше маңызды оқиғалардың әсерімен дүниеге келген. Бірақ тарихи жырларды тарихи шындықтың қаз қалпындағы көшірмесі деп қарауға болмайды. Жырға арқау болған оқиға фольклорлық дәстүрге, автордың дүниетанымына бейімделіп өзгеріске түседі. Сол себептен тарихи жырлар бойында өмір шындығының көп немесе аз кездесуінен болған оқиға мен тыңдаушы уақыттарының арасындағы алшақтықпен ғана түсіндіру жеткіліксіз. Бұған көз жеткізу үшін біріне бірі замандас боп келетін бірнеше ақынның бір ғана оқиғаны баяндауды мақсат еткен шығармаларындағы айырмашылықтарға назар аудару жеткілікті» [15, 109] деген пікір білдіреді ғалым С.Сәкенов.

Осы тарауда Жетісу ақындарының жырларын ірі тарихи оқиғаларға байланысты төмендегідей тақырыптарға топтап, зерттеу арқылы жырлардың тарихилығы айқындала түспек:

1. Жоңғар шапқыншылығына қарсы туған авторлық тарихи жырлар.
2. Ресей және Қоқан отаршыларына қарсы ұлт-азаттық жырлар.
3. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған жырлар.
4. 20-30 жылдардағы азаматтық күрес жырларын тудырған тарихи жад.
5. Екінші дүниежүзілік соғысқа байланысты жырлар (1941-1945 жж.).

Жоғарыда біз топтастырған авторлық тарихи жырлар XVIII ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың ортасына дейінгі тарихи кезеңді қамтиды. Осы кезеңге байланысты дүниеге келген тарихи жырлар фольклорлық шығармалармен салыстырғанда шындықтан көп алыстамайды. М.Қойгелдиев халықтың көркем шығарманы жадында сақтап айту шығармашылығы (әсіресе оның кемел шағында) халық ауыз әдебиетінің баламасы бола алмайтынын, фольклорлық және жазба әдебиеттің қоғамдық шындықты көрсетудің, түсіндірудің бір түрі екендігін айтады. «Дамыған жадта сақтап айту дәстүрінің тарихи шындықты бейнелеудегі мүмкіндіктері оның фактілік материалдарын тарихи дерек, ал дәстүрдің қайсыбір салаларын жазба тарихқа дейінгі тарих айтудың түрі ретінде қарауға негіз болды. Оған бұл мәселені тарихнамалық тұрғыдан қарау арқылы көз жеткізуге болады. Ал өз кезегінде объективті тарихнамалық талдаудың алғышарты – бет бағдарын кемел тарих айту дәстүрі айқындаған көшпелілер мәдениеті өз мүмкіндіктеріне сай жазба дәстүрін де қатар дамытып отырғандығын есепке алу болып табылады» [39, 28].

Сонымен әдебиеттегі тарихи жад дегеніміз – өмірде болған кез келген оқиғаның шығармашыл тұлғаның жадына, шеберлігіне сай интерпретацияға ұшырауы. Академик М.Қойгелдиев тарихи жырлардың мынадай екі ерекшелігін бөліп көрсетеді: «Біріншіден, тарихи жырлардан біз белгілі бір тарихи оқиғаларға байланысты берілген жалпыхалықтық бағаны ғана емес, сонымен бірге жазба деректерде жоқ көптеген құнды фактілерді кездестіреміз. Бұл тұрғыдан алғанда тарихи жырлар жазба деректерді толықтыра түсетін қосымша материал ретінде ғана жүрмейді, сондай-ақ ол өзінше дербес маңызы бар дерек көзі. Екіншіден, тарихи жыр, тарихи оқиғалар туралы қоғамның өз куәлігі ретінде тарихи процессті ішкі динамикада қарауға жол ашады. Тарихи жыр фактілерінің басқа деректермен, әсіресе шетелдік авторлардың куәліктерінен

айырмашылығы да және артықшылығы да тура осы қырынан туындайды» [39, 39-40].

Авторлық тарихи жырлар жеке жад сипатына ие. Демек автордың өзі шығарған туындысы көп өзгеріске ұшырамауы тиіс. Ұшыраған күннің өзінде жырларды жазып алушылар, жариялаушылар тарапынан орын алған өзгерістерге байланысты болуы бек мүмкін.

Ұлттық бірегейлегіміздің сақталуында маңызды рөл атқаратын тарихи жырлардағы тарихи жадтың мәні еркіндік, тәуелсіздік, жеке адам бостандығынан бастап жалпы бостандықты құрайды. Туған жерді қастерлеу, отбасы құндылығын дәріптеу, тәуелсіздікті сақтап қалу, адами жолды келер ұрпаққа үлгі ету және осы жолда бар ұмырын арнаған тұлғалардың есімін ұмыттырмау, ұрпақтан-ұрпаққа көркем тілмен жеткізуді тарихи жад өзіне артады.

Жыршы баяндайтын тарихтың о немесе жазба тарихи жырдың тарихи поэмадан ерекшелігі осында. Өйткені шығармашылық тұлға өзіне дейінгі барлық тарихи жадыларды сақтайды, ұтымды пайдаланады. Ал оның қалай шығатыны тәжірибесіне, талантына байланысты.

Біз талдау нысанасына алған авторлық тарихи жырлардың уақыты айқын. Алайда ол тарихтың тікелей көшірмесі емес. Онда халықтың, жыршының тарихи оқиға туралы көзқарасы, танымы бар**.**

Тарихи жырлардың жанрлық басты өзгешелігі жайында алғаш ғылыми ой-пікірді М.Әуезов тұжырымдаған [67]. Ғалымның осы ойларын әрі қарай тереңдете түскен фольклортанушы ғалымдар жанрдың бойындағы эпикалық дәстүр жайында біраз заңдылықтарды дәйектеген. «Тарихи үлкен жыр оқиғаның ізінше қолма-қол тумайды: керісінше, оқиғаға қатысушылар өз көрген-білгендері, батыр мен басшылардың ерлік істері туралы шағын өлең, әңгіме шығарады. Арада біраз уақыт өткен соң, не көзкөргендердің ішіндегі мықты бір ақыны, немесе басқа бір талантты ақын баяғы шағын өлеңдерді өзінше жиыстырып, бұрынғы мазмұны бойынша сюжет құрап, кейде жанынан қосып, көркемдеп қайта жырлайды. Сөйтіп, тарихи жыр туады» [68]. Соған қарағанда, тарихта болған оқиға, ел құрметіне бөленіп, кейін белгісіз болып кеткен батырдың есімімен байланыстырылса керек. Бұл фольклорға тән құбылыс. Мұндай құбылыстар жөнінде Ш.Ыбыраев: «Тарихи оқиғалар фольклорда типтендіріліп, жанрдың ерекшеліктеріне бағындырылады, әр жанрдың бейнелеу мүмкіндіктеріне қарай икемделеді. Сондықтан да мұнда баяндалған оқиғалардың тарихқа қатыстылығы көбіне жанамалы түрде. Эпостағы бейнеленген оқиғалар тарихи шындықтың халықтық тұғыры /концепциясы/, оның өз тарихына берген бағасы. Оның ішінде өткені ғана емес, болашақ идеал тұтқан арман-тілегі де қоса қабат жүреді. Эпос тарихтың соңынан шабан аттай ілбіп еріп отыратын туындылардың жиынтығы емес, керісінше сол тарихқа азды-көпті ықпал ете алатын халықтың «алдан күткен мұқтажы мен идеалының» да көрінісі деп атап көрсетеді [12, 149]. Б.Кенжебаев тарих пен халық әдебиетінің арасында айырмашылық болатынын байқайды [43].

Тарихи жырлар «қашан жазылып алынып», «қашан жырланды», «ол кезде эпостың дәстүрі қай дәрежеде еді?» дейтін мәселелерді ескеру керек. Б.Уақатов «Шынында да, – деп жазады ол, – тарихи өлеңдердің шағын түрлерінің көлемі қысқа, эскиз секілді болып келеді де, ұзын-сонар оқиғаның ішінен тек сол өлеңнің идеясын ашарлық сәттерді ғана даралап көрсетеді» [69, 247] дей келе: «тарихи деректерге сай болған оқиғаны сол болған күйінде көрсетіп, нақтылы сурет жасайды» [69] деп, тарихи өлеңдердің тарихилық құндылығына баға береді.

Тарихи жырларды жырлаушылар, жазып алушылар, тыңдаушылар, таратушылар өздерінің қалауы бойынша кейіпкердің мінез-құлқына, іс-әрекеттеріне өзгерістер енгізіп отырған. Кейде оқиғаға қиял-ғажайып сарындарды да қосып отырған. Дегенмен тарихи жырлар адами факторлардың ықпалынан өзгеріске түссе де, өзінің негізгі идеясынан, тақырыбынан ауытқымаған.

2.2 Жетісу ақындары жырларындағы тарихи және көркемдік шындық

Қазақ халқының шұрайлы жеріне көз тігіп, тыныш жатқан елге маза бермей, ұзақ уақыт бойы азап тартқызған, қазақты «Елім-ай» деп зарлатқан жауларының бірі жоңғарлар болғандығы тарихтан мәлім. Жоңғарлардың қазақ халқына тартқызған азабы, оның екі ғасырға созылған кезеңі, шапқыншылық әрекеттердің салдары халық жадынан ойып тұрып орын алды. Қазақ пен жоңғар арақатынасы, жоңғар шапқыншылығы жайлы түрлі аңыз, әңгімелер, өлең, жырлар, ән, күйлер дүниеге келіп, бүгінгі заманға рухани жәдігеріміз ретінде жетті. Атап айтар болсақ, «Қаратаудың басынан көш келеді», «Қалмақ қырылған», «Қап қағылған», «Қалдан Серен Абылайды тұтқынға алғаны», «Өтеген батыр», «Қазақ батырлары: Әжібай, Өтеген және басқалар» т.б. өлең мен жырлар, «Қаратаудың шертпесі», «Қалмақ биі», «Беласар», «Қалмақтың қара жорғасы», «Кеңес», «Абылайдың қара жорғасы», «Қоржынқақпай» сынды күйлер болып жалғаса береді.

XVIII ғасырда қазақ-жоңғар қатынасы шиеленісе түсіп, жауласқан екі елге де ауыр тиген «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Қалмақ қырылған», «Аңырақай шайқасы», «Бұланты шайқасы» т.т. ірі соғыстар осы кезде болды. Қазақ пен жоңғар арасындағы қақтығыс, үздіксіз шабуылдар бір ғасырға созылған болатын. 1718 жылы Тәуке хан дүниеден өткен соң тақ үшін күрес күшейіп, ортақ хан белгіленбей, әр жүзге жеке-жеке хан сайланған еді. Қазақ ішіндегі өзара тақ үшін күрес, орталық биліктің әлсіреуі көз аларта қараған көршілес елдерге қолайлы болды. Ресей империясы XVII-XVIII ғасырларда жоңғарларға көмек ретінде қару жіберіп, жабдықтап отырды. 1723 жылы Цеван-Рабдан қалың күшімен Ұлы және Орта жүз қазақтарына соққы берді. Әскери күші басым болған жоңғарлар қазақ ауылдарының ойранын шығарып, тұрмысын, жағдайын едәуір әлсіретті. Бұл соғыс Тілеміс Есболұлының жырлауында:

Қарғадай қалың көп екен
Зеңбірегі тарсылдап,
Қаптады кәпір құрғырлар [46, 216], –

деп жоңғарлардың қазақтарға таңсық болған түрлі көлемдегі зеңбірек, мортирлерімен шабуыл жасағанын айтып өтеді. «Оның үстіне өздері бұрын-соңды көрмеген отты қару қолданған шапқыншыларға шыдас бере алмаған қазақтардың шайқастың бас шенінде қатты қырғынға ұшырап, қаша соғыс салуын дұрыс түсіне білгеніміз абзал. Алтай, Тарбағатай тауларынан асып, Ертіс, Есіл, Тобыл өзендерін тастай қашып, Балқаш көлі мен Іле, Шу, Сырдария суларын жағалай сұлап түскендері тарихи шындыққа жанасады. Біздіңше, Тілеміс ақын жырлап отырған осы қантөгіс көріністері – XVIII ғасырда қазақ халқының басына орнаған белгілі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасының кезі ме екен дейміз» [11, 101] деген пікірді М.Үмбетаев өз зерттеуінде білдіреді.

Қазақ пен жоңғарлардың қарым-қатынасы хатқа жазылып қалмаса да, осы күнге дейін түрлі аңыз, әңгіме, жылнама, жыр, өлең күйінде жетті. Жоңғарлардың соғысынан азап тартқан Жетісу өлкесінде жаугершілік кезеңде елді қорғаған батырлар жөнінде Мөкен Болысовтың «Райымбек батыр», Қытай қазақтарының өкілі Сабдалы жыраудың «Райымбек», Тілеміс Есболовтың «Ер Өтеген», «Жорықта», Жамбыл ақынның «Өтеген батыр», Әбзейіт Мәлікеұлының «Ер Әжібай», Әшім Нұрлыбаевтың жырлауындағы «Мырқы батыр» т.б. тарихи жырлары қазақ халқының ұлт-азаттық идея жолында күрестерінің дәлелі іспетті. Аталған батырлардың барлығы да – жоңғар шапқыншылығы кезінде көзге түскен тарихи тұлғалар. Туған жерден айрылған бұл батырлар күш біріктіріп, бірге әрекет етудің маңыздылығын түсінді. Біз жоғарыда атаған, тұтас бір жырдың басты кейіпкері болған батырлар жоңғарлардың күшейіп, қазақ халқын зар еңіретіп, жиі ұрыс ашқан уақытында өмір сүрмеді. Алайда ұзақ жылдар бойына қазақ жерін иемденген жоңғарлардан азат ету жолында ел есінде қалды. Жоңғарлардың қазақ халқына салған ойранының кегін де, сан ғасырлар қазақтарға тиесілі болған жерін де қайтарды. Бой түзеген батырлар қалмақтан қалай да кек алсам деген арманмен ер жетті. Мәселен, Жетісудан шыққан Түкеұлы Райымбек батыр – жоңғар әскеріне қарсы күрескен батыр, қолбасшы. Албан тайпасының алжан руынан тарайды. Батырдың дүниеге келген жылы 1705, енді бірінде 1730 жылы деп жазылып жүр. Сондықтан батырдың жоңғарлармен нақты қай жылдары шайқасқаны жөнінде басып айту қиындық туғызады. Райымбектанушылар батырдың бар ғұмырын зерттеді десек те, әлі күнге дейін батырдың өмір сүрген уақыты бірізділікке түспей келеді.

Райымбектің атасы Ханкелді батыр 1733 жылы Ұлы жүздің беделді адамдары Төле би, Қодар би, Сатай, Бөлек батырлармен бірге орыс патшасы Анна Иоановнаға елші жіберіп, Ресейдің қоластына алуын өтінген. Аңыз, жырларға қарағанда, Райымбек 17 жасында жоңғар шапқыншыларымен болған ұрыстарда ерлік көрсетіп, батыр атанған. Бейбіт кезеңде халық арасында әулие ретінде танылған, оның келешекті болжағаны туралы ел жадында көптеген аңыз,

әңгімелер сақталып қалған. Оның ерлігі мен өнегелі өмірі жөнінде көркем, публицистикалық шығармалар жазылды. Райымбек Түкеұлының өмірі, батырлығы, әулиелігі жөнінде деректер жинап, зерттеуде ұрпақтары Қабылбек Сауранбайұлы, Төлен Қаупынбайұлы, Мөкен Болысов сынды азаматтардың еңбегі зор.

Мөкен Болысов Райымбек батыр туралы халық ішінде тараған мәліметтерді жинай жүріп, Райымбектің батырлығын насихаттайтын «Райымбек батыр» деп аталатын көлемді жырды дүниеге әкелген.

Жырда Райымбектің дүниеге келуі, балалық шағы туралы сөз болмайды. Бірден қалмақтардың артынан кеткен аталарының артынан барып, өзінің де кек алғысы келіп, анасынан рұқсат сұрауын Мөкен ақын «Райымбек батыр» жырында былайша жырға қосады:

Атаңа нағылет, ит қалмақ,
Жетісудан айырды.
Қыз бен ұлың құл болды,
Табанында жүн болды.
Бұл ызасы қалмақтың,
Өтірік емес, шын болды.
Енді ана кетемін
Атам кеткен ізімен,
Әлі-ақ қуып жетемін [46, 91], –

деп анасының рұқсатымен өзін баласынып тастап кеткен, соғысу өнерінің жете меңгергенін бағамдамаған атасы Ханкелдінің ізінен қуа жөнеледі.

Райымбек дегеніне жетеді. Қазақ қолын өзі бастап, өз атымен «Райымбек, Райымбек» деп ұрандатады. Райымбек батыр Түрген өңірін билеген қалмақ Қорынды жеңіп, оның қоластында жүрген қазақтарды босатады. Райымбектің Түрген жеріндегі ерлігі туралы академик М.Қойгелдиев мынадай дерек келтіреді: «Райымбектің Таутүргендегі ерлігі жалпақ қазақ жеріне жайылып, Тарбағатай асқарында шайқасып жүрген Абылай хан мен он мыңбасы Қабанбайға да жетеді» [70, 145]. Қорынды жеңгеннен кейін Көкпектің билеушісі қалмақтың Секер ханын өлтіреді. Райымбек пен Секер хан арасындағы соғыс «Ойрантөбедегі шайқас» деген атпен тарихта қалды. Кейін Таушелек пен Торайғырды ұзақ жылдар мекен еткен жоңғардың Ақанас пен Арыс хандарын қазақ жерінен қуып, Жетісуды қалмақтардан тазартады.

«Айналайын, ағалар,
Өсіп-өнген жеріне,
Көшірелік елді енді.
Қалмақтан босап Жетісу,
Жағдайымыз жөнделді» [46, 117-118].

Райымбектің өмірін зерттеушілер Райымбек батыр бастаған қазақ қолы мен қалмақтар арасындағы шайқас қалмақ қолының әлсіреп, қазақ жерінде қалмақ хандарының жеке-жеке билік жүргізген кезімен тұспа-тұс келгендігін алға тартады. Райымбек батыр бастаған қазақ қолы сан ғасырлар бойына қазаққа азап тартқызған қалмақтарды Жетісу жерінен аластатып, ата қонысына оралды.

Райымбек батырмен бірге қалмақтарға қарсы соғыстарға қатысқан, елінің құл болған ұлдары мен күң болған қыздарын жау қолынан азат ету жолында бар ғұмырын сарп еткен даңқты батырлардың бірі – Өтеген Өтеғұлұлы. Өтеген батыр 1699 жылы Шу өзені бойындағы Изенді өңірінде дүниеге келіп, 1773 жылы Іле өзені бойындағы Шолақтерек, Шеңгелді өңірінде қайтыс болған. Халық қамы үшін ханның өзімен араздасу оқиғасы Өтегеннің беделін бұрыннан да биіктетіп, ел ішінде ол турасында сан алуан аңыз-әңгімелер мен жырлар тудырған. Өтеген батыр өмір сүрген XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығын сақтап қалу міндетінің артуы мен ел ішілік билеуші топтың қанауының артуы халыққа Өтегендей «құтқарушы» батырдың қажеттігін тудырған күрделі кезең болды.

Халық жырындағы Өтегеннің, ең алдымен, елін Жоңғар басқыншылығынан қорғаған батыр қолбасшылық қасиеті дәріптеледі. Батыр ұлы жүздің Дулат тайпасынан шыққан. Бабасы Сырымбет батыр 1643 жылы қоңтайжының 50 мың әскеріне соққы берген Салқам Жәңгірдің сапында ұрысқан. Өтеген 15 жасында-ақ жоңғарға қарсы күреске аттанған. Өтеген Өтеғұлұлын халық «Мүйізді Өтеген» деп атап кеткен. Өтегеннің шөбересі боп келетін Тілеміс Есболов Өтегеннің батыр болып қалыптасуын, оның қалмақтарға қарсы соғысын өзінің «Жорықта», «Ер Өтеген» жырларында көркем суреттейді.

Елін қорғап өлімнен,
Жауға қарай қол шықты.
Қолды бастап найза ұстап,
Өтеген батыр ол шықты.
Қалың қазақ жабылып
Жауға қарай оқ атты.
Талай жауды Өтеген
Садақпен атып құлатты.
Жаудың алдын кескестеп,
Көшкен елді ұзатты.
Қойкелді, Сәмен, Наурызбай,
Қасындағы батырлар –
Райымбек, Шінет, Тауасар,
Жасөспірім Малдыбай.
Бір жағынан килікті [46, 138-139].

Жыршы Өтегеннің жауынгерлік-күрескерлік тұлғасын суреттейтін тұста ежелгі батырлық жырдың әдісін ұстанады. Ол қандай жау болса да қаһарынан қаймықпай жалғыз шабатын баһадүр батырлардың заңды жалғасы ретінде

дәріптеледі. Бас бостандық бәске түскен заманда қолына найзасын ұстап, жауға шапқан батырларды асқақтату орынды еді. Сондықтан да ақын қалмақтарға қарсы жорықта Өтеген батырдың қол бастаған батыр болғандығын жырлап қана қоймай, Өтегенмен замандас болған Жетісудан шыққан Қойкелді, Сәмен, Наурызбай, Райымбек, Шінет, Тауасар, Малдыбай сынды батырлардың да Жетісу өңірін 1723 жылы қалмақтардан азат етуге қатысқанын тілге тиек етеді. Қалмақтың Сабан Тайшық атты қолбасшысын жеңіп, еліне азаттық сыйлауды Өтеген батыр өзінің парызы санайды. Ақын Тілеміс те мұны жырда орынды келтіре кетеді:

Батырлықтың бағасы –
Жекпе-жекте алысып,
Жауды жеңсе, әне, сол!
Орындайтын алдында
Өтегенге міндет зор.
Жасынан жаумен алысты,
Сол парызды біліп ол.
Қара қазан, сары бала,
Артында дулат қалың ел!
Халқы үшін ат мініп,
Найза ұстап, буды бел.
Кез-келген оның алдынан
Талай-талай әр жерде
Қиын-қыстау ауыр жол.
Тайшықпенен ұрысу –
Сондайлардың бірі еді ол [46, 140].

Өтеген қалмақтың Тайшық ханын осы жекпе-жек ұрыста жеңеді. Міне, осы тұстағы батырлық жекпе-жек арқылы Өтеген жеңілмейтін көзсіз батырлық қасиет иесі ретінде мадақталады. Себебі «Жауынгерлік жекпе-жекке қатысу – көшпелі қоғамдағы кәсіби әскерилер әлеуметтік жігінің өкілдері болған батырлардың соғыстағы басты міндеттерінің бірі, жауынгерлік борышы саналды. Көбіне жауынгерлер батыр (bahadur) титулына осындай жекпе-жекте жеткен жеңісінің нәтижесінде ие болатын. Осындай жеке айқаста ғана кәсіби жауынгердің жауынгерлік өнері сынға түсіп, шеберлігі шыңдалып, ерлігі жетілді. Жауынгерлік жекпе-жекте батырлар ер қаруы бес қарудың барлық түрімен айқасып, бір-бірін қарумен жеңе алмаған жағдайда аттан түсіп, жаяу күресетін болған. Яғни жекпе-жек көп жағдайда күреспен аяқталып отырды, күрес көп жағдайда жекпе-жектің финалы болды деп айта аламыз. Қарумен айқасып басталған жекпе-жек қарусыз айқаспен жалғасып, айқас тағдырын шешкен» [71].

Жыршылар жыры мен ел аузында сақталған әңгіме, аңыздарда Өтегеннің жасаған ерлігі мен қайырым, мейірімі дулат руының аясынан асып, қалың қазақтың қамқоры дәрежесінде мадақталады. Оның «мүйізді Өтеген» аталуының

өзінде халықтың ежелгі «әділетті патшаларды» аңсаған арманы көрініс тапқан. Ел басына күн туып, қазақтың тағдыры тарихтың қатал тегершігіне түскен кезеңдегі бір ғана Жетісу өлкесінің басына төнген жан-жақты қауіп-қатер қолына қару ұстап, ел үшін күрескен ерлерді де тығырыққа тіреген. Соған қарамастан өзі өмір кешкен Жетісу жерінің болашағы үшін сыртқы жау қалмақпен қанды соғысқа қатысып, жеңіп қана қоймай, ел ішіндегі биліктің шешімдерінің халыққа жайсыз тұстарына бас имеген Өтеген тұлғасында халық арманы қатар өріліп жатыр. Мысалы, «Өтегеннің Абылайды сынауы», «Қазына не?», «Өтегеннің хандарды жек көруі», «Сұңқар шашып жейді» дейтін ел ішінде сақталған әңгімелерде халықтың хақын жеген бай-манаптардан халықты қорғаушы, жетім-жесірді жарылқаушы бейнесінде танылады.

Өтеген батыр – өзіне сенім артқан елінің қамын ойлаған қайраткерлердің бірі. Жетісу жерін қалмақтардан азат етуге қатысқан батыр кейін орыстардың қазақ жеріне көз тіккен кезінде де халқының қамын ойлады. Орыстардың қазақтарды туған жерден айырып, жан-жаққа бытыратып жіберген кезінде Өтеген батыр қазақ халқына жайлы қоныс іздеді. Бұл туралы халық арасында түрлі аңыз, әңгімелер, Жамбыл ақынның жырлауында бүгінгі күнге дейін жеткен «Өтеген батыр» жыры кең таралған.

Бұғыдай мүйіз көтерген,
Қасқараудан шыққан Өтеген
Төрт жақтан жер қараған,
Асыл нұрдан жаралған.
Барып қайтты Өтеген
Күннің шыққан жеріне.
Тегісімен аралап,
Қытай, Бежиін еліне.
Одан қоныс таба алмай,
Орыстың кетті шебіне.
Орысты көріп тұра алмай,
Ішіне оның кіре алмай.
Мұның жүзі құрысын деп,
Одан қоныс таба алмай,
Қорқыттың түсті жолына [72, 89-90], –

деп Өтегеннің қартайған шағында орыс басқыншыларының қазақ жерін иемденіп жатқан кездегі оңтүстік пен солтүстікті, шығыс пен батысты аралап, қазаққа жайлы қоныс іздеуші болып жырлануының өзінде Жерұйықты іздеген Асанқайғы бейнесінің ықпалы бар. Бұл тұстағы тарихи жағдайлардың ушығуы мен ішкі таптық қанаушылықтың шегіне жетуінен өз атамекенінде күйзелген халық үшін одан құтылудың жолын іздеді. Осы тұстағы сол халыққа жайлы жерді іздеуші Өтеген батырдың болуы да заңдылық. Себебі бұл кезеңде жауға қарсы қару алып күрестің де ауқымы тарылып, отаршылдықтың қанды құрсауы қыса түскен кез болатын. «Бұл ретте ол – тек жаужүрек батыр, қол бастаған

сардар, ел бастаған көсем ғана емес, болашақ ұрпақтарының қамын ойлаған абыз, ойшыл дана, сәуегей. Өзге жыршылардан Жамбылды оқшаулап тұрған тағы бір ерекшелік, ол Өтегеннің бейбіт өмірдегі көзсіз ерліктерін, XV ғасырда өмір сүрген Асан Қайғыдан кейінгі қазақ қоғамында, ру басшыларында бола бермейтін қасиеттерін, тарихи тұлғасын бейнелеуінде. Жырда Өтегеннің бейнесі келешек ұрпақтың еркіндігін арман-мақсат еткен, бұл жолда табиғаттың апатынан да, тағдырдың қиын-қыспақ кедергілерінен де, айдаһар мен жезтырнақтан да тайсалмайтын, әлсізге көмек қолын созып, сол үшін қажетті болған жағдайда жанын да құрбан етуге дайын көзсіз батыр, кемеңгер абыз ретінде сомдалады» [73, 175]. Батырдың осындай жанкешті ерлігі, абыздығы, азаматтық қасиеттері халық арасында ұмытылмай, есімі мәңгілікке ел есінде қалды.

Өтеген сынды батырларға кеңес беріп, бағыттап отырған үш жүзге мәлім Төле би Әлібекұлы болды. Өтеген батыр Төле бидің айтқан сөзіне құлақ асып, ақылын тыңдап отырған. Бұл ойымызды Тілеміс Есболұлы жырлауындағы «Ер Өтеген» жыры да нақтылай түседі. Жоңғардан жан сауғалап «ақтабан шұбырындыға» ұшыраған қазақ халқы Сыр, Сарысудан өтіп, Ташкентке жеткенде қойдай қырылған өлікті көреді. Осы кезде Өтеген батыр, жоңғарлардың қамалын бұзбаққа бекінеді. Інісі Тауасар Өтегеннің кері қайтуын тілесе де, батыр құлақ аспай қояды. Батырларды бастап жүрген Төле би:

– Ой, Өтеген, Өтеген,
Батыр едің ер жүрек,
Озып туған өзгеден.
Тілін алып үлкеннің
Залал жоқ сабыр етуден
Әлі де алда талай бар
Бармауыңды өтінем [74, 226], –

дегеніне Өтеген құлақ асып, кері қайтады.

Өтегеннің батыр ретіндегі тұлғасының қалыптасуына ықпал еткен адамдардың бірі – Төле би Әлібекұлы.

Өтеген батыр ақындардың жырларына арқау болуымен қатар ел арасында тараған аңыз, әңгімелерде де көп ұшырасады. Өтеген Өтеғұлұлына қатысты бірқатар аңыздар мен әңгімелер ел жадында сақталып қалған. Кейбір жеке баяндалып жүрген аңыздар жетісулық ақындардың жырларының сюжетіне кірігіп кеткен. Мәселен, ақын Әбзейіт Мәлікеұлының «Қазақ батырлары: Әжібай, Өтеген және басқалар» жыры – жоңғар шапқыншылығына байланысты туған тарихи шығармалардың бірі. Оны төте араб жазуында хатқа түсіріп, 1967 жылы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қорына өз қолымен тапсырған – Әбзейіт (Абдолзейіт) Мәлікеұлының өзі. Жыр қолжазбасы қолжазба қорының 663-бумасында 13-дәптерінде сақтаулы [52, 416]. Аталмыш көлемді жыр «Бабалар сөзінің» жүз томдығының 61-томында жарияланды.

«Қазақ батырлары: Әжібай, Өтеген және басқалар» жырында XVIII ғасырдың бірінші жартысында Жетісуды жоңғарлардан қорғаған, батырлығымен даңқы шыққан Өтеген, Әжібай батырлардың ерлігі баяндалады. Әжібай батыр – тарихта болған адам, Өтегеннің батырлық жолын қуған ізбасарларының бірі. «Жетісу» энциклопедиясында батырдың туған жылы мен өмірбаяндық бірқатар деректері берілгенімен [75, 157-158 бб.], Әжібай батырдың осы талданып отырған жыр мен ел арасындағы ол жайындағы бірқатар аңыздар және ауызекі әңгімелерден басқасы зерттеу назарына ілінбеген. Демек «Ал, жалпы осындай елдің басынан кешкен үлкен трагедиялы хәлді жырлауға сараңдық тек бір қазақ жұртына ғана емес, барша халықтарға тән. Бұл тұрғыда авторлы туындыларды іздеп табудың қиындығы былай тұрсын халық атымен аталатын жай өлең-жырлардың өзі сирек кездеседі» [9, 65].

Қазақ-жоңғар қарым-қатынасына қатысты жырлардан нақты тарихи деректерді айқындау мүмкін емес. Десек те жетісулық авторлар оқиғаның нақты уақыты мен қатысқан тұлғаларды, сол кездегі саяси және әлеуметтік жағдайларды бүге-шігесіне дейін жырламаса да, тарихта болған негізгі оқиғаларды, сол оқиғаларда батырлығымен, ержүректілігімен, еліне деген жанкештілігімен көзге түскен, халқының құрметіне бөленген батырларды дәріптеуді мақсат етеді.

Өтеген батырдың жорықта сенімді серігі, жолдасы бола білген Әжібай Найманбайұлы еді. XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылығына қатысып, ерлік танытқан Әжібай батырдың есімі бүгінде көбіне аңыз, әңгіме түрінде жеткен. Десек те жетісулық ақын Әбзейіт Мәлікеұлының жырлауында «Ер Әжібай» атты көлемді жырынан Әжібайдың бүкіл ғұмырын қазақ жерін жоңғарлардан тазартып, азаттық жолына арнағанын аңғару қиынға соқпайды. Жырлаушы ақын Әбзейіт Мәлікеұлы «Ер Әжібай» жырының қолжазбасын өз қолымен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына өткізген. Әжібайдың шежіресінен хабардар ақын Әбзейіт Мәлікеұлы батырдың ата-бабасын, жорықтағы жолдастарын ұтымды енгізе білген. Жырда Өтеген батырдың Әжібайдың жақын жолдасы, сыйлас құдасы ретіндегі образы жырдың тарихи негізде жазылғандығының дәлелі.

Жоқтады Өтегенді ер Әжібай,
«Батырдың бұл жорықта болмағаны-ай.
Ақылгөй, басшылыққа жақсы еді», – деп,
Өкініп аттанды да жүре берді-ай [52, 192].

Ақын мүмкіндігінше Әжібайдың ер жеткен кезінен батыр боп қалыптасуын қамти отырып, батырдың елінің азаттығы жолында ат үстінен түспегендігін алға тартады. Әжібай батыр өмірін қалмақтардан кек алуға арнайды.

Зонаға Әжібай ер қарсы барды,
Өтеген мұны көріп қайта айналды.
Екі дәу бір-бірімен қарсыласып,

Аямай бір-біріне найза салды.

Шанышты бірін бірі аямастан,
Бірі – кеуде, біреуі шаншып бастан.
Зонаның жүрегіне кірді найза
Мұнан соң Әжібайдың күші асқан.

Кеп қалды Өтеген де айбалта алып,
Желкеден ер қалмақты кетті салып.
Кеудеден найза кіріп, балта тиіп,
Құлады қайран Зона естен танып [52, 180].

Батырлығымен даңқы шығып, қарсы келген жауын аямаған қалмақтың батырын о дүниеге аттандырған Әжібай батыр өзінің ата кегін қайтарса да, адамдығынан жаңылмайды. «Біздей батыр боп туған жігіт қой» деп Зонаның денесінің ит-құсқа жем болғанын қаламай, көрін қаздыртып, басына белгі қойып, есімін жазып, тіпті батырға қонақасы ретінде бір жылқы сояды. Әжібай осындай мәрттігімен қазаққа да, қалмаққа да танымал болады, сыйын арттырады.

Әжібай батыр қалмақтың елін шауып, малын да, қызын да алып, батырлық даңқы асқақтай түседі. Әжібайдың жоңғарлармен болған ірілі-ұсақты шайқастары шамамен XVIII ғасырдың 30-40 жылдары болған болса керек. Өкінішке орай, Әжібай батыр өмір сүрген заманнан тарихи құжат, дерек сақталмаған. Десек те Әжібай батырдың қазақ халқының бостандығы, еркіндігі жолында жасаған көзсіз батырлығы келешек ұрпақтың жадынан шықпауы тиіс.

XIX ғасырда қазақ жерінде хандық биліктің жойылуы, қоқандықтар мен хиуалықтардың қазақ халқына алым-салық салуын күшейтуі, орыс әскерінің отаршылдық әрекеттері, түрлі бекіністердің салынуы ел тарихына елеулі өзгеріс әкелді. Мұндай өзгерістердің басы-қасында қазақ топырағынан шыққан билер мен батырлар жүріп, қазақ тарихының жаңа парақтарының жазылуына себепкер болды. Тарих жаулаушы орыстардың кейбір құжаттарында, ғылыми еңбектерінде жазылып отырғанымен, негізінен басым бөлігі қазақтың ел арасына тараған әңгімелеріне, жырларына тиесілі болып келеді.

XVIII-XIX ғасырлардағы тарихи оқиғаларды, осы тарихи оқиғалар кезінде батырлығымен оқшау тұрған тұлғаларды ақын-жыраулар шығармаларына арқау ету үрдісі анық байқалады. Олардың қатарында Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс туралы Махамбет, Ығылман Шөреков, Шернияз Жарылғасұлын, Кенесары Қасымұлының көтерілісі туралы Нысанбай жырау, Тілеген ахун, Иманжан Жылқайдарұлы, Доскей Әлімбайұлы, Саяділ Керімбеков, Омар Шипин, Нұрхан Ахметбеков, Мұхамеджан Сералин, Досқожа, Күдеріқожа, Шортанбай, Арыстанбай Тобылбайұлы, Арғынбай Ысқақ, Орынбай т.б. ақындарды, Жанқожа батыр туралы Мұсабай, Төремұрат жырау, Ұлықпан Кенжеев, Жөкей Шаңғытбаев, Нұрсұлтан Жұбатұлы, Байсейіт батыр туралы Тәжібай Байбағысұлы, Саяділ Керімбеков, Сұраншы мен Саурық батырлар туралы Күсеп ақын, Сүйінбай, Жамбыл, Әбдіғали Сариев сынды ақындарды атап

өтуге әбден болады. Қазақ халқы қай заманда болмасын батырларға кенде болмаған. Алайда тізімге енбей қалған тұлғалар туралы халық арасында әңгімелер, аңыздар тарағанымен, олар туралы тұтас бір туындыны кездестіру оңай емес.

Зерттеушілер XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезі аралығын Жетісу өңірі үшін күрделі тарихи кезең ретінде қарастырады. Осы кезеңде Жетісуда орын алған тарихи оқиғалардың бірі – Кенесары ханның Жетісуға келуі, Ресей үкіметінің Жетісу жерін басып алуы, қала салуы, қоқандықтардың қазақтарға салықты күшейтуі. Осындай жан-жақтан жау жағадан алған аумалы-төкпелі кезеңде ел тізгінін ұстаған батырлар, билер, сұлтандар туып-өскен жерін оңайлықпен бермеу үшін аянып қалмады. Атап айтар болсақ, Саурық, Сұраншы, Сыпатай, Тойшыбек би, Байсейіт, Тезек төре, Рүстем төре, Дикәнбай би т.б. елі үшін жанын беріп, оларға елінің тағдыры үшін әділ шешім қабылдайтын күн туды. Осы оқиғалармен сол кезеңдегі тарихи тұлғалар жетісулық ақындардың жырларына арқау болды. Атап айтқанда, Т.Байбағысұлының «Байсейіт батырдың тарихы», С.Керімбековтің «Байсейіт батыр», Е.Қандековтің «Шаян батыр», Ә.Сариевтің «Саурық батыр», «Асу» т.б. жырларында солтүстіктен орыс отаршылдарының басқыншылығы, оңтүстіктен қоқандықтардың қыспағы, одан қала берді, қырғыз бен қазақ рулары арасындағы жер дауы, барымташылықтың өршіп тұрған кезі көркем тілмен суреттеледі.

Сүйінбай ақын Сұраншы, Саурық, Байсейіт сынды батырларды өз көзімен көрген. Сондықтан ақын және шәкірттері жырлаған тарихи жырлар шындыққа сай келеді. Керісінше, жоғарыда атаған ақындардың өздері кейбір батырлардың көзін көрмесе де, ел арасына тараған деректерге, әңгімелерге сүйене отырып, ауызша күйінде өлең, жыр арнады. Солардың бір тобы бүгінгі күнге дейін жетті. XVIII-XIX ғасырларда орын алған ұлт-азаттық қозғалыстар тарихи жырлардың негізгі тақырыбына айналды.

Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтерілістің Ұлы жүз жерінде де жалғасуы, патша үкіметінің Жетісу жеріне табан тіреп, отаршылдық саясатын жүзеге асыруы жолындағы әрекеттерін суреттеуге, осындай ауыр кезеңде елі үшін әділ шешім қабылдай білген батырлардың ерлігін насихаттауға арналған жырлар дүниеге келді. Бұл тарихи жырлардың көпшілігі тарихпен жақын жанасады, ақындар сол кездегі саяси ахуалды жалпылама баяндай салмай, тарихи тұлғаларды, жер-су атауларын нақты көрсетіп, шынайы жырлауға тырысады.

«Кенесары Шу жерінен көшіп, Тойшыбектің бекінісіне келіп тоқтаған кезде Жетісуда Кене ханды шын көңілден қарсы алған тұлғалардың бірі – Шапырашты Тойшыбек батыр. Бұл – Үлкен Ақсай өзенінің Қарасу өзенімен тоғысатын жеріне қоқандар салған атақты Тойшыбек бекінісінің иесі. Өзі де және ұлдары Байсейіт пен Жанғаш та орыс билігінің Жетісуға енуіне қарсылық көрсеткен. Н.А.Аристовтың көрсетуіне қарағанда Байсейіт Тойшыбеков Ұзынағаш шайқасына қоқандықтар жағында қатынасқан. Әкесі Тойшыбек кейін Пішпек бекінісіне өтіп, сонда кедейшілікте өлген» [25, 37].

Тәжібай Байбағысұлының «Байсейіт батырдың тарихы» деп аталатын жырында да Кенесарының Тойшыбек бидің бекінісіне келген кезі қалыс қалмайды:

– Тойшыбек, қастарыңа көшіп келдік,
Қырғызға көрсеткелі біраз ерлік.
Енді жақсы батырға хабарлап қой,
Абылай хан, Қасымұлы мен Арқа жерлік.
Болайық, амандасып, елге таныс,
Арқадан ауып келдім, жерім алыс.
Жолда әркімнен сұрап ем: «Кім батыр?» деп.
Жақсы адам, – деп айтты, – сізді қалыс.

Сонан соң тура келдім қасыңызға,
Қызығып батыр деген басыңызға.
Күнде сөз, күнде сөйлеп танысармыз,
Бір Алла жәрдем берсе басымызға [54, 90].

Сөйтіп Кенесары хан Тойшыбек бидің бекінісіне келіп қоныстанады. Тойшыбектің ұлы жасөспірім Байсейіт те Кенесарымен жүздесіп, өзінің Кенесарыға деген құрметін білдіреді.

1846 жылы Жетісу жеріне келген Кенесары ханды Тойшыбек бидің еш қарсылықсыз, қонақжайлылықпен қабылдағанын тарихи деректер растайды [76].

Кенесарының жорықтағы жолдасы болған Наурызбай батыр жырда «Науан батыр» деп аталады. Кенесарыға амандаса келген адамдарды Науан батыр қарсы алады.

Наурызбай батырға арнап қазақ ақындары бірнеше жыр арнады. Ресей деректерінде Наурызбай батыр туралы мәліметтер, оның ерлігі жайында жазылған зерттеулерді, естеліктерді, құжаттарды кездестіру қиындау. Наурызбайды көзімен көрген, оның ерлігіне көзі тірісінде лайықты бағасын берген қазақ ақындары батырдың ерлігін жыр, толғауларында сүйсіне жырлады. Олардың қатарында Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай», Иманжан Жылқайдарұлының «Кенесары, Саржан», Доскей Әлімбайұлының «Кенесары», Саяділ Керімбековтің «Кенесары, Наурызбай», Омар Шипиннің «Наурызбайдың Досбол датқаны шақыра барғанда жолбарысты шанышқаны» т.б. тарихи жырлар бар.

Кенесары ханның қылмыскерлерді жазалау шаралары Жетісу халқының жадынан шыға қоймайды. Тарихшы, профессор А.Махаева: «Кенесары ханның барымташыларды асау аттың құйрығына байлап, жазалау шарасы да көпшіліктің қарсылығын тудырды. Мұндай қатаң жазаға Әли төре, Тойшыбек би, Сыпатай батыр сияқты Ұлы жүздің бас көтерер кісілері наразы болған» [26, 118] деген дерек келтіреді.

Ақын халық арасында сынға алынып, қолдау таппаған Кенесарының әрекетін Байсейітке арнаған жырында ұтымды пайдаланған. Алайда кейбір

тарихшылар Кенесарыға қазақтарды қарсы қою үшін Кенесарының қатыгездігі жайында тым әсіреленген әңгімелер таратқан деген пікір білдіреді. Бұл туралы профессор Ж.Қасымбаев былай дейді: «Явная гиперболизация «жестокости» хана не вызывает никаких сомнений. И во время пребывания Кенесары в Семиречье, и особенно в дни съездов степной элиты 23 июня, 4 июля 1846 г. Подчиненные генерала Н.Ф.Вишневского намеренно прибегали к таким приемам, чтобы впугнуть волостных, султанов, старшин и вообще собравшихся по его вызову. И после того, как они разошлись по своим аулам, сторонники России нарочито распространяли по аулам слухи о, якобы, беспощадности хана по отношению к своим недругам» [77, 119].

Тәжібай ақынның жырында Байсейіт батырдың жасы Кенесары Жетісу жеріне келген *кезде он бір жаста еді* деп көрсетілсе, жоғарыда берілген Саяділ ақынның жыр үзіндісінде Байсейіттің жасы *он екіде еді* деп жырланады. Тарихи деректерде Байсейіт батыр Тойшыбекұлы 1831 жылы дүниеге келген деген ақпарат беріледі. Кенесарының Жетісуға келген кезі 1846 жылдары болғандықтан, Байсейіт батыр он бір жаста емес, он бес жастағы бозбала болып шығады. «Байсейіт батыр Кенесары батырларының арасындағы ең жасы болған. 15 жасар Байсейіт ханның есігінің алдына дейін шауып келіп, дәл табалдырығының алдына келіп ат басын тартады. Сонда әкесі Тойшыбек «Бұл не бейбастық, сен ханды басынамысың?» деп ұрысқанда, Байсейіт: «Мен хан деп келгенім жоқ, батыр деп келдім, батырдан батыр қорықпайды» деп іле жауап қатқан дейді. Жас Байсейіттің ақылдылығы мен өжеттілігіне сай ержүректігінің де барын байқаған хан Кене оған әбден риза болады» деп Байсейіт батырдың ұрпағы Ғалымбек Нұркеев ақсақал да Байсейіттің он бес жасында Кенесарымен алғаш кездескендігін дәлелдейді [78]. Дәл осы оқиғаны Жамбыл ақын да өз естелігінде баяндай отырып, Байсейіттің жасы он жетіде еді деп көрсетеді. Демек мұнда батырды еларалық намысты бүтіндеуші ретінде дәріптеу бар. Кенесарыны дәріптей отырып, оның қырғызбен намысын жыртқан бала батыр Байсейітті эпикалық батырларша дәріптеп тұр. Ол – жас болса да ел намысын, батыр намысын таптатпайтын эпикалық рухта тәрбиеленген бала. Сондықтан да ол жаудан да қаймықпайды.

Толымбек батыр, Манқұл батыр, Нүсіп батыр, Жұмабай, Шемірбай, Жайық, Жолдыбай батырлар Байсейітті басшы қылып жүрді. Яғни жыр Жетісу өңіріне тән батырлардың атын атап, олардың бас батыры ретінде Байсейітті дәріптейді.

«Түрлі құжаттарда кездесетін деректік материалдарды салыстыра отырып, Кене ханның Жетісуға бет бұрғанда мынадай екі мақсатты көздегенін байқауға болады. Егер ісі сәтті жүрсе, Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздардан құрылған жасақтармен біріге отырып Жетісу, Солтүстік Қырғызстан және Шу бойын Қоқан үстемдігінен босатып, осы өңірге орнығып, өз әрекетін одан ары жалғастыру еді. Ал егер бұл әрекеттен ештеңе шықпаған күнде, Ресей билігі орнаған территориядан ұзап, Қытай құзырындағы Шығыс Түркістанға ойысу еді» [79, 31] деген ғылыми болжамымен М.Қойгелдиев бөліседі.

«Шындығында, фольклорлық үлгілерде айтылғандай Жетісу жеріне табан тіреген Кенесары қырғыз халқымен емес, қазаққа бүйідей тиген қоқан

хандығымен иен далаға иелік ете бастаған патша үкіметімен соғысты. Ал қырғыз манаптары қоқан билігіне мойынсұнып, патша әкімдерімен байланыс орнатқандықтан Кенесарыны өздеріне жау санады, күші басым екі елдің көмегіне сүйене отырып, атақты «Жайыл қырғыны» үшін Абылай хан немересінен кек қайтаруды көздеді» [19, 17]. Сол себепті қырғыздарға қарсы жиі ұрыс ұйымдастырды. Тарихшы А.Махаеваның зерттеуіне сүйенсек, 1846 жылдың басында қазақ пен қырғыз арасындағы қарым-қатынас күрделі де қиын болған. Қырғыздарға жасаған алғашқы жорықта қазақтар ойсырай жеңіліп, Кенесары хан қаһарына мінген. Кейінгі жорыққа Кенесарының өзі басшы болатынын естіген қырғыз батырлары қарапайым халық азап тартпасын деп келісімге келуге ниеттенген. Бірде екі ел туысқандық жолын ұстанып, бітімге келіп отырса, енді бірде қазақ-қырғыз арасында қантөгіс орын алып отырған. Осылайша Кенесарының әскері қатарынан табылған Байсейіт Кенесарының көзі тірісінде жорықтарға қатысқан деп жорамалдауға болады. Жырдағы Байсейіт батырдың қырғыздарға шабуылының мақсаты – Кенесарының қазасы үшін кек алу. Байсейіт батыр бір өзі қалың қолды бастаған, қырғыздардан еш жеңіліс таппаған қайсар батыр ретінде суреттеледі. Жасы он жетіге толғанға дейін қырғызды бес рет шауып, жеңіліс таппаған жас батыр ретінде бейнеленеді. Жырда Байсейіттің қырғыздарға деген кегі ұмытылмастай, арадағы өшпенділік татулыққа ұласпайтындай әсер қалдырады. Ал тарихта Байсейіт батыр қазақ пен қырғыз халқын татуластыруға атсалысқан кісілердің бірі болған. Шындығында, қазақтар мен қырғыздар арадағы кикілжіңді тоқтатып, өзара татуласуға қадамдар жасайды. Екі елді татуластыруда Тойшыбек би де, Байсейіт батыр да үлестерін қосқан. Сондықтан тарихи құжаттарда, анықтамаларда Байсейіт батырды қазақ пен қырғыз халқын татуластыруға ат салысқан кісілердің бірі ретінде сипаттайды.

Кенесары хан қазақ пен қырғыз арасында елшілік қызметте жүрген Саурық батырды қырғыздарға жіберіп, ханның қырғыздың елшілерін қабылдауға, қырғыз елімен татуласуға ниетті екенін білдіреді. Саурықтың шақыртуымен қырғыз елінен Жаманқара мен Болат батыр Кенесары ханға келеді. «Кенесары хан келген қырғыздарды өлтіруге бел буғанда, шапырашты руының екей тармағының Сарыбай биі, Бопай Қасымқызы араға түседі. Бірақ хан түнде елшілерді өзім күзетемін деп Екей Сарыбай биді үйіне қайтарып жіберіп, Жаманқара мен Болат батырды өлтіріп, қалған елшілерді босатып, өзі көшіп кетеді» [26, 116-117].

Саурық батырдың шақыртуына сеніп келген, қырғызға да, қазаққа да батырлығымен даңқы шыққан Жаманқара мен Болат батырлардың қасақана өлтірілуі қырғыздарға ауыр тиіп, қанды кекке ұласты. Қырғыздың бөлекбай руының Күрпік пен Самақ батыры бастаған 70-80-дей қол Саурықтың ауылының 700-дей жылқысын айдап кетеді. Саурық батыр Қойторы атына мініп, келген жаудың артынан қуып жетеді. Осы кезде:

Саурықтың кеп жан-жағын,
Қауғалады найзамен,

Бәрі бірдей шанышты,
Тығылып тасқа қалыпты,
Атынан жерге түскен соң,
Шанышты Күрпік бүйректен,
Қасына ердің арт жақтан,
Найзасымен тірелткен,
Артынан салған ақ найза,
Салып шықты жүректен [80].

Саурық батыр Күрпік батырдың қолынан қаза болады. Батырдың өлімінен кейін екі ел арасы одан сайын шиеленісе түседі. Кенесары хан қырғыздарға қарсы жорыққа аттанбақшы болғанымен, ел ақсақалдары ханды тоқтатып, екі елді бітімдестіруге бар күштерін салады. Оның үстіне дулат руы қырғыздарға қарсы соғысқысы келмеді. Атақты Сыпатай батыр да қырғыздарды жау санамайтынын жеткізіп, қырғыздарға қарсы соғыстан бас тартты. Кенесары хан сұлтандары мен сарбаздарының басын жиып, қырғыздарға қарсы көтеріліс жасады. Алайда Кенесары қырғыздарға шабуылы кезінде сарбаздарымен тұтқынға түсіп қалған еді. Кенесары хан тұтқынға түссе де, қырғыз манаптарына күш біріктіріп, қоқандықтар мен Патша үкіметіне қарсы соғысуды ұсынды. Кенесары ханның бұл ұсынысы қабыл болмай, қырғыздар ханды өлтірді. Бұл сөзімізді жетісулық ақын Саяділ Керімбеков өзінің «Кенесары, Наурызбай» жырында да нақтылай кетеді:

Өлтірмекші болғанда
Наурызбай, Кенесарыны,
«Өлтірмейміз», – десіпті
Қырғыздың тура жарымы.
Айтып, әбден тартысқан
Таласып қанша халқы:
«Аттанайық шын жауға».
Адамның Кене – алыбы,
Патшаға бізді бермеуге
Жетеді, – деп, – қаруы».
Пиғылын байқап халықтың,
Орман ханның ауылы,
Халықтан ұрлап манаптар
Өлтіріпті анығы [81].

Жетісулық ақын Әбдіғали Сариевтің «Саурық батыр» жырында Жетісу жеріне орыс әскерінің алғаш келуі Ерентал есімді патша әскерінің басты мергенімен байланыстырылады. Ол наймандар қоныстанған Алтынемел жеріне келеді. Осы кезде Жетісу жерінде Рейнталь есімді патша офицерінің қызметте болғанын атап өтеді. Ерентaлдың келгені жайында найманның батыры Артық елдегі батырларға хабар береді. Саурық батыр үш мыңдай қолымен наймандар

мекеніне аттанады. Ол Алтынемел жеріне жеткен кезде Ерентал қазақ ауылдарына қысым көрсетіп жатқан еді. Саурық батыр қолын жүз-жүзден бөліп, ел жатқан кезде жауға тиеді. Қазақтың қолы жау әскерін жеңіп, басшылары Ерентадды тұтқынға түсіреді. Демек Жетісу батырлары жалпы қазақтың қамы үшін күрескен батыр болып суреттеледі.

Генерал Колпаковскийдің Жетісу жеріндегі қазақ-қырғызды, бір-біріне айдап салған іс-әрекеттерімен қатар Қоқандықтармен соғысы жайында тарихи деректер айғақтайды [82, 20-21].

«Қоқандықтар бұл шайқаста біржола жеңілген жоқ, тек олардың алғашқы аптығы басылды, көп шығыннан кейін қайта шабуылға шығуға батпады да, шегіну арқылы өздерінің жеңілгендігін білдірді» [83, 159]. Қоқан әскерінен адам шығыны көп болғандықтан, олар кері шегінген. Осылайша 1860 жылы Жетісу жеріне орыс үкіметінің билігі толықтай орнады. Ал Әбдіғали ақынның «Саурық батыр» жырында Ұзынағаш шайқасының жырлануы өзгеше. Туындыда Саурық, Байсейіт, Сыздық батырлар бас қосып, патша әскеріне қарсы соғысуға қамданады. Колпаковский әскері мен қазақ батырлары бір күн соғысады. Патша әскері кері шегінеді. Қазақ батырлары патша әскерінің қайтып келуін күтеді. Саурық батыр қоқандық Қанағатша, Жантай батырларға хат жазып, көмекке шақырады. Көп өтпей Қанағатша, Жантай батырлар, Сыпатай мен Батырбек батырлар келіп, шатырларын тігіп, патша әскеріне қарсы соғысуға дайын болады. Колпаковский қайтып келіп: «Саурыққа соғыссыз беріл» дегенімен, Ол айтқанынан қайтпай, соғысуды жөн көреді. Алайда Колпаковский «шен берем» дегесін Қанағатша, Жантай, Сыпатай, Батырбек батырлар көп қолымен патша әскерінің қатарына қосылып кетеді. Екі жақ үш күн, үш түн соғысса да, бір-біріне берілмейді. Жеті күндей демалып алып, қайта соғыспаққа келіседі. Саурық әскері Құтырғанның бойына, Самсы жаққа келіп, аялдайды. Осы кезде Самсының шығыс жағынан әйел киімінде қырық-елудей жау барлаушылары келіп, жылқыны айдап кетеді. Саурық жаудың соңынан қуа жөнеледі. Оларды қуып жеткен батырды жау жан-жағынан қаумалап, Күрпік батыр Саурықтың бүйрегінен найзасын шаншып, жаралайды. Біраз уақыт өткенде Сыздық батыр төрт мың әскерімен келіп жетеді. Жантәсілім етіп жатқан Саурық Сыздыққа патша әскеріне қосылмауды, атаққа сатылмауды өсиет етеді. Ол жан тапсырғаннан кейін Сыздық батыр патша әскеріне қарсы аттанады.

Демек Ұзынағаш шайқасында орыс әскері басым түсіп, қазақ, қоқан қолдары кері шегінуге мәжбүр болды. Жырда баяндалатындай, Қоқаннан келген Қанағатшах, Жантай батырлар патша шеніне қызығып, орыс әскеріне қосылмаған. Саурық батыр бастаған сарбаздар мылтық пен зеңбірекке қарсы амал таппай, жеңіліс тапты. Саурық батырдың ерлігі туралы өзге де бірнеше жыр-дастандарда баяндалады. Көпшілікке Сүйінбай мен Жамбыл ақындар жеткізген жырлар кеңінен таныс. Сүйінбай ақыннан Саурық батырға қатысты жеке жыры сақталмағанымен, «Руы Шапырашты – Саурық батыр», «Батырлар жаудан қайтқанда», «Батырларды жоқтау», «Ту алып жауға шықсаң сен» сияқты өлең-толғауларында, айтыстарында Саурық Ыстамбекұлының ерлігі айрықша бейнеленеді. Бұл жырларда ақын Жетісудың қос батыры Саурық пен

Сұраншыны бөліп жармайды. Екеуінің де есімдерін қатар атап, («Сұраншы, Саурық аттанса, дұшпандарға өлім бар», «Сұраншы, Саурық кезінде қатарға қашан кеп едің?», «Сұраншы, Саурық келсе «Қарасайлап», Басыңды ұшырмай ма жел-құйындай», «Сұраншы, Саурықпенен қабат өліп, Опасыз дүние, сенен көңілім қалды!», «Сұраншы мен Саурықтың ерліктері күн сайын қалың елге тарап жатыр» т.б.) есімдерін ұлықтап отырады.

Ең алдымен, Саурық Ыстамбекұлы қазақ пен қырғызға танымал батыр, қолбасшы, би, бітімгер тұлға болған. Екі елдің арасындағы жер дауы, барымта-қарымтаға байланысты мәселелерді шешуде шапырашты руының намысын қорғап, қырғыздарға қарсы бас көтеріп отырды. Әсіресе Жетісудағы керуен саудасының дамуына да ықпал етті. Батырдың атымен аталатын «Саурыққорған» бекінісінде сауда-саттықтың жолға қойылуы жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігіне оң әсерін тигізді.

Екіншіден, Саурық батыр патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы көтерілістерге, қозғалыстарға жетекшілік жасады. Туған елінің қамы үшін басын өлімге тігіп, қаза тапты. Кеңестік кезеңде оның өмірі мен ерлігі жөнінде көп айтылмады. Дегенмен Әбдіғали Сариевтің «Саурық батыр» жырына сүйенсек, тарихпен жанасатын көптеген деректерді кездестіруге болады. Жырда да батыр патша үкіметінің отарлауына қарсы болады, отаршыларға қарсы қол бастайды. Тарихта Жетісу жерінде үш Саурық есімді батыр болғаны мәлім. Оның алғашқысы – Көксау Саурық (13 ғасырда Темүжін әскеріне қарсы соғысқан батыр), екіншісі – Саурық Ыстамбекұлы, үшіншісі – албан Саурық Алпарұлы (Ұзақ батырдың әкесі).

Ә.Сариевтің «Саурық батыр» жыры шапырашты Саурық батырдың өмірін жырлауға арналғанымен, албан Саурықтың Колпаковский бастаған орыс әскерімен соғысқаны баяндалып, соңында Саурықтың Күрпік батырдың қолынан қаза тапқаны сөз болады. Тарихи деректерге қарағанда, Саурық Ыстамбекұлы албан Саурықтан бұрын өмір сүргені аңғарылады. Дегенмен ақын тарихта болған екі батырдың ерлігін бір жырға кіріктіріп, бір Саурықтың образын көрсетуді мақсат еткен. Жырда Саурықтың Күрпік батырдың қолынан қаза тапқаны айтылғанымен, оқиғаның қай уақытта өткендігі жөнінде мәлімет берілмейді.

Батырдың өмірін зерттеушілер арасында оның дүниеден өткен жылына қатысты ой-пікірлер, деректер де бірізді емес. Академик М.Қойгелдиев Саурықтың барымташыларды жалғыз қуып жеткенінде қырғыздың Самақ пен Күрпік батырлары Саурықты аттан құлатып, найзамен түйреп өлтіргенін айтып, оқиғаның шамамен 1854-1855 жылдары болғандығын топшылайды.

Ал профессор А.Махаева Саурық батырдың қайтыс болған жылына қатысты жансақтыққа жол берілгендігін айтып, оған мынадай дәлел келтіреді: «Ы.Абдырахманов пен Б.Солтоноев қолжазбаларындағы мәліметтерді өзара салыстыра қарағанда, Шапырашты Саурық батырдың 1846 жылдың көктемінде Қастек пен Қарақыстақтың арасындағы тау бөктерінде – Сарысыбыр деген жерде, қырғыз батырлары Күрпік пен Самақтың қолынан қаза тапқанына көз жеткізуге болады» [83, 117].

Әдебиет зерттеушісі Р.Әбдіғұлов батырдың қайтыс болған жылына қатысты өз пікірін білдіреді: «1847 жылы қазанның 23-інде манап Орман Ниязбековтің Сібір қазақтарының бастығына Кенесары Қасымовтың өлімі жайлы жазған хатында: «…Засим предъявляю Вам, что из рода чапрашты Саврук-кочька, вызвав 12 человек наших под видом посольства, передали их Кенесаре на смерть. Главный из них назывался Джаманкара батыр, а другой – сын Бердогожи Булат батыр; с того времени он, действуя с Кенесарой заодно, не удовлетворил нас за умерщвленных куном…», – деп жазған.

Бұл хатқа, т.б. материалдарға қарағанда Кенесары өлген кезде Саурық тірі. Саурық өмірінің соңғы жылы кейде 1854 жыл деп берілсе, кей материалдарда Кенесарыдан бұрын өлген делінеді. Бірақ кейінгі жылдары жарыққа шыққан құжат деректеріне қарағанда Саурық Кенесары жағында қырғыздарға қарсы соғысқан, қоршауды бұзып шыққан [84]. Қайтыс болған жылына қатысты түрлі пікірлер Саурық батыр өмірінің әлі толықтай зерттелмегендігінің айғағы деуге болады. Алдағы уақытта тарихшылар батырдың қайтыс болған жылын нақтылай түседі деген үміттеміз.

Саурық батырдың өмірден өткенін баяндайтын тарихи деректер, ел аузында сақталып қалған әңгімелер, жырлар жеткілікті. Дегенмен Саурық батырдың қайтыс болған уақытынан бөлек оның кімнің қолынан қайтыс болғандығына қатысты ортақ мәліметтер де кездеспейді. Бұл қазақ пен қырғыздар арасындағы әдеттегідей барымташылық емес екендігін А.Махаева: «Мұрағаттық құжаттарда Орман манап Саурық батырды қырғыздың 12 адамын елшілікке шақырып алып, Кенесарының қолына өлімге берді, сөйтіп, Жаманқара мен Болат Бердіқожаұлы сияқты батырлар өлді деп кінәлап, Саурық пен Кенесары олардың құнын бермеді деп айыптаған» [83] деп тұжырымдайды. А. Махаеваның айтуынша, Кенесарының Жаманқара мен Болатты өлтіргенін естіген Шыңғыс батыр ағасы Жаманқараның қайғысынан қартайған шағында қайтадан атқа қонып, Бөлекбайдың бозбалаларын жинап, 70-80 азаматты ертіп, Саурықтан кек алуға аттанады. Самсының бойына жақындай бергенде, үй тігіп жатқан 300-400 түтінді көргесін, өзбектің саудагері екен деп ойласын деп бастарына сәлде орап, найзаларын көрсетпей, құрықша сүйретіп, ауылға жақындайды да жайылып жүрген 700-дей жылқыны айдай жөнеледі. Қоқанның саудагері деп ойлап қапысыз жатқан қазақтар жау екенін білгенде, асығыс атқа қонып, 100-ге тарта кісі соңына түседі. Қазақтарды бастай шыққан Саурық асығыстық танытып, сауытын да кимей Қойторы атына қарғып мініп, найзасын ғана іле кеткен. Салдарынан осы ұрыста Саурық батыр қайтыс болады [83, 93].

Саурық батырды жырлаған Үмбетәлі ақын С.Бегалинге мынадай естелік айтады: «Саурықты мен жырладым, өйткені онда қырғыз бен қазақ бар еді. Және бастауын бастасам да, осы Алматыда, облыстық комитетте істеп тұрған жігіт ұнатпай, аяқтамай тастадым. Өйткені Саурықтың соғысы ылғи қырғызбен екі арада болған еді. Және Саурықты қырғыз Көрпік батыр өлтірген. Өйткені Көрпік Кенесары өлтірген Жаманқараның інісі екен. Кенесары Жаманқараның інісін Саурықтың аулының қасында, ақ үйлі болып отырғанда өлтірген екен. Жаманқараның інісінің өлімі жөнінде Саурықпен аса өш екен. Бұларды айтуға

екі елдің өткендегі қателігі ел ішінде әлі де ұсақ араздықты қайта туғызбасын деген ой болды» [85, 168-169].

Үмбетәлі ақынның естелігінде көрсетілгендей, ол жырлаған Саурық батыр жыры кейінгі ұрпаққа жетпеген. Ақынның дерегі бойынша 1920 жылы Верныйдағы жас Кеңес өкіметі басшыларының Жетісудың халық ақындарын жинап, оларға шығармашылық байқау өткізген. Оның соңында көңілдерінен шыққан бірнеше ақынға Жетісудан шыққан тұлғаларды жырлауды тапсырады. Осы жиында Жамбыл ақынға Өтегенді, Үмбетәліге Саурықты, Бармаққа Байсейітті, Мақышқа Тазабекті, Садыбекке Сыпатайды жырлауды ұсынады. Үмбетәлі Саурық батырдың өмірлік жолына қанық болғандықтан, оның Жаманқара батырдың інісі Күрпіктің қолынан қаза болғандығын білген деп ойлауға болады. Кейін Саурық батырдың ерлік істерін Жамбыл, Әбдіғали ақындар жырға қосты.

1848-1860 жылдар аралығында орыс әскері құрамында болып, қазақ жерін қоқандықтардан азат етуге қатысқан, атақты Қарасай батырдың ұрпағы, ерлігімен Сүйінбай, Жамбыл ақындардың шығармашылығына арқау болған Сұраншы батыр жайындағы жырларда да Жетісу өңірінің азаттық жолындағы күрес тарихы бедерленген. Сұраншы Ақынбекұлы – тарихи адам, оның Қоқан хандығынан Қазақстанның Оңтүстік өлкесін азат етудегі ерен ерлігі – тәуелсіздік үшін күрестің жарқын беттерінің бірі. Ш.Уәлихановтың өзі Сұраншыны «... қазақтарды қоқандықтардың езгісінен құтқарушы» деп бағалаған [86].

Өзі де сол жолда Сайрам бекінісін қорғау соғысында 1865 жылы қапияда мерт болған. Батыр 1853 жылы қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қопа станциясы маңында 300 сарбазбен қоқандықтардын 20 мың әскерін жеңген жеңісі елдің рухын асқақтатып, үмітін оятқан. Сұраншының ерлігінің халық арасына кең жайылып, таралуында батырмен жорықтарда үзеңгілес болған Сүйінбай ақынның рөлі зор. Бұл жайында кезінде Е.Ысмайылов та атап өткен болатын [87, 155]. Ғалым С.Қасқабасов Сүйінбайдың «Сұраншы батыр» жырының шығуы жөнінде мынадай бір әңгіме-деректі келтіреді: «Халықтың жоғын жоқтап Тезек төренің ауылына келген Сүйінбай киіз үйдің есігінен аттай бергенде, «шапырашты батыр ел» дейді, «батырлығын айтшы!» деген төреге «Сұраншы батыр» толғауын шығарған екен»[88]. Сүйінбай жырлаған «Сұраншы батыр» жырында халықтың Қоқаннан көрген зәбірі ақын тілінен өлең болып төгіледі:

Қоқанның ханы қағынды,
Байлаулы тұрған төбеттей,
Аласұрып шабынды.
Өз-өзінен желігіп,
Қызыл қанды сағынды.
Әскерін ертіп соңынан,
Қоқаннан бері ағылды [89, 109].

Қоқандықтардың бейбіт жатқан қазақтың даласына ойран салған оқиғаларын орыстың ұлықтары білсе де, білмегендей сыңай танытқан. Ерлерін қапияда қалдырып, аялаған қыздарын қорлаған Қоқан билеушілерінің елдің халін қатты титықтатқаны белгілі. Қазақтың шұрайлы жерлері көкейлерін тескен отаршыл күш бірқатар жерде бекіністер салып, жергілікті халықты ығыстырып отырды. «Біраз елді өзіне қаратқан қоқан хандығы өздеріне қажетті деген жерлерге әскери қорғандар, бекіністер орнатты. Жергілікті халықты шұрайлы жерлерінен ығыстырып, қуып шықты. Егер қоқан хандығының әміріне сәл наразылық білдірілсе, тұтас ауыл талқандалып, өртеліп жіберілген» [6, 144].

Мұндай қорлық пен зорлыққа ежелден еркіндік аңсаған қазақтың көніп отыра беруі мүмкін емес еді. Сондықтан да ел қамын ойлаған Сұраншыдай батырлар астына Ақтұяқ тұлпарын мініп, «он мың қолдан» қаймықпай жауға қарсы шабады. Сүйінбай жырының эпикалық қуаты басым, ондағы батыр классикалық батырлар секілді өз басын қорғаламайтын батырлық мінез иесі болып суреттеледі. «Халқым үшін мен бір лақ» деп Сұраншы айтыпты дейтіндей, Сұраншының ажалмен бетпе-бет келіп, күші басым жауды жалғыз өзі жайратып, қашқан қоқанды жайына қоймай, қирата жеңуі халықтың осы бір озбыр күштің тырнағынан құтылсақ деген үміт сәулесімен қатар өріліп жатыр.

Сұраншыдай батырым,
Дұшпанмен жалғыз ұрысты.
Қылышты салып қынына,
Ақберенмен атады.
Отыз жыл ойрандаған елімді,
Жаулар қанға батады [90, 112].

Әрине батырдың ерлік ісін жырлағанда Сүйінбай ақын халықтың ел ішіндегі беделін, халықтың оған деген сүйіспеншілігін қоса жырлайды. Сондықтан да жырда болған оқиғалармен қатар «халықтың болашақта осылай болса екен» деген аңсары да бірге қамтылады. Авторлық тарихи жырдың заңдылығына сәйкес, батырдың өлімі де реалистік сипатта берілген. Ал Жамбылдың «Сұраншы батыр» жыры тікелей Сүйінбайдың өсиеті арқылы жырланған. Ол жайында Жамбылдың өзі де әрдайым айтып отырған. Сүйінбай ұстазының жырын тереңдете кең көлемде жырлаған Жамбылдың «Сұраншы батыр» жырындағы оқиғалар екі үлкен мазмұнды құрайды. Оның бірі Ресей мен Қоқан хандығының қазақ жеріне жүргізген зорлық-зомбылығының күш алып, халықтың ахуалы өте қиын жағдайға тап болған тұстағы Сұраншының Қоқанмен ашық соғысып, оны ел шетінен қуып тастауы болса, екінші бөлімінде көрші Орман ханына қарсы шығып, оның бетін қайтарған ерлігі дәріптеледі.

Оралдан өрлеп Алтайға,
Алуға патша ынтықты,
Садақ тартқан қазаққа,
Түтіндетті мылтықты.

Ертісті өтіп оралтып,
Жетісуға қол сұқты [90, 114] –

дейтін жыр жолдарында Патшалық Ресейдің қазақ даласын қалай біртіндеп өз құрсауына алып келе жатқандығын аңғартып өтеді. Ұлы жыршының осы бір шумағының өзінде қазақ даласының орыс империясының шеңгелді уысына түсу тарихы толық көрініс тапқандай. Жырдағы бейнеленетін Қоқан ханы Құдиярдың қазақты өз алдына билемек болған пиғылы, осы пиғылмен қырғыз ханы Орман ханмен одақтасып орысқа қарсы шығуы сияқты оқиғалар бірнеше оттың ортасында қалған қазақтың сергелдеңді тағдырынан хабар береді. Басқыншылық, отарлық пиғылдың құрбаны болған ешбір жазықсыз жандардың қоқанның жауыздығына тап болған тұсын суреттеулер – қазақ тарихының ең бір азапты, әділетсіз тұстары.

Жай қашпады Құдияр,
Жолындағы ел тұншықты,
Жабық тіліп, үйді өртеп,
Айғыр атты жетектеп,
Қатын-бала шырылдап,
Хан жолынан су шықты [90, 115].

Жырда осындай зорлықты құлағы шалған Сұраншы батырдың көп кідірмей тұлпарына қонып, жауға қарсы шауып, «үш күн, үш түн» алысып, жауын Қордай асуынан асырып қуып еліне азаттық әперу әрекеті эпикалық дәстүр аясында жырланған.

Ұстарадай шаш алған,
Жауды батыр сыпырды...
Үш күн, үш түн ұрысқан,
Сол батырдың соғысы,
Рүстемнен кем емес [90, 133] –

деп дәріптейді жыршы.

Сұраншының қоқандықтармен ұрысындағы ерлік істері халық аузында жыр түрінде ғана емес, аңыз түрінде де сақталған. Ол ержүрек батыр ғана емес, жаудың ұрымтал жерін тауып, ойсырата соққы берудің әдісіне жетік батыр ретінде «Шом қалған» аңызында айтылатындығы жайлы С.Қасқабасов еңбегінде алғаш рет талданған [91, 146]. Ғалым айтқан аңызды бұрынғы «Жамбыл» колхозының мүшесі Ыбырайым Бейсембекұлы да растайды: «Өйткені Ыбырайым үлкен әкесі Райымбек деген кісі көп жасап, 83 жасында 1914 жылы өлген. Ол кісі Сұраншының соғысына өзі қатынасқан. Сұраншының бұл соғысын Райымбек бастан аяқ өте қызық етіп айтады екен. «Сұраншыға хабар келгенде, мен де қасында едім. Қарғалының беткейінде, ауылдың сыртында тоғызқұмалақ ойнап отыр еді Сұраншы. Екі торы аты терден бұрлығып кеткен Тілеуқабыл

елінің шапқыншысы келді. Қос атпен кісі келе жатқанда-ақ, Сұраншы құмалақты жайып күтіп отырды.

Тойшыбек бастаған Қоқанның қолы Сарыкемердегі Тілеуқабылды шапты, елдің ақсақалы сізге жіберді, — деді шапқыншы. Сұраншы көп сөйлемейтін кісі еді. Аз ойланып отырды да:

– Тігіңдер туды! – деді. Атақты батыр атасы Кәшке туын көтерген соң-ақ сол жердегі Есқожа, Екейдің барлық ер азаматы атқа мінді. Небәрі 800 дей ғана кісі болды. Қол жөңкіле төмен түсті. Сұраншы аулының барлық жарамды ат-айғырын мінгізіп, қара көбейтіңдер деп, малшыларына дейін қалдырмады.

Шапқыншы Сарыкемерге ел жаңа ғана қонып жатқанда шауып жетеді. Өзінің қолы сол жерден кейін серпілді. «Тауға кеуделеп келіп қалған шығар», — деген соң, қол біресе жөңкіліп Қопаға шауып, біресе Құтырғанға қарай шауып, ат та барлықты. Бір мезгілде Сұраншы: «Қоқанның қолы Қопаға қоныпты. Енді ол бүгін көшпейді, түнде тиеміз, атты біраз тынықтыртып алалық», — деп қолға аралап жүріп айтты да, өзі Жанжігіт, Төбет деген жерге әкеліп қолды түсірді. Елдің бәріне отын шаптырды. Бір кісіге үш жерден отын үйдіріп, күн бата барлық үйген отынға от қойғызды. Ел жата 300 кісіні үшке бөліп, үш жақтан тұтатқан бұтаны аттың құйрығына байлатып, ел жата жатқан қолға келіп тиіп кеп жіберді.

Сұраншы қолдың алдымен Қоқан қолының ортасына өзі кіріп, алдымен туды шаншып түсірген. Қаптаған от, көтерілген шаң өзінен-өзі дүрліккен, жай жатқан алаңсыз қол есі шығып, соғыса алмай қашқан. Қашқан жауды жетіп түсіре бердік. Мен өзім сол түнде 17 аттың құлағын кескен екенмін, 6 ат қазақтікі екен, өзі танып алды, қалған 11 атты Жауқашар екеуміз алдық, (соғыста жаудан кісі түсіріп атын алғанда, түсірген кісі аттың құлағын ойып алады екен. Артынан кімде кімнің кісесінде құлақтың ойығы қай атқа дәл келсе, сол атты алады екен).

Қоқанның қолы сол қашқаннан жаман қашты. Көбі қазақ пен қырғыз екен. Қоқан қолының алып кеткен мал-мүлкін қайырып әкеліп, шабылып қалған Тілеуқабыл елінің өзіне бергенде, Тілеуқабыл елінің Тілен деген кісінің бәйбішесі семіз кісі екен, аяңдап келіп: «Сұраншы батыр қайсысың? Көрейін», — деп келіп, алдына бір шығып, артына бір шығып: «Балам-ай, Қарасай, Кәшке аталарыңның әруақтары саған баса қонған екен. Еліңнің бағына туған ер екенсің», – дейді» [92].

Жетісу аймағындағы авторлық батырлық жырлардың ішінде осы «Сұраншы батыр» жырында тарихи шындықтан гөрі көркемдік шындық басым деуге болады. Себебі Сұраншының тарихи бейнесіне қатысты зерттеулерде оның ру басы, би болғандығы, Орыс үкіметінің саясатын ел ішінде дұрыс жүргізгені үшін марапатталғаны т.б. жайлы ой-тұжырымдар бар. Бірақ Сүйінбай да, оның ізімен жырлаған Жамбыл да Сұраншыны қарапайым халық өкілі, халықтың қамын ойлаған ержүрек батыр деп жырлайды. Бұл – халықтың тілегінен туған жыр. Себебі жыршы халықтың тілегін жырлаушы. Сондықтан да бұлайша жырлану авторлық тарихи жырдың жанрлық ерекшелігіне сыйымды.

Жалпы бұл кезеңдегі Жетісу өңіріндегі тарихи оқиғалардың қат-қабат өтіп жатуы, өзара билікке таласқан отаршылдардың әрекетінен халықтың кей тұста патша үкіметінің саясатына иек артқаны байқалады. Патшалық Ресейдің өзі де

осындай халықтың жан-жақты қалжыраған тұсын ұтымды пайдаланып, өздерін қазақты жарылқаушы ретінде таныту саясатын ұстанғандығын 1979 жылы шыққан «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» атты кітапта келтірілген генерал Колпаковскийдің Шапырашты елінің бетке ұстар адамдары ретінде Сұраншы мен Нарботаға жазған хатының мәтінін келтірген: «Қоқандықтар бізбен соғысқалы келді. Оның орыс әскерінің күшінен жеңілетіндігі сөзсіз. Шапырашты елінің зорлықпен Қоқан хандығының қол астында қалуы қынжылармлық іс. Оларға қарсы тұрарлық халдеріңіздің жоқ екендігін де біліп отырмын. Құрметті батыр-билер, қоқандықтардың ішінде болғандарыңыз үшін мен сіздерді айыптамаймын. Ия, жалпы жағдай солай болып тұрғаны түсінікті. Бұны кеше Шаян келіп түсіндірді. Сондықтан менің сіздерден сұрайтыным: қоқанның ешқандай әрекетіне араласпай, тыныштықпен көшіп-қонып дегендей... Шаруаларыңызды істей беріңіздер. Анда-санда маған келіп жолыққандарыңыз жөн болар. Орыс үкіметі сіздерге ешқандай жаманшылық ойламайды [49, 262-263].

Әбдіғали Сариевтің «Асу» атты туындысы жоғарыда сөз еткен «Саурық батыр» жырының жалғасы іспетті. Ол Саурық батырдың өлімімен басталып, әрі қарай шиеленісе түседі. Саурық батырды құтқаруға келген жетісулық Байсейіт батыр да жараланады да, олардың ерлік істерін Сұраншы батыр жалғастырады.

Сұраншы Ақынбекұлының Жетісу жерін қоқандықтардың алым-салығынан босатуда көп істер атқарғанынан мәлімет беретін Әбдіғали ақынның бұл жыры Сүйінбай мен Жамбыл ақындардың жырларынан өзгеше.

Сұраншы шапырашты тайпасының төбе биі Нарботаның тәлімін алып, Мырзабек, Кәшке руларына би болып сайланады. Ел билігінде жүріп қоқандықтардың қазақ руларына міндеттеген есепсіз салығын көзімен көреді. Қоқандықтардың тарапынан қысым көріп келген халықтың тығырықтан шығу жолын іздеді. Бұл ретте Жетісудың Сарыбай, Сүттібай батырларымен үзеңгілес жүріп, қоқандықтарға қарсы қарсылықтар ұйымдастырады. Алайда кейін мұндай ұсақ-түйек қарсылықтар нәтиже бермейтінін түсінеді. Сөйтіп қоқандықтардың алым-салығынан құтылудың бірден бір жолы Ресей патшалығымен одақ құру деген шешімге келді. Сол себепті Сұраншы өзін бітімгер ретінде танытып, 1846 жылы Нарбота бимен бірге Жетісу жеріне келе жатқан патша әскерін алдынан шығып, күтіп алды. Осы оқиғаны Әбдіғали ақын «Асу» жырында былайша көрсетеді:

Сіздер мен біз бірлесіп,
Алатаудың аймағын
Қоныс етіп тұралық.
Сөз төркінін бойлағын.
Қаруланып мылтықпен
Қан іздеген жау болса,
Еліңді сөйтіп қорғағын [80, 32 б.].

Осылайша Сұраншы бастаған қазақтар орыстармен бітімге келіп, одақтас болуға келіседі. «Алайда, бұл ойында Сұраншының да ішкі есебі, өз мүддесі болғандығы жасырын емес. Біріншіден, елін Қоқан хандығының бодандығынан айырып алуға сол тұстағы Саурық, Сұраншы, Сыпатай, Бөлтірік т.б. батырлардың күш-қуаты жеткіліксіз еді. Оған қоқандықтардың Жетісу өлкесіне мықтап орнығып, қанатын кеңге жая бастауы, оларға қырғыз манаптары мен қазақтың кей сұлтандарының, батыр-бағландарының ашық қолдау көрсетуі басты себеп болды. Екіншіден, Қазақстанның шығысы арқылы Ресей әскерлерінің Жетісуға ене бастауы, сөйтіп, көрікті жерлерде орыстар мен қоқандықтардың бекіністер, әскери қалашықтар салуы жергілікті халықты қатты сансыратты. Осы тұста ұлт тәуелсіздігін ту еткен Кенесары хан да ақ патшаның тегеурініне шыдамай, Жетісуды пана тұтқан еді. Оның қырғыздармен болған соңғы соғысы да жергілікті руларды әлсіретіп тастады. Бұл тосын оқиғалар ел ағаларын, батырлар мен билерді тұйыққа тіреп, тауы шағылды. Әсіресе, Ресей бұғауының шеңбері тарылып, халық бодандықты мойынсына бастады. Малдың өрісі, жұрттың тынысы тарылды» [73, 183-184]. Үшіншіден, патша үкіметінің экономикалық, саяси, әскери әлеуеті мен жаңа технологиясы да ықпалын тигізбей қоймады. Мәселен, қазақтар патша үкіметінен егін егу, бағбаншылық кәсіпті, оқу-білімді т.б. үйренерміз деген сенімде болды. Осы себептер Жетісу жерінің патша үкіметіне қосылуын жеделдеткен еді. Әбдіғали ақын аталған екі жырдағы оқиғаларды көзімен көрмесе де, сол тұстағы саяси, тарихи оқиғаларды көзімен көрген Жамбылдай бірегей ақын-жыршының әсері мол болғандығы анық. Себебі «Асу» жырында Жамбыл ақынның жыры интертекст ретінде қосылған. Осы ретте екі жадтағы оқиғалар біріктіріле отырып, жырдың тарихилығы мен көркемдігі толыға түскен.

Жадтың біріктірілуі дегеніміз – екі немесе одан да көп субъекті жадтарының бір жерге тоғысқан жиынтығы. Мұндай құбылысты тарихи жырлардан жиі кездестіруге болады. Ақын оқиғаны баяндау кезінде кейбір оқиғаларды өз атынан ғана емес, өзге де тұлғаның шығармашылығындағы белгілі туындының үзіндісін, не тұтас күйінде кіріктіріп жіберуі мүмкін. Көбіне мұндай әдіс жырдың тарихи, әдеби құндылығын арттыру, тыңдарманды нандыру мақсатында қолданылады.

Осы кезеңде Сұраншы, Тезек төре сынды Жетісудың беделді би, батырлары қоқандықтарға қарағанда патша үкіметімен одақтас болуды жөн санағанымен, патша үкіметі қазақтарды тезірек бағындырудың айла-тәсілдеріне көше бастады.

Тәжібай ақынның «Байсейіт батырдың тарихы» атты жыры да патша үкіметінің орнауы кезеңіндегі Байсейіттің батырлық тұлғасын дәріптеуге арналған.

Байсейіттің Баран төремен соғысында екі жүз орыс әскері аман қалып, қашып барып, орысқа хабар береді. Ибан батыр мен К.К.Колпаковский төрт мың сарбазбен Талдықорғанда бекініс салдырып, Іледен өтіп, Байсейіттің ауылына келеді. Орыс әскерін бір топ қазақ төрелері мен батырлары қолдап, бірге жүреді. Орыс әскерлері Байсейіттің ауылындағы қазақтарға соғыссыз өздеріне бағынуды бұйырады. Олар бұл бұйрыққа келіспей, жекпе-жекке шығуды ұсынады. Осы

кезде орыстың қолшоқпары боп жүрген Тезек төре қалың шидің арасына орыстың мергені жасырынып, қазақты жасырын түрде ату керектігін, қазақ аңғалдығымен байқамай қалатынын айтады. Орысқа жекпе-жекке шыққан Шаншар батырды ши арасына жасырынған орыс солдаты атып тастайды. Мұны көрген қазақтың бір топ сарбазы топ-тобымен қаша жөнеледі.

Орыс әскерінің де мақсаты осы еді: қазақты үркіту, қорқыту арқылы бағындыру. Қорыққан халық орыстың айтқанын істеп, айдағанына көнеді. Орыс отарлаушылары қазақты үгіттеп, өздеріне бағындыра бастады. Жетісулық Тәжібай ақын Сұраншыны Байсейіт, Күреңкей батырлармен бірге қазақ жасағын құрып, казак-орыстарға қарсы соғысқа дайындалғандығын сөз етеді. Қазақтар орыс әскерінен қорыққандықтан, ол батырларға қосыла алмайды. Байсейіт, Сұраншы, Күреңкей батырлар: «Біз өздігімізден орыс әскеріне тиіспейміз, бізге тиіссе, аямаймыз», – деді. К.Колпаковскийдің басшылығымен орыс әскері Байсейітті қайтсе де қолға түсіруге ниеттініп, ұстап алуды көздеді. Мұны естіген Байсейіт «орыстың қолынан өлгенше, сарттарға басшы болып, казак-орыспен соғысайын» деп ойлады. Сөйтіп қоқандықтар әскерінің құрамында орыстармен соғысып, оларды жеңіп, Шудың суынан әрі асырып қуады. Қордай жерінде он бес күндей болып, өзен жағасында киімін киіп жатқанда, жауырынынан оқ тиеді. «Сонан жар десе, ешкім жарып алмай, қолы жарамай, аулына келіп бір ай жатып қаза болады. Ішіне қан толып, үйінде өлді батыр. Осымен бітті отыз жеті жасында. Тамам. Казак-орыс алғаш келгені – 1848-ші жыл. 1850-ші жылы Байсейіт өлді» [58], – дейді Тәжібай ақын. Ақынның батырдың қайтыс болған жылына қатысты берген дерегі қате. Тарихи деректерде «Байсейіт батыр 1867 жылы өмірден өткен» деген дерек келтіріледі.

Қазақ-қырғызға танымал Шөже ақын Байсейіт батырдың күйеу баласы Ноғайбай биге айтқан арнауында:

Байсейіттің батырлығы жаннан асқан,
Ондай кісі шықпаған бір қатардан.
Сарттың жалғыз оғынан өліп кетті,
Сондай ғой опасы жоқ дүние жалған [93] ,

– деп жырлайды.

Жыр авторы Тәжібай Байбағысұлы 1865 жылы дүниеге келген. «Әрі ақын, әрі сазгер, әрі әнші. Шешендігі тағы бар. Ең алдымен тәуіп болған кісі» [94] дерек те ұшырасады.

Тәжібай Байсейіттің көзін көрмеген, бірақ батырдың ерлігіне қанық боп өскен. Демек эпикалық дәстүрде өскен, оның үстіне бір ғасыр бұрынғы қазақтардың қалмақтармен, қырғыздармен, қоқандармен, орыстармен қарым-қатынасы, әлі де сол тұста өткен тарихи-саяси оқиғалар ұмытыла қоймаған. Әсіресе Сұраншы батыр, Сыпатай батыр, Тойшыбек би, Байсейіт батыр, Кенесары хан, Наурызбай батыр, Шаншар батыр, Тезек төре сынды тұлғалардың орыс, қоқан шапқыншылығы тұсындағы ерлік істері ел жадында сақталып, аңыз-әңгіме болып Ұлы жүз қазақтарының арасына кеңінен тараған еді. Тәжібай ақын

жадындағы сол әңгімелерді, ауызша тарихты жаңғырта отырып, жырға айналдырғанын аңғаруға болады. Жырдың тарихилығы, деректілігі басым. Ақынның басты мақсаты Байсейіт батыр мен оның тұсындағы маңызды оқиғалар туралы тарихи оқиғаларды жеткізіп кету болғаны айқын аңғарылады. Қашан да халықтың көрген қиыншылығы, жаугершілік заман, әділетсіздік, зұлымдық әрекеттер жақын арада ұмытыла қоймайды. Сондықтан оны бұрмалап, әсірелеудің де қажеті шамалы. Тәжібай ақын XIX ғасырдың екінші жартысындағы тарихи-саяси ахуалдар мен Байсейіт қатысқан соғыстарды хронологиялық тұрғыда, рет-ретімен баяндайды. Сондықтан шығармада ауызша тарихтың мақсат-міндеттері мен барлық сипаттары сақталған. Ақынның өзінен бұрын өмір сүрген Байсейіт батырдың тарихи тұлғасы мен көркем бейнесін жан-жақты көрсете алған деуге толық негіз бар.

Байсейіт батырдың ерлік жолдарындарынан мәліметтер беретін тарихи жырлардың бірі – Саяділ Керімбековтің «Байсейіт батыр» туындысы. Көлемі шағын болғанымен, деректілігі басым бұл шығарма оқырман қауымға кеңінен танымал. Ел тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары баспасөз беттерінде, түрлі басылымдарда жарияланған еді.

Жыр Жетісу халқының Орман ханға наразылығынан бастау алады.

Тәжібай ақын секілді Саяділ ақын да Жетісудан шыққан Байсейіт батырға арнаған жырларын Кенесарының Жетісу жеріне келуінен бастайды. Мәселен:

Тірілтуге дәрмен жоқ,
Өлтірдің қапы бір ерді.
Сол батырдың нақақтап,
Сұрап отыр жұрт құнын.
Соға бермек сол үшін
Байқасам сөздің ұшқынын.
Ойламайды Орман хан
Осындайда жұрт мұңын [55, 75], –

деген жолдары Кенесарының өлімінен кейінгі, Орман ханның тұтқынға түскен қазақтарды босатпай, екі ел арасындағы араздықтың өршуіне себепкер болғандығын атап өтеді. Орман хан патшадан сый-сияпат алу үшін Кенесарының басын патшаға тарту етеді.

Қазақ батырының өлтіріліп, тұтқынға алынғандардың босатылмағандығына наразы болған ел батырлары жиналып, қарсы күш қолдануға әрекет етеді. Сөйтіп қазақ пен қырғыз батырлары кездеседі. Аяғында келісімге келіп, төс қағысып, татуласады. Осыдан кейін жиналып барған қырық мың қолды Байсейіт батыр төртке бөледі. Төрекелді батыр оң мың қолмен Ташкентке, Сұраншы батыр сарбаздарымен Шымкентке аттанады. Сыпатай мен Сыздық батырлар Исатай батырдың еліне аттанады. Арқа елінен Ағыбай батыр патшалықтың Арқа елін бағындырғандығы жөнінде Байсейіт батырға хабар жібереді. Байсейіттің өзі Іленің бойына қарай жүреді. Көкөзекке жеткенде Байсейіт қолының алдынан орыс әскері шығады. Орыс офицері солдаттарына Байсейіт батырды атып

өлтіруді бұйырады. Алайда Байсейіт садағымен орыс офицерінің өзін құлатады. Солдаттармен қоян-қолтық шайқасқан Байсейіттің сарбаздары орыс жасағын Қаратал, Бақанастан әрі асырып қуады. Шайқастан кейін жеті күнгі шайқастан шаршаған адамдары мен аттарына дамыл беріп, күш-қуат жинап алу үшін қос тігіп, аялдайды. Батыр сауытын шешіп, қасына жолдасын ертіп серуендеуге шығады. Осы кезде Байсейіттің соңынан аңдып жүрген жау барлаушылары мылтықпен атып, жаралайды. Осы сәтті ақын Саяділ Керімбеков былайша суреттейді:

Жүрді біраз досымен,
Төсін төсеп самалға.
Тұрған тура сығалап,
Бекінген жау қамалда.
Ту сыртынан дәл мезгеп,
Атып қалып табанда,
Екі салдат көрінбей,
Жетті қашып адамға [55, 84].

Қуғыншылар орыс солдаттарын қуып жетіп, жазасын береді. Алайда жараланған Байсейіт батыр денесіндегі оқпен ай жүріп, аулына жетеді. Батырға ота жасап, оқты шығаратын адам табылмай, алты ай жатып асқынады. Осылайша Байсейіт батыр өмірден өтеді. Жыр соңында Сүйінбай жиналған жұртқа жұбату жырын арнаған екен.

Саяділ ақын Байсейіт батырдың тек бір шайқасын ғана баяндайды. Ал жоғарыдағы деректерде батыр қоқандықтардың қоршауынан қашып шыққан кезінде жарақат алады. Батыр қазасының алдында орыстармен шайқаспаған. Дегенмен ақын ақиқаттан көп алшақ кетпей, батырдың қазасы артынан атылған оқтан болғандығын дәл жеткізеді. Екіншіден, елі мен жерінің еркіндігі үшін шейіт болады. Бұл – бұлтартпас шындық. Оның орыс отаршылдарымен шайқасының жырлануын да орынды деуге болады. Өйткені Байсейіт батырдың бүкіл ғұмыры Жетісу жерін жаулаушы орыстарға қарсы күресте өтті. Ең үлкен, маңызды шайқастары орыстарға қарсы болды. Сондықтан ақынның жады тарихтан сыр шертеді, ақиқатты айқындайды.

Тағы бір тарихи жадтың озық үлгісін жетісулық ақын Есдәулет Қандековтің шығармашылығынан кездестіруге болады. Оның тарихи туындылары қазақ әдебиетінен елеулі орын алады. Ақынның тарихи тақырыпқа арнаған «Шаян батыр», «Әли батыр», «Күреңбай батыр» сияқты жырлары халық арасында кеңінен таралған.

Е.Қандекөвтің XIX ғасырдағы Жетісу өлкесіндегі тарихи оқиғаларға орайластырып жазған құнды мұраларының бірі – «Шаян батыр» жыры. Бұл туынды дәстүрлі тарихи жырлардың үлгісімен жырланады. Қазақтың қалмақ, сарт, казак-орыспен болған соғыстарында қол бастаған Шаян батырдың көзсіз ерліктері суреттеледі. Автордың дерегінде Шаян батыр – Ұлы жүз Баба деген елдің ұрпағы. Тарихи деректерде оның өміріне байланысты құжаттық деректер

сақталмаған. Есдәулеттің тарихи жырлары «Әулиеата мұралары» (2018) деп аталатын жинақтың 2-томында, 2019 жылы ақынның шығармалары топтасқан «Әли батыр» кітабында жарық көрді. Ал жырдың түпнұсқасы «Ғылым Ордасы» мекемесіне қарасты Орталық ғылыми кітапхананың Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорының 678-бумасының 5-дәптерінде сақталған. Қолжазбада Шаянның казак-орыстарға қарсы шыққан оқиғасы (22 беті) сызылған. Қалпына келтіріліп, мәтінді толықтыру жұмыстары жүргізілді. Шаян батырдың казак-орыстармен соғысатын сәттері мол болғандықтан, автор саяси идеология саясатының ықпалынан баспаға жариялауды жөн көрмеген сыңайлы. Жыр көлемі 1967 жолды құрайды. Жыр жолдары 7-8 буынды. Оқиғалардың кей тұстарына қара сөз араласып отырады. Олардың мәліметтік, байланыстырушылық мәні басым. Батырлар жыры секілді «Шаян батыр» жырында қазақ халқының рухани өмірі, еркіндікті, тәуелсіздікті аңсау, мақсат-мұраты көрініс береді. Онда халықтың басты жаулары – шекаралас қоныстанған қалмақ, өзбек, орыс елдері Жырдың мазмұнында қазақ халқының XIX ғасырда бастан кешкен бүкіл күрес жолдары қамтылады. Негізгі кейіпкер Шаян батыр бар ұмырын отаршыл жауларға қарсы күреске арнайды. Жырда оның жеке басына қатысты мынандай қысқа мәлімет беріледі: «Шаян батыр Ұлы жүз Баба деген елдің ұрпағы. Ол тарихта болған адам. Осы Жетісу бойында өмір сүрген. 1824 жылы туып, бір қырғын соғыста 1861 жылы өлген» [95].

Жыр соңында: «Бұл Шаян батырдың поэмасы осымен аяқталды. Бұл поэма XIX ғасырдың орта кезінде болған әңгіме. Алматы облысы, Красногор ауданы, Ақтерек колхозының мүшесі Есдәулет Қандековтің үйінде жазылып бітті. 1939 жылы 5 февраль күні аяқталды. Бұл поэманы жинаған халық ақыны: Есдәулет Қандеков. Барлығы 1373 жол. Шаян батырдың жырдағы басты қарсыласы қалмақтар болады. Басты соғыстар солармен өтіп, батырдың ерен ерлігі дәріптеледі. Дегенмен фольклортанушы-текстолог ғалым М.Ғұмарова: «Автордың тарихи фактілерді нақты білмегендігінен, я болмаса біле тұра батырдың бейнесін дәріптеу мақсатында Шаян батырды қалмақ әскерімен соғыстырады. Шаян батыр орыстармен болған соңғы соғыста жараланып, елге оралғаннан кейін қаза табады. Ал тарихи мәліметке қарағанда XIX ғасырда Жетісуға шабуыл жасаған қалмақ болған жоқ. Тарихта аты белгілі Хиуа қаласының эмирі Бабажан жырда қалмақ әскер басысы боп суреттеледі» [96, 251] деген пікір білдіреді. Бұл фольклорлық жыр болғандықтан солай. Жалпы жау атауы ауысып отырған. Өкінішке орай, батырдың бұл күрестері туралы тарихи, құжаттық деректер кездеспейді.

Тарихшы А.Ақылбековтің зерттеуіне сүйенсек, XIX ғасырда қазақтар қалмақтармен соғыспаған, ақындар болса батырды дәріптеу мақсатында кейбір оқиғаларды ойдан қосып, сюжетті толықтырып отырған сыңайлы [97]. Демек Жетісу ақындары жырлаған тарихи жырлардағы батырлардың (Шаян батыр, Байсейіт батыр) қалмақтармен соғысуы, ата кегін қайтаруы заңды және шынайылықтан алшақ емес. Сондықтан осы кезге дейін жетісулық ақындар батырларын қалмақтармен соғыстырып қойған, нақты тарихты білмеген, не біле тұра бұрмалаушылыққа жол берген деген пікірлерге сыни көзқараспен қараған

жөн сияқты. Жырда Шаян батыр кейде орыс басқыншыларына қарсы күреседі. Сұраншы батырдың жорықтас жолдасы ретінде де көрінеді. Батырдың орыс әскері Жетісу жеріне аяқ басқан кездегі қызметі туралы А.Ш.Махаеваның мынадай дерегіне сүйенуге болады: «Ал қасқарау руынан Терленбай батыр Айтұшұлы, дулат руының төресі Ыстамбек Сейілханов, ботбай руының ықпалды адамы Қожағұл Байсеркеұлы, албан руының төресі Абакан Адамсатов, қасқарау руынан Шаян батыр Төлебаев, шапырашты руының биі Сарыбай Айтасов, жалайыр руының батыры Жайнақ Темірбеков, Сұлтанбай Жәдігеров, дулаттың аға сұлтаны Әли төренің төлеңгіттері және т.б. Циммерманның қырғыз жеріне жасаған жорығы барысында әртүрлі тапсырмаларды орындап, қызмет көрсетуге мәжбүр болды. Тоқмақты қорғаушылар арасына да қазақтар үгіт жүргізуге жіберілді» [83, 187]. Демек Шаян батыр орыс әскеріне қызмет етіп, әскер құрамында қырғыздармен соғысып, түрлі тапсырмалар орындаған деп топшылауға болады. Орыс әскері Шаян батырдың іс-әрекеттерін бақылауда ұстағандығын тарихи деректер растайды. «Колпаковский қазақ, қырғыз билері мен батырларына сенімсіздікпен қарады. Оның қазақ, қырғыз арасына жіберілген тыңшыларының бірі 1860 жылы 18 желтоқсанда: «Шаян деген қазақ Сұраншы және т.б. сияқты қоқандықтар жағына өткен алаяқ болуы, я Сұраншы жіберген тыңшы болуы мүмкін. Сіздерге бағынамын деп біз жаққа өтіп алып, бар хабар-ошарды Сұраншыға жеткізуі кәміл, сондықтан оны тез арада қамауға алып, қатаң бақылау қою керек» [98], – делінеді.

Міне, тарихтағы Шаян Төлеубаев деген батыр – Е.Қандеков жырлаған «Шаян батыр» жырының басты қаһарманы. Орыс әскерінің жақтасы, Сұраншы батырмен үзеңгілес жүрген белгілі тұлға. Ал жырда ол орыс әскеріне қарсы соғысады [99, 173].

Үш жүз кісі жиналды,
Он бесіне оқ тиіп,
Есеп қылып қараса,
Осылай болды білініп.
Қырық, елуі бір жерде,
Казак, орыс қырылып,
Тоқтай алмай сол сапар,
Ұзай қашты дүрлігіп.
Оны өліп қазақтың,
Бесеуі болған жаралы.
Бетін жаудың қайырып,
Елді қайта табады [95].

Шаянның осы жеңісінен соң біраз уақыт өткеннен кейін көршілес қырғыз халқы Шаян батырдан қырғыздармен бірге орыстарға қарсы соғысуын өтініп, көмек сұрайды. Орыстың жағдайын білетін Шаян батыр қырғыздардың өтінішін жерге тастамай, шайқасқа дайындалады. Орыс әскерінің қаруының мықтылығы қырғыздардың зәресін алады. Осылайша қырғыздар кері шегініп, жанын

сауғалауға мәжбүр болады. Шаян батыр астындағы аты Телкүреңге оқ тиіп, батыр жаяу қалса да, жауға оңайлықпен беріле қоймайды. Ақыры соңында Шаян батыр орыстардың қолынан мерт болады.

Мұны ақынның тарихи фактіні білмегендігінен деп айта алмаймыз. Ақын Шаянның орыс отаршылдарына іштей қарсы болғандығын, бірақ халықтың мүддесі үшін қызмет істеуге арланбағанын, олардың озбырлығы шектен шыққанда ашық қарсылық көрсетіп отырғанын білген. Сол себепті жырда Шаянның орыс әскерлеріне қарсы соғыстарын ғана алынып, қалған оқиғалар екінші қатарда қалған сыңайлы. Шынында, Шаян батыр қоқандықтардың қарапайым халыққа салған салығынан құтқарар деген үмітпен орыс әскерінің құрамынан табылып, орыс жаулап алушыларына қызмет етуге мәжбүр болған. Есдәулет ақынның Жетісу тарихына қатысты құнды, деректерді жетік білетіндігімен қоса жырға, ақынға тигізген заман қысымының зардабын да аңғаруға болады.

Есдәулет ақын Шаян Төлеубаевқа батыр деген мәртебе береді. Ақынның мұнысы орынды. Өйткені жырды оқи отырып, Шаянның бар өмірін елін қинап, азап тартқызған жаулардан қорғап, өзіне дейінгі ата-бабасы мен әйелдердің, бейкүнә балалардың төгілген қаны үшін кек алуға арнап, өмірлік борышы санайды.

Халық ақындары XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Жетісудың Верный уезінде өткен түрлі тарихи, саяси оқиғалар, қазақ қоғамындағы әлеуметтік жайттар туралы жырлар туғызған. Сондай туындылардың бірі осы кезеңде ғұмыр кешкен, өзінің мергендігімен, аңшылығымен, намысшыл, өр мінезімен, ел есінде қалған Тұрар Рысқұловтың әкесі Рысқұл Жылқайдаровқа арналған. Біз нысанаға алып отырған Әбзейіт Мәлікеұлының «Рысқұл Жылқайдаров» жырында тарихи тұлғаның көркем бейнесі жан-жақты суреттеледі.

Ал шығарманың тарихи деректермен байланысына келер болсақ, жыр шынайы тарихтан көп жырақтай қоймағаны айқын аңғарылады. Алдымен, Рысқұлдың Саймасайды өлтіргенін жылының тарихи деректерден айырмасына тоқталайық. Ақын 1907 жылы күз айында Саймасайды оққа байлады деген мәлімет келтірсе, құжаттық деректерде 1904 жылы желтоқсан айының жиырмасыншы жұлдызында деп көрсетіледі. М.Әуезовтің «Қилы заман», «Қараш-қараш» повестерін тарихи дерек, архив құжаттарымен байланыстыра отырып зерттеген жазушы, ф.ғ.д. Т.Жұртбай «Бейуақ» деп аталатын еңбегінде Рысқұл Жылқайдаровтың өміріне байланысты нақты деректер келтіреді [100].

Екінші бір назар аударатын тұсы – Рысқұлдың Сахалинге жер аударылуы. Жыр соңы:

Рысқұл Сақалынға кетті айдалып,
Таңылып көк арбаға қол байланып.
Он жылға төңкеріс боп кетті басы,
Келер еді тірі болса қайта айналып [101], –

деген шумақтармен аяқталады.

Біздің пайымдауымызша, Әбзейіт ақынның да Рысқұлды «Сақалын жеріне қоныс аударды» деп көрсетуі сол кездегі абақтыға түскендердің Сахалин аралына жераударуына қатысты болса керек. Өйткені тұтқынға қатысты толтырылған анкетадағы «Сахалинге аралына жіберуге жарамды ма?» деген пукнтің болуы сол кездегі тұтқындардың көпшілігі Сахалинге айдалып, ауыр қара жұмысқа салынғандығынан хабар береді.

Келесі бір түйткілді мәселе – Рысқұлдың он жыл айдаудан кейінгі тағдыры. Әбзейіт ақын жыр соңында «Келер еді тірі болса қайта айналып» деп Рысқұлдың қайтқан-қайтпағанынан хабар бере алмай, тыңдаушысын екіұдай сезімде қалдырады. Тұрар өмірінің соңғы кезеңіне қатысты ел ақсақалдарының мол деректі мәліметті әңгімелері Шерхан Мұртазаның «Қызыл Жебе» шығармасында осы бір тарихи сәт айтылады» [102].

Әбзейіттің шығармашылығындағы тарихи жырларды оқи отырып, оның сауатты, жырдың тарихилығына мән берген ақындардың бірі болғандығын аңғару қиын емес. Өйткені ақын оқырмандарын сендіріп, нақты даталарды көрсетуге тырысып отырады. Бұл сөзімізді ақынның «Тұрар Рысқұлов» жыры айқын дәлелдей түседі.

XX ғасыр басындағы саяси дүмпулер, 1916 жылғы Ресей патшасының «Июнь жарлығы» тұсындағы халық наразылығын тудырған оқиғалар мен олардың себеп-салдары да бірқатар қазақ ақындарының тарихи шығармаларына арқау болғаны мәлім.

Бұл ретте жетісулық ақындар да қалыс қалмай, осы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан батырлар жөнінде тарихи жырлар туындатты. Атап айтқанда, Е.Қандековтің «Тауда», К.Әзірбаевтің «Әли батыр», «Он алтыншы жыл», Б.Атыханұлының «Бөлтіріктің 1916 жылды өлең еткені», «Бөлтірік сөзі» т.б. жырлар 1916 жылғы көтерілісті түрлі қырынан баяндайды. Мәселен, «Тауда», «Әли батыр» жырларында ұлт-азаттық көтерілістің Жетісудағы басшыларының бірі Әли Нұрғожаев туралы жырланса, «Бөлтіріктің 1916 жылды өлең еткені», «Бөлтірік сөзі» жырларында Қарқара өңіріндегі халықтың ауыр тағдыры, көрген азабы сөз болады.

Осы кезге дейін Кенен Әзірбаевтің «Әли батыр», «Он алтыншы жыл» дастандары әдебиеттанушылар мен тарихшылар тарапынан талданып келгенімен, оның маңайындағы кейбір ақындардың шығармалары зерттелмей келгендігі өкінішті. Солардың бірі – Есдәулет ақынның Қордай аумағындағы ұлт-азаттық қозғалысты басқарушы Әли Нұрғожаевқа арнаған «Тауда» деп аталатын жыры. Туындының тарихилығы, деректілігі басым. Өйткені Есдәулет Қандеков 1916 жылғы көтеріліске қатысып, Әлиді қолдаған жолдастарының қатарында болған еді.

Есдәулет жырының өзге туындылардан ерекшелігі – онда Әли батыр бастаған сарбаздардың Көктөбедегі көтерілістен кейінгі тағдырлары, ішкі жай-күйі, сезімі, түрмеден кейінгі өзгерген тарихи-саяси, әлеуметтік жағдайдың, оқиғалардың толық қамтылуында. «Тауда» жырында Әли батыр жетекшілік еткен көтерілістің жеңілісі, патшаның жендеттерінен қашып, тауда

жасырынғаны, кейін өз еркімен тұтқынға түсіп, абақтыдан босап шығып, кедейлер ұйымын құрғандығы баяндалады. Жырда қара сөз бен жыр жолдары аралас келеді. Қарасөзбен баяндалған оқиғалардан кейін жыр жолдары бастау алады. Есдәулет ақын кейінгі оқиғаларды енді өзінің атынан баяндайды.

Есдәулет пен оның достары қамалғанына жиырма күн өткенде Әли де абақтыға түседі. Автор Әлимен сырласады, ол көрген түсін айтып, бостандықтан үмітін үзбейді. Абақтыдағы мерзімдері алты айға жеткенде сот басталады. 1917 жылдың оныншы сәуірінде өткен сотта Әли, Дибай, Есдәулет сот алды тергеуіне әкелінеді. Ақыры соттың үкімі шығып, Есдәулетті жиырма жеті жылға бас бостандығынан айырып, қалғандары түрлі мерзімге сотталып, бәрін Сібірге айдауға үкім жасалады. Бірақ айдауға жіберер алдында елде төңкеріс болып, барлығы бостандыққа шығып, елге оралып, 1923 жылы кедейлер ұйымын құрады. Ақын жырдағы оқиғаларды дәлелді мәліметтер арқылы жырлауға тырысқан. Ол көтеріліс барысын, Әлидің ерлік істерін, ақыл-парасатын, әсіресе абақты өмірін, Қазан төңкерісінен кейінгі халық тіршілігін шынайы әрі көркем суреттейді. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорынан ақынның өзіне қатысты жазған мәліметінде де осы оқиғалар қайталанады. Бастапқыда «Әли батыр» деген атаумен туындаған жыр кейін «Тауда» болып өзгеріп, жинақта жарияланды. Жырдың басты кейіпкері туралы өлкетанушы Жандарбек Қарабасов бірқатар деректер берген [103].

Тарихи құжаттарда Әлидің ауылдың кедей жігіттерін жинап, алғашында Көлқамыс бекетіндегі қақтығысқа, 6 тамыз күні Самсы маңындағы Ботбай ауылдарына майданның қара жұмысына жігіт жинауға келген Гилев отрядымен болған шайқасқа қатысқандығы айтылады [104]. Алайда Әлидің отбасына да қауіп төнеді. Оның әйелі, балалары мен бауыры патша жендеттерінің қолына түсіп, қатты азап шегеді. Көтеріліс кезіндегі оның отбасы жағдайы туралы жырда сөз болмайды. Әли батыр жанын сауғалап, қырғыздарды паналауға мәжбүр болады. «...Содан кейін Бестыбаев екеуміз қырғыздарға кеттік. Ол жақта екі ай тұрдым. Ол жақтан мені «іздеп тауып әкел» деп болысымыз бауырым Жапарбекті жіберіпті. Ертеңіне өзім келдім» [105]. Иә, өз еркімен берілгендігін жоғарыда жырда да айтып өткен болатынбыз. Осы кезге дейінгі 1916 жылғы көтеріліс туралы жазылған зерттеулерде Әли Нұрғожаев туралы, оның қақтығысты ұйымдастырудағы мақсаты жөнінде ашып айтылмады. Бұл ретте мынадай сұрақ туады: Не себепті Әли батырдың көтерілісі ақындардың шығармашылығына түрткі болды? Оның қозғалысы өзге де қақтығыс, көтеріліс ұйымдастырған белсенділерден несімен ерекшеленді? Ал Әли Нұрғожаевтың көтерілістің ұйымдастырушы, белсендісі болуына не себеп болды?

Біздің топшылауымызша, оның тарихи тұлғасы да, ол ұйымдастырған көтеріліс те лайықты бағасын алмаған сыңайлы. Өйткені көпшілікке Кенен ақынның дастандары таныс болғанымен, Есдәулет ақынның «Тауда» деп аталатын жыры осы кезге дейін қолжазба қорларында шаң басып, зерттелмей келді. Есдәулет ақын 1952 жылы 15 шілдеде Тіл және әдебиет институтының ауыз әдебиетін қайта жинауға байланысты ақын-жыршы, әншілерден алған сауалнамасына төмендегідей жауап береді: «Әли батыр туралы жазып жүріп,

өзім сол Әлидің жолдастарының бірі болып жүрген едім. Сондықтан өзімді мақтаудан ыңғайсызданып, ол материалды жинап, «сен жаз» деп Кенен Әзірбаевке беріп едім. Менің материалым бойынша көп жерін бұзып Әзірбаев жазды. Бірақ ол еңбекті мен қайта жазбақпын. Қазір сол жұмысқа кірістім» [106].

Патша шенеуніктерінің «ер-азаматтарды қара жұмысқа аламыз» деген бұйрығы келгенде қарапайым халықтың қарсылық көрсетуі, қуғынға, жазаға ұшырауының сан түрлі оқиғалары босқындыққа ұшыраған қазақтар шекара асып, Қытай жеріне бас сауғалау оқиғалары – Жетісу жазба ақындарының шығармаларындағы негізгі сарын.

О қашқаннан бардық та,
Қытайға барып тығылдық.
Аяғын құшып қалмақтың
Жалынып, жарбап жығылдық.
Қыз-келіншек сақина,
Алтын, күміс, ат-тұрман,
Жақсы аттар біздің шымылдық.
Киімнен қалып жалаңаш,
Айырылып малдан қарын аш,
Қарлы боран ішінде
Айдаумен қайта шұбырдық [31, 80].

Қытайдан да, шекарадағы қалмақтардан да көмек болмағасын, тау-тас кезіп, жан сақтаудың амалын іздейді.

Қазақтардың Қытайдан туған жерге қайту үшін берген өтініштері туралы мәліметтер Жаркент уезінің бастығы полковник Стутиннің жазбаларында сақталған [107].

Жинақтай айтқанда, 1916 жылы Жетісуда өткен ұлт-азаттық көтеріліс туралы жырларды туғызған ақындардың барлығы да қатысқан, оқиғалардың бел ортасында жүріп, бар ауыртпалықты халықпен бірге көрген ұлтжанды азаматтар еді. Сондықтан жаралы жүректерден шыққан бұл тарихи жырлар ақиқаттан ауытқымай, барынша шынайы күйінде халық жадында сақталып қалды. Сол себептен де бұл деректі жырлар ұлттық тарихтың бір саласы ретінде қарастырылып, оны толықтыруға әбден болады деуге негіз бар.

Ал 1917 жылдан кейінгі Азамат соғысы, 1940-45 жылғы Ұлы отан соғысы жылдарының оқиғалары мен ел үшін күрескен ерлерін тақырып еткен жазба тарихи жырлар желісі өңірде үзілмеген.

Жетісу ақындық, жыршылық мектебінің көрнекті өкілі Қалқа Жапсарбаевтың «Партизан Шаймерден» жырында [33] Николай патшаның тақтан құлағаннан кейінгі саяси жағдайы суреттеледі. Жырда Ақтардың белсендісі Нұрбай құйтырқы әрекеттерге барып, ауылдың ойранын шығарады. Осы кезде Байсейіт деген шаруаның ұлы Шаймерден аң ауламақ болып Ақдала жаққа кеткен еді. Аңнан қайтқан Шаймерден болған оқиғаны естіп, ақтардың әскеріне қарсылық танытуға бекінеді. Мұны естіген басқа да ел адамдары оған

көмекке келеді. Аяғында үлкен күшке айналған Шаймерденнің жігіттері жауға соққы беріп, Үштөбеден асырып жібереді. Өзінің батырлық тұлғасына астындағы Телкүрең тұлпары сай жігіт сатқын Нұрбайдының адамдарын да шауып, елден аластайды. Шаймерденнің ерлік істері қызыл командир Калашниковке жетіп, «Бейсенов маған келіп жолықсын» деген хабар жібереді. Жыр соңында мақсат-мұратына жеткен Шаймерден сексен жігіт ертіп, қыран салып, аң аулауға аттанады. Өкінішке орай, құжаттық деректерден жетісулық Шаймерден батыр туралы тарихи мәліметтер кездеспейді. Ал Қалқа ақын:

Залымнан бүйте берсе жан қала ма,
Халықта батыр болса сандала ма?
Байсейіттің бел баласы Шаймерден ер
Аң аулап кеткен екен Ақдалаға [51], –

деп, Шаймерденді Байсейіт деген белгілі тұлғаның баласы ретінде суреттейді. Шаймерденнің ерлігіне сүйсінген ақынның оны атақты Байсейіт батырдың баласы етіп көрсетуі тарихи шындыққа қайшы болғанымен, эпикалық сана үшін сыйымды. Себебі жыршы да, ақын да елді сүйген ерліктің аяқ асты тумайтындығын, оның сан ғасырдан келе жеткен ерлік шежіресінің жалғасы екендігін жырлауды ұстанатындығы дәстүрлі тәсіл.

Сондай-ақ Ә.Мәлікеұлының «Тұрар Рысқұлов» туындысы «Рысқұл Жылқайдаров» жырының жалғасы іспетті. Шығарманы тарихи-ғұмырнамалық жыр деп атауға толық негіз бар. Туындыда Тұрардың өмірі мен қызметі рет-ретімен баяндалады. Тіпті оның өміріне қатысты кейбір өзгерістер нақты даталармен көрсетіледі. Жоғарыда аталғандай, жыр басында Рысқұл Жылқайдаровтың да өмір жолы қысқаша сөз етіледі. Әрі қарай ол сотталғаннан кейінгі Тұрардың тағдыры хронологиялық тұрғыда баяндалып отырады. Алайда әкесі сотталған тұста оның немен айналысқаны, қайда тұрғандығы сөз болмайды. Тұрар өмірінің түрмедегі кезеңі жайында зерттеуші О.Қоңыратбай еңбегінде егжей-тегжейлі баяндалса [108, 8], С.Шілдебай деректері оның қоғамдық-саяси қызметтері жөніндегі мәліметтермен толықтырған [28, 141].

Әрине жыршыдан тарихи тұлғаның бүкіл өмірі мен азаматтық ұстанымы жайлы жырлауды талап етуге болмайды. Бұл жырдың құндылығы Тұрардың әке аманатына адалдық танытып қана қоймай, ел үшін жанын да ісін де аямайтын ер тұлғалы бейнесінің бір қырын ғана тануды көздегені деп тұжырымдауға болады.

Ал ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихи жырлардың кеңінен қанат жаюы түсінікті жағдай. Мұндай зұлматты кезеңде ел өзінің жадындағы ел қорғау мен жауға қарсылық жолында өзінің осыған дейінгі тарихындағы эпикалық ерлік рухын қайта жаңғыртады. Жетісу ақындары да бұл үрдістен сырт қалмады. Солардың қатарында ақын, әнші-жыршы Қалқа Жапсарбаев та болды. Оның көлемді туындыларының бірі даңқты 28 панфиловшылардың қатарында болған Мұсабек Сеңгірбаевқа арналады. «Сеңгірбаев Мұсабек» атты дастаны осының дәлелі. Жырдың бас кейіпкері Мұсабек шынайы өмірде болған адам [109].

Панфилов дивизиясы Мәскеу түбіндегі Волокалам тасжолын қорғауға бекітіледі. Мұсабектердің ротасы (28 жауынгер) Дубосекова темір жол айрығын қорғауға жіберіледі. Сол жерде алғашқы қиянкескі шайқас болып, Мұсабек пен оның жолдастары немістердің тоғыз танкісін өртеп жібереді. Келесі күні жау жағы қайта шабуылға шыққанда да жиырма сегіз батыр жауға қасқая қарсы тұрады. Жау әскерін талқандайды. Осы шайқаста Мұсабек батыр жараланып, майдан шебінде мерт болады.

Жырда автор Мұсабектің өмір жолын кезең-кезеңімен баяндайды. Сол тұстағы елдегі саяси-әлеуметтік жағдайлар да, ауылға келген жаңа өзгерістер де ақын назарынан тыс қалмайды. Мұсабектің ерлігін көзімен көрген Кеңес Одағының Батыры Иван Демидович Шадриннің естелігі – оның батырлық бейнесінің тарихи дәлелі [110].

Қалқа ақын бұл туындысын 1942-43 жылдары соғыстың тұсында жазған. Ол сол жылдары ауыл театрында жұмыс істеп, бос уақытында ел аралап, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген. Мұсабектей батыр жерлесінің майдандағы көзсіз ерлігін мақтанышпен жырлап, халық арасында кеңінен ерлікті насихаттап жүрген. Ақын туындысында қоғамның, саясаттың тек жақсы тұстарын ғана көрсетіп, соғыс салдарынан баласы мен бауыры, туған-туысқаны, жора-жолдасынан айрылып, күндіз-түні олардың аман оралуын тілеп отырған елде қалған халықты жігерлендіру мақсатында жазғаны айқын аңғарылдады.

Соғыс тақырыбында ірі-ірі жырлар туғызған ақындардың бірі – Әбдіғали Сариев. Жамбылдың шәкірттерінің қатарында саналған Әбдіғалидың әлі күнге дейін жарияланым көрмеген «Партизан Ғалым», «Ғалым партизан», «Сегізінші Гвардия» сынды бірнеше жырлары сақталып қалған. Алдыңғы екі жыр бір туындының нұсқалары сыңайында жазылған. Екеуін салыстыра қарағанда, бір кейіпкерге Ғалым Ахмедияровқа арналғандығы байқалады [80]. «Партизан Ғалым» жырында эпикалық дәстүрге сай батырлықты, отансүйгіштікті, елге деген махаббатты жырлауға аса көңіл бөлінеді. Батырды суреттеуі де Қобыланды, Алпамыс батырлардың бейнеленуіндей әсер қалдырады. Алайда «Ғалым партизан» жырында эпикалық жырлау «Партизан Ғалым» нұсқасына қарағанда бәсеңдеу деңгейде көрініс береді. Онда алдыңғы жырдағыдай батырлыққа, ерлікке сүйсінген мақтаулардан, философиялық ойлардан тұратын кіріспе сөздер мүлде кездеспейді. Өкінішке орай, «Ғалым Партизан» жырының қолжазбасын толық оқуға мүмкіндік болмады. Қолжазбаның бес бетіне сиясы жайылып кеткен және 48-49, 54-56 беттер жоқ болып шықты. Жыр аяқталмай қалған. Осындай кедергілерге қарамастан, ақынның Ғалым батыр туралы келтірген мәліметтері тарихи құжаттарда да кездесе бермейтін құнды деректер болып табылады.

Ә.Сариевтің 1943 жылы туындаған «Сегізінші гвардия» жыры Қазақстандық жауынгерлердің майдандағы ерлігіне арналады [80].

«Әу баста тарихи оқиғалардың ізімен дүниеге келген эпостық шығармалардың қай-қайсысынан да ешбір өзгеріске ұшырамаған тарихи фактіні іздеу артық, өйткені өлең өрнегіне түсіп, ақындық қазанда қайнап шыққан поэтикалық туынды жылнамашының құлқында емес, ақынның рухында

сөйлейді, ал бұлардың ұстанған принципі, ішкі сарайларындағы тұтынған ойлары әрқалай дегенге әкеліп соғады» [9, 57] деген профессор Ж.Тілеповтің пікіріне сүйенсек, тарихи жырлардан нақты фактіні, деректі іздеуге күш салмау керектігі айтылады. Алайда зерттеу барысында аңғарғанымыз, тарихи зерттеулерде айтыла бермейтін оқиғалар мен тұлғаларды ақындардың тарихи шығармаларынан кездестіруге әбден болады деп есептейміз. Кейде тарихшылар да зерттеулерінде пікірлерін әдеби шығармаларды мысалға ала отырып, шегелеп, зерттеуге нүкте қойып жатады. Сондықтан тарихи жырларды тарихи дерек көздерінің бірі ретінде қарастыруға әбден негіз бар.

2 тарау бойынша тұжырым

Негізінен XIX ғасырдың екінші жартысында қазақтың бір топ батыры бірге күш біріктіріп, халқына азап тартқызған жауларына қарсы шайқаса білді. Тарихи құжаттарда, зерттеу еңбектерінде Жетісу жерінен шыққан батырлардың бірінің аты аталса, енді бірінің аты аталмай қалды. Мұның да өзіндік себебі жоқ емес. Өйткені қазақ халқы ес жиып, жоғын түгендеп, барын бағаламап та үлгермеді. Жоңғарлар көрсеткен жаугершілік заман тоқтағанымен, қоқандықтардың жылдар бойы салған есепсіз салығы, қазақ пен қырғыз арасындағы тоқтаусыз барымташылық, Орта Азияны тезірек бағындыруды мақсат еткен патша үкіметі қазақ халқын әбден қажытып, тұрмыс тауқыметінің азабынан айыра қоймаған еді. Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана өткенімізге ғылыми тұрғыдан кері бұрылудың сәті туды. Өткенімізге үңіліп, тарихымызды қайта жазғаннан соң қазақтың батырлары мен саяси тұлғалары туралы ақпарат санамызда жаңғырды. Тарихи аңыздар, тұлғалар, оқиғаларды жаңғыртып, жалпы көпшілікке тарату халық ақындарына жүктелген еді. Халық ақындары өз көзімен көріп, тарихи оқиғалардың бел ортасында жүріп те, не болмаса көзкөрген адамдардан есту арқылы да тарихты көркем жыр түрінде жеткізіп отырды. Осы тұрғыда халық ақындарындағы түйдектелген ақпарлы жырлардың тууында тарихи жад үлкен рөл атқарды.

Екінші тарауда авторлық тарихи жырлардың тарихилығын талдамас бұрын «тарихи жад», «әдебиеттегі тарихи жад» терминдерін философиялық, тарих, әдебиеттану ғылымдарымен бірлікте талдауға, оны зерттеу тақырыбымызға сай зерделеуге тырыстық. «Ұжымдық жад», «жеке жад» деген философияда кеңінен қолданылатын терминді қазақ әдебиеттануында қолдана отырып, жетісулық авторлық тарихи жырлардың жеке жад түріне жататындығына көз жеткіздік. Өйткені ақын жырлаған жырлардағы тарихи фактілер өзгеріске ұшырай бермейді. Тек жырлаушылар, жинаушылар, жариялаушылар тарапынан аздаған өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Дегенмен жырдағы негізгі деректердің сақталуында автордың жеке жады анық көрініс табады. Ақын тарихты жеткізуді өз мойнына алады.

Осы тараудың зерттеу мақсатына сай жырлардың тарихи оқиғаларға қанықтығына назар аударылды. Сондықтан жетісулық ақындардың барлық шығармалары зерттеу нысанына алынбай, қазақ тарихына елеулі әсер еткен

тарихи оқиғаларға құрылған жырлар іріктелініп, қолжазба қорларында сақталған жырларға назар аударылды. Осы тұрғыда Бөлтірік, Кенен, Жамбыл, Әбзейіт, Қалқа, Саяділ, Тәжібай, Есдәулет, Әбдіғали сынды ақындардың жырлауындағы авторлық тарихи жырлардың қалмақ, орыс, сарт халықтарымен болған саяси, әскери қарым-қатынасты қамтитындығы тарихи құжаттармен, зерттеулермен, естеліктермен сабақтастырылды.

Сонымен қатар екінші тарауда тарихи жадтың динамикасы да сөз болады. Тарихи оқиғалардың кезеңіне қатысты жырлардағы тарихи жадтың динамикасы да өзгеріп отырған. Жоңғар, қалмақтарға қатысты туған тарихи жырларда деректілік, нақтылық әлсіздеу болып келеді. Мұның себебі: тарихи оқиғаларды жырлаушы авторлардың қазақ-жоңғар қарым-қатынастары кезеңінде өмір сүрмей, бір ғасырдан өте уақыттан кейін дүниеге келіп, халық арасында тараған аңыз, әңгімелердің негізінде тарихи жырларды дүниеге әкелген. Қазақ-жоңғар қарым-қатынастарына құрылған тарихи жырларда тарихи дәлдіктен бұрын көркемдік тұсы басым. Автор оқиғаның басты сұлбасын, тұлға аттарын сақтай отырып, керек жерінде мифологиялық кейіпкерлерді жырға қоса жырлаған. Ал қазақ-орыс, қазақ-сарт байланысына құрылған тарихи жырлар тарихи дәлдік пен нақтылыққа ие бола бастайды. XX ғасырдың басындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, Азамат соғысы, ашаршылық, ұжымдастыру, Екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбындағы тарихи жырларда оқиғалардың барысы мен тарихи тұлғалардың іс-әрекеттерінің тарихпен астасуы, автордың оқиғаны жырлауда хронологияны сақтауға тырысуы, тіпті жер-су атауларының молынан ұшырасып, орынды қолданылуы тарихи жадтың қанықтыққа ауысқанын көрсетеді. Халық ақындары өздеріне артқан халық жүгін жете түсіне отырып, халқының тарихын келешек ұрпаққа жеткізуде тарихи жырларды басты құрал ретінде қолданады. Сондықтан осы кезеңнің тарихи жырларында болжамнан, қиялдан көрі тарихилық басым. Ақындар өмір сүрген кезеңдегі саяси биліктің ықпалынан саяси оқиғалардың бұрмаланғаны рас. Десек те саяси, адами факторлардың ықпалынан орын алған болмашы өзгерістер жырлардың тарихилық сипаты көрінетін құнды дереккөз ретіндегі қызметін жоққа шығармайды. Сондықтан еліміздің тарихын, халқымыздың болмысын тануда авторлық тарихи жырлар құнды болып қала бермек.

3 АВТОРЛЫҚ ТАРИХИ ЖЫРЛАРДЫҢ ПОЭТИКАСЫ

3.1 Авторлық тарихи жырлардағы уақыт пен кеңістік

Авторлық тарихи жырлардағы эпикалық дәстүрді қарастырғанда уақыт пен кеңістікті назардан тыс қалдыруға болмайды. Уақыт пен кеңістік жырдың биографиялық, әлеуметтік, мәдени-тарихи, психологиялық т.б. қырларын танытады. А. Темірболат уақыт пен кеңістіктің тағы бір қызметі жайында мынадай пікір білдіреді: «Категория времени-пространства представляет коммуникативную систему. На ее уровне происходит диалог автора, героев и читателя. Ибо в процессе изображения действительности писатель создает определенную модель бытия, в которой развивается сюжет произведения и протекает жизнь персонажей. В дальнейшем ее осмысление осуществляется читателем с позиций его индивидуального времени-пространства, концепции мира и человека» [23, 482]. Жырда орын алған оқиғаның, батырдың өмір сүрген дәуірі, жырлаушы не баяндаушының жырлап отырған кездегі уақыты мен орны ажырамас бөлшек іспеттес. Жалпы әдебиет пен фольклордағы кеңістік мәселесі Д.С. Лихачев, Б.Н. Путилов, Ф.М. Селиванов, Б.С. Рақымов, Ш.Ш. Ыбыраев, А.Б. Темірболат, М.І. Әбдуов, Д.М. Айдарова сынды ғалымдардың тұжырымдарында көрсетілгендей, классикалық эпос пен тарихи эпостың кеңістікке қатысты айырмашылығы да, ұқсастығы да бар. Бұл жайындағы ғалым Ш.Ыбыраевтың тарихи жырлардағы уақыт пен кеңістік ұғымдарын ашып, талдап көрсетіп, уақытты жырлаушы және сюжеттік уақыт ауқымында қарастырған пікірлерімен [12, 84] тарихи жырларды арнайы зерттеген ғалым Б.Рақымов келісе отырып, «дәуірлік уақыт» дегенді қосып, тарихи жырдағы уақытты үшке бөліп қарастырады [16, 69].

Дегенмен жоғарыдағы ғалымдардың эпос уақытының жіктемелері бірінен-бірі көп ерекшеленіп, алшақтамайды. Барлық жіктемелердің атаулары ғана өзгеріске түскенімен, мазмұнында айтарлықтай ауытқу байқалмайды. Біз зерттеуімізде Ш.Ыбыраевтың жіктеген уақытын басшылыққа ала отырып, авторлық тарихи жырлардағы уақытты «жырлаушы» және «сюжеттік уақыт» деп қарастыратын боламыз. Дәуірлік уақытқа жіктемейтін себебіміз – бұл уақыттың ауқымы кең. Біз қарастырып отырған жырлардың дені Ресей отарлаушылық кезеңінде, Кеңес үкіметі құрамында болған тұста шыққан және сол дәуірді жырлайтындықтан, оны ерекшелеп дәуірлік уақыт аясында қарастыруды жөн санамадық. Авторлық тарихи жырлардың дәуірі XIX ғасырдың орта кезінен XX ғасырдың орта тұсына дейінгі, кеңестік кезеңді қамтиды.

Жырлаушы уақытында жыршы туынды сюжетін бастамастан бұрын өзінің рулық шежіресінен, жырлаушылық өнерінен хабар береді. Өзін тыңдаушыға таныстырып, батырды жырға қосу себебін түсіндіріп, ерлікке бағасын бере кетуі мүмкін. Былайша айтқанда, тыңдаушыны іштей дайындап, кері байланыс орнатады. Ал біршама жырларда ғана сақталған жырлаушы уақыты жайында ғалым былайша ой тұжырымдайды: «Жыршы бірнеше жырды жырлағандықтан, барлық жырда кіріспе толғау мен қорытынды сөзді жырлауды мақсат тұтпайды.

Ол шабытына байланысты жырға кіріспе толғау мен қорытынды сөзін қоса жырлайды. Құдды бір өмірінен естелік айтып отырғандай баяндауы да мүмкін. Өзінің тағдырына тікелей қатысы болмаса да, жырлаушы өзінің тағдырымен, туған жерімен байланыстыра отырып, жырлайды. «Мұндай дәстүр эпикалық орта бар кезде кең тараған болса керек. Өкінішке қарай, жырлаушылардың өз басына тиеселі сөздерді жыр оқиғасына қатысы жоқ деп түсінгендіктен, эпосты жазып алушылар олардың көбін тастап кетіп отырған» [12, 97].

«Қазақ эпосында сюжеттен тыс жырлаушы уақыты бар екенін ажырату қиын емес. Демек, орыс былиналарында бірден байқала бермейтін осы өзгешелік қазақ эпосының өзіндік бір бітімі деуімізге әбден болады» [12, 96] дейтін Ш.Ыбыраевтың ойын негізге ала отырып, авторлық тарихи жырларда осы жырлаушы уақыты бар ма? Бар болса оның сипаты қандай деген мәселеге назар аударлық. Себебі эпикалық дәстүр күшті болған дәуірдегі жиналған қалың көптің алдындағы жыр айтқан жыршы бірінен соң бірін бірнеше жыр айтуы мүмкін. Осындай жағдайда оның әрқайсысына кіріспе айтып, я болмаса қорытындысында өзі жайлы баяндап отыра алмайды. Оның екінші бір себебі, дәстүрлі жыршы-жыраулар өзін бұрынғы дәстүрдің жалғасы, киелі өнерді ұрпақтан-ұрпаққа қадірін кетірмей, қасиетін қашырмай жеткізуші деп ұққан. Сондықтан жыршы-автор өзін дәріптеуден гөрі жырлайын деп отырған батырының дәріптелуіне басты мән беріп, барлық өлең күшін, ақындық қуатын соған бағыттаған.

Автордың жырға кірісер алдындағы және жырды аяқтар тұсындағы ой-өрнектерінде осы жырлаушы уақытының әсері бар. Мәселен, ақын Қалқа Жапсарбаев «Партизан Шаймерден» жырының кіріспесінде жыр оқиғасын баяндамас бұрын жырланатын тарих пен кезең жайлы тыңдаушысын хабардар етіп өтеді:

Хат жаздым қалам алып тыңда халқым,
Қосылмас негізінде мыс пен алтын.
Лениннің нұр сәулесі түскеннен соң,
Боп отыр осы күнгі жүзім жарқын.
Құлыным тағаланбай тұлпар болып,
Тасыған дариядай бітті қарқын.
Кешегі ақ пен қызыл атысқанда,
Жауығып ел арасы болды салқын.
Аз ғана білгенімнен сөз жазайын,
Ерлердің баяндайтын бір тарихын [50], –

деген жыр жолдарымен бастап кетеді. Көдек Байшығанұлы «Үркін» дастанының аңдатпасында:

Біраз ғана сөйлейін,
Бұрынғы өткен күніммен.
Күннен күнге ауысып,

Өтеді бәрі бүгіннен.
Жазып, беріп кетейін,
Алла берсе тілімнен.
Әріден шолып сөйлейін,
Өткен дүние түрін мен [111], –

деп толғап өтеді. Міне осындағы Көдек ақынның өткен тарихтың жадында қалған тарихын жаңа заманның тыңдаушысына қайта жырлап, қазақ басынан өткерген қилы кезеңнің сабағынан ой түюге алдын-ала дайындайды.

Авторлық тарихи жырлардың авторлығы айқын бола бастаған сайын, жазба әдебиет дәстүрімен жырлаушы уақыты қара сөзбен де беріліп жатады. «Рысқұл Жылқайдаров» жырында: «Сөз басы мынадан шығады. 1880-ші жылдары Әулиеата уезінен кедей шаруалардан 20 үй Мәмбет деген ел Алматы уезінің маңындағы Шығыс Талғар болысына көшіп келіп, кірме боп қазіргі Табак совхозы (Байсерке) орналасқан жерді мекендеп, диханшылық істеп орналасады. Бұларды «кірме» деп Шығыс Талғар болысы салық салып, төлетеді. Бір Жылқайдар деген ақсақал қазіргі Жамбыл районы Қарғалдағы (Дулат елінің жуан атасы) Сәт болыстың қарауына көшіп барып, сол жерде қаза болады. Сол Жылқайдардың баласы Рысқұлдың тарихы:

Қолға алдым бір әңгіме жазайын деп,
Бетіне ақ қағаздың салайын деп.
Шалдардың көбі босқа үйде жатыр,
Олардай жалқау нашар болмайын деп» [101].

Жыршы тарихи оқиға кезінде өмір сүрген, батырдың замандасы, не болмаса тарихи оқиғадан хабардар болуы мүмкін. Жырлаушы уақытында жыршы батырдың өмір кешкен уақытынан, ұрпақтарынан, өмір жолынан тың деректер беру арқылы тыңдаушысын иландырады. Жырлардағы жырлаушы уақыты жыр соңында да көрінеді.

«Байсейіттің батырдың тарихы» атты көлемді жырды жеткізген Тәжібай ақын аталмыш жырды аяқтай отырып, оны аяқтаған кездегі жас мөлшерін, өзінің жыршылық өнерге деген пікірі мен бағасын былайша білдіреді:

Байбағысов Тәжібай бітті жазып,
Көзім талып, сүйегім кетті азып.
Жетпіс беске келгенде зорға жаздым,
Көрейін деп әке намы алтын қазық.
Дәмді-дәмді тиісті жерді жаздым,
Көз кіртиіп, сүйегім әбдан аздым.
Орынсыз құры сөз деп жаза берген,
Жетпейді өнеріне өнерпаздың.
Қайбіреу жазсам деп жүр елден озып,
Екі қолды жетпекке бекер созып.

Жас күнімде кез келсе осы дәуір,
Қалғанымда кез болдау әбдан тозып.
Кәріліктен бар шығар менің мінім,
Әке де, мінәуетте өңкей інім.
Қартайғанда бір тарих тастайын деп,
Жас балалар көрсін деп – мұным шыным [58], –

деп ақын жыр соңындағы толғауына жалпы жыр атаулының маңызы, тарихи құндылығы, өнегелік сипатын тұтастай қамти отыра «Үшбу тарихы Байсейіт батырдың 10-июльде бітті, 1940-жылы. 75 жастағы Байбағысұлы Тәжібай деп білерсізлер» [58] деп жырды аяқтайды. Бұл әрине мұны эпикалық жырдың қағазға түскен сәтінен хабардар ететін уақыт мерзімі деп шамалауға болады.

Жыршы сюжет аяқталғаннан кейін батырдың қай жерде қайтыс болғаны, жерленген орны, ұрпақтарының қай жерді қоныстанғандығы жөнінде ақпарат беріп жатады. Ш.Ыбыраев: «жырлаушы тарапынан баяндалатын осындай соң сөздің қызметі, бір жағынан, батырлардың өмірде шын болғандығына тыңдаушының көзін жеткізу болса, екіншіден, айрықша сипаты бар эпикалық дәуірді тыңдаушыға жақындата түсу» [12, 102] деген пікір білдіреді.

Е.Қандековтің «Шаян батыр» жырында «Сол жер Бабаның Қара үңгір деп күні бүгінге дейін көп елдің аузында жүр. Қарт адамдар бәрі де біледі» деп жыр ортасында Шаян батырдың жасырынған үңгірі жөнінде мәлімет берілсе, жыр соңында:

Сол Шаянның мүрдесі
Шамалғанның бойында.
Ажалдың оғы кез келіп,
Жатқан болар жайында.
Казак, орыс зәлімнің
Шаянға тиген қылышы.
Қатарынан қайран ер
Артық еді туысы.
Арманда кеткен ер Шаян,
Жауыздың түсіп қолына,
Сол Шаянның мүрдесі
Шамалғанның жолында [95], –

деп батырдың өмірде болғанына тыңдаушысын иландыру үшін осындай құжаттық үлгідегі ақпаратпен таныстырып, жырдың деректілігін үстемелей түседі. «Сюжеттен тыс тұрған жырлаушы уақыты эпикалық дәуірге мұнан артық жақындай алмайды. Оның басты себебі мынада: жырлаушы оқиғаны көрген, соның куәсі болған адам ретінде көрінсе, тыңдаушы оның сөзіне сенуден қалады» [12, 102]. Жырлаушының оқиғаны көрген, соның куәсі болған адам ретінде көріну, көрінбеуіне қарап жырлаушы уақыты айқындалмайды. Тарихи жыр болған оқиғаны сол болып жақан тұста айна-қатесіз еш уақытта

жырламайды. Қандай да бір уақыт өткеннен соң ғана ол оқиға ақын жадында жаңғырып, ол сол оқиғаның куәгері болғандай кейіпте жырлауы мүмкін. Оған дәлел – кейбір жырлардың ішінде жырлаушы кейіпкер ретінде танылады. Мәселен, «Тауда» жырында автор Есдәулет Қандеков жырды бірінші жақтан баяндап, өмірінің Әли батырдың көтерілісіне қатысқан тұсын жырлайды. Әли батырмен өзі диалог құрады. Көтерілісті көзімен көрген, Әлидің сенімді серігі болған жырлаушы өзінің көргенін баяндау арқылы батырды негізгі кейіпкер ретінде бірінші орынға шығарады. Демек тарихи жырда шынайылық басым болғандықтан, автор, жырлаушы батырдың өміріне қатысты деректі қажет жерінде баяндайды.

Жырлаушы жырдағы оқиғаларды бір-бірімен байланыстырып, келесі оқиғаға өту, баяндау кезінде жырлаушы уақытын қолданады («Байсейіт кегімді алдым дегендей болып жата берсін», «Кім екенін біле алмай, үстіне басып кіре алмай жұрт сандалып тұра берсін...»). Мұндай келесі оқиғаға ауысу әдісі эпикалық жырларға тән, эпикалық дәстүрдің белгісі болып саналады.

Сонымен жырлаушы уақыты авторлық тарихи жырлардың барлығына тән болып келмейді. Жырлаушы уақыты жырдың кіріспе толғауында дара күйінде де, я экспозициямен бірлескен күйінде көрінеді. Батырлар жырында жырлаушы уақыты жыр басында, жыр ортасында, жыр соңында көрінетін болса, авторлық тарихи жырда жыр басы мен жыр соңында ғана көрінеді. Батырлар жырында жыршы батыр өмір сүрген дәуірді, оқиғаны «бұрынғы елдің барында», «ертедегі елдің шағында» болған деп суреттесе, авторлық тарихи жырда жыршы өзін болған оқиғадан алшақтатпайды, керісінше көзбен көрген, өзі де сол оқиғалардың басы-қасында жүргендей, батырды жақыннан танып-білгендей суреттейді.

Сюжеттік уақыт

Сюжеттік уақытта оқиға рет-ретімен өрбіп, батырдың іс-әрекеті тізбектеле сипатталады. Авторлық тарихи жырлардың ішкі уақыт өлшемі сюжетпен байланысты. Сюжет бар жерде уақыт болады. Уақыттың өлшемі, жылдамдығы автордың іс-әрекет эпизодтарының жырлауына тәуелді болып келеді. Сюжеттен мезгіл атауларын, уақыт өлшем бірліктерін іздеу шарт емес. Уақыт өлшем бірліктері болмаса да сюжетке құрылған іс-әрекеттің ретімен өрбіп отыруы сюжеттік уақытты құрайды. Біз зерттеу нысанымызға алған Жетісулық авторлық тарихи жырлардың басым көпшілігі сюжетке құрылған. Демек сюжеттік уақыт та бар деген сөз. Іс-әрекеттер рет-ретімен тізбектеле жырланып, батырдың төңірегіне тоғысады.

Тарихи жырларда сюжеттің өмірбаяндық тізбекпен құрылуы бірыңғай емес. Мұсабектің дүниеге келгені, Шаян батырдың он жасындағы қалмақты өлтіруі, Байсейіт, Шаймерден, Әли батырлардың өмірбаяны басты жауларымен соғысуға қамданған, азамат боп ер жеткен кезінен басталады. Негізгі кейіпкердің дүниеге келуі, батырға тән балалық шағының болуы, алғашқы ерлігі, алғашқы жорығы, жауды жеңуі т.б. басты іс-әрекеттер жырдың сюжеттік уақытын құрайды. «Шаян батыр» жырында он жасар Шаян түйе айдап жүріп, ұйықтап жатқан қалмақты

өлтіреді. Одан кейін уақыт жылдам жүріп, батырдың қалай өскені жырланбай, бірден Шаян батырдың он алты жасқа толғаны сөз болады. «Уақыттың баяу, немесе жылдам жүруі оқиғаның тығыздығына тікелей қатысты. Бір ғажабы, оқиға азайып, сирей бастаған жерде уақыт жылдам жүреді. Оқиғаның өзі баяндалмайтын жерде оның орнын уақыт толтырады. Жалпы уақытты айтып ескертіп отыру оқиға қоюлығы азайған жерде еске түседі» [12, 121]. Шаян батыр он алтыға толғаннан кейін сюжет уақыты баяулайды. Батырдың жорықтары, соғыс алдында үлкендерден рұқсат сұрауы, айдаһарды өлтіруі мен оның тұлпарының сипатының суреттелуі, қару-жарағы, құрал-сайманын сипаттауы қалыпты уақытпен баяндалса, ал батырды сипаттауға келгенде жыршы-автор дәуір шындығын, өткен тарих жайында кеңінен толғайды. «Сеңгірбаев Мұсабек» жырында:

Дүниеге келді Мұсабек
Октябрь таңы атқанда.
Жарығын көрді жалғанның
Октябрь шамын жаққанда [112], –

деп батырдың дүние есігін ашқан уақытынан басталады да, әрі қарай:

Алты жаста Мұсабек
Әкесінен айрылған,
Қаза тауып анасы,
Тоғызында қайғырған [112], –

деген деректер келтіреді. Автор Мұсабектің өмірбаяндық сюжетін жырлаған кезде балалық шағындағы маңызды деген тұстарын атап өтеді. Балалық шақтан өтіп, ел қорғайтын жасқа жеткен тұсқа дейін қарқынды уақыт сипат иеленеді.

Тарихи жырда автор ұзақ уақытты жалпылама жырлап жібереді: «Неше күндей жол жүріп» («Шаян батыр»), «Бір қанша заман тынығып» («Шаян батыр»), «Бірнеше жыл оқыды ол» («Сеңгірбаев Мұсабек»), «Өтті талай сан күндер» («Сеңгірбаев Мұсабек»), «Неше күндей шаңдаттың Үштөбе деген жерімді» («Партизан Шаймерден»), «Бірнеше күн өткенде» («Байсейіт батыр»), «Талқандап үш ай жүрдім бетім қайтпай» («Тауда»), «Сұрақсыз сонымен алты ай жаттық» («Тауда»). Жол жүру сапары, соғыстың ұзақтығы, абақтыда өткен күндерде уақыт тез өтеді.

Тарихи жырды жырлаушы батырдың соғыстағы жаужүректігін, қайсарлығын, ерлігін назарында ұстап, өмірбаяндық сюжетін баяндамай, бірден «Байсейіт батыр», «Партизан Шаймерден батырлығы көрінетін соғысты жырлауды құп көреді. «Тауда», «Байсейіт батыр», «Партизан Шаймерден» жырларында сюжеттік уақыт соғыстың басталу себебінен, батырдың жауға қарсы соғысқа дайындығынан басталады. Одан әрі қарай соғыстағы іс-әрекет қоюлана түседі, уақыт баяулайды.

Жыр динамикалық түрде алға жылжып отырады. Алайда жырдың динамикалық өрбуін тежейтін мотив – түс көру. Әдетте түс батырға, не анасына шешуші ұрыс, үлкен соғыс алдында енеді. Түс алда болатын жақсылықтың, не болмаса жамандықтың нышаны:

Түнде жатсам ұйықтап,
Сіз кіріпсіз тұманға.
Сен кесірткі боласың,
Кез болдың бір жуанға.
Бір айдаһар келді де,
Бәрімізді жұтады.
Асық ойнап қарасақ,
Түгін қоймай ұтады.
Бір шұқырға жиналдық,
Шетіміз от боп тұтады.
Ақырында сол оттан
Жердің бәрін өрт алды.
Не болғанын білмеймін,
Ортасында біз қалдық [95].

Шаян батыр көрген түсін жақсылыққа жорып, Бабажан ханмен соғыспаққа аттанады. Расымен де жырдағы маңызды соғыстардың бірі Шаян батыр мен Бабажан хан арасындағы шайқас еді. Түс ақиқатқа айналып, батыр жеңіске жетеді. Шындығында түс көру мотиві кездесетін «Шаян батыр», «Тауда» жырларындағы түстің атқарар қызметі – болашақты болжау, жақсылықтан хабардар ету. Түс батырдың басына қиын іс түскенде еніп, батырды алға қарай жетелеп, үмітін оятады.

Есдәулет, мен түсімде жарық көрдім,
Нұр толған жердің жүзін анық көрдім.
Өмірде жан білмеген ақ болатты
Қолыма аудармалап алып көрдім.
Бізді ұстаған бір үлкен қарақұстың,
Жүрегін сол болатпен жарып көрдім.
Шіркіннің сасығы дүниені алды,
Ойлашы сол түсті мен нағып көрдім?

Қарасам барлық тәні ісіп кеткен,
Жерге тамар қаны жоқ, пісіп кеткен.
Топталған тау басында өңкей қасқыр,
Жоқ болып жарға құлап түсіп кеткен.
Өрт алып, өз-өзінен от боп жанып,
Күл болып ақырында ұшып кеткен [38, 17].

Тарихи жырларда шынайылық басым болғандықтан, барлық шығармаларда түс көру мотиві кездесе бермейді. «Тауда» Патша үкіметі құлап, кеңес үкіметі орнап, кедейлердің күні туатынын, Әли батырдың абақтыдан босатылатынын түс арқылы тыңдарманға сездіреді. Түс орындалады, әділет орнап, Әли батыр достарымен бостандыққа шығады. Түс көру мотивін жырға енгізу көбіне Есдәулет Қандековтің шығармашылығына тән. Автордың мұндай тәсілі – батырлар жырынан жеткен эпикалық дәстүр. «Негізі, бір қарағанда түс кейіпкер үшін кенет пайда болған сияқты, ал іс жүзінде ол міндетті түрде шығарманың көркемдік жаратылысынан табиғи түрде туындап, жасалған характерлердің ішкі логикасымен, сюжеттік механизмімен т.с. етене қабысып, сабақтасып жатады. Түс шығарманың негізгі ой-толғамын, мазмұнын тікелей немесе жанама түрде бейнелейді. Мұның өзі түс көру тәсілінің әдебиеттегі өзге әдеби құралдардан өзгешелігін, теңесуге келмейтін көркемдік көпқырлылығын танытады» [22, 47] деп түстің қызметі жайында Г.Пірәлі ашып көрсетеді. Шындығында кейіпкердің түсті көргені, не көрмегені тыңдарманға маңызды емес. Оларға қажеттісі – түстің жырдағы оқиғаның әрі қарай өрбуіне әсер етуі, ықпалы. Демек түс жырға жаңаша өң енгізе отырып, жырдағы іс-әрекеттің дамуына серпін береді.

Сөйтіп, біз мынадай ерекшелікті аңғарамыз: сюжеттік уақыттың өзі оқиғалар тізбегінің өн бойында біркелкі жүріп отырмайды екен. Оқиғаны созып, яки қысқартып баяндау, бірінен екіншісіне ауысу уақытты әр қырынан сипаттайды. Оның баяу, я болмаса жылдам, үзік-үзік, немесе үздіксіз жүріп отыруы сюжетпен тікелей байланысты болып шығады [12, 120]. Жырда бір емес, бірнеше соғыс жырланса, сюжет уақытының жылдамдығы арта түседі. Бұған дәлел ретінде «Шаян батыр» жырын келтіруге болады. Бір жырда қалмақпен, сартпен, қырғызбен, орыспен соғысады. Сол секілді Тәжібай Байбағысұлы жырлауындағы «Байсейіт батырдың тарихы» жырында Байсейіт батыр қырғызбен, сартпен, казак-орыстармен, қалмақпен соғысып, қала берді айдаһармен де шайқасқа түседі. Тәжібай ақын Байсейіт батырдың жорықтарын жырлау кезінде сюжеттік уақытты жылдамдатпайды, әр жорықтың суреттелуі баяу өтеді. Жыр сюжетіне бір ғана соғыс арқау болады және сол себепті сюжет уақыты баяулап, тереңдей түседі («Партизан Шаймерден», «Сеңгірбаев Мұсабек», «Байсейіт батыр»). Өйткені автордың бір ғана соғысты жырлау мақсаты – батырдың соғыстағы ерлігін паш ету, насихаттау, батырдың қазақ елінің тарихына қосқан үлесін мадақтау стилінде ежелгі эпикалық дәстүрдегі батырдың ерлігін дәріптеу, тарих тағлымынан ой түйдіру көрініс тапқан.

Демек тарихи жырда да сюжеттік уақыт іс-әрекетпен өлшенеді. Сюжеттік уақыттың жылдамдығы жырдағы маңызды іс-әрекеттің жиілігіне тәуелді. Мұнда классикалық жырлардағыдай бірнеше оқиға қабат суреттелмей, негізінен тарихи шындыққа жақын, белгілі бір оқиғаның маңайындағы іс-әрекет жырланатын болғандықтан, авторлық тарихи жырлардағы уақыт та белгілі бір кезеңге қатысты нақтырақ болады. Осындай уақытқа қатыстылығы мен белгілі кезеңде өмір сүрген ақын-жыршы атына тәуелділігі – авторлық тарихи жырлардың жанрлық ерекшелігін айқындайтын жанрлық белгілердің бірі.

Авторлық тарихи жырлардағы мезгіл категориялары да жыр поэтикасында маңызды рөл атқарады. Мұндағы жырлаушының *таң, кеш, түн мезгілі мен таңның атуы, күннің батуын* сипаттауы батырдың іс-әрекетімен, жорығымен байланыстырылған іс-әрекеті арқылы жырланып, оқиғаның барысы, басталуы мен аяқталуы, жеңісі мен жеңілісі табиғаттың түрлі өзгерістерімен, мысалы, күннің күркіреуі, нөсер жауын т.б. жағдайлардың ақындық тілмен көркем өрілуі әрбір ақын-жыршының өзіндік қолтаңбасын ақындайды. Бұл Жетісу аймағы авторлық тарихи жырларындағы жазба поэзияның әсерін сипаттайтын белгілердің бірі болып саналады.

Жетісу аймағы тарихи жырларындағы уақыт өлшем бірліктерінің ішінде батырдың елі үшін күн мен түнді айырмай, үздіксіз күрес жүргізгендігін таныту үшін таңның атуы мен күннің батуы мезгілінің ұрымтал тұсын пайдаланып, жеңіске жеткен тұстары ерекше суреттеледі. Мәселен, «Байсейіт батырдың тарихы» жырында Байсейіт батырдың күші басым жауға қарсы ақыл-айланы да қару етіп, түннің оңтайлы сәтін пайдаланып, жауын шығынға ұшыратқан тұсына баса мән беріледі.

Түнде барып шарбақты шауып алды,
Бір ермекті батырлар тауып алды.
Шетінен қырғын қыла бастаған соң,
Ханы қорқып ішінен қауіп алды [58], –

деп ақын Байсейіттің уақыт талғамай, дұшпандарына қарсы келгенін жыр етеді. Әрине эпикалық дәстүрдегі классикалық батыр болса, оның ашық бетпе-бет соғыстағы жалғыз өзінің жауын жапырғаны, жекпе-жектегі ерлігі айрықша дәріптелер еді, ал Байсейіт – тарихи батыр. Оның өмір сүрген кезеңіндегі тарихи жағдай да, соғыс сипаты да өзгеше. Сондықтан елінің тәуелсіздігі үшін күрескен батырлардың қандай жағдайда болсын жасаған ерлігі мен жеңісін дәріптеу тарихи жыр жанры үшін сыйымды. Бұл осы сипатты жырлардың біразына тән. Мысалы, Байсейіттің замандасы Саурықтың да жауға қарсы шабуылы күн мезгілінің түнге ауыса бастаған сәтінде болуының да себебі осында.

Күн бата жауға аттанды,
Шап, – деді, – бірің қалмағын [80].

Жыршы-ақындар сипаттауындағы түнгі уақыт – жауға тұтқиылдан соққы беретін оңтайлы уақыт деп есептеліп, қарсылас қарулы жаудың жайғасқан, жайласқан сәтін бағып, бақылау арқылы оларды шығынға батырудың әдіс-айлары жүргізілетін уақыт болып көрініс тапқан. Себебі күндіз жаудың көзі қырағы, құлағы сақ болса, түн мезгілінде сақтық шараларының босаңсуына жол берілуі мүмкін. Сондықтан қарсы келген дұшпанға жоспардағы әрекетті жүзеге асыру үшін түн мезгілі таңдалынып жатады.

«Жандарал күндіз көріп қояды», деп,

Әр күні пайдаланды бұлар *түнді* [80].

Жалпы қай кезеңде де батырларды дәріптейтін ақындар халықтың батырлық жайлы қалыптасқан ғасырлар бойғы таным-түсінігін ескеріп отырған. Өйткені ел тағдырын сеніп тапсырған батырлардың қай-қайсысы да жауынан жасырынып, бой тасаламайды. Ашық күреске шығады. Тек түн қараңғысын сол ашық күрестерінің бір әдісі ретінде ғана пайдаланады. Жоғарыда аталған Байсейіт пен Саурық әрекеттері – осының мысалы. Соғыс тудырған тарихи жағдайдың ауырлығы мен ерекшелігін ескере отырып, тарихи жырды тудырушылар да эпикалық дәстүрді соған қарай қайта жаңғыртып, жаратады. Мәселен, «Партизан Шаймерден» жырында:

Асығып *түнде* жүрген болмайды деп
Жүруге кеткен жаудың ізін көріп,
Таң ата ертең-ерте жүрмек болды
Жолдасқа отыз кісі қасына еріп [51].

Сонымен қатар түнгі уақыт жапа шегуші тарапты қуғын-сүргінге ұшыратып, қоныс аудартып, айдауға жіберетін немесе жаудан қашатын уақыт ретінде тарихи жырлардан көрініп жатады:

«Бөлтірік сөзінде»:

Бермеймін деген бектердің
Ер-тоқымын жетелеп,
Қашып жүрдік *түнімен* [31, 76].

Қабылбек Сауранбайұлының «1916 жыл туралы» жырында:

Тәмам батыр, асылды,
Өңкей маңғаз саңлақты
Түн қатып бір күні
Қарақолға айдатты [31, 89].

Мұқатай Жылқайдарұлының «Қарқара» толғауында:

Секеңе *түнделете* Көкбай келіп,
Жеткізді бұл хабарды сәлем беріп.
Асығыс жүретіндер дайын болды
Хабаршы шай ішкенше, ат ерттеліп [31, 186].

Сонымен қатар тарихи жырлардағы мезгіл категорияларын айтқан кезде назар аударатын тұсы – уақыт бірліктерінің бірдей мәнде жұмсалуы. Мұндай үрдіс батырлар жырынан бастау алып, тарихи жырларға жеткен. Мәселен, *үш, жеті* сандары соғыстың созылуын, немесе батырдың жол жүруін баяндауда қолданылады.

«Байсейіт батырдың тарихы» жырында:
Үш күн, үш түн соғысып,
Жабдығын қанмен шаяды [58].

«Қобыланды батыр» жырында:
Үш күн, үш түн соғысып,
Жауы менен тоғысып,
Қарақасқа тұлпары [113, 280].

«Асу» жырында:
Үш күн, үш түн атысты,
Жеті күн ұрыс тоқтатып,
Дем алалық батыр – деп -
Екі жақ та келісіп,
Қорытты соған ақыл кеп [80].

«Орақ-Мамай» жырында:
Екі әскер таласып,
Үш күн ұрыс салады.
Исаның ұлы Ахмет
Қызылбасты қиратып,
Жолды тартып алады [114, 376]

Батырлар жырында уақытты көрсетуде үш, жеті, тоғыз сандарының жиі қолданылуы қазақтың осы сандарды қасиетті деп танығанымен байланысты. Бұл өз кезегінде дәстүр жалғастығы ретінде тарихи жырлар мен авторлық тарихи жырлардан байқалады. Батырлар жырын жаттап өскен халық ақындарының сандарды бірдей мәнде жұмсауы да заңды тәсіл. Авторлық тарихи жырларға тән сипат – сыртқы басқыншылыққа қарсы күреспен қатар елішілік тартыстар мен қайшылықтар, соның ішінде барымташылыққа қатысты туатын өзара айқастардың да суреттелуі. Мәселен, «Ер Әжібай», «Саурық батыр», «Асу», т.б. жетісулық ақындардың жырларында барымтаға қатысты оқиғаларда да түнгі уақытта болған оқиға суреттеледі.

Әжібай Құлатөбелді өзі мінді
Жылқыны *түн* болған соң айдады енді.
Ақырып алдына сап «Әжібайлап»,
Ауылда тас-талқан, шу қылды енді [52, 210].

Бірқатар жырларда түн уағында болған барымта баяндалса, енді бір жырларда барымташылықтың басымдық алған кезінде күндіз де үйір-үйір жылқыны айдап кетіп отырғандығынан хабардар етеді. Мәселен, Әбдіғали ақынның «Саурық батыр», «Асу» жырларында «жылқының күн жарықта» қолды болғандығы айтылады.

Сонымен қатар тарихи жырларда ауа райы, оның қалыпты болуы немесе құбылуы маңызға ие. Ауа райының жайлы, жайсыз жай-күйіне қарай оқиғаның өрбуін, батырдың жаумен айқасының қиындығын, батырдың жолы болғандығын бағамдай беруге болады.

Ә.Сариевтің «Сегізінші гвардия» жырында:
Бір жеті соғыс болды күні-түні
Біреуі біреуіне зар боп кетті.
Күн де тұр бір ашылмай борандатып,

Төңірегі белуардан саз боп кетті [80].

Ә.Сариевтің «Кекілбай батыр» жырында:

Сталинград мінекі қалыбында,
Жаздың күндей жарқырап бұлтын ашқан.
Тұра алмай табан тіреп жау немістер,
Тоқтамай күні-түні қайта қашқан [80].

Ә.Сариевтің «Партизан Ғалым» жырында:

Жараланған Жер – Ана
Халыққа түскен қайғыдан.
Бастаған неміс соғыстан –
Адамзаттың айыбынан.
Күркірейді күн-дағы,
Ызғар шашып бойынан [80].

Жетісу ақындары жырлаған тарихи жырлардағы мезгіл категориялары тарихи батырдың ерлігін дәріптеуге, тыңдаушының сол тұстағы халықтың көңіл-күйін сезінуге әсер ететін көркемдік категория. Біз бұл өте ауқымды тақырыптың өз зерттеуіміздің мақсатына орай батырлар жыры мен тарихи жырлар арасындағы дәстүр сабақтастығын көрсетудегі атқарған рөлі жайында ғана бірқатар тұжырымдар жасадық.

Авторлық тарихи жырлардағы кеңістік сипаты

Эпикалық жырлардағы кеңістік мәселесі эпос пен ертегіге қатысты ғылыми тұрғыдан жан-жақты сөз етілген. Мәселен, кеңістік мәселесін географиялық тұтастану заңдылығының аясында қарастырған ғалым С.Қасқабасов: «Географиялық тұтастану дегеніміз – бір фольклорлық шығармада көптеген жер атауларының бас кейіпкерге байланысты көрінуі болып шығады. Біздің байқауымызша, фольклордағы географиялық тұтастану екі түрлі болады; бірі – бірнеше жер атауларының бір кейіпкердің іс-әрекетіне телінуі де, екіншісі – бірнеше қаһарманның бір жерде, бір өлкеде іс-қимыл көрсетуі. Үш вариантта көптеген жер аттары тұрақты кездеседі. Міне, бұл – сюжет пен кейіпкерлерге сәйкес топонимдер, яғни мұндағы топталу дәстүрге еніп, географиялық тұтастануға әкелген. Сонымен қатар бұл нұсқалардағы жер атауларында алшақтық та бар. Ол енді жыршыға байланысты. Мысалы, Шөже вариантында Орталық Қазақстан топонимдері көбірек. Себебі ол осы өңірде туып-өскен, осы өлкені көп аралаған, сондықтан ол өзі білетін жерлерді де кіргізіп отырған. Жанақ та солай. Ол солтүстік-шығыс аймақта туып-өскен. Сол себепті оның жырлаған «Қозы Көрпеш – Баян Сұлуында» осы күнгі Қарағандыдан шығысқа карай, дәлірек айтсақ, Қарқаралыдан әрі жақтағы жерлер аталады» [45, 491-492]. Ғалымның осы тұжырымдарын ескере отырып, Жетісу өңірі ақын-жыршыларының авторлық тарихи жырларындағы кеңістік мәселелерін қарастырсақ, мұндай жырлардағы кейіпкердің жүрген жерлері көп жағдайда

Жетісу өлкесінің тарихи атауларын танытатын шын географиялық атаулар болып келеді, ал ойдан шығарылған, ауысқан фактілер өте сирек.

Демек авторлық тарихи жырлардағы кеңістіктің көркемдік мәнінен гөрі реалистік сипаты басым деуге болады. Мәселен, Әбдіғали Сариевтің 7-8 буынды жыр үлгісіндегі тарихи жырының кіріспесінен-ақ Жетісу аймағындағы жер-су атаулары мен онда орналасқан ел-жұрт жөнінде мағлұмат беріліп кетеді.

Қошқар, Жұмғал, Шуменен –
Мұның бәрі тау, құздар.
Осы жерде ілгері
Мекендеген қырғыздар -
Әтеке, Тынай, Сарбағыш,
Бұғы, Саяқ, Мұндыздар.

Сол қырғызды билеген
Орман, Жантай хандары,
«Қарауыңа алғын» деп,
Патшасына орыстың
Арыз беріп барғаны.
Өйткені қазақ, қалмақ пен,
Қырғыз болып шабысып,
Үзілмей жүрген жанжалы [80].

Жырдағы «Қапалдағы бекініс», Перемышельский, Эренталь секілді орыс ұлықтарының ел ішіне іріткі салып, ашкөздікпен Алтынемел тауындағы Теке, Қошқар рулары мекендеген жерге иелік етуге деген ниетін суреттей отырып, орыс отаршылдарының Жетісу өңіріндегі ұстанған империялық пиғылынан хабардар етеді. Халық ақыны ел тағдырындағы жер үшін күрестің маңыздылығына мән беріп, осы басқыншылық пиғылға қарсы шыққан ел батырларының ерлігін дәріптейді. Өйткені қарапайым жұрт қанша топтанып біріккенімен, Саурық, Өмірзақ секілді жаужүрек батырлар бастамаса, күші басым жауға қарсы шығу оңай емес. Осы тұстан бастап «Ел шетіне жау тиді» деп өзінен көмек күтіп айтылған хабарды есті сала атқа қонған Саурық батырдың ерлігі, елі үшін еткен еңбегі эпикалық дәстүрмен көркем тілмен әсерлі суреттеледі.

Жол тартты жауға төтелеп.
Ер басына қос ат бар,
Жолға түсті ертелеп.
Іленің суы – қанды су,
Жылжып ағып бүлкілдеп,
Күлмең қағып еркелеп.
Әскер келді осыған,
Өтпек болып ентелеп.

Саурық бастап көп қолды,
Қылта жерден төтелеп.
Түсе қалды суға кеп,
Қос тұлпарын жетелеп.
Іленің түпсіз суының
Бетінде әскер балықтай,
Қалқып кетіп барады.
Сауыт-сайман құралын,
Артып кетіп барады.
Аттың басы қылтылдап,
Тұяғы мен көбігін,
Тарпып кетіп барады.
Суда балық көрінсе,
Садақпенен ойын қып,
Тартып кетіп барады [80].

Саурық батырдың жауға аттанған сәтін бұлайша сипаттауда ежелгі эпос батырларын дәріптеумен заңды жалғастық бар. Жыршы халықтың ежелден жанына жақын дәстүр арқылы тарихи батыр Саурықтың Эренталь ояздың қалың қолы мен зеңбірек, мылтықпен қаруланғандығын біле тұра осылай ашық күреске шығуынан-ақ, оның батырлық болмысынан хабардар етеді. Жау күшінің қаншалықты басымдығын жыршы Саурықтың алдынан шыққан шабылған елдің адамының аузына салады.

Мұндай жауды көргем жоқ,
Туғалы, – деді, – анадан.
Тұтқын болып адамдар,
Жау қолында жылаған [80].

Тарихи мәліметтерден танылатындай, Саурық батырдың бойында ерен ерлік қана емес, Жетісудың әрбір тау-тасын, жер-суын терең танитын қасиет бар. Жыршы осы қасиетін де тілге тиек етіп, батырдың жауға аттанбас бұрын жаудың орналасқан жер жағдайын бағдарлап, өз әскерін тынықтырып алып, ұрымтал жерден тиісудің әдіс-амалдарын ойластырады.

Жырда ежелгі эпикалық батырдың өзімен-өзі серттесу әдісі шеберлікпен пайдаланылған. Күші басым жауға аттанар алдында өз бойындағы ежелгі ата-бабалардан келе жатқан батырлық рухты оятып, батырдың өзіне өзі ант беруі, сол антты орындау үшін ақырына дейін шайқасуы – классикалық батырлық жырлардан тарихи жырға ауысқан ізгі дәстүр.

Саурық болып жаралсам,
Басар жауды әруағым.
Түзден болды адамы
Қамалық, – деді, – жан-жағын.

Деп сөйледі көбіне:
– Абайлап шап дүшпанға,
Алып кел маған ұлығын.
Ер Қарасай арғы атам,
Шапырашты руым.
Күн де батты, аттанды,
Болмайды, – деп, – тұруым [80].

«Қарасайлап» ұрандатқан Саурық қолының жаудың күш-қуатын шамалап алып, Қоғалыны жағалап, күн бата қалың қолды қоршап алуы, жаудың тұтқиылдан тиген соққыдан есеңгіреп, байлап қойған аттарын таба алмай қалуы, қашып бас сауғалауы сияқты оқиғалар, жалпы екі арадағы соғыс сипаты баяндалар тұсындағы жыршының суреттеулері де дәстүрлі сипатта. Әрине жыршы тарихтан асып кетпейді.

Саурық батыр ол кезде,
Қарақыстақ, Қастекте.
Шабарманды мінгізді,
Көкала мен Мескөкке.
Мол жігітпен Тоқтамыс
Шабарманы сол еді,
Көмегіне шақырды.
Қазақта батыр мол еді,
Дулаттан шыққан Байсейіт,
Бес мыңдай оның қол еді.
Калпаковтай генерал
Алматыға келді деп,
Тез келуін тіледі.

Іленің бойы ақ тоғай,
Қалың орман қаптағай.
Сол жерде жатқан кезінде,
Байсейіттей батырға
Шабармандар кеп еді.
Садақтарын жондырып,
Атына ерін қондырып,
Аттанып жауға жөнеді.
Қарғалының тауында
Саурыққа бұлар келеді.
Үш мың қолмен Саурық та,
Атқа мінген кезі еді [80].

Біз талдап отырған Жетісу аймағы ақын-жыршыларындағы тарихи жер-атауларының әрбір жырда қайталануы да саяси-тарихи оқиғалардың Жетісу

аймағының белгілі бір территориясында орын алғандығынан деуге болады. Авторлық тарихи жырлардағы Жетісу аймағындағы тарихи оқиғалар өткен орындардың тарихи атаулары арқылы да өңірде өткен азаттық үшін соғыстың үздіксіз жүргізілгендігін, сол жер-суды қасық қаны қалғанша қорғаған батырлардың тұлғасы танылады.

Жыр мәтіндеріндегі батырлардың тұяғы тиген, би-шешендер кеңес құрған, халық жиналған жер-су атаулары арқылы тарихи оқиға тұсындағы жалпы халықтық бірлік пен тұтастықты, жеңіске, еркіндікке деген талпынысты тануға болады. Ресей отаршылдығы ғана емес, Қоқанның қысымшылығы қатты батқан халықтың Тәшкенменен арадағы келісімді жасауға деген ниеті де көрініс беріп қалады.

Осы сөзді есітіп,
Жиналғандар тарады.
Қалың ел келіп ол қонды,
Үш қоңырдың беліне.
Майтөбе мен Алаяқ
Үлкен саздың төріне.
Бастан аяқ түсінді [80].

Әрине ол тұстағы басты билікті өзі иемденіп, бүкіл Орта Азияны өз қыспағында ұстауды мақсат еткен Ресей патшалығының зымияндық саясаты түркі халықтарын қалайда біріктірмеудің сан түрлі айласын ойластырғаны белгілі. Осы тұстағы қазақ жерінде ойына алған небір айлалы әрекеттерін іске асырған отаршылдық саясаттың да зардабын жыршы жыр өзегіне шебер қиюластыра алған.

Құдиярдың көп қолы,
Қапалға бетін бұрғанын,
Хат жіберген хан Жантай,
Тоқпақта әскер тұрғанын.
Қоқандық қалың көп сарбаз
Қапал менен Семейді,
Шабамын деген сырларын [80].

Қоқанның қазақ жеріне, соның ішінде Жетісу өлкесіне тигізген зиянының бір себепкері сол тұстағы орыс билеушілері болғандығын шебер көрсете білген:

Колпаков естіп бұл жайды,
Жарар, – деді, – барғаным.
Келе жатса алдымнан,
Көрермін жаудың тұрманын.
Егер кетсе алыстап,
Деп ойлады қазақты

Осы сапар қырғаным.
Күн бата келді Түргенге,
Паналап қонып сағасын.
Өрік, алма, жиделер
Әскерлер көріп ағашын.
Жемісінен теріп жеп,
Қыдырып кетті арасын [80].

Жыршы-ақынның тарихи оқиғаны, тарихи кейіпкерді жырлай отырып, Жетісу өлкесінің өзіне тән ғажайып табиғаты мен бау-бақшасын тамсана тебірене жырлауының екі түрлі мәні бар деуге болады. Біріншісі, ақын да, халық та осынау ата-бабалары қалдырған туған топыраққа деген ерекше сүйіспеншілікте болғандықтан, сол жерге көз салған сыртқы күштердің қандайының да іс-әрекеттерін жазғырып, «өліспей-беріспеуге» іштей серттескен батырлық рухта бейнеленеді. Екіншіден, орыс отаршылдары мен қоқан бектерінің көкейін тескен Жетісудың сұлу табиғаты мен құнарлы топырағын иемденуге деген ашкөздігін суреттеу арқылы жер үшін, ел үшін күрестің ешуақытта мәні ашып көрсетеді. Жетісулық жыршылардың тарихи жер атаулары «Шаян батыр» жырында бірде өлең жолымен, бірде қара сөз арқылы беріліп, оқиға өткен орын жайында мағлұмат береді:

Сонымен жол тартты
Іленің бойын жағалап.
Алдында Шаян, артында
Көп жолдасы қамалап.
Бет алып жүріп келеді
Қарқара мен Текеске.
...Ой қылады қайықсыз
Іледен кешіп өтуге
Шаян батыр ойлайды [95].

Жоғарыда тұжырымдағанымыздай, авторлық тарихи жырлардың композициялық ерекшелігі тек жыр үлгісінде ғана емес, прозалық баяндаулардың да қатар өрілуінде болып табылады. «Шаян батыр» жырындағы Жетісу өңірінің жер-су, табиғат байлығының басқалардың қалай ынтызарлығын тудырғандығын суреттейтін тұста автор ерекше шеберлік тәсілге барған. Ол Жетісу шетіне келіп кірген қалмақ ханының сөзі мен оның жыршысының жырындағы жер-су атаулары мен олардың басқыншылық пиғылын суреттеу арқылы өрілген. Ол Шаян батырдың өзінің су ішінде тұрып, жаудың сөзін жасырынып тұрып тыңдаған сөзі болып беріледі:

«Ал енді Жетісуға келдік. Бұйырса алып қайтармыз. Жоқ дегенде үйренген жерді көріп қайтамыз, – деді. Өзінің жақсы жыршысы бар екен. – Ал, жыршым, менің заманымда ешқандай кем болған жоқсың. Қарақыстақ, Кәстек, Балағанды сазымен, Ақтеректей қорасыменен жақсылап жырлап бер. Осы жолы жолымыз

болып, қазақты жеңіп қайтатын болсақ, сенің қалаған жеріңнен қыстау беремін, – дейді» [95]. Жыр ішіндегі жау жақтың жыршысының Жетісу жерін жырлаған жырының кірістірілуі, бір жағынан, олардың жаулық пиғылын танытуға жұмсалса, екінші жағынан жыршының өз туған топырағына деген сүйіспеншілігін, халықтың сезімін танытуға қызмет еткен.

– Ей, мұнан шығып барамыз,
Қарақыстақ, Кәстекке,
Құмар боп ек асығып,
Жетісуға жетпекке.
Сағынып біз келеміз,
Сарқыраған суынды.
Жағалата байлаушы ек,
Желі тартып құлынды.
Қозы сойып, ет асып,
Ішуші едік қымызды.
Үшқоңырдан қақпанмен
Ұстаушы едік құндызды.
Жана сені сағындық,
Басың биік Балағаң.
Бұлақ-бұлақ сарқырап,
Сенен де су тараған.
Шығушы едік жазғы күн
Балағанның сазына.
Шөбі құрап сасыған,
Дәмі келіп аузыңа.
Ақтеректі сағындық,
Алмасы бар жүректей,
Бүлдіргені бүйректей.
Балажан хан, мен білдім,
Жетпейміз-ау тілекке.
Мал өсетін дуылдап,
Құмырсқадай жыбырлап,
Сары өзен қопа сағындық,
Құлағым кетті шыңылдап.
Жер тұрмақ, ханым, бас қайда?
Көнбейді-ау қазақ ыңғайға [95].

Осындағы қалмақ ханы мен жыршысының аз уақыт болса да қазақ жерінде болған бұрынғы сәтін сағына еске алып, сол жердің иесі болуды көксеген пиғылы арқылы жыршы «жер жаннаты» атанған Жетісу өлкесін жат пиғылдан сақтаудың қай кезде де оңай болмағандығын аңғартып өтеді.

Авторлық тарихи жырлардағы батырдың, оның төңірегіндегі адамдардың іс-әрекеті, орын алып жатқан оқиғалар жыр кеңістігін құрайды. Жоғарыда уақыт

туралы айтқан болсақ, уақытпен бірлікте қарастырылатын ол – кеңістік. Бахтинше айтсақ, «Время это глубоко пространственно и конкретно. Оно не отделено от земли и природы. Оно сплошь вовне, как и вся жизнь человека» [21, 357].

Кең ауқымда болмағанымен, авторлық тарихи жырлардағы кеңістік мәселесі жырға өзек болған тарихи оқиға мен оның кейіпкерлерінің өмір сүрген, азаттық үшін күресте іс-әрекет атқарған аймақтарының ауқымында көрініс табады.

Сондықтан авторлық тарихи жырдағы уақыт пен кеңістік бір-бірімен қабыса көрінуінің өзі – оның ауызша авторлық пен жазба әдебиетінің ерекшелігін бойына қатар тоғыстырған жанрлық түр екендігінің белгісі. Өзара бірлікте жұптасатын осы екі ұғым эпостағы көркем заңдылықтар арқылы ерекшеленіп отырады. Ежелден бергі халық батырларының ерлік жолында туған жер, атамекенге жаттың аяғын бастырмау ұстанымы болғаны белгілі. Авторлық тарихи жырлардағы кеңістіктің сипаты да осы идеяны ұстанған кейіпкердің атамекені үшін қандай күресте де жанын аямайтын ерлік рухымен өзектес. Елге жау келгенде батырдың, оның тұрақтаған қоныс-мекенінің тыныштығы бұзылады. Батыр өз туған жерін азат етеді, жауды ығыстырады.

Отанға біздің, зұлым жау
Қан тұмсығын батырды.
Жүрмек болдым майданға
Береке-бірлік істеңдер
Ақылым осы ақырғы [112].

Авторлық тарихи жырларда да көп болмағанымен, кеңістіктің үш түрлі формасын көркемдікпен пайдалану ұшырасып жатады. Әрине авторлық тарихи жырларда ертегі мен мифтегідей кеңістіктің «төмен, орта, жоғары» боп келетін құрылымы толық көрініс табуы тарихи жыр үшін мүмкін емес. Бірақ жыршының эпикалық санасындағы төменгі кеңістік – «киелі», «қорған, пана, мекен» дейтін түсініктер сілемі орайын тапса шеберлікпен қолданылатындығын «Шаян батыр» жырынан көруге болады.

«Қара үңгір деген Әулиатадан төмен болады. Баба сол жерді жерлеп, алты жыл тұрады. Үңгір барған заманда Сырымбет баба қасқараудың тұқымы жұтап қалады. Бабаның бір қызыл биесі буаз қалып, құлындап, сол қызыл биенің сүтімен бірталай елді асырайды» [95]. Бала Шаянның қалмақты балтамен басын шауып өлтіргеннен кейін Сырымбет бабасымен паналайтын жері – Қара үңгір. Осы Қара үңгір жері Әбдіғали Сариевтің «Саурық батыр» жырында да аталады:

Қара үңгірде Сыпатай,
Батырбекпен бір еді [80].

Сыпатай Қара үңгірде қазақ батырларымен орыс әскеріне қарсы шайқаста бас қосады, жаудың қайта келер жолын күтеді.Ұлы Отан соғысы тақырыбында жырларда жер асты кеңістігі ретінде *үңгір* сөзі де қолданылады.

«Отан үшін ерлердің
Үңгірде болған тұрағы» [80], –

деп Қалқа ақын әскердің окоп қазып, сол окопта жасырынып, жаумен шайқасқаны айтады. Майдангерлер окопта жаудан жасырынып қана қоймай, соғыс операцияларына қатысып отырған.

Кеңістіктің ортасын ағаш, жазық дала, өзен, көл, оны мекен ететін адам, аңдар – жалпы тіршілік иелері құрайды. Тарихи жырларда оқиға көбінесе кеңістіктің ортасында өтеді. Жазық далада жаумен соғысады, батыр аң аулайды. «Почти все пространство эпического мира занято степью. В степи встречаются воины, происходит единоборство, т.е. надо подчеркнуть, что степь является основным местом где происходят героические события» [24, 89].

Сардалада ілестіріп сағымды,
Ойдан-қырдан салтаттылар ағылды.
Тұнып тұрған Қарқараның аспаны,
Көрмегелі көп болыпты-ау, дауылды.
Төкпегелі көп болыпты-ау, жауынды [31, 174], –

деп Мұқатай Жылқыайдарұлы «Қарқара» жырында патшаның 1916 жылы қазақтың 19-43 жас аралығындағы азаматтарын қара жұмысқа алу туралы бұйрығы кезінде елдегі байлардың емес, тек бірыңғай кедейлердің қара жұмысқа жіберілуіне қатысты халықтың ашынғанын баяндайды. Халықтың әділетсіздікке қарсы Сардалаға жиналып, бас қосуының аяғы Жетісудағы ең ірі ошақ Қарқара көтерілісіне ұласып, бүкілхалықтық ұлт-азаттық қозғалысқа әкелген болатын.

Келесі назар аударатын кеңістік*, ол – өзен.* Көбінесе батырдың ұрыстары, соғыс өзен жағасында өтеді. Сондай-ақ батырдың балалық шағы белгілі бір өзен жағасында өтеді.

Жас болса да Сұраншы,
Батыр болды айлалы.
Күрті өзеннің жағасын,
Бір жыл барып жайлады [80].

Өзен жырларда батырдың елі мен жау елін бөлуші қызметке ие. Өзеннен өтіп жаудың шекарасына дендеп, еніп кетеді. Батырдың қабілеті де осы өзеннен өтер сәтте сыналады. Айлалы, қабілетті батырлар өзінің артынан ерген қалың қолын өзеннен аман-есен өткізе алады. Сондай-ақ батырдың жауға қарсы іс-әрекеті де өзен жағасында өтеді. Әдетте өзен жағасында батыр я жеңеді, я жеңіліс табады.

Үй үстіне үй түсіп,
Кернеп жатқан кең *өзен*,
Ақпай суы тоқталды.
Екпінімен түскен вагондар
Бір өзенді бөгеді [51].

Әбдіғали ақынның «Партизан Ғалым» атты жырынан алынған бұл үзіндіде өзен бойында фашистердің қару-жарақ, азық-түлік тасыған вагондары өзенге құлатылып, қиратылады. Бұл партизандық қимылға жауапты болған қазақ батыры Ғалым өзіне жүктелген міндетті сәтті орындап, фашистерге жойқын соққы береді.

Кеңістіктің жоғарғы құрылымына тау, аспан кіреді. Тарихи жырлардағы тау – батырдың өз жұрты мен жау жері арасындағы шекара. Б.Рақымовтың пікірінше, «қаһармандық эпостағы «өзімдікі мен өзгенікі» реалды эпоста өзімдікі де, өзгенікі де емес, «біздікі» дейтін бір-ақ түсінікпен беріледі» [115, 208]. Десек те авторлық тарихи жырлардағы «тау» концепциясы екі елді ажыратушы мәнге ие. Тау басты эпикалық ландшафт болып саналады.

«Әй, ағайындар, біз басында қырғызға деп шықтық. Біз тау асып барсақ, төрт жүз түгіл төрт мың болады. Қырғыз аз емес, көп ел. Біз қорқатын болсақ, неге шықтық. Өзіміз *тау асып, тау басып* баратын жауды Құдай айдап келді» [58].

Түн өтіп ертеңгі түс болып кетті,
Қалшақ хан қазақпенен болды кекті.
Қамшы ұрып асығысып келе жатыр,
Тоқтамай неше қабат *таудан* өтті [50].

Б.Н. Путилов: «Описания ти сюжетно обусловлены и сюжетно направлены. Пространственный континуум, в границах которого развивается эпический сюжет, открывается нам по ходу повествовании отдельными сторонами, деталями, и включение их в эпическую картину оказывается вызванным в первую очередь движением событий, развертыванием коллизий, переменой ситуаций» [116, 18]. Демек кеңістік қозғалыстан тұрғандықтан, қозғалысты құрайтын белгілер, өзгерістер, орын алмастырулар – бәрі-бәрі кеңістіктің ауқымын анықтайды.

Жырдағы кеңістіктің шағын және ауқымдылығы жырдағы оқиғалар тізбегінің санына, автордың батырдың өмірбаяндық жолын жырлауына тәуелді болып келеді. Бұлай дейтін себебіміз – жырда бірнеше оқиға болса, кеңістіктің көлемі де арта түседі. Жыр кейіпкерінің бірнеше оқиғаның орын алу мекеніне байланысты жүріп өткен жолы сан салалы болады. Кейде жырда бір ғана соғыс көрінісі суреттелсе де, ондағы батырдың жүріп өткен жолы ұзақ болып, кеңістіктің де көлемі үлкеюі мүмкін. Қалай дегенде де кеңістіктің ауқымы жырдағы оқиғаның санымен өлшенбейді.

Батырдың жүрісі, жорығы кейде нақты мезгіл, мөлшермен сипатталса, кейде бірден жер-атауларының тізбектеле аталуымен оның ұзақ жол жүргенін аңғаруға болады. Жырлаушы баратын жердің қашықтығын баяндамайды. Батырдың еркіндікте, не тұтқында өсуі де кеңістікке тәуелді екендігін аңғартады.

Эпостағы кеңістік пен уақытты сипаттап, арнайы қарастырған Ш.Ыбыраевтың «Эпостың кеңістік концепциясы», «Кеңістіктің көркемдік сипаты» деп аталатын еңбектерінде эпикалық кеңістіктің теориялық тұжырымы толық жасалған [12]. Ал «Манас» жырындағы кеңістіктің көрінісіне қатысты пікір білдірген Д.Айдарова эпикалық топонимика мен шынайы топонимика қатар жүретінін, жырлаушы эпикалық кеңістікті сипаттаған сәтінде шынайы немесе ойдан шығарылған кеңістікте оқиғаны өрбітетініне назар аударады [24, 83-84]. Осындай теориялық тұжырымдарды тірек ете отырып, Жетісу өңіріне тән авторлық тарихи жырлардағы топономиканың шынайылығы мен көркемдік қызметте жұмсалуының кейбір заңдылықтарына назар аударды.

Жетісу ақындарының тарихи жырларында географиялық, топонимикалық атаулар жиі ұшырасады. «Тарихи оқиға мен жырдың арасы мерзімі жағынан бір-бірінен алыстамай тұрғанда жағрафиялық атаулардың орналасуы шындыққа жақын болуы ықтимал» [12, 141]. Ақын нақты бір аймақтың батыры, саяси, тарихи оқиғасы туралы жырлап отырғандықтан, өз аймағының жер-су атауларына қанықтығын жырларында айғақтайды.

Біз қарастырып отырған Жетісу өңірінде туған тарихи жырлар географиялық атауларға қанықтығымен ерекшеленеді. Мәселен, қоқандықтардың толассыз шабуылына қарсы шыққан Сұраншы батырды Сүйінбай, Жамбыл ақындар «Сұраншы батыр» деп аталатын жырларында аса мақтанышпен жырға қосты. Батырдың туып-өскен мекені, табиғаты, ортасы географиялық атаулармен көмкерілген:

Толып жатқан шоқысы,
Шоқысының аты бар:
Қозыбас, Қордай жаясы
Сонан өрлеп тартылар, —
Суықтөбе, Дегерез,
Ұзынағаш, Көктөбе,
Қарғалының биігі,
Шұбараттың өрі бар,
Қасқасу мен *Үшқоңыр*,
Қызыл күнгей белі бар.
Қарағайлы, Құрттыбас,
Талғардай биік шоқы бар.
Есікті, Түрген, Ақшелек
Қарқара бар, *Асы* бар,
Шыңдардың шыңы *Хантәңір*
Таудың биік басы бар [117, 113].

Жамбыл сипаттаған мекен атаулары бүгінге дейін сақталған. Қозбас, Қордай, Суықтөбе, Дегерез (Дегерес) мекендері қазіргі Жамбыл облысының аумағында, Ұзынағаш, Көктөбе, Қарғалы, Үшқоңыр, Қарағайлы, Талғар, Есік, Түрген, Қарқара, Хантәңір шыңы қазіргі Алматы облысының ауқымында орналасқан. Ақын атаған жер-су атауларының барлығын болмаса да, екі-үшеуін таныстыруға болады.

Алдымен Қозбас деген жер атауы аталады. Қозбас – Қордай асуының маңындағы мекен. Тарихшы Н.А.Атыгаев Қозбас орнын Қазақ хандығының құрылған орны деп топшылайды: «Таким образом, есть все основания считать, что местом возникновения Казахского ханства является Чу-Илийское междуречье. Здесь же, на территории современного Жамбылского района Алматинской области, находилась упоминаемая Мирза Мухаммед Хайдаром местность «Қозыбасы» [118]. Бұл мекен Қозбас, Қозыбасы, Қозыбашы деген атаулармен көптеген деректерде кездеседі.

Жамбыл облысы, Байзақ ауданының ауылы *Сарыкемер* атауы жырда бірнеше рет аталады. Оған себеп – Қоқан ханы Құдиярдың патша өкіметіне қарсы тұра алмай, қашып, жолда Сарыкемер ауылын шауып кетуі.

Қырғыздан Орман бірігіп,
Қордайдан асқан көп әскер
Теріскейге ағылды.
Тілеуқабыл – Қасқарау
Сарыкемерде шабылды [117, 160].

Ақын Әбзейіт Мәлікеұлының «Қазақ батырлары: Әжібай, Өтеген және басқалар» деп аталатын жырында баяндалатын оқиғалар, соғыс қимылдары Жетісудың оңтүстік шығысында өтеді. Оған сюжеттік желіде жиі суреттелетін Шелек, Түрген, Қорғас, Қаракемер, Кеңсу, Күрметі т.б. жер-су аттары айғақ болады. Ақынның өзіне тән ерекшелігі – жырдағы жер-су атауларының этимологиясын қоса беруінде.

Қорғастың жағасында қазір де бар,
Аппақ боп көрінеді мұнаралар.
«Қалмақ қорған» деп қазір аталады,
Осылай атап кеткен көп адамдар [52, 182].

Қызырдан Тұмарша өстіп бата алады,
Мекен қып жүре берді сары даланы.
Қазіргі *Талдықорған* аймағында
«*Бастауы*, – деп, – Тұмаршаның» аталады [52, 199].

Қазірде «*Күрімте*» деп атайды өзін,
Алыпты колхоз орнап мұның төрін.
«Күрімте» колхозы деп атақ беріп,

Қалмақтың өшірмепті әлі сөзін [52, 212].

Ақын осылайша Жетісу өлкесінде бірнеше жер-су атауларының шығу тарихын жыр оқиғасымен қиюластыра отырып, көркем суреттейді. «Жамбыл ақын оқиғаның жай-жапсарын түгел білгендіктен, «Сұраншы батыр» жырын тарихи фактілер мен деректерге сүйене отырып, сол күйінше жырлауға тырысқан. Оның үстіне халық көрген қорлығынан, тартқан азабынан айыға қоймағандықтан, оқиға бұрмаланбай, шындыққа негізделген» [119, 179]. Жырда жер-су атауларының саны мұнымен шектелмейді. Болашақта ономастика, этимологиямен айналысатын тіл білімінің мамандарына құнды дерек ретінде зерттеу барысында үлес қосары сөзсіз.

Жырдың жырлануы және таралу кеңістігі жайында тоқталсақ, бұл мәселе – арнайы қарастыратын күрделі мәселе. Себебі, әрбір өңірге тән авторлық тарихи жырлардың таралу аясы сол аймақпен ғана шектеліп қалды деу қиын. Әрине белгілі бір аймақтың ақыны өз аймағының батырлары, туған өлкесіндегі саяси, тарихи оқиғаларына арнаған жыры, ең алдымен, сол аймаққа ғана белгілі болып, кеңінен таралуы мүмкін. Алайда эпикалық жады күшті кезде бір өлкеден бір өлкеге қонақтап келген әрбір ақын, жыршы өз жадында жаттап, өз өлкесінде қайта жырлап, я сол жырды жеткізуші болуы да мүмкін. Жалпы ұлттық сипат алған көтеріліс, соғыстар, соларда көзге түскен батырлардың ерлігін қайта жырлау ел басына күн туған қай кезеңдерде де игі дәстүр болған. Өйткені қазақтың қай өңірінің де эпикалық жырларының идеясы бостандық, тәуелсіздік, туған жерге деген сүйіспеншілік болған. Қазақстанның белгілі бір өлкесінде болған тарихи оқиға, сол оқиғада батырлығымен ел есінде қалған азаматтардың дақпырты, ел ауқымынан асып, жалпы қазақ жеріне таралып жатқан. Тек оның ізінің бүгінгі күні бұлыңғырлығы қазақтың басын құратпай, әрбір өңірдегі азаттық күресін басып-жаншып тастап отырған отаршылдық күштің ықпалымен байланысты. Өңірлік, аймақтық ерекшелік жайлы әңгімелеудің өзі заңсыздық саналған кезеңдерде әрбір өңірдің азаттық жолындағы күрес шежіресі болған тарихи жырлардың таралуының шектелуі де осы саясатпен байланысты болған.

3.2 Авторлық тарихи жырлардың көркемдік әлемі

Қазақ тілінің сөз байлығы, көркемдік сөз кестелері – эпикалық жанрлардың басты өлшемдерінің бірі. З. Сейітжанұлының «эпикалық туындылардың идеялық-мазмұн құндылығына қарай көңіл толарлық көркем сапасы да болуы шарт. Кез келген нақты тарихи эпостың қонымды бояуы, көркемдік қуаты болмаса, онда оның эстетикалық әсері де шамалы болар еді» [120, 82] деген талапқа сай екендігін жетісулық халық ақындары жырларының қай-қайсысынан байқауға болады. Біз зерттеу нысанасы етіп отырған жетісулық авторлар шығарған тарихи жырларда жалпы дәстүрді шеберлікпен пайдалануымен қатар өзіндік авторлық тіл қолданыстарымен де ерекшеленеді.

Авторлық тарихи жырлардағы буын саны түрліше болып келеді. «Сеңгірбаев Мұсабек», «Байсейіт батыр» жырлары таза 7-8 буынды жыр үлгісіне

құрылған жырлар болса, «Байсейіт батырдың тарихы», «Партизан Шаймерден», «Жетіген» жырлары жыр үлгісіндегі 7-8 буыннан және қара өлең үлгісіндегі 11-12 буыннан тұрады. «Тауда» жыры таза 11-12 буынға құрылған. Жыр жолдары қара сөзбен де араласып келіп отырады.

Жетісу халық ақындары қазақтың эпостық мұраларын, өздеріне дейінгі ақындар шығармашылығын естіп өскен. Сол көркем сөзді үлгі етіп, жыр ырғағы мен ұйқасын, бунағы мен тармағын қиюластыра отырып, түйдектелген жыр жолдарын дүниеге әкелді. Жетісу халық ақындары жырларынан батырлар жырының, өзге де ақын-жыраулар поэзиясының өлең үлгілерін аңғаруға болады. «Соғыс жағдайындағы елдің ақын-жыраулары көтеріліске қатысушыларды табан астында жігерлендіру үшін бұрынғы дәуірде өткен бабаларының рухты, әрі айшықты өлең үлгілерін әдейі қолданып отырған» [67].

Мінезді болса алғаның,
Одан артық жар бар ма,
Екі жаман қосылса,
Күнде жанжал, күнде шу,
Ұяларлық ар бар ма [121, 66].

Қалмақтың қылған қорлығы
Көңілден ердің қалар ма?
Өлтірген соң Қыздардың
Сүйегін бермей алар ма?
Ит пен құсқа жем қылып,
Далаға тастап сүйегін
Мақтанып елге барар ма? [58]

Автор өзіне дейінгі ақындар шығармашылығымен таныс боп өсіп, жадында сақтаған. Мұндай үрдіс қазақ әдебиетіне таңсық емес. Дәстүр жалғастығы арқылы әдебиеттің озық үлгілері ұмытылмай, жаңғыртылып келеді. Тәжібай ақын лексикалық қайталауларды ұтымды қолдана отырып, семантикалық реңкті күшейтуші жырдағы қайталанатын сөздер арқылы өз мақсатына жете алған, тыңдаушысын тыңдата білген. Мұндай лексикалық қайталаулар жыршылық дәстүрге жат емес. Қайталама сөздерді орынды пайдалана отырып, жырдың тыңдаушы жадында тез жатталуына жағдай жасайды. Жыршы жеке сөз, сөз тіркестері, тұтастай жыр жолдарын сол күйінде қайталайтын тұстары да кездеседі.

«Шаян батырда»:
– Ей, жұртым, менде ашу бар,
Он алтыда жасым бар,
Сәт бауырым өліпті,
Бәйгеге тіккен басым бар [95].

«Қобыланды батырда»:
Ау, Алшағыр, Алшағыр,
Тұтқындамыз біз қазір.
Жорға жүрген басым бар,
Он алтыда жасым бар [122, 466].

Ақындық дәстүрдің көшіне ерген, айтыскер ақын Есдәулет Қандеков «Шаян батыр» жырында өзінің жыршылық өнерге қанықтығын, дәстүрге беріктігін таныта білген.

Көбінесе кейінгі ақындар XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген жыраулар поэзиясына сүйенгенді жөн көреді. Бұндай ұқсастықтың себебін әдебиеттанушы ғалымдар осы кезге дейін айтып келді. Ғалым Қ.Сыдиықов: «Халық таланттары өздерінен бұрынғы ақын, жыраулар мен шешен-ділмарлар сөзін қадір тұтып, жаттап, соларға еліктей өскен. Қажет жерінде оларды дайын құралдай қолма-қол пайдаланып, ағытып айтып отырған. Сөйтіп, ақылға үндер асыл сөздерді қисындырып айтушылар халықтың қадірлі адамына айналған. Ал, ақындық таланты барлары сұңғыла сөздердің кейбіреулерін бағзы, бастапқы күйінде хабарлап қана қоймай, оны сол тұстағы белгілі жағдайға, өз идеясына лайықтап, өзіндік өрнегімен дамыта, ұстарта толғаған» [123, 209]. Осы ретте белгілі бір ақынның өзінен кейінгі ақындарға ықпал еткендігі жөнінде біржақты пікір айту ерте. Ақындар дәстүр жалғастығын сақтай отырып, құлағына жыр үлгілерін құйып өскен.

Махамбеттің «Жалғыздық» өлеңінде:

Бұл дүниенің жүзінде
Айдан көркем нәрсе *жоқ* -
Түнде бар да, күндіз *жоқ*.
Күннен көркем нәрсе *жоқ* -
Күндіз бар да түнде *жоқ*.
Мұсылманшылық кімде *жоқ*?
Тілде бар да, дінде *жоқ*.
Көшпелі дәулет кімде *жоқ*?
Бірде бар да бірде *жоқ* [124, 106].

Тәжібай ақынның «Байсейіт батыр» жырында:

Нашарлардың жаны *жоқ*.
Толымды бұған қаны *жоқ*,
Мінейін десе малы *жоқ*.
Сүйіп алған жары *жоқ*,
Жары жоқтың жаны *жоқ*.
Өсетін жары болмаса,
Құйрық пенен жалы *жоқ*,
Әлденерге әлі *жоқ*.
Қайбіреуде бала *жоқ*,
Балалар болар шара *жоқ*... [58]

Тәжібай ақынның жыр жолдары Махамбеттің «Жалғыздық» деп аталатын өлеңімен үндес келеді. Философиялық, танымдық мағынадағы жыр үзіндісі жыр сюжетіне қатысы жоқ, автордың өзінің тарапынан қосылған. Тәжібай ақынның бір ғана «Байсейіт батырдың тарихы» жырынан мұндай сюжетке қатысы жоқ, жыраулық жыр жолдары молынан ұшырасады. Халық ақындары – өздеріне дейінгі ақындар қалдырған өсиет сөздердің жалғастырушысы, соларды жаңғыртып, өңдеп жеткізушісі.

Халық ақындары жыраулар шығармашылығымен сусындап өскендіктен, бейсаналы түрде жыраулардың өлең үлгілерін, жырлау мәнерін қолданып отырған. Мұндай үрдіс тек жетісулық ақындарға тән боп келмейді. Жыраулар поэзиясының кейінгі ақындарға ықпалы осы кезге дейін кеңінен зерттелген болатын. Десек те жыраулар поэзиясы мен Жетісу халық ақындары жырларының

ұқсастығы, не айырмашылығы осы күнге дейін арнайы зерттелмеді. Сондықтан XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген жыраулардың, кейінгі ғасырлардағы импровизатор ақындардың шығармашылығымен қатар бірлікте салыстыру артық емес деп санаймыз.

Шалкиіз жырау:

Айырдан туған жампоз *бар*,
Жүгін нарға салғысыз,
Арғымақтан туған будан *бар*
Күнінде көрінім жерді алғысыз,
Жаманнан туған жақсы *бар*
Адам айтса нанғысыз,
Жақсыдан туған жаман *бар*
Күндердің күні болғанда
Бір аяқ асқа алғысыз [120, 44], –

десе, Саяділ Керімбеков былай дейді:

Денесін тауға баласам,
Шынар шыбық бойы *бар*.
Қайнардың тұнық көзіндей
Атқыған ақыл ойы *бар*.
Ердің есіл-дертіне
Елдің мұңы жолығар.
Аяғын алға бастырмас
Ағайын елдің торы *бар*.
Наурызбай, Кенесарының
Соғысының соңы *бар* [54, 73].

Шалкиіз жырау мен Саяділ ақынның жыр жолдарын ортақтастыратын – «бар» сөзінің қайталануы. Ал қос жырды айрықшалайтын – жырдың мән-мағынасы. Шалкиіз жыраудың «Айырдан туған жампоз бар» жырында «бар» сөзі жампоз бен буданның, жақсы мен жаманның, асыл мен сынықтың, ойлы мен ойсыздың дүниеге келуін астарлап сипаттап, философиялық мәнде шығарылған. Саяділ ақынның қайталауындағы «бар» сөзі Байсейіт батырдың сипатына қатысты қолданылғандықтан, философиялық мәні көрініс таппайды. Ақын Байсейіттің батырларға тән тұрпатына ақылы да жараса кеткен деп сипаттайды. Қос жырда да «бар» сөзі бір тармақты қалдыра отырып, лексикалық қайталануы арқылы жырға экспрессивтік мән үстемелей түскен.

Шалкиіз жыраудың шығармашылығын Қалқа Жапсарбаев та үлгі тұтқан. Ақын жырынан Шалкиіздің сарынын аңғару қиын емес. Бұл сөздерімізге төмендегі жыр жолдары дәлел бола алады:

Шалкиіз жырау:
Асқар, асқар, асқар тау,
Асқар таудың со бүркіт
Ылдидың аңын шалар ма,
Далада сұңқар түлесе,
Жүніне қарға жолар ма?![120, 46]

Қалқа Жапсарбаев:
Асқар, асқар, асқар бел
Сай-салаңнан аққан сел,
Жұпардайын аңқыған,
Байтақ дала, самал жел.
Шайқалмасын ырысың
Берекелі бейбіт ел. [112, 15-16]

Жоғарыда айтып өткеніміздей, философиялық толғауларды дүниеге әкелген Шалкиіз жырау сарыны көптеген ақындарға үлгі болған. Шалкиіз жыраудың «Асқар, асқар, асқар тау» деп басталатын толғауы философиялық сарында болса, Қалқа ақынның қолданысындағы «Асқар, асқар, асқар бел» деп келетін жыр шумақтары туған еліне арналған. Мұның жыр сюжетіне қатысы болмаса да, Мұсабек батырдың туып-өскен жерін сипаттауға қолданады. Мағына айырмашылығына қарамастан, Қалқа ақын эпикалық дәстүрге ықылас танытады.

«Сеңгірбаев Мұсабек» жыры патриоттық мақсатта жазылып, Мұсабек батырдың ерлігін, кеңестік еңбекші қазақтың образын сипаттайды. «Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер, ел басына күн туса, ер етікпен су кешер» деген мәтел мағынасымен үндес жыр жолдары өзінің соғыстағы қатарластарын жігерлендіріп, рухтандыруға бағытталған. Отан алдындағы борышты абыроймен атқаруға Мұсабек батырдың атынан жыр арналып, майдандастарын қайрай түседі:

Қиын-қыстау күн туса
Жау оғынан саспайық,
Жау бетінен жасқанып
Шегініп кейін баспайық.
Қазадан қорқып қаймығып
Арамызды ашпайық.
Мың қарғаға бір кесек,
Тұралық қарсы қасқайып [112, 19].

Мұндай патриоттық сарында жазылған жыр жолдары жиі кездеседі. Себебі авторлық тарихи жырлардың дені батырлықты, ерлікті, туған жерге деген құрметті дәріптейді. Соғыс кезінде жігіттерді жауға қарсы дайындауда жырауларша қайрау Әбдіғали ақын шығармашылығына тән болып келеді. Ұлы Отан соғысы кезінде ерлігімен елге қорған болған кеңестік батырларды құдды бір көне жыраулардың философиялық, моральдық-дидактикалық толғаулары секілді жалынды жырларымен жігерлендіреді:

Батырлар қайдан білінер
Қан майданда сыналмай.
Жерде көктем көгермес,
Буалдыр түсіп, шық алмай.

Жау дегенің бір тұман,
Быт-шыт болып тарайды,
Соқса дауыл тұра алмай.
Ерден құмар тарқамас
Қылышын қанға суармай [80].

Ақындар жырларында эпитеттер де молынан ұшырасады. Жетісу ақындарына дейін де эпитеттер қолданылып келген. Орынды, ұтымды, өткір сөздердің тіркесуі ақынның кең құлашын дәлелдей түседі, оның эстетикалық талғамын да танытады. Жыр жолдарындағы эпитеттердің қолданылуы ақынның байқампаздығын, қиялының ұшқырлығын, табиғат пен жаратылыс туралы танымының кеңдігін танытады. Қалқа Жапсарбаевтың «Партизан Шаймерден» жырында «жас бала», «қаһар от», «қу сөз», «өнімсіз сөз», «сары бала», «қадірлі боз бала»; «Сеңгірбаев Мұсабек» жырындағы «жас қозы», «азат өмір», «жаңа жігер, жаңа күш», «асқар шың», «жас сәбиін жас ана жұмыста жүріп тербетті», «шыбын жаным садаға», «қас жау», «айдын көл» т.б. сынды эпитеттер ойды тура да, астарлы мәнде де жеткізуде қолданылуы мүмкін. Мысалға келтірілген эпитеттердің арасында тұрақты да, күрделі эпитеттер де кездеседі. Бұл ретте «Халықтық поэзияда (қай елдің сөз өнерін алсақ та) белгілі бір ұғымға үнемі қатарласып айтылатын тұрақты эпитеттер көп кездесетіні белгілі (айдын көл, асқар тау). Мұның өзі кездейсоқ құбылыс емес. Халық поэзиясында бейнелі сөз түрлері, сөз нақыштары сан жағынан жазба әдебиеттегідей мол болмағанымен, оның есесіне жиірек қолданылады. Халықтық өлең-жырларда бейнелі сөздердің берік орнығып, тұрақталғанын, әбден екшеліп, сұрыпталғанын, поэзияның тіл кестесіне хас үлгі-нақыштар болып қалыптасқанын байқаймыз. Сондықтан халықтық өлең-жырлардағы әр эпитет, теңеу, метафора, кейіптеу, символ секілді сипаттау, салыстыру, көріктеу тәсілдеріне байсалдылықпен қарап, тексерудің олардың халық тілінің, халықтық поэзияның сөз кестесіне тән өзгешеліктерін біліп-түсінудің мәні зор» [5, 30] деп қазақтың поэзиясы мен өлең құрлысының ерекшеліктері жөнінде іргелі зерттеулер жасаған академик З.Ахметовтің пікірін келтірген орынды деп есептейміз.

Ақын эпитет сөздер жасауда кез-келген сөздерді тіркестіріп, жайдан-жай қолдана салмайды. Бұл бір ғана жеке ақынның танымын аңғартпайды, ғасырлар бойы халық ұғымында қалыптасқан түсініктердің, көзқарастардың, қоғамдық сананың, мәдениеттің, фольклор мен халық поэзиясының стилінің дәстүрлі жалғасуын, оның саналы, я бейсаналы түрде халық жадында сақталып қалуынан хабар береді.

Ақындардың жыр жолдары – тұнып тұрған теңеулер. Жетісу халық ақындары жырларындағы теңеулердің эстетикалық мәні айрықша елеулі болып келеді. Ақындар табиғатты, жаратылысты, оқиғаларды, өзіне дейінгі ақындардың жырларын образды теңеулермен әсерлі суреттеуге, көркем бейнелеуге тырысады. Теңеу барысында ақынның қандай да болмасын затты, іс-әрекетті салыстыруы – оның салыстырып отырған затының ерекшелігіне, іс-әрекеттің сипатына баса назар аударғандығы. Ақын тыңдарманының, не

оқырманының сол бір ерекшелікке мән беруін көздейді. Ол өз шеберлігіне сай салыстырып отырған дүниесі мен іс-әрекетті бұған дейін жер бетінде болмағандай етіп асқақтатып, не жирендіріп отырады. Тәжібай ақынның «Байсейіт батырдың тарихы» жырында «Тартқанда *ине атқандай* екі қолым», «Дұшпанды *аждаһадай* жүрген шағып», «*Бурадай* болып жараған» деген тіркестерден бөлек тұтас жыр шумағы теңеулерден құралған. Мұндағы дұшпанды аждаһаға, түр-тұрпатты бураға теңеу – тұрақты, дәстүрлі салыстырудың үлгілері.

Қазақ поэзиясында жаратылыс пен табиғат көріністерін, ер жігіттің бейнесін, оның жігітке тән қайсарлығын, батырлығын, сұлу қыздың сымбаты мен қылықтарын, жүйрік аттың бейнесін сипаттау жиі қолданылады.

Екі аттың сураты
Кәрі жілік қақпандай,
Жотасы сұлу жонғандай.
Ерге лайық ат дағы,
Ой желкесі құмғандай,
Сүйегі емес оңғандай.
Қалаған жерге барады,
Көзді ашып жұмғандай.
Ерге лайық шұбары,
Бір тұлпардан туғандай.
Ол атқа мінсе Байсейіт,
Дұшпанның жолын буғандай.
Қарсыласқан дұшпанды
Қызыл қанмен жуғандай.
Порымын байқап көрсеңіз,
Ерлерден асып туғандай [58].

Жүйрік аттың бейнесі қазақ эпосымен егіз ұғым ретінде танылады. Тіпті өлең-жырларда аттың сипатын суреттеумен қатар аттың түр-түсі, тұрпаты, жасы, шабысы адамның қадір-қасиетін, мінезін, болмысын суреттеуде пайдаланылып жатады. Ер қанаты жүйрік аттың болмысымен қатар қыран, бүркіт, аққу, бұлбұл, қой, арыстан, жолбарыс, қасқыр секілді бейнелер теңеу, салыстыруда жиі қолданылады. Есдәулет ақынның «Шаян батыр» жырында: «*Арыстандай* ер еді», «Үріккен *қойдай* шығады», «*Арыстандай* арсылдап», «Жолбарыстай сұрланып», «Қып-қызыл *жолбарыстай* сұры жаман», «Секіріп жас *лақтай* ойнақтайды», «Кәдімгі *жолбарыстай* сұрланады» т.б., Әбдіғали ақынның жырларында кездесетін «Аш *қасқырдай* төніпті», «Қаңтарда ұшқан *бүркіттей*, жауына ерлер шүйілді» т.б. үйреншікті теңеулерімен қатар күрделі әрі қисынды теңеулер де молынан ұшырасады. Мәселен,

Бөлтірік Атыханұлы «Бөлтірік сөзі»:
Ұшты жүрек зуылдап,

Ауған, азғын сорлы елге,
Орыстың қолы ойнақ сап,
Бидайықтай қуырған,
Қолқасын қойдай суырған [31, 77].

Көдек Байшығанұлы «Үркін»:

Тасты жарған болаттай,
Шыға келді Ленин,
Бірдей болып күнменен [31, 95], –

сынды тапқыр теңеулерімен ерекшеленеді. Мұндағы Бөлтірік ақынның орыстың жасаған зорлықтарынан қазақ халқының бидайықтай қуырылғанға, Көдек ақынның саяси төңкеріс әкелген Лениннің тарих сахнасына шығуын тасты жарған болатқа теңеуі ақындардың күнделікті тұрмыста көрген дүниелерімен салыстырудан туындаған. Оқып көз үйренген, естіп құлақ жаттыққан сөз тіркестері болуы мүмкін. Алайда ақындардың дәл осы салыстыруларды қолданып, образды теңеулерді жасап, бейнелеп жеткізуінен оның өмірге деген көзқарасын, таным, түсінігін, әлемді қабылдауын аңғаруға болады. Сондай-ақ келтірілген жыр үзінділерінде Бөлтірік, Көдек ақындар теңеуді жасауда жырларға тән боп келетін тәсілін пайдаланған. Теңеудің мұндай тәсілінде адамның мінезін оның іс-әрекеттерін суреттеу арқылы көрініс табады. Көбінесе эпикалық жырларда адамның сезімін, көңіл-күйін әсерлеп сипаттап, оны салыстырып жатпайды. Бір ғана іс-әрекеті, қимылын салыстыру арқылы адамның тұтас ішкі жан-дүниесінен, мінез ерекшеліктерінен хабар береді. Теңеуді жасаудың бұл тәсілі – эпикалық жырларда қолданылатын ортақ тәсіл.

Теңеудің молынан шоғырланатын тұсы адам портретін, әсіресе әйелдің бет-бейнесін, сымбатын, қылықтары мен қимыл-қозғалысы көрініс табатын кезде байқалады. Ғашықтық жырларда, батырлар жырында әйел адамның портретін жасауда теңеу, эпитет, метафора, символдың түрлері молынан қолданылып, көлемді, ауқымды түрде суреттеледі. Тарихи жырларда әйел адамның кескін-келбетін көлемді етіп суреттеу – жат құбылыс. Десек те Саяділ ақын «Байсейіт батыр» жырында Байсейіттің жары Апақайдың бейнесін суреттеуді қалыс қалдырмағаны байқалады:

Аппақ қардай еті бар,
Алтын да қызыл беті бар,
Қар үстіне тамған қан.
Көргендер тағы көрсем деп,
Шыдамайды шыбын жан.
Апақайдан сұлу жоқ,
Туады екен мұндай жан.
Көшпе алтындай көлкілдеп,
Балқып тұрған қыз бір нән.
Езу тартып батырға

Сөзі тәтті, күлкі сән.
Қос ауыздан шыққандай,
Құйқылжытып салған ән [81].

Арудың етінің аппақ қарға, бетінің алтынға, шырайының қар үстіне тамған қызыл қанға теңелуі, денесінің алтындай көлкілдеп, үлбірей салыстырылуы – қазақ әдебиетінде әйел портретінің әбден қалыптасқан, тұрақты, дәстүрлі бейнелеулері. Мұнда теңеумен қатар эпитет, метафоралар қатар бірлікте қолданылады. Алайда әйелдің портретін бейнелеуде теңеудің үлесі басым түседі. Шендестірудің үздік үлгісін танытатын:

Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де, етім көр.
Қар үстіне қан тамар,
Қанды көр де, бетім көр [125, 20], –

деп келетін «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүністің сипатын берудегі бейнелілік Саяділ ақынның шығармашылығына да ықпал етсе керек. Ақын «Ер Тарғын» жырындағыдай параллелизм мен шендестіруді қолданбаса да, Апақайдың сұлулығын күрделі де, әсерлі етіп салыстыра отырып, дәстүрлі жырлаудың озық үлгісін көрсеткен.

Бейнелеу тәсілдерінің ішінде теңеуге жақынырағы метафора екендігі белгілі. Әсіресе бір нәрсені екінші затқа теліп, баламасы етіп көрсете отырып сипаттайтын, күрделі құралатын метафораның осы түрін айрықша атап көрсетуге болады.

Жетісу ақындарының тарихи жырларында күрделі метафоралар орынды қолданылып, жырдың көркемдік құндылығын арттыра білген. Академик З.Қабдолов «Сөз өнері» атты еңбегінде: «Күрделі метафораларды жасаудағы мақсат та – сөзді құбылту арқылы ұғымды тереңдету; ой образын үстемелей, өсіре келе оның әсерін күшейту» [4, 230] деп жазған болатын.

Дауыл да соғып ашылар,
Қahары да басылар.
Ашуға мінген айбатты ер
Оларды жерден қашырар [80], –

деп балама бейне арқылы Әбдіғали ақын кеңестік жерлерге көз тіккен фашистік іс-әрекеттерді дүлей дауылға балайды. Дауылды басып, жауды қуатын Отан үшін жанын аямайтын кеңес сарбаздары екенін тұспалдап суреттейді.

Ақын метафораны жасауда бейнелеп отырған дүниесін, болмаса адамды тура да суреттеп жатады. Метафораның бұл түрі жұрнақсыз, жалғаусыз жасалып, сипаттап отырған нәрсе екінші нәрсенің баламасы ретінде суреттеледі:

Ой – желі, қиял – өріс, ақыл – қазы,

Келеді қиялдансам сөздің сазы [38, 13].

Есдәулет ақын «Тауда» жырында адамның рухани болмысын жасауға қажетті ой, қиял, ақыл сынды басты қасиеттерді бірлікте ұтымды ауыстыра жырлайды. Жырдың бұл тармақтары жыр басында кездеседі. Ақын негізгі оқиғаға ойысып, жырлар алдында өзінің қиялына ерік береді. Ұшқыр қиялы мен жүйрік ойы Әли батыр туралы тарихи оқиғаны жырлауға жетелейтінін жалаң сөздермен баяндап қоймай, философиялық шегіністпен суреттейді. Метафора тағамның тұзын келтіргендей сөздің мәйегін келтіруші қасиетке ие.

Сөзге сыр жамап, ой еселейтін шендестіру (антитеза) әдісін қолдану Жетісу ақындарына жат емес. Қарама-қарсы образдарды, кереғар ұғымдарды, табиғаты түрлі нәрселерді қатар қоя отырып, салыстыра суреттейтін мұндай жыр жолдары тыңдарманның сезім күшін қозғап, өмір туралы толғаныстарға жетектей түседі.

Біреу – жалғыз, біреу – көп,
Перзентсіз бар күн көрген.
Егер Алла бермесе,
Қолыңнан кеп жөн дер ме ең.
Біреу – кәрі, біреу – жас,
Аз өмірді кім берген.
Біреу – ауру, біреу – сау,
Тәтті жанын қинатып,
Бейнетін оған кім берген.
Біреу – кедей, біреу – бай,
Еңбек етпес еріншек,
Өзін-өзі кем көрген [31, 94] –

деп «Үркін» жырында көсіле жырлаған Көдек ақынның шығармашылығы өзінің тапқыр бейнелеулерімен озық тұр. Ақын «Үркін» жырында жалғыз бен көпті, кәрі мен жасты, ауру мен сауды, кедей мен байды қатар қойып, салыстырады. Ақынның есімі Жетісудың даңқты, от ауызды, орақ ойлы, суырыпсалма ақындарының алды ретінде ел есінде қалды. Жалынды жырлары ақынның сырлы жолдарын түсіне білген адамның жадында сақталды.

Есдәулет ақын әдебиеттегі көркемдеу құралдарын мүмкіндігінше орынды қолдана білген. Он жасар бала Шаянның ұйықтап жатқан қалмақтың басын айбалтамен шабуы жырда өте әсерлі суреттелген:

Балтамен басын шапқанда,
Қаны аспанға секірді.
Тулап жатты бөксесі
Семіз шошқа секілді [47, 49].

Ақын әсірелеуді қолдану арқылы ер жеткенде батыр болатын бала Шаянның өжеттігін, қайсарлығын аңғартқандай. Әсірелеу құралы көбінесе батырлар

жырында қолданылатынын ескерсек, ақын осы тұста өзінің мақсатына жете білген. Батырдың бала жасынан сұстылығын, жауға келгенде қатыгездігін таныта түскен.

Қазақтың авторлық тарихи жырларынан орыс тіліндегі кейбір лексемаларды ұшыратамыз. Бұл – жырдың бертін келе пайда болғандығының айғағы.

«Шаян батыр» жырында:

Халыққа үлгі болды сіздің талап,
Дүние аяр кемпір бұл бір жалап.
Екеуің екі-үш *сөтке* сөйлескенде,
Жақ ашпай қарап тұрдым тамашалап [47, 42].

Т. Байбағысұлының «Байсейіт батырдың тарихы» жырында:

Мылтыққа оқ сап біз де *пестун* бастық,
Атып мылтық, қылышпен араластық [58].

Зонаны бір күн жатып бұлар қойды,
«Батырға қонақасы» деп бір ат сойды.
«Қалмақтың батырының *памиті*» деп,
Басына тастан ойып белгі қойды [53, 182].

Сондай-ақ Жетісу ақындары көне түркі тілінің сөздерін де жиі қолданады:

Игирмада жасым бар,
Келіңдер *игирма* жігітім.
Аттануға Ташкенге,
Боп отыр менің үмітім [80].

Қорытындылай келе, Жетісу ақындарының тарихи жырларында фольклорлық жырлардағы, жыраулар поэзиясындағы көне формалар, дәстүрлі сарындар, ажарлау тәсілдері жиі ұшырасады. Мұндай сабақтастық тарихи жырлардың көркемдігін, эстетикалық сипатын, идеялық құндылығын арттыра түскен. 7-8, 11-12 буынды өлең жолдары қазақ тарихынан сыр шертіп қана қоймай, жыршылық дәстүрдің заңды жалғасы болды десек қателеспейміз. Бейнелеу құралдары айтар ойды түрлендіріп, құбылтып сала береді. Жыр жолдарына эстетикалық қасиет үстей түседі. Мұндай бейнелеу құралдарын пайдалану ақыннан білімділік пен эстетикалық талғамды, дәстүрді меңгеруді қажет етеді. Осы тұрғыда Сүйінбай, Жамбыл, Тәжібай, Көдек, Бөлтірік, Есдәулет, Қалқа, Саяділ, Әбдіғали т.б. сынды Жетісудың жампоз ақындары өздерінің эпикалық дәстүрдің лайықты ізбасарлары, жалынды жыршылары екенін таныта білді.

3 тарау бойынша тұжырым

Жетісу аймағына тән авторлық тарихи жырларлардың эпикалық дәстүрдің жалғасы екендігіне дәлелдеулер осы тарауда да жалғасын тапты. Мұндай дәлелдеулер авторлық тарихи жырлардағы уақыт пен кеңістік категориялары, поэтикалық көркемдігін танытатын ажарлау, айшықтау, құбылту үлгілерінің қолданылу сипаты мен қызметіне негізделді. Батырлар жырлары мен XV-XVIII ғғ. жыраулар поэзиясы, күрескерлік рухтағы жырларды тудырған ақындардың шығармалары мен жетісулық ақындар жырлары арасындағы үндестік салыстырыла отырып, көркемдігі айқындалды.

Бірінші тараушадағы уақыт пен кеңістік категорияларының аймақ тарихымен тығыз байланысты ақындық шеберлікпен пайдаланылғандығы көрінеді. Уақыттың қолданысы жыршы уақытында, сюжет уақытында, мезгіл категорияларында көрініс тапты. Жер-су атауларының тарихи атаулары ақындар жырларында молынан ұшырасады. Сондықтан Жетісу ақындары жырларындағы жер-су атауларын зерттеу өз алдына бөлек тақырыпты қажет етеді. Осы орайда мысал ретінде Жамбылдың «Сұраншы батыр» жырындағы жер-су атауларына баса назар аударылды. Сондай-ақ бұл жырдан басқа да тарихи жырларда да жер-су атауларының кездесетіндігі аталып өтілді.

Батырлардың ерлік істерінің уақыты мен мезгілі тарихи жыр жанрының заңдылықтарына сай нақтылықта қолданыла отырып, ел тарихының беттерін толықтыра түсетін құндылықтар болып табыла бермек.

Сонымен қатар Жетісу халық поэзиясындағы ажарлау, айшықтау, құбылту үлгілерінің қолданылуы өлкенің әдеби дәстүрінің тереңдігі мен күрделілігін танытады. Жырлардың көркемдік әлемін XV-XVIII ғғ. ақын-жыраулар, көтеріліс ақындары поэзиясымен салғастыра салыстыру арқылы авторлық тарихи жырлардың көркем түрде эпикалық дәстүрдің жалғасы екендігін айқындап берді.

Ақындар өз ойын жеткізу үшін табиғаттан, жергілікті мифтерден және күнделікті өмірден алынған жарқын бейнелер мен тарихи оқиғаларды санада жаңғырту арқылы көптеген стильдік құралдарды қолданады. Осы тұрғыда Жетісу өлкесі авторлық тарихи жырларында халық тілінің бай құнарлы байлығы айқын танылған. Ол әрбір жыршының өсіп-өнген, ақындық тағылым алған мектебіне сәйкес түрленіп, бейнелеу құралдарының алуан түрлілігі арқылы халық қазынасын байытқан.

Жетісулық ақын-жыршылар шығармашылығында, соның ішінде тарихи жырларды тудырып, таратуда олар өзіне дейінгі қазақтың жыраулық дәстүріндегі ел мұраттарына адалдық ұстанымына адал болып, ел басына күн туған сәттердегі ерлік, елдік мұраттарды ақындық шығармашылық тұрғыдан жырлап, халық рухын көтеруді, әрі батырлар есімін кейінгі ұрпаққа ұлықтауды парыз санады. Соның нәтижесінде аймақта болған тарихи оқиғалар шындығы бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ел намысы, жер намысы, атамекеннің бүтіндігі мен ұлт бостандығы ежелден бері қазақ батырларының ерлігіне жебеу, қайратына демеу болып келген. Тарихи жырлардың осы мұратын талдау да – авторлық тарихи жырлар ұстанымының негізгі тірегі. Ел үшін басын бәйгеге тіккен ерлердің ерлік дәстүрін жырлау жоңғар басқыншыларына қарсы тұрып, қазақ ұлтының азаттығы жолындағы күресіне арналғандықтан, өз кезінде асқан абыройға ие болғандығымен дәйектелді.

Ғалымдар анықтағандай, тарихи жырлар батырлық эпостың аясында пайда бола отырып, онымен жалпы ұқсастығымен бірге бірқатар айырмашылықтарымен де ерекшеленеді. Атап айтқанда, барлық дерлік тарихи жырлар кейіпкерлерінің нақтылы тарихи прототипі болады, кейіпкер эпостағыдай ерекше мадақталмайды, бейнелеудің нысаны қаһарманның эпикалық тағдыры емес, халық тарихында орны, мәні бар оқиға болып келеді.

Тарихи жырлардың тарихилығын да ғылыми зердемен пайымдау нәтижесінде батырлық жырлардың дәуір өте келе өзгергендігі, кейбіреуі тым ертеде туса да оған кейінгі дәуірлердің бояуы сіңіп отырғандығы, тіпті кейбір батырлық жырын әр ақын өзінше жырлап, бір жырдың бірнеше түрін, яғни вариантын тудырғандығы айқындалды.

Халқымыздың тәуелсіздік, азаттық үшін күресінің шежіресі тек Жетісу аймағымен шектелмейді. Ол – мәселенің бір ғана өңірлік сипаты. Бүкіл XVI-XVIII ғасырлар бойы жүргізілген ұрыс Қазақ хандығын әбден титықтатты, бірақ мемлекетті жоя алмады. Қазақ қоғамының тезірек ілгерілеуіне зияны тигенімен, оның дамуын тоқтата алмады, халықты жасыта алмады, құлдыққа түсіру қолынан келмеді. Ендігі жерде Отанның тәуелсіздігі мен еркіндігі үшін күрес ең басты міндет болды да, осы күрес, ұрыс жайын, ерлік көрсетіп, елдің азаттығы үшін басын бәйгеге тіккен батырларды, қолбасыларды дәріптеу дәстүрге айналды. Яғни хандық мемлекеттің тағдыры мен оның тәуелсіздігі үшін шайқас мазмұн мен жаңа тақырыпты талап етті. Қазақ мемлекетінің тәуелсіздік үшін күресінің тағылымын таныту бүгінгі тәуелсіздіктің қадірін білу үшін аса қажет. Қазақ хандығы құрылғанынан бастап, сыртқы дұшпандардың шабуылына ұшырап, үнемі қорғанумен болды. Үш-төрт ғасыр бойы жоңғарлармен, қытаймен (Шығыста), қалмақтармен (Батыста) жүргізілген шайқас халықты қанша әлсіреткенімен, рухын жеңе алмады. Қанша жеңілсе де қайта күш жинап, елді жауға тойтарыс беріп, жерімізді қорғауға, тәуелсіз мемлекетімізді сақтап қалуға жұмылдырып, жасақтар жинап, топтастырған. Ұйымдастырып қана қоймай, қалың қолды басқарған хандар мен сұлтандар, батырлар мен билер жайында көптеген аңыз-әңгіме, өлең-жырлар туып, халықтың рухын көтеріп, күшін біріктіріп отырды. Басқыншыларға есеңгірете соққы беруге, оларды ойсырата жеңуге қызмет етті. Қазақ хандығын нығайту, оның қуатын арттыру мен тәуелсіздігін сақтап қалу жолында атқарған істерін тәуелсіз қазақ қоғамының жадында қайта жаңғыртып, қазақ халқының бірлігі мен мемлекеттің тәуелсіздігінің сан ұрпақтың қаны мен тері арқылы келген киелі ұғым екені көркемдік тұрғыда тағылым етіледі. Өйткені қазақ халқының ел бірлігі мен

жерінің тұтастығын сақтау үшін күресі халықтың толық бостандыққа ие болуы үшін жүргізілді. Бұл күрес ұзақ жылға созылып, жалпы халықтық сипатта болды және бүкіл қазақ даласын қамтып, жалпы мемлекетке, күллі халыққа төнген қауіпті жоюға бағытталған соғыс болатын. Қазақтың ел ретінде жер бетінен жойылып кетпес үшін жүргізілген майдан ел басшыларынан, билерден, батырлардан ішкі алауыздықты тыйып, күш біріктіруді, барлық күш-қайратты жұмылдыруды талап етті.

Қазақ хандығының үнемі сыртқы жаулардың Жоңғар қоңтажылары, біресе Орта Азия әмірлері, енді Ресей патшалары тарапынан жасалған шапқыншылығына тойтарыс берумен болған қиын тағдырын да қатар суреттеп кетеді. Сондай-ақ қалың елдің қасіретін көрсетуден гөрі халықты қасіретке ұрынудан сақтау үшін жанкештілік көрсетіп, сол қиын-қыстау заманда елді басқарып, күреске ұйымдастырған хандар мен би-сұлтандар, батырлардың мемлекетті тәуелділіктен, халықты бодандықтан сақтап қалуға сіңірген өлшеусіз еңбегін көрсетуді мұрат еткен. Тарихи оқиғалардың негізін сақтай отырып, оның өзіндік көркемдік шешімін шығару әр қаламгердің даралық қолтаңбасына байланысты. Белгілі қаламгердің бұл тарихи туындысы – қазақтың біртұтас халық болып, жеке мемлекет ретінде өмір сүруі жолында жандарын пида еткен хандар, баһадүрлерге сөзден соғылған ескерткіші.

Жетісу халық ақындарының қолжазбаларын талдау Қазақстанның осы аймағының бай мәдени, тарихи және әдеби дәстүрлері туралы баға жетпес білім береді. Бұл қолжазбаларды зерделеу халық поэзиясының эстетикалық және функционалдық қырларын, ауызша дәстүрдің жазбаша түрге өту эволюциясын, Жетісу ақындарының шығармашылық процестеріне қоғамдық-саяси әсерлерін ашуға мүмкіндік береді.

Жетісу халық поэзиясының мән-мағынасына халық ақындары жырларының қолжазбалары арқылы үңіле отырып, біз бірнеше түйінді тұжырымдарға келеміз: ауызша дәстүрдің сақталуы, жеке адам мен ұжым арасындағы терең байланыс, жаңа дәуірдегі халық поэзиясының дәстүрмен сабақтастығы.

Халық поэзиясының басты мақсаты қашан да адамдардың жақын ортасы, әлеуметтік жағдайы, тарихи жағдайлары арқылы қалыптасқан өмір тәжірибесін бейнелеу болды. Жетісу халық ақындарының қолжазбалары осы дәстүрлердің мұрағаты қызметін атқарып, әуелгі кезде ауызша ұрпақтан-ұрпаққа жеткен қисса-дастандарды, жырларды жазып алады. Ауыз әдебиеті өңірдің мәдени болмысын сақтауда орталық рөл атқарады, ал жазбаша түрге көшу бұл үдерістегі елеулі эволюцияны көрсетеді.

Көбінесе ақындардың өздері жазған немесе хатшылар жазып алған қолжазбалар ауызекі сөз пен жазба деректер арасындағы көпір қызметін атқарады.

Оның үстіне қолжазбалар ауыз әдебиетінің динамикалық сипатын ашады. Қағазға берілгеннің өзінде де халық ақынының шығармасы қайта түсіндіруге ашық болып қала береді, өйткені әртүрлі жазушылар тілді заманауи стандарттарға бейімдеуі немесе жеке стильдік талғамын көрсетуі мүмкін. Бұл екіжақтылық (ауызша және жазбаша) Жетісу поэзиясына тән қасиет, оның

өзгермелі қоғамдық-тарихи контекстке жауап беретіндігін және бейімділігін көрсетеді.

Бұл қолжазбаларды зерделеу нәтижесінде туындаған тағы бір маңызды аспект – ақынның жеке өрнектері мен қауымның ұжымдық болмысы арасындағы тепе-теңдік. Жетісудың халық ақындары жеке шығармаларды жасаушылар ғана болған жоқ. Олар өз қоғамының құрылымына терең еніп, жан-жақтылығын көрсете білді. Осындай құрал бола білген жетісулық авторлар қалдырған тарихи жырлар тарих пен әдебиетті қиюластыра отырып, Қазақстан тарихын әрі тарихи тұлғалар мен факторларды көркем түрде жырлайтын эпикалық шығарма есебінде танылады.

Зерттеу барысында Қабан жырау, Сүйінбай, Құлмамбет, Бақтыбай, Жамбыл сияқты поэзия саңлақтары іргетасын қалап, қалыптастырып кеткен Жетісу ақындық мектебінің кейінгі өкілдері Көдек, Бөлтірік, Әбзейіт Қалқа, Саяділ, Тілеміс, Әбдіғали, Есдәулет, Тәжібай, Үмбетәлі т.б. ақындар бұл парызды барынша адал орындағанын көреміз. Олардың соңында қалған туындылардың кейбірі авторлардың тірі кезінде, өздерінің қолтаңбасымен хатқа түссе, екіншілері кейін халық арасынан жазылып алынған. Белгілі-белгісіз себептерге байланысты көпшілігі баспа жүзінде жарияланбағандықтан, жалпы оқырмандарға, ғылыми ортаға беймәлім болып келді. Зерттеу кезінде бұл жырлардың қолжазба үлгілері еліміздің сирек қорларынан, жекелеген ақындардың мұражайларынан, ұрпақтарының мұрағаттарынан жиналып, түрлі жазулардағы (төте араб, латын, кирилл) үлгілері текстологиялық тұрғыда сарапталып, жұмысқа пайдаланылды. Жетісу ақындарының тарихи жырларына арналған зерттеулер мұнымен шектелмеуі тиіс және өзге өңірлердің осы тектес шығармалармен байланыста қарастырылу керек деген ойдамыз. Сонда ғана бұл санаттағы туындылар әдебиеттанудан тыс әлі де ашылмай жатқан тарихымызды да толықтыруға ықпал етері сөзсіз.

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыста Сүйінбай, Албан Асан, Көдек, Жамбыл, Саяділ, Қалқа, Тәжібай, Үмбетәлі, Әбдіғали, Кенен, Есдәулет т.б. жетісулық ақындардың авторлық тарихи жырларын әдеби көркемдік, дәстүр жалғастығы, тарихи жад, ұлт-азаттық идеясы тұрғысынан зерттеуге басымдық берілді. Соған байланысты зерттеу жұмысы үш тарауға және әрбір тарауға қатысты тараушаларға бөлініп қарастырылып, «Авторлық тарихи жырлардағы эпикалық дәстүр», «Авторлық тарихи жырлардың тарихилығы», «Авторлық тарихи жырлардың поэтикасы» деп аталатын үш іргелі тарауға топтастырылды.

Авторлық тарихи жырларды тарихи өлеңмен, фольклорлық тарихи жырлармен бірлікте зерделей отырып, авторлық тарихи жырдың табиғатын ашуға тырыстық. Авторлық тарихи жырдың жоқтан пайда болмағаны, эпикалық дәстүрдің заңды жалғасы екендігі дәлелденді.

Бірінші тарауда Жетісу аймағындағы тарихи-әлеуметтік жағдайды қысқаша баяндай келе, тарихи-әлеуметтік жағдай салдарынан туған оқиғаларға құрылған авторлық тарихи жырлардың эпикалық дәстүрдің жалғасы екендігіне зерттеулер жасалды. Мұндай зерттеулер жасау үшін авторлық тарихи жырларды фольклорлық шығармалармен бірлікте салыстыра-салғастыра қарастырдық.

Авторлық тарихи жырларда дәстүрлі фольклорлық мотивтер мол ұшырасады. Сондықтан тарихи жырлар батырлар жырларымен жан-жақты салыстырылып, олар фольклорлық мотивтерді бойына сіңіре отырып, эпикалық дәстүрмен жалғастық тапқанына көз жеткізілді. Авторлық тарихи жырларда көбінесе «батырға тән балалық шақ», «алғашқы ерлік», «жаудың шабуылы туралы хабар», «соғысқа аттану», «жорықтың сәтсіз болып, тұтқынға түсуі», «жеңіспен оралу», «мифологиялық күштермен айқасқа түсіп, жеңіске жетуі» сынды мотивтермен бірге батырдың тұлпар атының образының жырлануы ұшырасады. Ал авторлық тарихи жырлардағы тұлпарлар батырлар жырындағыдай әсіреленіп суреттелмесе де, тұлпарлардың образы ұтымды сипатталған. Қиялға ерік берілетін «батырдың ғажайып жаратылуы», «қалыңдығын іздеу» мотивтері авторлық тарихи жырларға тән еместігі дәлелденді. Себебі авторлық тарихи жырлар дәлдік пен фактіге құрылатындықтан, олар шынайылыққа негізделіп, батырлар жырларының шындыққа сай келетін мотивтері ғана қолданылады.

Архивтік құжаттар нақты биліктен келген бұйрықтар мен тапсырмаларды, соған сай орын алған іс-әрекеттерді, олардың уақытын, қатысқан адамдарды тіркеп отыруы мүмкін. Дегенмен бір оқиғаның қалай орын алғанын, оның қалай өрбігенін, сол оқиғаның негізгі кейіпкерлерінің іс-әрекетін көзімен көрген, тіпті басы-қасында жүрген немесе сол оқиғаға қанық болып өскен адамнан артық ешкім оқиғаны көз алдыңызға елестете алмайды. Оқиғаның өту барысынан толық хабары бар адам келешекке тарих болсын, ат жалында өткен жаугершілік заманда ерлік танытқан тұлғалар келер ұрпаққа үлгі болсын, керісінше, жасалған қателіктер болашақта сабақ болсын деп ұрпақтан-ұрпаққа ауызша қалдырып, әдеби жәдігерліміздің санын арттырып отырды. Мұндай ауызша жеткен әдеби үрдістің XX ғасырдың бас кезіндегі жазба әдебиет дамығанға дейін орын алғандығы белгілі. Авторлық тарихи жырларды жырлаушы, жеткізушілердің дені XIX, XX ғасырларда өмір сүргендіктен, олар жырлаған тарихи жырлар тарихи құнын сақтай отырып, бүгінгі күнге дейін жетті.

«Авторлық тарихи жырлардың тарихилығы» атты зерттеу жұмыстың екінші тарауында, ең алдымен, «тарихи жад» ұғымына түсінік берілді. «Тарихи жад» термині – қазақ әдебиеттануда бұрын-соңды кеңінен ашылып, зерттелмеген тақырыптардың бірі. Сондықтан шетелдік және отандық гуманитарлық саланың мамандары «тарихи жад» ұғымын философиямен, тарихпен бірлікте зерттеп келді. Әдебиеттегі тарихи жадты философия мен тарихтан бөліп-жарып қарауға болмайды. Сол себепті оларға іргелес ғылым ретінде әдебиеттегі тарихи жадтың көрінісін, ғылыми сипатын ашуға зор құлшыныс болды.

Әдебиеттегі тарихи жад – тарихи маңызды ақпарлар мен деректерді ауызша көркем шығарма үлгісінде жеткізген әдеби категория. Әдебиетте де тарихи жадты жеке және ұжымдық топқа жіктеуге болады. Жеке тарихи жад қолданыста болатын шығармаларға авторы белгілі өлең, жыр, новелла, әңгіме, повесть, роман т.б. жанрларды, ал ұжымдық тарихи жадқа фольклорлық шығармаларды жатқызуға болады деп есептейміз. Жеке жадқа қарағанда ұжымдық жад көп өзгеріске түсіп, түрлі түзетулерден өтеді. Сондықтан өзгеріске көп ұшырайтын

шығармаларға қарағанда авторы белгілі шығармалардан жадты анықтау, оны тарихпен сабақтастыру әлдеқайда жеңіл әрі сенімді. Осы орайда тарихи жырлардың авторы белгілі болғандықтан, жырлардағы тарихи жадтың көрінісін сенімді түрде қарастыруға мүмкіндіктер алдық.

Диссертацияда авторлық тарихи жырлардың төмендегідей кезеңдерге бөліп, тарихи жадтың көрінісін де осы кезеңде орын алған саяси, әлеуметтік оқиғалармен байланыстыруға қол жеткізілді: 1. Жоңғар шапқыншылығына қатысты тарихи жырлар (XVIII ғ.); 2. Ресей және Қоқан отаршыларына қарсы туған тарихи жырлар (XIX ғ.); 3. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты жырлар (XX ғ. басы); 4. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы тарихи оқиғалар туралы жырлар; 5. Екінші дүниежүзілік соғыс жөніндегі жырлар (1941 - 45 жж.).

Еңбектің бастапқы жоспарында Қазақ хандығы тұсында туған авторлық тарихи жырлар мен Желтоқсан оқиғасына байланысты туған жырларды да қарастыру жоспарланған еді. Алайда аталған кезеңдерге қатысты тарихи шығармалар саны көп болғанымен, авторы бар, болмаса эпикалық дәстүрде жырланған шығармалардың қолжазбаларын іздестіру, анықтау жұмыстарында көп қиындықтар туындады. Сол себепті бұл санаттағы жырлар зерттеу нысанынан алынып тасталды. Есесіне XIX-XX ғасырлардағы тарихи оқиғаларды кеңінен қамтитын авторлық жырларды толық жинақтап, жүйелеп, ғылыми нысан ретінде пайдалануға тырыстық. Себебі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты әзірлеп, жарыққа шығарған (2004-2013) «Бабалар сөзі» жүз томдық сериясына бірен-саран авторлық тарихи жырлар қамтылған еді. Сондықтан ел тарихының өткенінен маңызды мәлімет беретін әрі жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелейтін жыр жәдігерлерін іргелі түрде зерттеу біздің азаматтық парызымыз деп санадық.

Сонымен қатар қазақ әдебиеттануында тұңғыш рет тарихи жадтың динамикасы зерделенді. Тарихи жад динамикасы дегеніміз – оқиғалардың деректілігінің, нақтылығының тарихи жадтағы көрінісі. Осы тарауды жазу барысында түйгеніміз – тарихи жадтың динамикасының мейлінше өзгеріп отыратындығы. Қазақтардың жоңғар, қалмақтармен қатынасына қатысты туған Мөкен Болысовтың «Райымбек батыр», Тіленіс Есболовтың «Ер Өтеген», «Жорықта», Жамбыл ақынның «Өтеген батыр», Әбзейіт Мәлікеұлының «Ер Әжібай» жырларында деректілік, нақтылық әлсіз болып, мифологиялық кейіпкерлердің батырлармен айқасуы сынды мотив ұшырасып, жырдың көркемдігін үстемелей түскен.

Қазақ-орыс, қазақ-сарт байланысына арналған Жамбыл Жабаевтың «Сұраншы», Тәжібай Байбағысұлының «Байсейіт батырдың тарихы», Саяділ Керімбековтің «Байсейіт батыр», Есдәулет Қандековтің «Шаян батыр», Әбдіғали Сариевтің «Саурық батыр», «Асу» жырлары әдеби көркемдігімен қатар тарихи дәлдік пен нақтылыққа қарай ойысқанын аңғарамыз.

Тарихи жадтың динамикасының өзгерісі XX ғасырдың басындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, Азамат соғысы, ашаршылық, ұжымдастыру, Екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбындағы тарихи жырлардан айқын көрінеді.

Ақындар кейбір оқиғаларды, кейіпкерлердің өмірін хронологиялық түрде баяндап отырады. Біз қарастырған Ә.Мәлікеұлының «Рысқұл Жылқайдаров», «Тұрар Рысқұлов» жырлары, Е.Қандековтің «Тауда», К.Әзірбаевтің «Әли батыр», «Он алтыншы жыл», Б.Атыханұлының «Бөлтіріктің 1916 жылды өлең еткені», «Бөлтірік сөзі» жырлары, Қ.Жапсарбаевтың «Партизан Шаймерден», «Сеңгірбаев Мұсабек» жырлары, Ә.Сариевтің «Партизан Ғалым», «Ғалым партизан», «Сегізінші Гвардия» жырлары тарихилығымен, деректілігімен құнды. Тіпті бұған дейін әдебиеттанушылар мен тарихшылардың назарына ілікпеген 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан Әли батырдың ерлігі жайында жырланған Есдәулет Қандековтің «Тауда» деп аталатын жыры тарихи жадтың қанық көрінуімен оқшауланады. Алдағы уақытта тарихшылар осы жырды тарихпен бірлестікте қарастырса, отан тарихы тың ақпараттармен толығары сөзсіз.

Сонымен қатар тұңғыш рет қазақ әдебиеттануындағы «жадтың біріктірілуі» деген терминді қарастырдық. Екі немесе одан да көп субъекті жадтарының бір шығармада кіріккен көрінісі жадтың біріктірілуі деген тұжырымға келдік. Эпикалық дәстүр мен өз аймағының тарих, оқиға, жыр-аңыздарына қанық болып өскен автор өзге автордың белгілі бір туындысының үзіндісін, не тұтасымен өз шығармасына кіріктіре отырып, бір шығармаға айналдырады. Мұндай құбылысты Әбдіғали Сариевтің «Асу» жырынан байқадық. Жамбылдың жыры интертекст ретінде беріліп, бір шығармада екі жадтың біріктірілген үлгісі көрінеді. Әбдіғали ақын Жамбыл ақынның жырын беру арқылы тыңдаушысын өзіне сендіреді, тарихилық маңызын дәлелдей түскендей болады.

Диссертациялық жұмыстың «Авторлық тарихи жырдың поэтикасы» деп аталатын үшінші тарауында «уақыт пен кеңістік» категориялары, буын саны, бейнелеу құралдары назарға алынды.

Авторлық тарихи жырлардағы уақыттың көрінісін анықтауда жырлаушы уақыты және сюжеттік уақыт қарастырылды. Жырлаушы уақыты авторлық тарихи жырлардың барлығына тән болып келмейді. Автор өзінің шежіресіне, түптегіне терең мән бере отырып, көргені мен білгенін жинақтай жырлайды. Жетісу ақындарының тарихи туындыларында жырлаушы уақыты көбіне жырдың басы мен соңында жиі көрініс береді. Сондай-ақ автор өзін жырға қосатын бас кейіпкердің жақын танысы немесе жолдасы ретінде баяндай отырып, оқиғаның растығына, шынайылығына тыңдарманын сендіруге тырысады.

Авторлық тарихи жырлардағы сюжеттік уақыт оқиғаның өту барысымен тікелей байланысты болатынына көз жеткізуге болады. Сюжеттік уақыт жырда орын алатын оқиғаға, соған сай іс-әрекеттердің жиілігіне тәуелді болып келеді. Жырдың сюжеті бірнеше оқиғалардың желісіне құрылатын болса, сюжеттік уақыт тез жылжиды да, керісінше, оқиға саны аз болған сайын сюжеттік уақыт баяу жүреді. Мысалы, Есдәулет Қандековтің «Шаян батыр» жырында батыр он алтыға толғаннан кейін сюжет уақыты баяулайтынына көз жеткіздік.

Уақытпен бірлікте көрініс беретін кеңістік категориясының да ауқымы кең. Авторлық тарихи жырлардағы кеңістіктің тік, көлденең түрлері болатындығы

байқалады. Батырлар жырына қарағанда авторлық тарихи жырларға тән болып келетін, әлі де қолданыстан шықпаған кеңістік атаулары зерттеудің ғылыми нысандарынан анықталып, мүмкіндігінше талдаулар жүргізілді. Жырларда жер-су атаулары да молынан ұшырасады. Мысал ретінде Жамбылдың «Сұраншы батыр» жырындағы жер-су атауларына тоқталу арқылы көз жеткіздік. Нысанға алған жырлардың барлығынан жер-су атауларын іздестіру, оларды талдау басқа да іргелі зерттеулерге негіз болары сөзсіз.

Эпикалық дәстүрдің жалғасы екендігін өзіне дейінгі XV-XVIII ғғ. жыраулық поэзия, көтеріліс ақындары поэзиясымен «Авторлық тарихи жырлардың көркемдік әлемі» деп аталатын 3-тараудың 2-тараушасында авторлық тарихи жырлардағы буын саны, бейнелеу құралдарының түрлері зерде елегінен өтті. Ақындардың өздеріне дейінгі халық әдебиетінде қалыптасқан өлең үлгілерін пайдалануы, дәстүр жалғастығы, ақындық мектептің әсері т.б. мәселелер ғылыми тұрғыда негізделді. Авторлық тарихи жырлардағы буын саны әртүрлілігімен ерекшеленеді. «Сеңгірбаев Мұсабек», «Байсейіт батыр» жырлары таза 7-8 буынды жыр үлгісіне құрылған, «Байсейіт батырдың тарихы», «Партизан Шаймерден», «Жетіген» жырлары жыр үлгісіндегі 7-8 буыннан, қара өлең үлгісіндегі 11-12 буыннан, ал «Тауда» шығармасы бірыңғай 11-12 буыннан тұрады. Жыр жолдары кейде қара сөзбен де араласып келіп отырады.

Авторлық тарихи жырларда өзіне дейінгі қазақтың бай сөздік қоры мен бейнелеу құралдары тұрақты қалыптасқан, уақыт озған сайын орыс тілінен енген кірме сөздердің де қатары молая түскен.

Жетісу халық ақындарының жырларын талдау ақындық дәстүрдің терең мәдени, әлеуметтік және саяси мәнін көрсетеді. Бұл қолжазбалар өлкенің мәдени болмысын қалыптастыруда шешуші рөл атқарған ақындардың үнін сақтай отырып, бізге жеткен баға жетпес тарихи құжат деп санауға болады. Сондай-ақ бұл жырлар Жетісу халық поэзиясының эстетикалық және тілдік байлығын танытады. Олар халық поэзиясының мәдени сабақтастықты сақтаудағы өзектілігін көрсете отырып, бұл дәстүрлерді болашақ ұрпақ үшін сақтаудың маңыздылығын еске салады.

Жетісулық халық ақындарының қолжазбаларды сақтау, олардың қолжазба күйіндегі, жарияланым күйіндегі жырларын зерделеу арқылы біз Жетісу халық ақындарының мұрасының қазақ әдебиетіне сіңірген еңбектерінің әлі де мойындалып, бағалануын қамтамасыз ете аламыз. Алдағы уақытта Қазақстанның барлық аймағындағы авторлық шығармалардың, оның ішінде тарихи жырлардың зерттелуіне, жариялануына, насихатталуына зерттеуіміздің қосар үлесі мол деп сенеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2012. – Т.11: Әуезов М.О. Фольклор туралы зерттеулер. – 384 бет.

2 Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996. – 240 б.

3 Бердібаев Р. Эпос мұраты. – Алматы: Білім, 1997. – 320 б.

4 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: "TST - Company", 2006. – 360 б.

5 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.

6 Садырбайұлы С. Фольклор және Жамбыл. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 238 б.

7 Қасқабасов С. Қасқабасов С. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті (компендиум). – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2005. – 64 б.

8 Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Қазақ ССР «Ғылым» баспасы, 1976. – 200 б.

9 Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. – Алматы: Білім, 1995. –192 б.

10 Әзібаева Б. Қазақ эпосының сюжеттері. Монография. – Алматы: Servise Press, 2014. – 576 б.

11 Үмбетаев М. Өтеген батыр тұлғасының әдеби-тарихи негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 133 б.

12 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 295 б.

13 Қоңыратбай Т.А. Эпикалық дәстүр табиғаты: синергетикалық пайымдау // әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Филология сериясы. – Алматы, 2021. – №1 (181). – Б. 35-44.

14 Бұлдыбай А. Жетісу жыраулық, жыршылық, ақындық дәстүрі. – Алматы: Ұлағат, 2014. – 256 б.

15 Сәкенов С.Б. Қазақ тарихи жырларының сюжеттері: тарихилығы мен типологиясы. Филол. ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. – Алматы, 1997. – 194 б.

16 Рақым Б.С. Тарихи эпос табиғаты: Қазақ тарихи жырларының поэтикасы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1999. – 235 б.

17 Әлібек Т. Халық әдебиеті және тарихи жад. Монография. – Алматы: Тау-Самал, 2018. – 284 б.

18 Ыбырайым Б. Жамбыл және авторлық ауызша әдебиетті зерттеу мәселелері // Жамбыл Жабаевтың 170 жылдық мерейтойына арналған «Жамбыл ақындық мұрасы және жамбылтанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 276 б.

19 Бисенбаев П. «Кенесары-Наурызбай» жыры: дерек және көркем бейне // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2012. – №4 (138). – Б.15-18.

20 Путилов Б.Н. Русский историко-песенный фольклор XIII-XVI веков. – Москва; Ленинград: Изд-во Акад. наук СССР, 1960. – 300 с.

21 Бахтин М. М. Формы времени и хронотопа в романе. – Москва: Художественная литература, 1975. – 504 с.

22 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербальді ишараттар, заттық әлем). Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 бет.

23 Темирболат А. Б. Категории хронотопа и темпорального ритма в литературе. Монография. – Алматы: Ценные бумаги, 2009. – 504 с.

24 Айдарова Д.М. Эпическое время и пространство в эпосе «Манас». Канд.дисс. филологических наук. – Алматы, 1993. – 112 с.

25 Қойгелдиев М. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ. -1917 ж.). – Астана: Елорда, 2004. – 216 б.

26 Махаева А. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезі). – Алматы: Ценные бумаги, 2007. – 357 б.

27 Алпысбес М.А. Тарихи жады деректері және айтылған тарих әдісінің маңызы хақында заманауи ғылыми ой // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. – 2016. – №2 (49). – Б. 408-414.

28 Шілдебай С.Қ. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 214 б.

29 Тілеубаев Ш.Б. Жетісу облысындағы қазақ және қырғыз халықтарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі: Тарих ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. 07.00.02 – отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы). – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. – Алматы, 2010. – 125 б.

30 Тоқтар Әлбековтің жеке мұрағатында сақталған қолжазба нұсқасының машинкаға басылған нұсқасы бойынша берілді. 52-69 бб.

31 Қарқара толғауы. – Алматы: Ан Арыс. – 2016. – 320 б.

32 Медеуов Т. Қарқара көтерілісі // Ана тілі. – 2012. – №50-51. – Б.12-13.

33 Тынышбаев М. Босқын қырғыз-қазақ жайы // Қазақ. – 1917. - № 254. – Б. 2.

34 Жақыпбаев Бозтай қолжазбасы. – ҚР ҒОҒК қолжазба қоры. – 438-бума, 2-дәптер.

35 Тәнекеев С. 1916 жыл. Ереуілтөбе әсерлері. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. – 176 б.

36 ҚР ОММ, 427-қ., 1-т., 154-іс., 4 п.

37 Қабылбек Сауранбайұлы қолжазбасы. – ӘӨИ ққ. – 340-бума, 4-дәп.

38 Қандеков Есдәулет. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1963. – 84 б.

39 Айтылған тарих: оқу құралы. – Алматы: Дәстүр, 2015. – 240 б.

40 Валиханов Ч. Собр. соч., в 5-ти т. – Алма-Ата, 1961. – Т. 1. – 324 с.

41 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш. – 2003. – Т.1. – 408 б.

42 Әуезов М. Уақыт және Әдебиет. – Алматы: Қазақтың мем. көркем әдебиет баспасы, 1962. – 428 б.

43 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1948. – Т.1. – 439 б.

44 Қасқабасов С. Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклорлық кезең. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – Т.1. – 812 б.

45 Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. –Астана: Аударма, 2002. – 584 б.

46 Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Тарихи жырлар. – Астана: Фолиант, 2009. – Т.59. – 365 б.

47 Қандеков Есдәулет қолжазбасы. ӘӨИ ққ. – 182-бума, 1-2 дәптерлер. – 293 б.

48 Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2006. – Т. 34. – 384 б.

49 Қасқабасов С. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979. – 312 б.

50 Жетіген батыр. – ОҒК қоры. – Ш.678, 2-дәптер.

51 Жапсарбаев Қалқа. Партизан Шәймерден. – ӘӨИ ққ., 237-бума.

52 Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Тарихи жырлар. – Астана: Фолиант, 2010. – Т. 61. – 447 б.

53 Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2006. – Т. 35. – 392 б.

54 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Тарихи жырлар. – Астана: Фолиант, 2010. – Т.63. – 455 б.

55 Қабдешова Қ.А., Әлбеков Т. Авторлық тарихи жырлардағы фольклорлық мотивтер // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. – №5. – Б. 228-233. https://www.naukaizhizn.kz/index.php/journal/article/view/86/86

56 Ахметжан Қ. С. Батырлардың жауынгерлік жекпе-жегінің әскери-моральдік-психологиялық және ғұрыптық аспектілері // Қазақ білім академиясының баяндамалары. – Астана. – 2011. – № 1. – Б.70-80.

57 Әлбеков Т.К. Жыр мұралар – ел тарихының айнасы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. – № 3/3. Б. 270-276

58 Байбағысұлы Т. Байсейіт батырдың тарихы. Т.Әлбековтің жеке мұрағатында сақталған қолжазба.

59 Сәнік З. Көптомдық шығармалар жинағы. Қаракерей Қабанбай. Хан батыр Қабанбай. Тарихи эсселер. – Алматы: АнАрыс, 2017. – Т. 4. – 396 б.

60 Соболев Д. М. Литературный текст и проблема исторической памяти // Международный журнал исследований культуры. International Journal of Cultural Research. – 2013. – № 4(13). www.culturalresearch.ru

61 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы, 2011. – Т. 5. – 752 б.

62 Скворцов Л.И., Шварцкопф Б.С., Ожегов С.И. Краткая литературная энциклопедия. – 1968 . – Т. 5. – с. 480.

63 Уикипедия, ашық энциклопедиясы. Қаралған күні: 20.04.2023.

64 Kabdeshova K.A., Auesbaeva P.T., Rakysh Zh.S., Albekov T.K., Alpysbaeva K. Author's Historical Epics and Historical Memory. – Opción, Año. – 2020. – No.91. – P. 667-683. https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/31874

65 Насимов М. Тарихи жадыны қалыптастырудың өзекті мәселелері // Адам әлемі, 2017 – № 2 (72). – Б. 152-164.

66 Приходько Е.А., Лебедева С. О. Историческая память и историческое сознание // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. Грамота, 2010. – № 1 (5). – С. 132-135. http://www.gramota.net/materials/3/2010/1/

67 Мұхтар Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағы. Әңгіме, зерттеулер, пьесалар. 1927-1933. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014. – Т. 6. – 368 б.

68 Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Қаз. ССР Ғылым акад. бас. , 1960.– Т.1. – 738 б.

69 Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. Алматы: Ғылым, 1974. – 288 б.

70 Райымбек. Ұжымдық жинақ. – Астана: Елорда, 2005. – 288 б.

71 Қазақ күресінің дәстүрлі жауынгерлік өнерді меңгерудегі рөлі. https://e-history.kz/kz/e-resources/show/13068

72 Жабаев Ж. Шығармалары. Жыр-дастандар. – Алматы: Айғаным, 2016. – Т. 2. – 285 б.

73 Қалижанов У. Жамбыл. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 392 б.

74 Тәңірбергенұлы Ә., Найманбайұлы Ә., Мұқанбайұлы Б., т.б. шығармалары. – Алматы: НұрлыPress.kz, 2014. – 288 б.

75 Жетісу энциклопедиясы. – Алматы: Арыс, 2004. – 712 б.

76 Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII–XX ғғ.). Зерттеулер. — Алматы: Жалын, 2004. — 400 б.

77 Касымбаев Ж. Последний поход хана Кенесары и его гибель (декабрь 1846 – апрель 1847 гг.). – Алматы: Ана тілі, 2002. – 200 с.

78 Баһадүр батыр Байсейіт. http://7-su.kz/news/cat-4/1535/

79 Қойгелдиев М. Қазақ Елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. - XXI ғ. басы). – Алматы: Дәстүр, 2014. – 428 б.

80 Әбдіғали Сариевтің отбасылық мұрағатынан алынған қолжазба.

81 Саяділ Керімбековтің отбасылық мұрағатынан алынған қолжазба.

82 Кенесарыұлы А. Кенесары және Сыздық сұлтандар. – Алматы: Жалын, 1992. – 48 б.

83 Махаева А.Ш. Тойшыбек би және оның заманы. Монография. Алматы: Баянжүрек, 2006. – 202 б.

84 Жыраулық поэзияның ұлы тұлғасы. https://qazaqadebieti.kz/2476/zhyrauly-poeziyany-ly-t-l-asy-2

85 Бегалин С. Көп томдық шығармалар. – Алматы: Жалын, 1996. – Т.5. – 184 б.

86 Қапалбекұлы Н. Ұлылар ұлықталуға тиіс // «Әділет» газеті. – 14 наурыз 2012. – Б. 4.

87 Исмайлов Е. Ақындар. Алматы: Қаз.мемл.көркем әдеб. бас., 1956. – 340 б.

88 Аронұлы С. Ақиық. Толғаулар, сын-мақалалар, айтыстар. Алматы: Жазушы, 1975. – 140 б.

89 Бөрілі байрақ ту етіп. – Алматы: Арда баспасы, 2015. – 400 б.

90 Жабаев Ж. Шығармалары. Жыр-дастандар. – Алматы: Айғаным, 2016. – Т. 2. – 285 б.

91 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым. – 1984. – 272 б.

92 Әуез Атамқұл батыр. https://adilet-gazeti.kz/әуез-атамқұл-батыр

93 Ысқақбай М. Аңыздан ақиқатты аршып алайық (Ноғайбай шешен туралы мақалаға орай) // Әдебиет айдыны. – 2 тамыз 2005.

94 http://www.elarna.net/koru_kk.php?tur=5&id=190748&qolfon=jok

95 Қандеков Е. Шаян батыр (қолжазба). «Ғылым Ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасы. – Алматы, Қазақстан. 1939

96 Ғұмарова М. Қолжазба әлемі: ғылыми зерттеулер мен мақалалар жинағы. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2013. – 295 б.

97 Ақылбеков А. Тезек төре. – Талдықорған: Офсет, 2013. – 352 б.

98 ҚР ОММ. 3-қ., 1-т., 34-іс, 1-2-п.

99 Kabdeshova K.A., Harris O. E.Kandekov's legend "Shayan batyr": a historic and epic tradition // ҚазҰУ Хабаршысы, филология сериясы. – 2018. – № 4 (172). – Б.170-174. https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/issue/view/56

100 Жұртбай Т. Бейуақ. – Алматы: Қазақстан, 1990. – 304 б.

101 ӘӨИ ққ., 663-бума, 11-дәптер

102 Рысқұлдың қабірі талас топырағында ма? https://egemen.kz/article/116175-rysquldynh-qabiri-talas-topyraghynda-ma

103 http://anatili.kazgazeta.kz/?p=38883

104 ҚР ОММ, 44-қ, 1-тізбе, 20072-іс.

105 ҚР ОММ. 102-қор. 1-тізбе, 6в-іс.

106 ӘӨИ ққ., 374-бума, 5а-дәптер.

107 Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: Өлке, 1991. – 167 б.

108 Қоңыратбаев О.М. Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 448 б.

109 http://old.baq.kz/kk/news/aimaktik_bak_muragat/regmedia-64430

110 Панфиловшының есімі берілді. http://7-su.kz/news/cat-9/4178/

111 Байшығанұлы К. Толық шығармалар жинағы. – Алматы: Тоғанай Т., 2019. – Т. 1. – 336 б.

112 Жапсарбаев Қалқа. Сеңгірбаев Мұсабек. – ӘӨИ, 237-бума.

113 Бабалар сөзі.– Астана: Фолиант, 2006. – Т. 38. Батырлар жыры. – 336 б.

114 Бабалар сөзі.– Астана: Фолиант, 2006. – Т. 40. Батырлар жыры. – 448 б.

115 Рахымов Б. С. Кеңістіктің тарихи жырлардағы көркем берілісі // С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғылыми журналы. Филология сериясы. – 2014. – №4. – Б. 197-209.

116 Путилов Б. Н. Героической эпос и действителность. Издательство. Наука, Ленингр. отд-ние. – 1988. – 223 с.

117 Жамбыл. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. – Алматы: ЖШС «Brand Book», 2021. – Т. 2. – 624 б.

118 Атыгаев Н.А. К вопросу локализации местности «Козыбасы». http://edu.e-history.kz/ru/ publications/view/313

119 Жамбыл Жабаевтың «Сұраншы батыр» жырының тарихилығы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2018. – №3. – Б. 175-179. https://www.naukaizhizn.kz/index.php/journal/article/view/27/27

120 Сейітжанұлы З. Тарихи эпос: (Шыңжан қазақтарының фольклоры бойынша). – Алматы: Ғылым, 1994. – 112 б.

121 Бес ғасыр жырлайды. 2-томдық. – Алматы: Жазушы, 1989. Т.1. – 384 б.

122 Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2006. – Т. 36. – 480 б.


123 Сыдиқов Қ. Ақын жыраулар. – Алматы: Ғылым, 1974. – 240 б.

124 Махамбет. Ереуіл атқа ер салмай. – Алматы: Жазушы, 1989. – 144 б.


125 Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2007. – Т. 44. – 496 б.

ҚОСЫМША


Орталық Ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақталған ақындар жырларының және ақындар туралы мәліметтердің иллюстрациялары:



Саяділ Керімбеков жырлаған «Байсейіт батыр» жырының қолжазбасы. Басы.



Саяділ Керімбеков жырлаған «Байсейіт батыр» жырының қолжазбасы. Соңы.



237-папка, сарыны узақ

4:5768,1 142


Қалқа

Партизан Шаймерден

Хат жазадым қалам алып тыңда халқым,
Қосылмас негізінде мыс пен алтын.
Ленинніқ нұр сәулесі түскеннен соң,
Боп отыр осы күні жүзім жарқын.
Құлыным тағалаубай түлпар болып,
Тасыған дариядай бітті қарқын.
Кешегі ақ пен қызыл атысқанда,
Жауығып ел арасы болды салқын.
Аз ғана білгенімнен сөз жазайын,
Ерлердің баяндайын бір тарихын.

Таллықорған дуаны
Еңбекшілер қаласы.
Қазақ ауылы отырған
Қараталдың жағасы.
Он жетінші жылдары
Патша түсіп тағынан,
Кетерілді келейдің
Сезімі мен санасы;
Ақ пен қызыл атанып
Бай мен келей арасы,
Ұлы Ленин жолына
Түсті келей баласы.
Ақтар Қапал ауған соң,
Иесіз қалды артында
Әкешкінің даласы.

Қалқа Жапсарбаевтың ӘӨИ қолжазба қорындағы «Партизан Ғалым» жырының қолжазбасы



237-папка, сақтау қағаз

4:5744,1


115

Сеңгірбаев Мұсабек

БІРІНШІ ТАРАУ

Дүниеге келді Мұсабек
Октябрь таңы атқанда,
Жарығын көрді халқының
Октябрь шамын жаққанда.
Туған жері саланың
Сарыарқа жұпар аңқыған,
Аңқыған жұпар иісіне
Адамзаттың денесі
Қорғасындай салқыған;
Сай-саласы ну орман -
Қарағай, қайың самсыған;
Мәңгі қатқан ақ қары
ызғар шашқан қарсыдан.
Көксудың суы күрілдеп
Үш сұрыдай шарқ ұрған,
Сарыарқа, Шаған тау еді
Сан сатырды тұғырған.
Маңырында өскен халқынан,
Шопасай сатыр, Сылтанбай
Екі сатыр туған-ды
Орақтының артынан.
Мұсабек тағы тұлпты
Сарыарқаның терінен,
Алтын сауыр сұрқіттей,
Қаламырдың ерінен.
Ақ ақыл алғандай

Қалқа Жапсарбаевтың ӘӨИ қолжазба қорындағы «Сеңгірбаев Мұсабек» жырының қолжазбасы



7: 5507,1 34

Сұрақ: Азамат соғысы, партизан қозғалысы, оның батырлары туралы шығарған өлең — әндеріңіз, поэмаларыңыз бар ма? Болса жазып жіберіңіз.

Жауап: „Әли батыр" туралы жазып жүріп, өзім сол әлиді көлдасқың бірі болып жүрген едім, сондықтан өзімді қақтаудан аулақ болдым, ол материалды жібекке, сен таз деп Кекен Әбіровке беріп едім, менің сол материалға байланысты көп жерін сұрап Әбіров жазып. Бірақ ол еңбегі мен қабыл жазбадық, қазір сол тұлғаға кіріп


Сұрақ: Совет үкіметі орнаған кезде оны құттықтап шығарған поэмаларыңыз, өлең — әндеріңіз бар ма? Болса жазып жіберіңіз.

Жауап: Баланың жазықсыз, кедей баланың келешегіне сенімсіз екенін көрсетіп" деген өлең жазған. Онда ред. түсінбеушілік алғы зұлматы басталады. Сол кедейлерге арналған қолтаңбасыз арнау өлеңдері болды.

Сұрақ: Ұлы көсемдеріміз Ленинге, Сталинге арнап сол кезде шығарған өлең — әндеріңіз бар ма?

11

Ақын Есдәулет Қандековтің 1952 жылы 15 шілдеде Тіл және әдебиет институтының ауыз әдебиетін қайта жинауға байланысты ақын-жыршы, әншілерден алған сауалнамасында «Әли батыр» жырына қатысты берген жауабы



II-бет. 7:6616,1 = 62 =

3 сұраққа. Партизан ғалымның екі варианты бар. Оның айырмасы. Бірінші жазылуы Партизанның болған жерін қалағаның ашық айтқан. Екінші вариантында ашық емес Партизанға қатысуы бір жолғы еңбегі ғана жазылған.

4 сұраққа. Менің халық арасына айтылып жүрген өлеңдерім.

1. Октябрь
2. Гастелло.
3. Әлем сағам Москва.
4. Жүректе мәңгі сақтаймын.
5. Жамбылдың ең жарығым Сталин деген өлеңін.
6. Ерге ер ~~деген~~ серік деген
7. Сайлау.
8. Кенен ақын мен Әбдіғалидың айтысы 1943-жылындағы.

Ақын Әбдіғали Сариевтің 1952 жылы 15 шілдеде Тіл және әдебиет институтының ауыз әдебиетін қайта жинауға байланысты ақын-жыршы, әншілерден алған сауалнамасында «Партизан Ғалым» жырына қатысты берген жауабы